821.512.122
Б 20

# БЕКЗАТ БОЛМЫС

*Зерде кітабы*



# Бекзат болмыс

*Қазақ руханиятында өзіндік ізін қалдырған*
*Арқаның атпал азаматы, айтулы тұлғасы*
*Әбдіртегі Мәжит Аманқұлұлы туралы*

ЗЕРДЕ КІТАБЫ

Алматы
«Алгоритм»
2022 жыл

**УДК 821.512.122-1**
**ББК 84 (5Қаз)-7-5**
**Б 20**

*Жалпы редакциясын басқарған*
**Төрехан МАЙБАС,**
*жазушы.*

**БЕКЗАТ БОЛМЫС**
**Б 20** *Зерде кітабы.* - Алматы: «Алгоритм», 2022. - 280 бет.

**ISBN 978-601-7085-32-2**

Бұл кітапқа барлық саналы ғұмырын өскелең ұрпақтың ертеңіне арнаған, жас ұрпақты бабалар жолына салуда бағдаршамдай жол сілтеген, қазақ руханиятында өзіндік орнын қалдырып, тұлға бола білген, елдің басын біріктіріп, берекесін кіргізуде көшелік танытқан, аусарлы заманына қарамастан ата-бабаларымыз туралы құнды деректерді айналысқа түсіріп, елінің игілігіне айналдырған Әбдіртегі Мәжит Аманқұлұлының көркем сөзбен әдіптелген кесек кескіні замандастарының, туған-туыстарының естеліктері, эсселері, жыр шумақтары арқылы берілген. Және осы жолда асыл азаматқа тіреу, сүйеусін бола білген, мұғалімдік болмысынан еш айнымаған өмірлік жары, елана дәргейіне көтерілген Қанай Сәліқызы туралы ғибратты да тұщымды жазбалар топтамасын оқи аласыздар.

Кітаптың тілі көркем, шұрайлы.

**УДК 821.512.122-1**
**ББК 84 (5Қаз)-7-5**

ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІНІҢ
ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
28967

**ISBN 978-601-7085-32-2**

© «Алгоритм», 2022 ж.



**Төрехан МАЙБАС,**
*жазушы-этнограф,*
*«Көкбөрі Керней баба» қоғамдық*
*қайырымдылық қорының президенті.*

## КЕБІНДЕ ҚАЛТА БОЛМАЙДЫ

## (АЛҒЫСӨЗ ОРНЫНА)

Қазақ баласының ең қастерлі сөзінің бірі - жарықтық сөзі...

Жақынына қаратып айтатын сөзі, жақын тартып айтатын сөзі. Өз басым жаныңа шуақ құятын қазақтың мұндай кемел сөзі аз емес деп білемін. Осы қатарға байсал сөзін де жатқызуға болар деп ойлаймын

Байсал сөзі көбінесе бата - тілектерде айтылып жатады. Әрине, жақсы сөз екендігі күмәнсіз. Соған сайып, онша мән де бере бермейміз. Құлағымыз үйреніп кеткендіктен астарына үңіле қоймаймыз.

Қазақ баласының басының берекесін кіргізер осынау сөзде бәрі жатыр. Сыртқа тепкен ыстық ықыласы, жер қозғалса қозғалмас сабыры, күнденің өзіне көндікпеген қайсарлығы... Ең соңында ел болам деген өзекті жанның адами рақымы, разылығы жиылып көңіл түкпірінен байсал болсам деген аңсар - мұраты бүр жарып қоя береді.

Бабаларымыздың мұндай кенен сөздері қолмен қойғандай ғой, шіркін!

«Байсалды айғыр үйірін ат жақтайды...» дейді сол дана бабаларымыз.

Әрі - беріден кейін мына сөз бүгінгі күнімізге айтылып тұрған жоқ па?! «Алға өңмендей бермей, артыңа да мойын бұр, жан - жағыңа көз жүгірт деп тұр ғой...Өзің еш алаңсыз өмір сүрем десең жаныңдағыңның өміріне көз салып қой» деген сөзді қалай ғана бір - ақ ауыз сөзге сыйғызған?!

Манағы жарықтық сөзін де бабаларымыз жылқы малына ғана қаратып айтқан. Мына байсал сөзінде де жылқы малы алдымыздан көлденеңдеп шығып тұр.

Адамға қаратып айтатын жақсы сөзімізді жылқы малына қаратып айтатын бізден басқа да жер бетінде басқа бір халық бар ма екен?!

Қайран, бабалар!..

Біздің елде Қара, Шолақ деген мисыз байлар өткен. Кейінгісінің есімі қылқұйрық дәулетімен шыққан. Арқадағы он жеті мың қылқұйрық біткен байлардың бағыланы. Сол таусылмас дәулетін байсалдар арқылы құрған дейді.

Байсал үйіріне бас қоспаса кемітпейді. Дөнен көрінсе тырағайлатып қуғын салып, үйірінің берекесін алмайды. Сондықтан да мұндай үйірді ат жақтаған. Бұған қарағанда байсал да бітер адамына бітсе керек.

Айтып отырған бабаларымыздың алдыңғысы Керней болыстығына болыс болған. Алайда ол кісінің есімі ел жадында қара қылды қақ жарған билігімен, Қараби есімімен қалған. Арқаның аты шыққан, құрметті қазақ атанған Жақсы Жанқұтты, Құнанбай, Дүйсенбай, Есбай, Алшынбай, Бәйсейітбай, Есберген, Көпбай сынды ел жақсыларымен замандас болып, қатар жүріп, бір үйге бірге түсіп, бір дастарқаннан дәм татып, елінің амандығын ойлаған кемел ойларын ортаға салған. Кешегі Қарқаралы оязында елдің дау-шары ортаға түскенде биліктің төбелігінде отырған. Өмірбақи тәжікілескен, айтып отырған Құнанбай қажымыз бен Бәйсейітті осы кісі бітістірген.

Қара қазақ ішінен жұлқынып шығып, Қарқаралы асып, Семей өтіп Омбының оқуын тауысқандар некен-саяқ. Қара бабамыз солардың бірі. Мал пелшірі оқуында болған. Сонан Қарқаралыда қалып қойып, қазақтың тағы бір жақсысы Тәттімбет Шыңғысовпен қосылып ел ішінен шыққан індеттерге қарсы екпелер жасаған.

Сөйткен бабамыздың бақилық үйі мына Шет ауданының Қайрақты өзенінің жағасында. Сол жер бүгінде Қарасаз деп аталады.

Қараның сазы деген сөз.

Кезінде айтулы мазар соғылыпты. Кейінге дейін сәулетін бермей келді. Басына тілеухана салынған. Ел - жұрт барып тұрады. Медет тілеп, бір шикіөкпе сұрап түнеушілер көп.

Ел Қара бабаны әулие деп біледі. Соған орай әулие баба деп те айта береді.

Қара баба күмбезі Арқадағы құрылысы атымен бөлек мазар. Оның сүйегін бұқарлық мыңқыштар көтерген дейді. Сәулеті келіскен кешен еді. Бүгінде соның жалпы нобайы қалған. Уақыт шіркінге дауа бар ма?! Бұрынғы мойын бұрғызбай қоймайтын сипатынан ажыраған.

Мазардың жан-жағы ретке келтіріліп, қоршалған.

Осы атаның ұрпағы Күләй есімді қарындасымыз әу бастан имандылық жолында жүрді. Меккеге барып, қажылық парызын да орындады. Осы қарындасымызға тәуіптік қонған. Қашан көрсек те, оның ішінде кейінде осы жерде бабасының есімін ауызға алып, ем-дом қолданып жататын. Елдің

айтқанына құлақ түрсеңіз сол ем - домы қонады. Аруақты бабасы қолдайдымыс.

Осы баба мазарын қайтып көтеруде Күләйдің да еңбегі ерен болды. Өкіністісі, онысын өзі көрмей кетті. Ол қарындасымызды да ажал шіркін алды - артына қаратпай алды да жөнелді.

Мұндай соқталы шаруалар бір күнде, болмаса бір кісінің қолынан келе бермейді. Омалып қалған нәрсені орнына кайтып қою үшін уақыт керек. Сол уақыт кешігіп те болса келген. Сонау тоқсаныншы жылдардың соңында.

Қолға алынған осынау істің басы - қасында Мәжит ағамыз бен Гүлбаршын Сәуірбекқызының тұрғанын жақсы білеміз. Ел бір-бірімен шұрқырай қауышысты. Бұрын да бір-бірін жат көрмейтін өскелең ұрпақ қан жағынан туысқан болып шықты.

Осы ас көп нәрсенің басын ашқан еді.

Көпшіліктің жады келте болып шықты. Ел жеті атасын қайыра алмайтын жайға келіпті. Түп бабасы Кернейден құлататын ұрпақ жеті атасына жетпей жаңылысатын болыпты. Керней батыр ұрпағымыз деп кеуде қаққандарымен бабаларының Еңсегей бойлы Ер Есімнің тұсында қазақ қолының бас сардары болғандығын, еліне Көкбөрі Керней атымен білінгендігін жадыларынан тарс шығарыпты.

Кім кінәлі дейтін заман емес, ендігі жерде ел не істеу керектігін ойластыра бастаған. Бұл ас елді соған түртпектеген.

Осы қорымда жатқан заманында есімі Қараның Аманы, Мұқаштың Аманы деген атпен белгілі болған Аман күйшінің «Шаңқосбасары» республикалық бірінші Әбікен Хасенов конкурсында орындалғанда апайымыздың қомақты шашу шашқаны әлі күні көз алдымызда тұр. Ел тыңдап отырған күйін тастап шашу теріп кеткен-ді.

Қараби бабамыздың әулиелігі еліне осылайша білініп жатты.

Одан беріде қаншама игі істің басында тұрды десеңізші!..

Қара бабамыз жөнінде айтылмай келе жатқан әңгімелердің бірі ол кісінің асқан күйшілігі. Заманында бабамыз мынау Әлтеке елінің атақты болысы Машақ күйшімен талай мәрте күйтартысқа түскен. Оны бүгінде біреу білсе, біреу білмейді. Бүгінде күйтартыс деп жүрміз, кешегілер күйтірес деген. Ал Машағымыз Тәтекеңнің өзін күйтіресте тықсырған дейді.

Осы жерде айта кететін ашық әңгіме күй өнерінің Шаң атасына қонғандығы. Шаң бабамыздың басына қобыз мүсіні тегін қойылмаса керек. Арқаға есімі білінген күйшілердің көбісі осы Шаң атасынан шыққан. Шыныбек күйші, Жолай күйші, Исатай күйші, Рысқұлбек күйші, Аман күйші, Сапуан күйші, Әшімхан күйші, Тоқтыбек күйші... Бұлардың ұрпақтары бүгін де бар. Олардың да есімдері біліну жатыр. Исатаев Орал, Адамбаев Балтабай,

Тоқтыбекұлы Ержан, Сапуанов Медет... Бұлардың ішінде қазір ортамызда аман-сау жүріп жатқаны Медет ағамыз ғана. Бүгінде үлкен сахнада жүрген Ерболат Сапуановты ел білсе керек. Бұл күйші бауырымыз Медет ағамыздың баласы болады.

Сөйткен Қара бабамыз Алатауда Дана би, Қаратауда Бала би аталған.

Кәкең де төңірегіне байсал жинапты. Неге екендігін қайдам, осы Қара ұрпағы, жалпы Шаң баласы бабамыздың есімін жұқартып Кәкең дейді. Сол бабамыз төңірегіне нөкер жинағанда адамның байсалын жинапты. Сондықтан да осы екі атаның даңқы алысқа кетті.

Барымташылардың, ұры-қарылардың аңдитыны осы байсал. Әркез аңдушы қапысын тауып жатпай ма? Сондықтан ондай байсалдар қолды болып та жатады. Ел ішінің дүрбелеңі содан туындайды.

Бұл тақ таласы емес.

Бұл бақ таласы.

Құт таласы.

Өйткені байсал жылқының құты.

Адамдар да солай. Әсіресе байсалының жауманы көп. Тіпті шашынан да көп десе болады. Қазақ баласының сорпаға шығар тұлғалары солай опат болған.

Кеңестік жаншу машинасы бұл атаның да байсал тұлғаларын аяған жоқ. Асты, атты, жер аударды. Кеңестік қызыл тәргіге жоғарыдағы Шолақ атасының бес бірдей дөңмаңдай ұлы ілігіп, Қостанайға жер аударылды. Анықтап айтсақ, Наурызым ауданын паналады.

Тұтастай аталардан жалғыз шыбық қалғандары да бар. Бәлкім, көмусіз қалғандары да бар шығар.

Аға ұрпақ Рымқұл Әбдірұлын білсе керек. Жанып тұрған жас еді, жанып кетті дейді ел үлкендері.

Бұл кісі де Мәжікеңнің әкесі. 1914 жылы туған. Отыз жетінің қазан айының жиырма бірінде ұстап әкетеді. Сегізінші қарашада атып та үлгереді. Сонда небәрі жиырма үш жаста болған екен. Статьясы да белгілі. Баяғы 58! 1958-дің 9 қаңтарында ақтайды. Қылмыстың құрамы болмағандықтан.

Мәжікең бұл әкесінің де ақталғаны жөніндегі анықтаманы қолға түсірген. Санасында қалған, басын қарайтып, бір белгі қойсам деген мұраты жеткізбеді... Алайда басқа да бабаларын түгендей бастаған.

Екі мыңыншы жылдар ортасында аруақтар орынын тауып, басын қарайтып, ескерткіш қоюда Мәжит ағаның алдына шығар жан табыла қоймас.

Сол тұста тағы да Ақсу-Аюлыда күй керуені өтіп жатқан. Сенесіз бе, тобымызбен жүріп соған қатыса алмадық. Ал негізі қатысамыз дегенбіз. Өйткені онда Аман бабамыздың “Шаңқосбасары” ойналуы керек еді.

Рысқұлбек бабамыздың да күйі ойналуы тиіс-тін. Бұл күйлерді белгілі күйші Қасымның Қалкені ойнауы керек-тін. Қалкен ағамыз да бөтеніміз емес. Бүгінгі таңдағы "Шаңқосбасарды" орындаушы ағаларымыздың бірі.

Алайда қатыса алмадық. Күйтірестің ішінде бола алмадық. Аруақтарға шет болмайық дедік. Ниеттенген шаруамыздың аяғынан шығайық дедік.

Өйткені есімдері Арқаға білінген Қырбас бабамыз бен Ботбай қалпе бабамыздың басына барып, мал шалып, тәу етіп жатқанбыз. Содан аудан әкімі Қайыржан Тілеубергеновпен хабарласып, жөнімізді айтқанбыз. Сонда Қайыржан әкім:

- Бәрін өздеріңіз иелене бермей бізге де-тәуірлеу бір-екеуін қалдырсаңыздаршы, - деп «өтінген» еді.

Әрине, астарында шындық жатыр. Нұра бойындағы күмбезді бейіттердің барлығы дерлік осы атаның ақыреттік орындары. Көшіп-қонып жүргенде түскен бұл күмбездер.

Кейінгі жылдардың өзінде сондай он шақты қорым қоршауға алынып, белгітас - ескерткіштер қойылды. Әрине, бәрін өзі істеді десек асылық болар. Алайда сол істерге мұрындық болғаны, қашанда ішінде болғаны шындық.

Кейінде ағамен жиі кездесетін болдық...

Әрбір кездесу сайын жаныма жігер құйып кетеді. Осы кісіні көргенде есіме еріксіз байсал түседі.

Ағамыз да жанына қашанда ер-азаматтың байсалын жинады. Солайынша талай істердің басын қайырды.

Ағаның туған жерге деген сезімі де меймілденіп жатар еді.

Ағамыздың туған топырағы - Өспен...

Анығырағы - Нілді. Ағамыз туған жерін көрсеткенде әманда Нілді деп жазатын. Өспен деп айту кейінде шыққан.

Казақ даласының революция бесігі атанған Өспен...

Бұл атаны Өспенмен байланыстыратын жайлар баршылық.

Мынау жарық дүниеге Нілдіде келіпті. 1936 жылы.

Адамның туған жерін таңдамайтыны белгілі. Оның себебі бар.

Сол Өспеніңіз еш жерден де сорлы емес.

Бетінде, әрине, жығасы жығылған. Бірақ Өспеннің қарыштайтынына өзі сенімді. Оған өткен күндер куә болса керек. Отызыншы жылдардың басында Өспен дүрілдеп тұрды. Кеніш болып. Бұрын да солай болған. Тіпті Кеңес өкіметіне дейін де. Кейін де. Талай рет жабылды. Талай рет ашылды. Күлден жаралған құс сияқты.

Әкесі Аманқұл осындағы мал дайындау мекемесінің бастығы болды. Сол жылдары Балқаш қаласы да екпін ала бастаған. Балқаш пен Өспенді туыстыратын сол баяғы -мыс кені. Сол мысшылар қаласын ауыл шаруашылығы

өнімімен қамтамасыз ету мәселесі туындайды. Ысылған кадр ретінде әкесі Аманқұлды осы қалаға ауыстырады. Мұнда да мал дайындау мекемесінің директоры болады. Жұмыс деген жыртылып айырылады. Қыл ақыры темір-терсекке дейін жинайды. Оның сыртында көлденең жанама жұмыстар да жеткілікті.

Балқаш үшін малды іргелес жатқан Қоңырат, Шет аудандарынан дайындайды. Елдің өз еркімен мал бергісі жоқ. Себебі ауыз толтыратындай баға жоқ. Содан барып алдыға ағайыншылығын салады. Бағасын келістіріп береді. Ол кездегі ақша берекелі ғой. Әкесі елді солайынша иліктірген. Бұл түсінік кейінде келген. Әйтпесе әкесінен жастай айырылды.

Соғыстан броньмен қалған. Атқарып жүрген жұмысының жауапкершілігін осыдан-ақ бағамдауға болады. Бірақ соған бергісіз бейнет кешті. 1943 жылы 42 жасында көз жұмды.

Әкесін бақилыққа берген жерін де ұмытып қалған. Кеш те болса соның бәрінің ретін келтірді. Жетпіс жасына шығар алдында Аманқұл әкесіне арнап Қатым Құран түсіріп, ас берді.

Одан кейінгі тұрмыс белгілі. Көкжетімдіктің қамытын киген. Ауыл баласы үшін әкенің орыны әсте бөлек болады екен. Соның бәрін бастан өткерген. Айналайын деп басынан сипағандардың бәрін әке көрген. Содан ба екен, үлкендерге үйірсек болды.

Мұнысын Қалила анасы (ел ол кісіні Шоқы деп атап кеткен) көтере алмаған. Жерден алып, жерге салған. Бұл жалғанда жалғыздың жебеушісі бір ғана Жаратқан Алла, өзіңе сүйен деген. Мұның бала намысын оятқан. Одан кейін бұл да қатайып алған. Ширығып алған. Жылайтын жердің өзінде көзінен жас шығармады. Бәрін де тістеніп істеді. Қолынан келмейтінін сезеді. Алайда тістенеді. Алар асуларын сондай өлермендікпен алған. Бұл өз өмірінде солайша ешкімге сүйенбеуді үйренді.

Бәріне уақыт төреші. Арашашысы өз жұрты, ағайыны. Бәрібір, ағайынның өзіне деген ерекше ықыласын сезетін. Тілеуқорлығын. Сондықтан нағашы жұртын да иектеп кетпеген. Тізгін басын тең ұстауға тырысқан.

Алланың жұмыр басты пендесінің еліктеп-солықтайтын адамы болады. Сол адамы Мәжит аға үшін Нөкеш Ақпанов ағатайы болды.

Ол кісі өмір бойы ішкі істер органында қызмет істеп, полковниктердің тұтастай мектебін қалыптастырды. Өз жолын бірден саралаған адам. Сондықтан да үнемі белді қызметтерде жүрді. Қарағандыдағы пединститутқа түскенде осы үйде жатып оқыды. Сондағы көрген тәрбиесі өмір бойы азық болды. Ең алдымен, ағатайы адалдықтың ала жібін аттамаған кіршіксіз адам еді. Ал өзіне опасыздық жасаған адамды кешпейтін. Сол мінез-құлық өзіне бірден жабысты. Содан ба екен,

заңгерлікті өзі қатты сыйлады. Осы кісінің бір баласынан басқасының барлығы да ел таныған заңгер болды.

Мәжит ағаның балалары да сол жолды ұстанды. Үлкені - Нұрланы кезінде Президент аппаратында істеген, заң ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты болып, заң Комитетін басқарды, Сенаттың вице - спикері болды. Бүгінде Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы.

Бір тамашасы Мәжит ағаның осы балаларының барлығы да мектепті алтынмен, жоғары оқу орындарын үздік дипломдармен бітірді. Ал Ерланы болса политехникалық білім алды. Бүгінде қаладағы белді құрылыс саласында жетекші қызметте.

Жеңгеміз Қанай апай екеуі бір факультетте оқыған. 1960 жылы екеуі бас қосқан. Шешемді жеткіздім-ау деп сондағы қуанғаны-ай. Содан өткен қуаныш жоқтай көрінген.

Қуаныштың көкесі келесі жылы дүниеге Нұрланы келгенде болған.

Жалғыздықтың зардабын әбден тартқан жігіт айдалаға барып көзінің жасын суалтқан. Нұрланын баласындай емес, үзеңгілесі санаған. Онымен кәдімгідей үлкен кісідей ақылдасып отырды. Ал Нұрғалымы дүниеге келгенде өті жарылардай қуанған. Өзінің жалғыз шыбық болып кетпейтініңді көріп кету қандай ғанибет еді?!

1963 жылға дейін Шет ауданының орталығындағы мектепте директордың орынбасары болып істеді. Одан Қайрақты мектебіне ауысты. Кеңішті жер. Соған орай тұрмысы да тәуір. Онда да оқу ісінің меңгерушісі болды. Одан кейінгі маңдайына жазғаны Ақжал орта мектебі екен. Мектеп директоры болып барған. Мәжікеңнің жұлдызды жылдары сол Ақжал топырағынан басталған. Ел таныған азамат болып қалыптасқан жері осы мекен. Жұмысқа барлық уақытын арнады. Ақжал орта мектебі аудан бойынша алдыңғы қатарға шыққан. Мәжікең де аудан басшыларының көз ұшының қиығында жүрген болып шықты. Араға төрт жыл түскенде Ақжал кенттік атқару комитетінің төрағасы болып сайланды. Кенттің одан әрмен гүлденуі осы Мәжікең есімімен байланысты. Сол қызметті 1996 жылға дейін мінсіз атқарып келді.

Осы төңіректе алғаш болып көше атауларын қазақыландырды. Жай ғана емес. Тәрбиелік жағын да, иман жағын да ойластырып отырды. Ақжалда Жаманқара, Елеген, Абай, Сәтбаев, Қасымжанов, Әлімшайқы сынды көшелер пайда болды. Сол-ақ екен ел тамырын қазып кетті. Жақсы мағынасында.

Өткен күннен белгі бар деген осы. Бұл әңгімені өзі айта қоймай - тын. Айтушы сол кісінің шапағатын көргендер. Сол кісімен бірге жұмыс істегендер. Мен Мәжікеңмен әріптес болып жұмыс істеген жоқпын. Ондай бақыт басымызға бұйыра қоймады. Алайда кейінгі ширек ғасыр бойы жолымыз үнемі

тоқайласып келеді. Өйткені біздер жоқшылар қатарында едік. Өз жоғымызды іздеп жүріп, өзгелердің жоғын тауып жүрдік. «Бір жоқты екінші жоқ табады» деген сөз бар. Сол тура сөз.

Мәжікең жақсы, салауатты өмір кешті. Ішкені алдында, ішпегені артында дегендей тірлігі болды.

Бекіре балық басын соғып барып тоқтайды. Бізде де сондай бір тірлік болды. Әйтеуір қашып жүргеніміз жоқ. Қуғыншы болдық. Жоғалтқанымыз көп болып тұр ғой...

Пендесінің байлығы дүние жиғандығында емес. Нағыз байлық - иман байлығы!

Мына пәнидегі он сегіз мың мақұлықаттың барлығы адаскақ. Солардың ішінде біздер де бармыз. Біреу ерте, біреу кеш иман жолын табады.

Біз де сол сапардамыз. Бәлкім, таптық, бәлкім, таппадық.

2005 жылы Көкбөрі Керней бабамыздың асын өткіздік. Екі жыл бойы дайындық жұмыстарын жүргіздік. Сол екі жыл бойы осы Мәжит ағамыз бел шешкен жоқ. Үнемі жол үстінде жүрді. Мұнысы үшін ешкімнен ақы сұраған жоқ.

Ол кісіде бәрі бар. Баспанасы да, басқасы да!

Жоғалтқан ештеңесі жоқ. Алайда жоқшы.

Менің білуімше ол кісі өзін іздеп жүр!

Жүзінен иман үйірілген ағамызды көргенде тағы да жолға шыққың келіп тұрады.

Байсал ағаның осы асыл қасиеттері кейінгі балаларға жұғысты болса екен деп ойлайсыз.

***

Баба тілімізде жақсы сөздер баршылық. Соның тағы бірі - жақсым деген сөз.

Жақсым...

Сақилар мен атымтай жомарттарға қаратылып айтылады. Бірадарларға қаратылып айтылады. Иманы кемел адамдарға қаратылып айтылады. Абайша айтсақ «толық адамға» қаратылып айтылады. Атауында тұрғандай жақсы адамдардың жақсысына қаратылып айтылады.

Мен Мәжит ағамды осы қатарға қосар едім.

Діни салтымызда марқұмның жаназасын шығараған соң имамымыз үш қайыра «жақсы адам ба» деп сұрайды. Соның біріншісінде жаназаға тұрған жамиғат «жақсым» деп жауап берсе қалған екеуінде сұралмайды. Өкініштісі, осы жақсы үрдісімізден ажырап барамыз. Әлде жақсым тұлғаларымыз азайып

бара ма, әлде пендешілікпен осы бір кемел сөзімізді қимаймыз ба, әлде жадымыз қысқарып бара ма - сирек айтылатын болып жүр.

Оны күні кеше ғана Мәжит ағамыздың жаназасынан да көрдік.

Имамымыз Өмірзақ қажы Бекқожа:

- Жақсы адам ба? - деп сұраған.

Қалың жамиғат дүр ете қалған:

- Жақсы адам! - деп.

Алдыңғы сапта тұрған мен және бір-екеуіміз «жақсым» дегенбіз.

Міңгірледік деп айта алмаймын. Жиналғандардың қалың даусы біздікін басып кетсе керек.

Келер сәт ел тына қалсын. Ел имам тағы да «жақсы адам ба» деп сұрай ма деп күткен. Алайда имам сұрамады.

Осыдан-ақ Мәжит ағамыздың жақсымдығы білінді.

Ол не қылған жақсымдық?

Ағамыз қазақы азаматтық тәрбиенің адамы еді. Ол кісі осы тәрбиесімен өзін ғана емес бізді де тәрбиеледі.

Адамның қажеттілігі таусылған ба?!. Қажеттілік бір жаратушыда болмас, өзекті жанның қажеттілігі күнінде. Ең құрығанда күкірт қажеттілігі бар. Онсыз ошағыңызды көңірсіте алмайсыз. Онсыз оразаңызды аша алмайсыз.

Әрине, ағамыздың да қажеттілігі жететін. Соның өзінде ешкімнен ешнәрсе сұрамауға бейіл еді, бәрін қанағаты басар еді, қолында барына тояр еді. Ешқашанда сол өзінің қолындағысын бұлдамайтын. Қыл ақыры, сонысымен бөлісетін.

Несие сөз сөйлеуден қашқақтайтын. Өзі сөйлемесе де, өзгелердің солайша сөйлеуін жақтырмай отыратын. Көсемсуден қашқақтайтын. Шешенсуден аяқ жиятын. Онысы табиғатынан деп білем. Әйтпесе, түп атасы «Қаратауда бала би, Ататауда дана би» атанған Қара бидің тікелей ұрпағы емес пе? Анығы ешкімнен сөз сұрай қоймайтындығы. Әйтпесе кереқарыс кітап жазар ма еді? Шежіре кітабын.

Қалай десек те ағамыз баршылықта өмір сүрді. Сол барының сары тортадайыны төрт баласы еді. Барының басы солар еді. Сол төртеуі жарқырай көрінді. Сол төрт баласы Қара бабаларының салып кеткен сайрақ жолына түсті.

Қайран, Мәжит ағамыз! Бәрі бар демесек те сол барының өзін жарқыратуға жоқ еді-ау. Ана балам анадай, түгенбай балам түгенбай демей кетті-ау.

Ақылмандығы бір басына жететін. Өйткені маңындағы топтың қарасы қашанда сейілмейтін, сиремейтін.

Беріп те жатқан болар. Алайда елдің ағамыздан алатыны тіл көмегі-ау деп топшылаймын. Балық сұрап келгендерге қармақ ұстатқанын көріп-ақ жүрдік.

Содан да ел жөн сұрауға, сөз сұрауға бейіл. Жөн сұрасаң ертеңінде өзің де біреуге жөн айтып отырар едің. Сөз сұрасаң керегін ғана айтар еді. Саған ғана керегін. Сөзі мен ісінің кемі болмады деп айта алмаспыз, алайда артығы болмайтын.

Тізесі бүгілген емес.

Белі иілген емес.

Қақпан баспады.

Тұсау көрмеді.

Сондықтан бәрімізден кісі бойы биік тұрды.

Сондықтан да аға болып бізді соңынан ертті.

Кейінде сырқаулы болды. Төсекке таңылған ағамыз Керней бабамызға қатысты шара естісе жатқан орнынан ата жөнелер еді.

Ағамыз қазағын сүйді. Керней бабасы арқылы. Керней баласы арқылы. Бабасын сүйгені соншалық денсаушылығын да берді.

Сөйткен бабасы несін берді деген заңды сауал туады.

Әуелі бір Алла, сонсоң Керней бабасы алқады. Әйтпесе асыл ағамыз ауырған сырқатпен сегіз жыл жүрмек тұрсын мына жарық жалғанда сегіз күн де жүрмес еді. Жарты ғасыр бірге түтінін түзу ұшырып келген Қанай анамыз бақилыққа озғанда кәдімгідей шөгіп қалған.

Осы сегіз жылда адам баласына бұйыра бермес бақытқа кенелді. Балаларының қызығын қызықтады. Одан асып немерелерінің қуаныштарын бөлісті. Шөбересі қолынан су ішті.

Жалғыз қолмен азан шақырғанды көріп жүрміз. Жалғыз қолмен намазға жығылғандарды да кездестіреміз. Жалғыз қолмен бата бергенді көрмек тұрсын басымыздан талай мәрте өткіздік. Берекесі, баяны бар істерге барғанда асыл ағамыздың алдына барамыз, алақан жайып тұра қаламыз.

Шолтаң еткізіп жалғыз қолымен бетін сипайды. Сол берген батасы қата кетпейтін. Батаның берекесі барлығы осыдан-ақ көрініп тұрған болар.

Соңынан ерген інілері Батыр бабамыз Қазыбек Нұржановқа айтулы ас берді, қаладағы елде жоқ спорт ғимаратына атын бұйыртып, өлмес ескерткіш қалдырды. Ағамыз сәл жүре тұрғанда сол бас қосуымыздың жуан ішінде жүрер еді. Тағы да сол жалғыз қолымен шолтаң еткізіп батасын берер еді. Алайда ағамыздың татар дәмі таусылған екен.

Адам баласы да топырақ. Адам баласы дүниеге келгенде топырағы бүлк етеді дейді. Сол топырағы тартты.

Керней баласының есінде жүретін бір адам болса ол адам Мәжит ағамыз дер едік.

Оқыған құранымыздың, бағыштаған дұғамыздың ішінде боласыз, асыл аға!

Жаныңыз жәннатта, тәніңіз рахатта болсын.

Ағамыздың біздің ортамыздан алыстағанына да жыл толыпты. Соны онша сезіне де қоймайтын сияқтымыз. Ағамыз сол бұрынғысындай ортамызда аман-есен жүріп жатқан сынды.

Сол баяғысынша жақсы істерге бастап, жалғыз қолын шолтаң еткізіп батасын беріп жатқандай. Ешқайда да кетпеген. Сол бұрынғы орнында...

Енді бір қарасам жоқ сынды. Орыны ойысырап тұр. Орыны үңірейіп тұр. Қап-қара болып...

Енді бір қарасам бар сынды. Өз орнында отыр. Айналасына шуағын шашып...

Жалпы, менің жеке адамдар жөнінде жазбаларым баршылық. Портреттер деп аталады. Том-том болып шығып та жатыр. Сол жазбаларымның да өз оқырмандары бар. Мәжит ағам да оқырманым. Оқырмандарымның оқырманы. Өйткені ол кісі менің жазғанымның бәрінің астын сызып тұрып оқиды. Ұнап жатса аузынан тастамайды. Ұнамаса...үнсіз қалмайды. Топты кісі отыр-ау демейді. Айтып сап қарап отырады. Менің мұндай оқырмандарым да баршылық. Жазу жазып отырғанда оларды да ойлап отырамын.

Қолына қалам ұстаған талай інілерімнің сол жазбаларымды жастанып оқығанын баспасөз беттерінен оқып та жүрмін. Содан ойға қаламын. Бір себебі бар болар деп. Содан да кейіпкерлерімді барынша екшеуге тырысамын.

Бір адам жөнінде неше рет жазуға болады?

Бір рет. Екі рет. Үш рет. Жүз рет. Сондай жақсы адамдар - жақсымдар бар шығар. Олар туралы жаза бергің келеді.

Бірақ маған ондай жандар кездесе қоймапты.

Менің түсінігімде бір адам туралы бір-ақ рет жазуға болады. Художник кейіпкерінің суретін бір-ақ рет салады. Айлап, жылдап толғанып жүріп. Екі рет салса жай ғана суретші болғаны.

Жазушы да солай. Кейіпкеріңнің портреті әуелі баста піседі. Сонсоң барып қағазға түседі.

Мәжит аға жөніндегі жазбам туралы осыны айтар едім. Қайтып жазам деп ойламаппын.

Жалпы, бір адам жөнінде екі рет жазғаным болыпты. Үш рет жазу?.. Бұл енді менің миыма сия қоймас.

Міне, мен Мәжит ағама үшінші рет оралып отырмын. Бәлкім, төртінші рет те ораламын. Демек менің жазғандарым жай жазбалар емес, портреттер топтамасы болды ғой. Солай... деп ойлаймын.

Ол аз болса Мәжит ағам менің әдеби шығармамның да кейіпкері. Мемлекеттік тапсырыспен менің «Мыңқыш» атты прозалық жинағым жарық

көрді. Сондағы «Мыңқыш» хикаятымның басты кейіпкері Жанша ақсақалдың прототипі осы Мәжит ағамыз болады.

Нағашымыз болып келетін Мәжит ағамызды білуім кейінде. Кісім нағашым екеуі анда-санда келіп үйден қымыз ішіп кететін. Есіме сақтап қалғандығым сереңдігі еді. Анық білуім сексенінші жылдардың басы. Ақжалдық даңқты кенші Әжібжан Жанасбаев ағамыз мемсыйлық алып, жазуға барайын. Ол кезде ат тіреп баратын жеріміз - поссовет. Төрағасы Мәжікең ағамыз. Жөнімізді айтайын. Сонан қоңырау шалмақ болдым. Сөйтсем телефон нүктесі жоқ. Құлап қала жаздадым. Мемсыйлық иесінің үйінде телефон жоқ деген не сұмдық деп қоям.

- Ленсыйлықтың үйінде де телефон болмауы мүмкін, бұл - өндіріс, - деп қояды ағамыз.

Сөйтсем, кеніште телефон нүктесі жетісе бермейді екен.

- Жазамын, - деп қоямын теріме сыймай.
- Жаз, - дейді ағамыз.

Көп ұзамай аудандық газеттер бетінде менің сын мақалам жарқ ете қалсын. Сөйтіп, телефон да қойылды, көңіліміз де жайланды.

Бұл жерде айтайын дегенім ағамыздың аққа жақтығы. Өзіне сөз келіп тұрса да ақиқатына барады. Оны кейінде талай рет көрдік, мойындадық.

Одан аудандық газеттерге редактор болдық. Гүлбаршын апайымыз екеуі жұмысыма арнайы келіп, ағамыз батасын беріп кетті. Көп ұзамай Ақшатау округінен облыстық мәслихатқа депутаттықта түсейін. Жеті адамбыз. Барлықпай өттім десем болады. Алдымен - халық, содан кейін Ақшатау поссоветі Гүлбаршын Ақпанова апайымыз бен ақжалдық поссоветіміз Мәжит аға Аманқұлұлы қолдады.

Одан кейін де бірлесіп жұмыс істедік. Бас-аяғы жоқ жұмыстар еді. Шежіре жазу сол тұста басталған. Екпіндеп жазып жатырмыз. Батырымыз да аз емес екен, ақынымыз да аз емес екен.

Тоқсан екіде Ақшатауда республика жұртшылығын жинаған Көкбөрі Жарылғапқа бағыштап ас бердік. Сол аста мен де жарыссөзге қатысып, қалың академиктерге қарсы тұрдым. Батырдың туған және қайтқан жылдарындағы қиғаштықтар бойынша. Сонда ағамыз елдің көзінше қолымды алып, ризашылығын білдірді.

Бұл бізді одан әрі жақындастыра түсті. Мен болсам таза шежіре жазуға кірістім. Қолым қалт етсе мұрағаттарға жүгірем. Ел ішіндегі сөз біледі-ау деген ақсақалдардың алдында талай мәрте өттім. Ақпақұлақтығымнан емес, шежіреміздің әбден шатысқандығынан, әбден милыққандығынан еді. Сөйтіп жүріп Шет өңірін жайлаған Бесатаның қалай туысатынын шығардым-ау, әйтеуір. Бұл, сөз жоқ, ел ішінде үлкен әңгіме болды.

Ақадырдағы үйімнің төрінде өзім түзген қолдан жазылған шежіре ілулі тұратын. Үйге келген туғандар соны көшіріп жататын, болмаса толықтырып жататын. Сол шежіре үшін үйде қонып қалушылар да болды.

Онымен Мәжит ағамыз да таныс болатын. Үйге тағы бір келгенінде асыға қоймаған. Түстігімізді ішкеннен кейін қаламы мен өшіргішін шығарып, төрге озған. Бара түзесін. Байқағаным Қара бабасын қызыл сиямен ерекшелеп қойсын.

- Тарихи адам, - деп қойды.

Сол тарихи бабамыз жөнінде жақ аша қоймайтын. Бір себебі бар шығар деп мен де тықақтай қоймадым.

Алайда Қара бабамыз жөнінде мен жаза бастадым. Соның біреуінде үндемейді. Бабамыз жай ғана би емес, төбеби де болған екен. Ол ол ма, Керней елінің болысы да болған екен. Ол да түк емес, бабамыз Омбыда пелшірлік оқып, ел ішінде екпе жұмысымен шұғылданыпты. Соның барлығын қағазға түсірдім. Алайда ағамыз қолпаш та айтпады, қолдау да көрсетпеді.

Ағамыз қағазға сенетін. Ал ол құрғыры қолға түсе бермейтін.

Менің білгенімді ағамыз білмеді десем асылық болар. Қалай дегенде ағамыз бабасын мадақтауға келгенде шегіншектей беретін. Кейін білсем саналы түрде көткеншектеген екен ғой.

Қараның тұқымы болғаны үшін талай адам орыс орманына барып, ағаш аралап кетіпті. Жуаната баласы деп, боржай деп. Содан да жасқаншақтаған-ау... Одан кейін де мен Қараның жұқанасымын деп кеуде керіп отырғанын көрмеппін. Ол кісі негізсіз, сүйенішсіз сөйлемейтін. Ал сүйенетін қағазы құрғыры болмады. Жатқан шығар мұрағаттардың бірінде шаң басып... Бұл да ағамыздың бір мұраты еді-ау...

Осы сүйеніштен шығады. Осы мен ағаға сүйеусін бола алдым ба деп те ойланамын. Болған сияқтымын. Кейде болмаған сияқтыдаймын. Бола алмаған сияқтымын... Өйткені бар жауапкершілікті өз мойнына алушы еді... Өзгенің мойнына салмақ салудан қашқақтайтын...

Ал мен болсам арқамды ағама тіреп тұрып сөйлемейтін жерде сөйледім. Өз сөзіммен бірге ағамыздың да сөзін айттым. Елдің сөзін айттым.

Сонымен Қараның асына да келгенбіз. Қалай дегенде дайындық жұмыстары жүрді. Ақпараттық материалдар маған жүктелді. Қайдан аласың, қалай жазасың демеді. Соған байланысты Ақжал өңіріне қарай шапқыладым. Елдің біраз ақсақалдарына сәлем салдым. Бұйымтайымды сұрадым. Біреу білді, біреу білмеді. Сол білгендері де жететін еді.

Сол кездегі жағдайымызға қарамастан Қара бабамыз жөніндегі материалдармен аудандық газетіміздің сегіз бетін толтырдық. Осыдан кейін ғана ағамыз шешілді.

Ол кісі де бабасын Кәкең деп жұмсартып айтатын. Сол өзінің білген, өзінің қиялындағы Кәкеңін ағамыз өзімен бірге ала кетпеді ме деп те қияс ойға берілемін.

Әлде Қара бабасы жөнінде менен бір көлемді шығарма күтті ме? Күтті деп ойлаймын. Шынымен мен бабаларымыз жөнінде жазып жаттым. Ол жазбаларым бір кітап болды. Осы биыл «Жұлдыз» журналында шықпақшы. «Қайдауыл» деген романым. Қара бабамыз сонда ат ойнатып жүр.

Өкініштісі ағамыздың оқи алмайтындығы. Негізі біліп кетті. Оған да шүкір.

Ел ішінде «Қара бермейді, жаны ашиды» деген сөз бар. Осы сөзді жазбаларымның бірінде пайдаландым. Ағамыз жатып ашуланды деп айта алмаймын. Ал кәдімгідей тоңторыс жүрді. Содан бұл сөздің шығу себебін айтып берейін. Сонда бір рахаттанып күліп еді.

Көп Кернейдің біреуі бармай ма Кәкең алдына. Мал сұрап. Ол кездің малы жылқы жарықтық ғой. Содан Кәкең ойланады. «Тай сұраса түсінуге болады» деп. Содан әрі ойланып, бері ойланып он шақты ұсақ айдатып жіберіпті. Және сәлемдеме айтыпты. «Қара бермейді, жаны ашиды» деп.

Сол бабамызға кейінде мал бітіпті дейді. «Бергеннің берекесі бар» деген сөз осы да.

Бар нәрсенің дауасы бар шығар. Дауасызы уақыт па деймін. Сол уақыт шіркін күн өткен сайын Мәжит ағамызды бізден алыстатып барады. Алайда нақ сол уақыттың ағамызды жақындатып отырғанын да айта кетейік. Өйткені ағамыз өзімен бірге ештеңе алып кеткен жоқ.

Күндеде қалта болмайды. Ең бастысы ағамыздың асқақ рухы қалды. Елін еміреніп сүйген үлкен маһаббаты қалды.

Бұл Керней баласына, жалпы қазақ баласына азық болатын руханияттар.

Кейде ағамызды іздеп қалам. Ешқайда кетпепті. Тау тұлғасын жазбай танимын.

Сол тұлға бірде Мәжікеңнің өзі болып көрінеді...

Сол тұлға бірде Нұрлан інім болып көрінеді...

***19.06.2022***
***Абзал.***

# І БӨЛІМ

# ТҰҒЫР

*Үш - ақ нәрсе - адамның қасиеті:*
*Ыстық қайрат,*
*нұрлы ақыл,*
*жылы жүрек.*

*АБАЙ*

*Адамның ақыл көрігі,*
*Ақылдың сабыр серігі.*
*Бойынан әркез табылған,*
*Ағаның көркем мінезі.*
*Тектілігі тегінен,*
*Кісілігі таудай ед.*

***Бота Ноғаева***

ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІНІҢ «ШЕТ АУДАНДЫҚ
ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН КІТАПХАНАЛАР ЖҮЙЕСІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
№ 28967



**Мәулен ӘШІМБАЕВ,**
*мемлекет қайраткері,*
*Қазақстан Республикасы*
*Парламенті Сенатының Төрағасы.*

# ПРЕЗИДЕНТ КӨҢІЛ ХАТЫН ЖОЛДАДЫ

**Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі Мәулен Сағатханұлы Әшімбаевтың Мәжит Аманқұлұлының жерлеу рәсімінде Қарағанды қаласында берілген аста сөйлеген сөзі**

Құрметті қауым!

Бүгін бәріміз Әбдіровтер әулетіне түскен ауыр қазаны, үлкен қайғыны бөлісуге жиналып отырмыз. Жаңа барып Мәжит ағамызды соңғы сапарға шығарып салдық. Осы күндері тек қана Қарағанды жұртшылығы ғана емес Қазақстанның әр облыстарынан, әр өңірлерінен біраз азаматтар осы әулетке өздерінің көңілдерің айтып жатыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің көңіл хатын осы әулетке жолдады.

Осы көңіл хатты оқып беруге рұқсат етіңіздер:

*«Құрметті Нұрлан Мәжитұлы!*

*Ардақты әкеңіз Мәжит Аманқұлұлының дүниеден өтуіне байланысты ауыр қайғыңызға ортақтасып, көңіл айтамын.*

*Ол кісі еліміз үшін адал еңбек етіп, соңына үлгі-өнеге, ұлағатты ұрпақ қалдырды. Сол шаңырақта өсіп-өнген Өзіңіз де бүгінде барша жұртқа белгілі депутат ретінде ұлттық заңнаманың дамуына үлес қосып келесіз.*

*Марқұмның иманы саламат, жаны жәннатта болсын.*

*Әулеттеріңіздің алдағы күндеріне амандық пен жақсылықтар тілеймін.*

*Қазақстан Республикасының Президенті*
*Қасым-Жомарт Тоқаев»*

Бүгінгі осы арнайы жайылған асқа Президент Әкімшілігінің біраз азаматтары келуге ниеттеніп еді, бірақ жұмыс бабына байланысты келе алмай жатыр. Сондықтан Президент Әкімшілігінің Басшысы Қырымбек Елеуұлы Көшербаев және біраз әріптестеріміз осы әулетке өз көңілдерін айтып жатыр. Мен де азаматтардың атынан арнайы келіп отырмын, солай қабылдаңыздар.

Жалпы әке-шешесі қанша жасқа келсе де, ешкім анасын, әкесін қимайтыны белгілі. Бірақ өмірдің өзінің заңдылығы бар, өмірдің өзінің реті бар. Сондықтан ретімен болып жатқан дүниені сабырлықпен қабылдағаннан басқа ешқандай амал жоқ.

Мәжит ағамыздың өмірі оңай болмаған шығар, өйткені соғыстан кейінгі заманда әртүрлі жағдайдар болып жатты, бірақ ағамыз өте мазмұнды, мағыналы өмір сүрді деп айта аламыз. Еліне адал қызмет етті, артында ұлағатты ұрпақ қалдырды. Бүгінгі күні Нұрлан досымыз, Нұрғалым бауырымыз, басқа бауырларымыз бүкіл Қазақстанға белгілі, сыйлы азаматтар. Елбасымыздың қасында, Президентіміздің қасында Қазақстанды дамытуға өздерінің үлестерің қосып жүрген білікті, білімді мамандар. Осындай ұлдар тәрбиелеп, олардың балаларын, өзінің немерелерін, шөберелерін көрген ағамыз о дүниеге өзінің ата - аналық парызын орындап, елдің алдындағы міндетін атқарып, бақытты адам болып кетті деп бәріміз сенеміз.

Осы әулетке одан әрі тек жақсылық болсын деп тілейміз. Осы әулетке бір дұрыс себептермен жиналайық деп тілейік. Мәжит ағамыздың жасаған, жасамаған жасын ұрпақтарына берсін. Ағамыздың жатқан жері жарық болсын, жаны жәнатта болсын!

***11.09.2019.***
***Қарағанды.***



**Ерлан ҚОШАНОВ,**
*мемлекет қайраткері,*
*Қазақстан Республикасы Парламенті*
*Мәжілісінің Төрағасы.*

# ӘКЕДЕН АЙРЫЛҒАНДАЙ ЖАҒДАЙДА ОТЫРМЫН

**Қарағанды облысының әкімі Ерлан Жақанұлы Қошановтың Мәжит Аманқұлұлының жерлеу рәсімінде Қарағанды қаласында берілген аста сөйлеген сөзі**

***Қадірменді қауым!***

Нұрлан бауырым, Нұрғалым, Шахатбек, Ерлан! Бүгін Сіздердің отбастарыңызда өте ауыр күн! Біз оны түсінеміз, әрқайсымыздың басымыздан өткен жағдай, әкеден айырылу оңай емес.

Сондықтан, біріншіден айтатыным, бұл тек қана Сіздердің қайғыңыз ғана емес. Сіздердің достарыңыздың, жақындарыңыздың, Сіздерді жақсы көретін, сыйлайтын азаматтардың бәріне ортақ қайғы.

Соның куәсі ретінде, осы кешеден бері біздің Қарағандыға алыстан, жақыннан көптеген азаматтар, тұлғалы азаматтар ағылып келіп жатыр. Көңілдерін білдіріп айтып жатыр, біразы кеше келіп кетті.

Бүгін де Республиканың Бас Прокуроры бастап таң атпай бір топ адам келді, кеше Қорғаныс министрі бастаған қаншама адам келді. Сондықтан осы, соның куәсі, Сіздермен осы елдің, халықтың қайғыны бөлісіп жатқандығы.

Екіншіден айтатыным, Мәжит аға өте мағыналы, бақытты өмір сүрді деп айта аламын. Мен өзім ол кісіні, бір баласы ретінде жас кезімнен білдім. Менің әкеммен өте жақсы дос болды. Әкемнің ең соңғы суреті сол Мәжит ағамен түскен суреті екен. Міне, сондай, бүгін мен де, осы бір әкеден айырылғандай жағдайда отырмын. Ол кісі біздің облыстың өркендеуіне өте үлкен үлес қосты, ұстаз деген қасиетті мамандыққа адал

болды. Қаншама шәкірт тәрбиеледі. Артында үлкен із қалдырды. Ең үлкен қалдырған ізі ол осы төрт баласы, бәйтеректей төрт ұлы. Бүгінгі күнде жалғыз облыс емес, бүкіл Қазақстанды көркейтуге үлкен үлес қосып жатыр.

Жаңа Мәулен Сағатханұлы айтып кетті, Нұрлан туралы, Нұрғалым туралы, бауырларымыз бүкіл Қазақстан білетін іргелі азаматтар, Елбасының жанында жүрген. Мемлекет Басшысы бүгін өзінің көңілін білдіріп, айтып жатыр. Осының барлығы Сіздердің әкенің, ананың қандай тәрбие беріп, қандай отбасы қылып Сіздерді өсіргені, соның бәрі, мен ойлаймын, әкенің үлкен еңбегі.

Нұрлан, өзің бастаған бауырларыма берік болыңдар дегім келеді. Өмір жалғаса береді, әке мен ананың армандары толық орындалмаған шығар, адамның арманы бітпейді. Сол арманға, Нұрлан, өзің бастаған бауырларыңмен жете беріңдер, сол ата-ананың армандарын орындай беріңдер.

Сіздердің отбастарыңызға мен тек жақсылық тілеймін,амандық тілеймін.

Тек қуанышты күндерде кездесейік. Ал алыстан, жақыннан келген біздің бауырларымызға, достарға, барлығыңызға, осы қарағандылықтардың атынан, Нұрланның жақын достарының атынан үлкен ризашылығымды білдіремін.

***11.09.2019.***
***Қарағанды.***



**Қуаныш СҰЛТАНОВ,**
*мемлекет қайраткері.*

# ӘКЕ АРМАНЫ -
# ҰРПАҚТАР ЖАЛҒАСЫ

Ежелден білімге құштар, білімге ұмтылған ұлттардың көпшілігіне тән қасиетті дәстүр - ұстазды сыйлау, ұстазды құрметтеу, ұстазды ұлағаттау. Көзі ашық, көкірегі ояу, санасы сергек, текті адамның өзі есейіп, өзі де ұстаз дәрежесіне жеткенде де өзінің жас кезінде шарапат, шапағатын көрген ұстаздарын ерекше ілтипатпен еске алып жүретіні де адамгершілік мәдениеттіліктің үлгісі болса керек.

Мәжит Әбдіров ағамыз сондай бақытты, парасатты ұстаздар қатарынан екенін алдымен елден естідім. Көптеген игі жақсылардың әр кезде айтылған сөздеріне зейін қойып, ел ішінде сондай сөзіне құлақ асатын қазыналы қарияларымыздың болғанына шүкіршілік етіп жүреріміз де бүгінгі байлығымыз дер едім.

Мәжит Аманқұлұлы кезінде жоғарғы оқу орнын тамамдаған соң туған өңірге келіп, ұзақ жылдар Қарағанды облысының Ақжал кентінің мектебінде ұстаз, мектеп директоры болып, жүздеген шәкірт тәрбиелеп, кейін сол елді мекеннің кеңес жұмысын, әкімшілік салаларын жиырма жылдан астам абыроймен атқарып, еңбек демалысына шығыпты. Мәжікең ағамыздың нағыз ел ағалық, ақылгөй қариялық жолы зейнетке шыққаннан кейін өріс алып, ел қамындағы игілікті істерге бастамашы болып, ел-жұрттың басын біріктіріп, ел құрметіне бөленді.

Соңғы жылдары Мәжит ағамыздың үлкен ұлы, ғалым-заңгер, Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты, Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрағасы, белгілі қоғам қайраткері, әріптестік, жолдастық сыйластыққа берік, достыққа сенімді Нұрлан

Мажитұлы Әбдіровпен жұмыс барысында қарым-қатынасымыз жиілеп, оның білікті іскерлігіне талай рет көзім жетті. Біздің өзара түсіністігіміз, өмірдегі көп жағдайларға көзқарасымыздың үйлесімділігі, қызмет бабындағы мемлекетшіл мүдделілігіміз бізді адами араластықтың кеңістігіне жетеледі. Соның арқасында Мәжит ағамыздың өмірінің соңғы жылдары ол кісімен дәмдес болып, аз уақыт болса да өнегелі әңгімесін тыңдап, батасына жарылқандық. Алғаш кездескенде-ақ бұрын кездесіп, таныс, біліс болмасақ та бірден жылы шырай танытып: «Оу, Қуаныш, сені білем ғой. Республика жастарының біріншісі болдың. Қарағандыда обком хатшысы болғаныңды ел әлі айтады» деп бауырына тартып, әңгімемізді өзі жарастырып жіберді. Көпті көрген, көп білетін білімді ағаның маңызды әңгімелері әрқашан шежіре сабағындай көңіліме қонымды болатын. Елдің әңгімесін айтатын. Шежіреге шебер еді. Бүкіл Арқа өңірінің, талай текті аталардың өмір баяны, шежіресі көкірегінде сайрап, көңілінен төгіліп тұнатынына сүйсініп, әңгімесін тыңдайтынбыз. Арқадағы талай жер-су аттары, олардың кезінде жөнсіз өзгеріске түскені, тәуелсіздік алғаннан кейін тарихи әділдіктің қайта орнағаны Мәжікең әңгімесінің өзегін құрайтын. Бір ғана мысалға жүгінсек - Корнеевка дегеніміз сол кісілердің бабасы Керней атамыздың бұрмаланған есімін қайтарып, оған тағы басқа бабалар рухына арналған тағзым шаралары ел зердесінің, дала мәдениетінің сақталуына Мәжит ағамыздың белсенді қоғамдық қызметінің зор еңбек ете алған нәтижесі десек артық айтқандық болмас.

Тек бір елді мекен аталуы емес, облыста, оның ішінде Жезқазған, Жаңаарқа, Шет, Ақтоғай өңірлеріндегі тарихи жәдігерлерді қайта жандандырып, оны жас ұрпақтың санасына жеткізіп, жауапкершілігін арттыруға көп адамдарды жұмылдырып рухани жұмыс жасады. Әттең, уақыт шіркін қашан да шектеулі ғой...

Мәжікең ел ішінде қандай да бір азаматтардың, әсіресе жастардың жақсы ісін көргенде, оған ризашылығын білдіргенде «мұғалім бол» деп бата беретінін бірнеше адамнан естідім. Тектен текке болмаса керек. Мұғалім, ұстаз ежелден білім, өнеге, үлгінің символы. Білімді адам қоғамның саулығына еңбек етеді. Бұл бата өз отбасымен де байланысты болар.

Мәжит ағамыз асыл жары Қанай жеңгей екеуі отбасымен өз балаларын да қоғамға тірек, адалдыққа, әділдікке берік етіп өсірді. Ол кісінің жақсы інісі, замандасы, кезінде Ақтоғай аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болған, Тәуелсіз Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ел ағасы Рымбек Жүнісов: «Мәжікең өзінің бар болмысы, бүкіл тұлғасымен атаның емес, халықтың баласы екенін көрсетіп кетті. Өзінің балаларын да сол жолмен тәрбиеледі.

Бүгінгі күні Мәжит ағаның төрт баласы да өз әкесіндей елге сыйлы азамат, адал еңбектерімен, қоғамдағы белсенділігімен мемлекет және қоғам қайраткерлері дәрежесінде танылып жүр. Бұл да отбасында берілген ата-ана тәрбиесінің жемісі» деп Мәжит Аманқұлұлының болашаққа сіңірген еңбегін айшықтап еді. Әбдіровтер әулетін білетін көп адамдар да осы пайымды құптайды.

Мәжит ұлдары - Нұрлан, Ерлан, Нұрғалым, Шақатбек - төрт құбыланың төрт уығындай - саналы, ұлтжанды болып, Ана, Әке арманы мен аманатын абыроймен атқарып жүрген Азаматтар екенін осы Мәжікең әулетін білетін ел, жұрт ризашылықпен айтады. Өз балаларына тілейді, үлгі етеді.

Мәжит Аманқұлұлы өзінің әкелік парызын абыроймен атқарып, ұрпақ тәрбиесінде өшпес із қалдырып, қоғамда ақыл, парасатымен, айрықша рухани тазалығымен өмір сүрген, бүкіл өмірі өнеге болған ұмытылмас Тұлға. Ол туралы Мәжікеңнің еңбегі мен қызметін, адамгершілік қатынаста ұзақ жылдар бірге болған әріптестері, жанашыр бауырлары, ресми адамдардың тиянақты пікірлері де мол.

***30.06.2020.***
***Нұр-Сұлтан.***



Аманқұл Әбдірұлы



Сәлі Әлжаппарұлы



Мәжит Аманқұлұлы туыстарымен



Мәжит Аманқұлұлы анасы Қалиля (Шоқы), мектеп бітірісімен, 1954 жыл, шілде



Студент Мәжит Аманқұлұлы анасымен



Туыстармен, Алматы, 1960 жыл




Қанай Сәліқызы, жас түлек, 1954 жыл




















Студенты высших учебных заведений
г. Караганды из Четского района
1957


КАРАГАНДИНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ИНСТИТУТ
3-ий ВЫПУСК СТУДЕНТОВ
1954 г.
ФИЗИКО — МАТЕМАТИЧЕСКОГО ФАКУЛЬТЕТА
1959 г.


9 кл. Четской КАЗ.СШ 1959-60 уч. год.


VI кл. „А" Каз. С.Ш. 1960-61 уч/год


Коллектив учителей Четской русской Н.С.Ш. 1960-61 уч. год.


Коллектив учителей 11-летней шк. №1 им. И. Алтынсарина село Аксу-Аюлы. 1962-63 учебного года.


Четской русской Н.С.Ш. 1960-61 уч. год.






Ажхайская средняя школа 1978 г.


Слушатели месячных курсов
повышения квалификации
партийно-Советских работников при
Джезказганском обкоме компартии Казахстана
I-поток
Декабрь 1976 г.
КПСС
г. Джезказган


Выпускники учащихся 10ая К Л №1 С Ш
пос: Акжал



































# II БӨЛІМ

# БӘЙТЕРЕК

## I ығыт
## ЕЛ ТІРЕГІ

*Төртеу түгел болса егер,*
*Төбедегі келед деп.*
*Текке айтпаған үлкендер.*
*Марқұм Мәжит аға мен*
*Елге сыйлы ананың,*
*Артындағы ұрпағы -*
*Нұрланы мен Ерланы,*
*Нұрғалым мен Шақатбек -*
*Төрт барысы, тұлпары.*
*Бүгінде туған елінің,*
*Қияға самғар сұңқары.*
*Ата-ана құрметін,*
*Асыратын ұрпағы.*

*Бота НОҒАЕВА*



**Қасымбек МЕДИЕВ,**
*мемлекет және қоғам қайраткері,*
*Шет ауданының, Қарағанды қаласының,*
*Қарағанды облысының Құрметті азаматы.*

# ЕЛ ЕСІНДЕ ҚАЛАТЫН АЗАМАТ

## Қасымбек Медиұлы Медиевтың Мәжит Аманқұлұының жерлеу рәсімінде Қарағанды қаласында берілген аста сөйлеген сөзі

Жаңа ғана біз бәріміз менің досымды мәңгілік орнына орналастырып келіп отырмыз.

Мен Мәкеңді көптен білетінмін, екеуміз қызметті бірге бастадық.

Шет ауданының орталығы Ақсу-Аюлыда Ы. Алтынсарин атындағы мектеп бар. Міне, сонда Мәкең мұғалім болды, кейін оқу ісінің меңгерушісі болды. Сол мектепте екеуіміз бірге жұмыс істедік. Міне, сонда Мәжит өзінің еңбекқорлығын, өзінің еңбек сүйгіштігін көрсете білді. Барша балаларды өз баласындай барынша тәрбиелейтінімен көзге түсті, сондықтан оны сол мектептің оқу ісінің меңгерушісі етіп тағайындады.

Кейінде айтып отырған еңбегі еленіп бірнеше жерде жұмыс істеді, басшылық қызметтерде болды. Қайда, қандай жұмыста жүрсек те біздер бір-бірімізден көз жазып қалғанымыз жоқ. Сөйтіп жүргенімізде екеуіміздің қызметіміз қайтадан тоқайласып, бірігіп қызмет атқардық. Мен Ақадыр аудандық атқару комитетінің төрағасы болған кезімде ол Ақжал кенішінде кент төрағасы болды. Ол кісі партия, совет саласында мол тәжірибе жинақтаған, барынша ысылған кадр еді. Мен айтар едім, Мәжиттің жұмыс стилі, жұмыс барысындағы елменен қарым-қатынасы бұл бізге үлкен сабақ болатын нәрсе, өз алдына тұтастай жатқан бір мектеп. Сол кездегі Ақадыр ауданы бойынша, тіпті Жезқазған облысында, мұны атап айтуымыз керек. бірінші болып Мәкең поссовет ғимаратын салды. Ол тұста тіпті ауаткомдар ескі ғимаратта тұрып жатты. Міне, Мәжит бауырымның іскерлігі осыдан-ақ көрініп тұрған жоқ па?

Міне, сондықтанда Мәкеңнің еңбегі халықтың арасында күні бүгінге дейін аңыз болып айтылып жүр. Бір нәрсені айтқым келеді, біздің достығымыздың шынайылығы сонша, Мәжит пен Қанай шаңырақ көтергенде мен сол тойдың тамадасы болып, басқарып едім. Онымды мақтан етемін, ылғи да айтып жүремін. Мәжит екеуміз бір әңгіме құрып, басымыз қосылған кезде соны айтушы едік.

Әрине, Мәкең туралы көп айтуға болады. Жатқан жері жарық болсын, иманды болсын! Көрмеген қызығын балалары көрсін! Жасамаған жасын балалары жасасын! Бүгін оқылған дұға, айтылған тілек қабыл болсын!

Осы шаңырақта тек қана жақсылық болсын деймін!

***11.09.2019.***
***Қарағанды.***



**Тоқтар ӘУБӘКІРОВ,**
*Қазақ халқының тұңғыш ғарышкері,*
*Халық қаһарманы,*
*Кеңес Одағының батыры.*

# ЕЛІНІҢ КЕЛЕШЕГІН ОЙЛАҒАН АСЫЛ АҒА

Адамның өмірі деген қас қағымда зымырап өтеді екен. Міне, Мәжит Аманқұлұлы ағамыздың өмірден озғанына да бір жылдай уақыт өтіп кетті.

Бұл кісіні мен көп танымасам да еліміз Тәуелсіздік алғаннан бері қазақтың басын біріктіруді, халқымызды бірлікке шақыруды осы Мәжит ағамдай азаматтар бастап еді деп бек сеніммен, ауыз толтыра айта аламын.

Мен Мәжікең ағамызбен сонау 2005 жылдың тамыз айында Керней бабаның рухына арнап берілген, алты алаштың басын қосқан аста танысқан едім.

Осы бір үлкен шараны Мәжит аға өзі бас ұйымдастырушылардың қатарында болып, басынан соңына дейін аяғынан тік тұрып өткізіп еді. Ұлы Нұрлан маған арнап келіп, Шет ауданына қарасты Ақжалға, осы асқа алып барған болатын. Керней баба Арқа еліне есімі әйгілі тұлға екенін бәріміз жақсы білеміз. Елін жоңғар шапқыншылығынан қорғауда ерліктің үлгісін көрсеткен батыр. Содан барып Көкбөрі деген жанама атқа ие болған. Даланың ауызша тарихында батыр бабамыз Көкбөрі Керней деген атаумен қалды. Өз заманының ірі тұлғасы, халқымыздың біртуар оғланы, Қаракесектің көп тараған бұтағының бірі, қазақ халқының жауға салар алмас қылышы, осыдан төрт ғасыр бұрын өмір сүрген.

Марқұм Мәжікең ағамыздың бұл асты ұйымдастыруы өз алдына, одан басқа да тікелей өзінің бастамашылығымен аруақтарды ұлықтаған біраз жұмыстар атқарды. Оларды атап өтетін болсақ, мәлімсіз болып келген бірқатар мазарлардың кімге тиесілі екені анықталды, бұл мазарлар қамқорлыққа алынып, басына құлпытас қойылды. Жаппай жазалау шараларына іліккен бабаларымыздың жерленген орындары анықталып, есімдері тасқа түсірілді. Керней бұтақтарының шежіресі шығарылды. Осындай жұмыстардың нәтижесінде бірқатар бауырларымыз өз туыстарымен қауышқан болатын.

Ас үстінде бабамызды ұлықтап, ұрпақтары күрежолдың бойына еңселі ескерткіш тұрғызды. Керней баба ескерткішінде:

«Көкбөрі Керней дейтін елміз,
Алғанды бермейтін елміз,
Қашсақ талмайтын елміз,
Қусақ қалмайтын елміз,
Жуандыққа бармайтын елміз,
Бүтінді жармайтын елміз,
Құдайы жарылқаған елміз,
Тілеуін беріп, қабыл болған елміз» деген Көкбөрі Жарылғап батырдың тамаша сөзі айшықталған.

Тағы да бір есімде қалғаны, ас соңында бәйге, оның ішінде 30 шақырым қашықтыққа аламан бәйге жіберіліп, күрес жарысы өтті. Осы бір өнегелі іс-шара ол кезде осындай жоғары деңгейде және ел көлемінде бірінші рет өткізілді десем қателеспеймін. Мәселе тігілген жүз жетпіс киіз үйде емес. Мәселе бәйгеге тігілген бес автокөлікте де емес. Мәселе басқада. Бұл кешегі Кеңестік заманда тарыдай шашырап кеткен осы ата ұрпақтарының басын біріктіргенінде. Бұл елдің басын ұйыстырған, елді ауызбіршілікке шақырған ас болды. Жат болып кеткен ұрпақтар бірін-бірі тауып, бір-бірімен танысты.

Абайдың тойынан кейінгі менің көргенім, осындай керемет деңгейде өткізілген Керней баба асы екен. Мәжікең ағамыз кейінгі ұрпаққа үлгі болатындай осы бір тамаша жөн-жобаны бастаған еліміздің алғашқы азаматтарының бірі екені хақ.

Мәжікең ағамыздың жарқын бейнесі ұрпақтарының, халқымыздың жүрегінде мәңгі сақталады. Жатқан жері жарық, топырағы торқа болсын!

***15.06.2020.***
***Нұр-Сұлтан.***



**Ерқара АЙМАҒАМБЕТОВ,**
*Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің ректоры, Қарағанды облысы Қоғамдық кеңесінің төрағасы.*

# ӨНЕГЕЛІ ӨМІР ЖОЛДАРЫ НЕМЕСЕ ТУҒАН ЖЕРГЕ ТУЫН ТІККЕНДЕР

*Жаны ізгіліктен жаралған адам өмірден өтсе,*
*оның тіршілікте жасаған еңбегі ескерткішке айналады екен...*

Бұл естелік өткен ғасырдың алпысыншы жылдары ауылдан қалаға келіп, жоғарғы оқу орынында білім алған және туған жеріне қайтып оралып туын тіккен жастар - Мәжит Аманқұлұлы мен Қанай Сәліқызы туралы.

Адам - бұл дүниенің қонағы. Адам өмірі көп жасағандығымен маңызды емес, артында қалған мұрасымен, ұлағатымен, өзіне өлшеп берген өмірді қаншалықты пайдалана алғандығымен маңызды болса керек.

Зымыран құстай зымырап өткен күндер Мәжит Аманқұлұлы Әбдіров үшін де құралақан өтпеді. Институт бітіріп, алғашқы еңбек жолын мұғалімдіктен бастап, аз уақыт ішінде мектеп директорының орынбасары, оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры лауазымдарына кәсіби ұстанымының арқасында сатылап көтерілген жас маман өзі еңбек еткен білім ошақтарына жастық жалыны мен адал қызметін арнады. Ақжал мектебінің негізін қалаушылардың бірі ретінде мектептегі түрлі іс-шаралар,жас ұстаздар мәселесі, оқушыларға керекті жағдай, дұрыс білім беру сияқты көптеген шешімін таппаған, түйіні қиын істердің басы-қасында болып, Мәжит Аманқұлұлы тынымсыз еңбегі мен қажыр-қайратының арқасында зор абыройға бөленді. Осынау ұйымдастырушылық қабілеті мен жігер күші арқылы ерекше көзге түскен жас маманды кеңес кезіндегі басшылық билік басына тағайындады. Ақжал кенттік атқару комитетінің төрағасы болып Мәжит аға сайланған кезеңнен кенттің гүлдену дәуірі басталды. Осылайша туған жер, Атамекен алдындағы перзенттік парызын ширек ғасыр бойы адал атқарған азамат

зейнеткерлікке шыққаннан соң да бар қалған ғұмырын халқына арнап, ұрпақ алдында үлгі болар асқақ рухты ер бейнесін сомдап кетті. Халқымыздың өткен тарихынан аманат болған жәдігерлерді, рухани құндылықтарды жинап, жас ұрпаққа табыс етті. Осылайша Мәжит Аманқұлұлы адал еңбегі арқылы өз есімін ұрпақ санасына «тасқа қашап» жазғандай етіп қалдырды. Осы жерде ұлы Абайдың «Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы, өлмейтұғын артында сөз қалдырған...» деген өлең жолдары еріксіз тілге оралады.

Өнегелі де, ардақты жан Мәжит Аманқұлұлы Әбдіров - үлгілі отбасының қамқоршысы, отанасы Қанай апаймен тату-тәтті өмір сүріп, ұлдарын ұяға қондырған бақытты әке, немере-шөбере сүйген ата болды.

Ата-ананың ұрпақ бойына сәби кезінен бастап дарытатын тозбас байлығы - адамгершілік қасиет. Ал бұл ұлағатты өнегеге әр ата-ана балаларын әр түрлі баулиды. Халқымызда бала тәрбиесі туралы сөз болғанда «қырандай саптап өсірді» деп жатады. Шындығында қыран құс балапандары алғаш ұшқанда қанаттарын қақпалай отырып, төмендеуіне ерік бермей, оларды біртіндеп аспандата ұшырады екен. Балапандарының биікке, аспан кеңістігіне көтерілуіне көмек береді. Осылай баулып өскен бүркіт қана аспан әлемінде еркін самғап ұша біледі. Мәжит аға да балаларын жастайынан қиыншылықты еңбекпен жеңе білуге, табандылық және батылдыққа, нағыз азаматқа тән қаталдықпен қатар ер адамның бойында кездесетін жақсы қасиеттерге баулыды. Ал ат құлағында ойнап өскен қыр баласы үшін бұл талаптар таңсық емес еді. Әке талабы балаларының болашақта үлкен асуларды алуға деген құштарлығы мен талпыныстарына қанат бітіріп, нағыз өмірге берген жолдама іспеттес болатын.

Мәжит ақсақал жақсынын жолына, жастардың мансабына тежеу болмай, ешкімге көлеңкесін түсірмей, сүрінгенді демеп, жығылғанды сүйеп, дүниеден жарық болып өтті.

Бұлай дейтінім - мен Мәжит ағамен жиі кездесіп, сұхбаттасып жүрдім. Ағамыз өмірдің үш өлшемін меңгерген терең, ойшыл еді. Туған жерге, елге деген сезімі өте жоғары болатын. Атаның қанымен, ананың сүтімен дарыған осынау риясыз сезім қашанда сол ел мен жер үшін кеткен күшіңмен, төгілген теріңмен мағыналы, еңбегіңмен елеулі емес пе? Ал енді соның шынайы бағамы мен мәні тек Мәжит ағамыз сияқты халықтың сөзін сөйлеп, тілегін тарқатар жыл тұлғаларымыздың тұғырлы ойымен қымбат. Содан болар - Алаштың қай арысын алма, мәртебе - мерейінің түбінде Мәжит ағамыздай сүре сөздің қадірін білетін зиялының жақсылық тілеген абзалдығы мен тектілік тіреген тарландығы тұр. Бұл ретте бір кездесуде маған «жақсың мен жайсаңыңды ұмытпай, жүйрігің мен жорғаңды сұрыптай жүр» деп білдірген бірауыз ақжолтай ниеті соның айшықты айғағы деп білемін. Ағамыздың бұл тілектері данышпан Абай атамыздың айтып кеткен ойларымен ұштасып жатыр.

Бар саналы ғұмырын ұстаздыққа арнаған Қанай апайдың да көктемі мен жазы, қоңырауды күзі жас ұрпақты тәрбиелеуге арналды. Тынымсыз еңбегі мен табандылығының арқасында Қанай апай ұстаздық жолында бір сәт те аялдамай, өз ісінің шебері ретінде, білім беру саласында зор абыройға ие болды. Ардақты ұстаздың еңбегі еленіп, аудандық білім бөлімінің, облыстық білім басқармасының құрмет грамоталары табыс етілді. Отыз үш жылдық педагогикалық қызметі барысында қызметтік міндетін мінсіз атқарғаны үшін «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» атанып, «Еңбек ері» медалімен марапатталды. Өзін білім берудің күрделі міндеттерін шеше алатын маман, педагогикалық тәлім-тәрбиесі мол, шығармашыл, мамандығының қыр-сырын терең де, жан-жақты меңгерген математик ретінде көрсете білді. Үнемі ізденіс үстінде жүретін ұстаз әрқашан жаңалыққа ұмтылып, бойындағы білімін шәкірттерімен бөлісуге дайын тұратын. Ол кісінің адамгершілік, кішіпейілділік, қарапайымдылық қасиеттері де кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық үлкен тәрбие мектебі еді.

Өмірден өзі өткенімен адал жар, бақытты ананың артында халқына арнап жасаған еңбегінің таусылмас жемісі мен өшпес ізі қалды. Ұлағатты ұстаздың еңбегін есте сақтау мақсатында өзі жиырма жылдан артық қызмет атқарған білім ордасы - Ақжал кентінің Ш.Батталова атындағы ЖОББМ тірек мектебінде Сәлина Қанай Сәліқызының кабинетін ашу шарасына қызу дайындықтар жүріп жатыр.

Адал еңбегі мен ұстаздық қызметке деген құштарлығы арқасында бірқатар марапаттауларға қол жеткізген Қанай апайдың алдынан білім нәрімен сусындаған шәкірттері бұл күнде жоғары білім алып, түрлі салада еліміздің әр түкпірінде адал еңбегімен ел құрметіне бөленуде. Оларды еліміз ғана емес, алыс-жақын шет елдерден де кездестіруге болады. Еңбегің жанды деген осы емес пе?!

Өмірлік серігі Мәжит Аманқұлұлымен бірге өткізген жарты ғасырдан астам жұбайлық өмірінде Қанай Сәліқызы Нұрлан, Нұрғалым, Шахатбек, Ерлан сынды арыстай төрт азамат тәрбиелеп өсірді. Ұрпағының өнегелі де, еңбексүйгіш, абзал азамат болып өсуін тілеген Қанай апай балалары мен немерелеріне тәлімді тәрбиенің қайнар көзі бола білді. Отағасы екеуі бірігіп жасаған мәуелі бақтың тірегі де, берекесі де өзі болды. Кез келген бейнеттің зейнеті мол екенін балаларының құлағына құйып отыратын Қанай ана тәрбие мектебінің отбасынан басталатынын, еңбек пен тәрбиенің бірінен бірі ажырағысыз егіз ұғым екенін олардың бойына дарыта білді және өз өмірі арқылы үлгі көрсете білді.

Ата-ананың үлгілі тәрбиесін алған ұрпақ бұл күндері елеулі жетістіктерге жетуде. Тұңғыштары - Нұрлан Мәжитұлы ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, заң ғылымдарының докторы, Заңнама және сот-құқықтық реформа

комитетінің Төрағасы, өзінің кәсіби ұстанымы арқасында тәрибесі мен тағылымы айқын үлкен өмір мектебінен өтіп, заңнама және құқық қорғау таласында абыройлы еңбек етіп жүрген азамат. Ал Нұрғалым Мәжитұлы күні кешеге дейін Түркістан облысының прокуроры болып істеді, бүгінде Жамбыл облысының прокуроры, мемлекеттік және халықаралық марапаттар мен сыйлықтардың иегері. Құқық қорғау саласында прокуратура органдарының қызметін жетілдіруге, заңдылық пен құқық қорғауды қамтамасыз етуге үлкен үлес қосып жүрген тұлға.

Қарағанды қаласы Қазыбек би аудандық сотының төрағасы қызметін абыроймен атқарып жүрген Шахатбек Мәжитұлы да ағаларының жолын қуып, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында маңдай терін төгіп жүрген жас заңгер. Ерлан Мәжитұлы болса - кәсіпкер. Балаларының әрбір жеңісінің астарында Қанай Сәліқызының озық ойы мен пайымды істері жатыр. «Отбасының сәні - сыйластық» деген қанатты сөзді ұраны еткен абзал ана Әбдіровтер әулетінің мәуелі бәйтерегіндей болды.

Балалары ер жетіп, есейген соң «Ұлың өссе, ұлықтымен ауылдас бол, қызың өссе, қылықтымен ауылдас бол...» деген халқымыздың қанатты сөздерін дәлелдей түскендей игі жақсылармен құда болып, келін түсіріп, ене атанды. Келіндерін қызындай көріп, ерекше мейіріммен өмір мектебінен алған құнды тәлім-тәрбиесін, отбасылық дәстүрлерді олардың бойына сіңіріп өтті. Келіндеріне ене ғана емес, ақылшы ана да, сенімді дос, тату туыс та бола білді. Ынтымағы жарасқан отбасының Қанай ана салып кеткен сыйластығын, үлкенге ізет көрсетіп, кішіге үлгі болу дәстүрін бұл күндері келіндері жалғастыруда. Қанай апай қазаққа аты әйгілі Домалақ ана, Зере, Айғайым секілді аналардың ақ жолын жалғастырушы, қолы ашық, жоқтан бар жасайтын, бардан мол жасайтын, аузынан «тәубесі» түспейтін нағыз ел анасы еді. Отбасының берекесін басты байлық санаған ана балаларының жетістіктеріне шынайы қуана білді, олардың әрқайсысын аналық махаббатқа бөлей отырып, кішкентай жүрегі күннен ыстық ақ жаулықты әжеге айналды.

Дүниедегі ешбір оқу - әке мен ананың берген тәлімін бере алмайды. Оқудан білім қонар, ал тағылымды тәрбие - тек әке мен анадан ғана берілетін қасиет. Болашақ үшін адал ұрпақ баптаған майталман тәлімгерлердің балалары бүгінде мемлекеттік басқару органдарының түрлі салаларында мүлтіксіз қызмет атқаруда. Уақыт мінбесінен көз салсақ ғұмырлары келте көктемдей құлпырып өте шыққан Мәжит аға мен Қанай апайдың соңында келешек ұрпаққа үлгі боларлық ұлағатты істер мен өнегелі өмір қалды. Ең бастысы - ата-ананың үмітін ақтар, халқына адал қызмет көрсетер ұрпақ калды.

***2019.***
***Қарағанды.***



**Жарылқасын БИКЕНОВ,**
*Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері,*
*Нұра ауданының Құрметті азаматы,*
*Мәжит Аманқұлұлы шаңырағының құдасы.*

***Жарылқасын Бикенұлы БИКЕНОВ 1943 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданының Көбетай ауылында дүниеге келген. Бухгалтер - экономист, өлкетанушы. Нұра ауданының Құрметті азаматы (2006). Новосібір кеңес және кооперация саудасы институтын бітірген (1968). Кооперация жүйесінде еңбек етті. 1967 - 68 жылдары Нұра аудандық тұтынушылар қоғамы бас бухгалтерінің орынбасары. 1968 жылдан осы одақтың бас бухгалтері. 1971 - 2010 жылдары Қарағанды облыстық тұтынушылар одағы орталық бухгалтериясының бас бухгалтері. Ғылыммен шұғылданды. Ғылыми кітаптар түзді. Қазақ тілінде «Бухгалтерлік есеп теориясы» оқулығын (авторлармен бірге) шығарған. Көркем шығармалар кейіпкері ретінде де белгілі. Қазақ ақындары Қ. Жұмағалиев, М.Теміров және басқалары поэма - дастандар түзген. Жаңаарқа, Нұра өңірі шежіресі бойынша бірқатар жинақтардың авторы.***

***«Парасат» пен “Құрмет” ордендерінің (2018) және бірқатар басқа марапаттардың иегері.***

## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ БАСЫ

Осыдан екі-үш жыл бұрын Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы халыққа жол тартты. Бұл бағдарламаны республикалық телеарналар, газеттер бірден қағып алып, халыққа жеткізді. Елдің түйсігінде жүрген ой Елбасының аузынан шықты деп бірден құптап, бұл жаңалыққа қуандық. Мұнан кейін «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы қазақ халқының өзге халықтардан ерекшелігі мен артықшылығын айтарлықтай көрсетіп берді. Мұның бәрі ұлт болашағы жастар үшін жасалып жатқан үлкен іс. Баға жетпес бағдарламалар. Әр қазақстандық өзінің ұлттық кодын, өткенін, тарихын, тегін білу керектегі

айтылды. Бұл жас буын үшін, солардың болашағы үшін, солар елді дамыған 30 елдің қатарына қосады деп жасалған үлкен бағдарламалар екенін біз түсініп, біліп отырмыз. Биылғы жылды жастар жылы деп ерекше айдарлап, жас буынның өркендеп қанат жаюына бар жағдай жан-жақты қарастырылып, үлкен іс жүргізіліп жатқанын тағы көріп отырмыз.

Осы жақында Мәжит Аманқұлұлы Әбдіров өмірден өтті. Өмір - өзен. 18-ші қазан күні Мәжікеңнің өмірден озғанына 40 күн өтуіне орай ұрпағы құран бағыштап, құдайы дастарқан жайды. 17 қазан күні Алматыдан Қанат Боранқұлұлы «Орталық Қазақстан» басылымына «Бәйтерек тамырымен жамырайды» атты мақаласын жариялады. 18 қазан күнгі «Егемен Қазақстанда» «Жақсым» атты Төрехан Майбастың мақаласы көптеген ой салды.

«Жақсының жүзі жарқын» дейді Мәжікең жайлы ой қозғаған бұл мақалалар менің де қолыма қалам ұстатты.

Мәжит Аманқұлұлы Әбдіровпен 1985 жылдың сәуір айында Нұра ауданының Көбетей ауылында алғаш танысқан едім. Өмірден көргені, тоқығаны мол азамат көкірегінің кеңдігімен өзіне бірден баурап алған еді. Шет ауданының азаматы ол жерде неге жүр демеңіз? Менің апам Рафхат пен жездем Қабылданың қызы Гүлнараға құда түсіп келген кезінде, құдалықта танысқан болатынбыз. Қабекеңнің шаңырағына Мәжит Аманқұлұлы, Қанай Сәліқызы, Әшім Сәліұлы зайыбы Сәулемен төртеуі келді. Жақсылықтың жаршысындай болып табалдырықты аттаған құдалар еді. Содан, міне, отыз жылдан астам бір-бірімізді сыйласып, құда-жекжат болып, біріміздің қызығымызды біріміз қызықтап, қуанышымызды еселеп, қайғымызды бөлісіп ғұмыр кешіп келеміз.

Ол кезде Мәжікең Шет ауданының Ақжал кенішінде кенттің атқару комитетінің төрағасы, Қанай құдағи сол жерде мектеп директорының орынбасары, Әшім Балхашта сот, Сәуле прокурор.

Нұрлан мен Гүлнараның ұзату, үйлену тойларының куәсі болдық. Гүлнара Қарағандының медициналық институтын қызыл дипломға аяқтап келіп, Көбетей ауыл директоры Вольф аудан орталығындағы ауруханаға тіс дәрігері қызметіне жібермей, ауыл емханасынан жаңа кабинет барлық құрал-жабдығымен жасақтап, ашып беріп, қарындасымыз еңбек жолын бастаған алғашқы жылдар болатын. Ел Гүлнараның ақжарқын мінезі мен адамға иіліп тұратын қасиетін бағалап, өз ісінің нағыз маманы екенін ісінен танып білген уақыт еді. Гүлнараны ауыл болып ұзаттық. Ашық аспан астында алтыбақанды құрып, ойдағы-қырдағы туған-туыс, ауылдың бар азаматы жиналған барлық салт - дәстүрдің ырымы сақталған үлкен той болды.

Ал үйлену тойын Мәжікең шашасына шаң жұқтырмай тұрған Қарағандының төріндегі «Орбита» мейрамханасында жасап, Жақсыкелді Кемалов той асабасы болды. Тойдың жалғасы туған жері - Ақжал кентінде өтіп, отыз күн ойын,

қырық күн тойы дегендей үлкен сыйластықтың шынайылығын көрсеткен, думанды, дүбірлі үйлену тойының бас құдасы болып барып, куәгері болдық. Мәжікеңнің Жұмекең, Қасымбек атты ағаларымен танысып, білістік.

Мың жылдық құда болдық деп барып, жақын туыстай болып қайтқан жайымыз бар. Мәжит құда мен Қанай құдағи бала тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын жандар еді. Бір мектепте Мәжікең директор, Қанай құдағи ұстаз болып тұрғанда өз балалары ғана емес ағайын-туған, көрші-қолаң, кенттің бар баласына өздерінің шексіз қамқорлықтарын көрсетіп, өсіп-өнуіне бар ақылдарын айтып, жолын көрсетіп жүретін. Әр баланың қабылетіне сай мамандық алуына жол сілтеп, үлкен өмір табалдырығын үлкен сеніммен аттап, аяқтарынан нық тұрып кетуіне жасаған жәрдемдері ел аузында. Мүмкін бұған өзінің ауыр балалық шағы әсер етті ме екен? Кім білсін? Әкеден жеті жасында жетім қалған Мәжікең өмір бойы жанында жүрген жандарға көмек қолын созумен болды, жәрдемдесуден еш жалыққан жан емес. Өмірде жеткен жетістігіне де өз күшімен, өз білімімен, өз пайым, бағдарының нәтижесінде жеткен жан. Мұны кешегі өткен құдайы аста әріптес болған жандары мен жора-жолдастары қабырғалары қайыса, қайғыра отырып жеткізді. Жиырма бес жыл басшылық қызметтерде болғанын айтып, адамгершілік қасиеті мен тазалығын айтып, қайғыра артында қалған елін көрдік. Қанай құдағидың да жанынан жылулық лебі есіп, жанарынан мейірім шуағы төгіліп тұратын. Көп сөзге жоқ, ойы нық, әр айтқан сөзі салмақты, салиқалы еді. Жомарт жүректі қос алып бірін-бірі өмірден адаспай тапқан, өмірлік ұстанымдары мен көзқарастары да егіз жаннан тараған ұрпақ та бүгінде ел назарында, елінің жарқын болашағы жолында адал қызметте.

Бүгінде үлкен ұлы Нұрлан ғылым докторы, профессор, Парламент депутаты, Нұрғалымы Түркістан облысының прокуроры, Ерланы мықты кәсіпкер, Шақатбек Қазыбек би ауданының сот төрағасы. Көзі тірісінде не Қанай құдағи, не Мәжікең кеуде соғып, балаларының қызметін алға тартып мақтанғанын көрмедік. Керісінше «Ұлық болсаң кішік бол» деп бала-шағасына ақылдарын айтып, тәрбиелеп отыратын.

Әңгімемді Рухани жаңғырудан бастап, болашаққа бағдар қашан басталды деп бастадым ғой. Мына жазбамды сол ойымның жалғасы деп біліңіздер. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры. физика ғылымының докторы, профессор Жамбыл Сәулебекұлы Ақылбаев «Керней» қорын ұйымдастырды. Халқы осы қордың президенті етіп, Жамбыл Сәулебекұлын сайлады. Ол кісінің орынбасары болып біздің Мәжікең құда сайланды. Бұл жұмыс басталған соң, жиналған қаражаттың көмегімен Қазақстандағы тарихи мұрағаттардан, басқа елдегі мұрағаттардан Керней баба туралы мағлұматтар жиналды. Сол деректер негізінде баба аруағына арналып

кітап шығарылды, ас берілді. Сонымен қатар 2005 жылы Қарағандыдан Балқашқа барар күрежол бойында Ақжал кенішіне бұрылатын бұрылыста лайықты ескерткіш орнатты, ашылу салтанатында баба аруағына құран бағыштап, ұрпағы ас берді. Қордың жұмысы мұнымен тоқтап қалмады. Әр жылдың тамыз айының алтысында Керней атадан тараған рулардың балалары жиналып, әр жыл сайын бір рудың бір атасы ас беруді дәстүрге айналдырды. Бұны ата балалары алдын ала бөліп, жыл бұрын біліп отырады, қайсысы қай жерде ас беретінін.

Ас береді дегенде бір жылқыны сойып тастап, екі-үш киіз үйді тігіп жіберіп, құран оқытып, ас бере салу емес мақсат. Бұл ас берудің өзіндік тәртібі бар. Жаңағы ас беретін атаның балалары өз руының мекендеген жері туралы мағлұматтар жинап, сол рудан шыққан данагөй ақылшылары туралы, батырлары, ел бастаған көсемдері жайлы деректердің басын құрап, біздің аталарымыз деп мақтана айтатындай дәлелді дереккөздердің бас-аяғын құрап, астың барысында өнегелі, тағылымды кездесу ұйымдастырып, осылардың бәрін ата балаларына таныстырады. Сонымен қатар баба қорымдарын аралап, қисайған құлпытастарын қайыра орнатып, мазарларына жөндеу жұмыстарын жүргізіп, қоршауларын түзеп, абаттандырып, бір жыл бойына атқарылған жұмыстарын зерделеп, кітап етіп басып та шығарды.

Бұл енді Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өткен жылдары дүниеге келген «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласында көрсетілген тармақтар. Соны Керней баба ұрпағы 2005 жылдары мақала шықпай тұрып, он жылдан артық уақыт бұрын бастап кеткен болатын. Негізін біліп өскен ұрпақ далада қалмайды, керісінше рухтанып, баба аруағынан күш алып, менің атам осындай болған деп өз шежіресін өзі біліп, қарға тамырлы қазақтың қалай тарап, қай жерді қыс қыстауы, жаз жайлауы етіп, төсінде мыңғырған малын жайып, суын ішіп, топырағында ойнап өскенін біліп жүргеннің еш артықтығы жоқ. Керісінше өз тарихын өзі жете түсініп, патриоттық, отаншылдық сезімі әлдеқайда күшейе түсері анық. Мұны біздің ата-бабамыз - дала философтары баланың санасына тілі шыққаннан құя білген. Соның негізінде біз күні бүгінге дейін өз атамызды жатқа біліп, қай елден, кай рудан тарағанымызды саңқылдатып айтып отырмыз. Бұл үрдістен Кеңестіек заман орнаған тұста айырылып қала жаздағанымыз болмаса, ата жолын берік ұстанған халықпыз ғой. Қордың тағы бір ерекшелігі. Жылына бір рет жиналған кезде қорға жиналған қаржы мен оның жұмсалуы туралы есеп берілді. Қазір газет-журналға мақала беру, теледидардан репортаж беру бәрі ақылы. Міне, бабаларының жүріп өткен жолы жайлы танымды дүниелерін газет-журнал беттеріне шығарып, реті келіп жатса теледидардан да беріп жүрді.

Сонымен қатар қордың тағы бір ерекшелігі бар. Бұны енді қайырымдылық десе де болады. «Бес саусақ бірдей» емес демекші әркім өзінше өмір сүреді. Біреуі ауқатты, енді бірі күнделікті күнелту деңгейінде. Қазіргі кезде жоғары оқу орындары ақылы. Жоғарғы балл жинаса да мемлекеттің берген жеңілдігіне өте алмай қалып қойып жатқан жастар жетерлік. Ауылда өскен бала мен қалада білім алған баланың білім деңгейі жер мен көктей. Оған баланың кінәсі жоқ. Ауылдық жерде әр пәннен беретін маманның тапшылығы мен кабинеттердің заман талабына сай жабдықталмауы және ғаламтор желісінің жоқтығы кедергі. Енді осы тұста білімге құштар жастарды қолдап, оқығысы келетін, тек ата-анасы оқуының ақшасын төлеуге қауқары жоқ отбасылардың балаларына ішінара осы қор арқылы грант бөледі. Жылына үш-төрт баланы оқытып, үлкен өмірге жолдама беріп отырған жайы бар. Тек қана өткенді зерттеп, тарихтан мағлұмат жинап қоймай, ұрпақтың болашағын ойлап, сол жолда да жұмыс атқарып отырған қор. Бұны енді көрегенді, өнегелі іс деп атап өткен жөн.

Осы қордың қолдауымен Керней бабаның 650 беттік үлкен шежіресі шықты. Авторы Төрехан Майбас атты қарымды қаламгер. Біздің Мәжікең құда Кернейдің ішінде Шаңнан тарайды. Шаң бабаның да 300-400 беттік шежіре кітабы жарық көрді.

2007 жылы халқы Мәжекеңді президент етіп сайлады. Сол қордың жұмыс барысымен Бұқар жырау ауданында Корнеевка елді мекенін Керней ауылы деп қайта атау жұмыстарына зор үлес қосқан біздің Мәжікең құда. Керней деген атауды өзге ұлт өкілдері Корнеевка деп атап кеткендігі туралы мағлұматтарды мұрағаттардан жинап осы Қазақстанда тұрған (қазір Санкт-Петербургте тұрады) өлкетанушы, Қарқаралы ауданының Құрметті азаматы М.В.Попов деген профессордың осы өлке жайлы жазған еңбектерін сұратып, сол арқылы Бұқар жырау аудандық мәслихатына арыз түсіріп, деректері расталып, ауылдың аты қайыра қазақша Керней болып аталған. Содан сол ауылдың мектебіне қор арқылы бірқатар көмектер берілді. Сол мектеп қабырғасынан арнайы бөлме беріліп, Керней бабаның мектепішілік мұражайы ашылды. Мұның бәрі біле білген адамға үлкен еңбекпен келген дүние. Кешегі Бұқар бабаның 350 жылдық мерейтойы осы Керней ауылының бөктерінде тойланды. Ол да бір тарихтың қойнауына кеткен күн. Осы қор құрылып, бұл жұмыстар жүрмесе әлі де Корнеевка деп жүрер ме едік, кім білсін? Бұл жерде біздің Мәжікең құданың еңбегі зор. Қорды бастай жүріп, ел аузында қалар үлкен бір істің басын қайырып тастаған болатын. Нағыз рухани жаңғыру осы азаматтардың атқарған ісінде, ізінде көрініс тауып жатты.

Осы жұмыстардың бәрі Мәжікеңнің денсаулығына әсер етті ме екен? Кім білсін? Мәжікең 2011 жылы денсаулығы сыр беріп бір жылда екі рет инсульт

алып, ес түссіз күйге түсіп қалып (кома), Алланың қалауымен, үлкен білікті дәрігерлердің білімінің күшімен қайыра бала-шағасының ортасына қосылды. Жарты денесі қозғалыссыз қалса да, туа біткен қасиеті, мінезінің сүрлеуі десе де болады, өзінің емес өзгенің мұңын мұңдап, жоғын түгендеп ел арасынан табылды. Теледидар, газет-журналдар арқылы елдің бар жаңалығын біліп, көңілін сұрап келген жанның әңгімесін тыңдап, батасын беріп отыратын.

Міне, бүгінде Қанай құдағиымыздың да, Мәжікеңнің де орындары ортамызда ойсырап тұр. Қанай құдағидың өмірден озғанына екі жылдың жүзі болып қалды. Мәжікең өмірлік қосағынан Тәңірдің жазуымен айырылып қалған соң, сәл ауырлап қалғаны бар. Кімге оңай тисін? Әрі досы, әрі жолдасы, әрі жан жары, жанашыры болып келе жатқан жанның бір күнде орнын сипап қалу оңай болмасы шындық.

Мәжікең 1936 жылдың шілдесінің 15-нде өмірге келіп, 2019 жылдың 9-шы қыркүйегінде дүниеден өтті. Осы өмір ішінде жеті жасында әкеден жетім қалды. Қарағандының пединститутына түсіп, математика факультетін бітіріп, өмірлік қосағымен осы жерде кездесіп, жаңа өмірге аяқ басып, ұрпағын тәрбиелеп жеткізді. Өмірі өнегеге толы жандардың бүгін артында ұрпағы қалды. Қазіргі күні - үлкені Нұрлан. Бүгінде бауырларына әкенің орнына ақылшы, жанашыр болып отыр. Мәжікеңдей тамырын тереңге тартқан бәйтеректен тараған ұрпақ бүгінде аға деп, әулеттің үлкені деп Нұрланды саялап, жөн сұрап, бата алуда.

Мәуелі бәйтерек ұрпағы әке мен анадан алған тәрбиенің үрдісін жалғап келеді, Нұрлан Мәжікеңнің анасының тәрбиесінде болған бала. Өз анасын «тәте» деп өтті.Бұл енді қазақтың қанында бар «атасының баласы», «әжесінің баласы» деген тәрбиенің көрінісі.

Осы бүгінгі ойымның оймақтай түйіні болсын, кешегі Тұңғыш Президентіміздің Рухани жаңғыруға байланысты мақаласын біздің Мәжікеңдер ой-өрісінің ұшқырлығы десе де болады, ұрпақ тәрбиесіне деген үлкен жауакершілігі десек те артықтық етпес, алысты барлап, жақынды қомдап оншақты жыл бұрын іс жүзінде бастап кеткенінің өзі жан сүйсінерлік үлкен іс. Руыңды біл, тегіңді біл, туып өскен топырағыңның тарихын біл, ата - бабаң салып кеткен салт-дәстүріңді санаңа тоқы, тек жүзге, руға бөлінбе, «бөлінгенді бөрі жейді», тарихыңды, өткеніңді біліп, құрметтеп жүрсең сенен сыйлы жан болмас деп өтті Мәжікең. Бұл енді сонау «Жүзге бөлінгеннің жүзі қара дей отырып, шыққан тегіңді білмеу бұл сенің адамдық болмысыңа сын, тектілігіңе теріс қарағаның деп бүгінгі тілмен айтқанда ұлттық кодыңды білмей болашағыңды бағдарлау адасқаныңмен тең, бірге болыңдар, «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» жұмыла жүріп жұмыс істеңдер, бірақ шыққан тегіңді біл, «жеті атасын білмеген жетесіздіктің белгісі» дегендей жастарды жетесіз болмауға, мәңгүрт болмауға шақырды.

Мәжікеңнің әулеті туралы, жүріс-тұрысы атқарған еңбегі мен өмірлік ұстанымы жайлы айта берсем бір кітапқа жүк боларлық дүние бар.

Атасызға ата бол!
Батасызға бата бол!
Арып-ашқан кәріпке,
Жел жағына жота бол!
Панасызға пана бол!
Кек сақтамас бала бол!
Дос сүйініп, қас сыйлар,
Асу бермес дана бол! - деген екен Төле би жастарға берген батасында.

Осы бата Мәжікеңнің бойында бар қасиет. Жан-жағына жаны ашып, қамқорлық көрсетіп, өмірінде кек сақтауды білмей кетті. Тек жотасызға жота, панасызға пана, атасызға ата, батасызға бата бола білген сүйегі асыл азамат еді. Бүгін дананың қайнар бұлағындай арыстан айырылып отырмыз. Қайран Мәжікең мен Қанай құдағидың жатқан жері жайлы, иманы жолдас, құраны басында болсын! Ұрпағын өсіп өніп, бойына сіңірген тәлімің мен тәрбиеңді орындаушы болсын! Біз Сіздерді ұмытпаймыз, жылдар жылжып жүре берсе де, Сіздер жайлы жылы ой жадымызда жаңғырып тұра бермек.

***2019.***
***Қарағанды.***



**Үсен ӘБДІРАХМАНОВ,**
*Мәжит Аманқұлұлы шаңырағының құдасы.*

*Үсен Дәукенұлы ӘБДІРАХМАНОВ 1944 жылы Алматы облысы Нарынқол ауданының Сарыжас ауылында дүниеге келген. 1958 жылы ата-анасымен туған өлкесі - Қарағанды облысы Нұра ауданының Ворошилов атындағы колхозына (қазіргі Ақмешіт ауылы) оралады.*

*Орта мектеп бітіріп, әскери борышын өтеп, инженер-электрик мамандығы бойынша білім алған. Нұра ауданы Куйбышев атындағы совхозда мамандығы бойынша жұмыс істеген. Еңбек ардагері. Бірқатар марапат иегері.*

## ӨМІРДЕ АЯЛДАМА ЖОҚ...

*Тұлпар бар ма тұяғы майрылмаған,*
*Сұңқар бар ма қанаты қайырылмаған.*
*Қашан да тағдыр - ажал жеткен күні,*
*Кімдерден кімдер жылап айрылмаған.*

**(Орынбай ақын)**

Менің құдам Мәжит Аманқұлұлы Әбдіров былтыр жарық дүниеден озды. Құдамның жылдық асына орай қолыма қалам алып, бір сілкініп тастағанды дұрыс көрдім. Ол - менің бас құдам болатын. Тұла бойы тұңғыш перзентім - Майгүл сол үйдің кенже келіні. «Күйеу балаң жақсы болса - ұлды болғаның» дегендей менің отбасыма тағы да бір ұл қосылды. Күйеу баламның есімі - Шақатбек.

Мәжит құдам мен үшін өте жауапты, қадірлі, парасатты адам еді... Негізгі мамандығы - математик. Мектепте қарапайым мұғалімнен директорлығына дейін көтерілген адам. Бірнеше мектепте бірінші басшы бола тұра, айналасындағы адамдарға мейіріммен карауды да ұмытпаған. Жұмыс

барысында қызметкерлерінің жасын, мәртебесін тергеп жатпай, таразының екі басындай тең ұстаған жан. Қанша жылдық тәжірибиенің арқасында қол астындағы әріптестерінің қандай да бір мұқтаждығын көзі мен сөзінен-ақ біліп отырған. Басшы ретінде әдептілік танытып, қоғамда қабылданған этикетке және этикалық ережелерге сай өзін ұстай білген. Сонымен қатар ол өзі үшін де, өзгелер үшін де ыңғайсыз және жағымсыз жағдайларға жол бермеу үшін адамның ішкі жағдайын сезіну және түсіну деңгейіне жеткен. Басқаша айтқанда, ол басқа адамның «жарасына» тимеу, ренжітіп алмау, оны төмендетпеу жолын ұстанған. Ол мұны ішкі түйсігімен жасайтын.

Талайдың ернін аққа, тақымын атқа тигізуге талпынғаны да бекер дей алмаймыз. Әр оқушының жүрегіне жақын ұстазы болатындықтан, әрбір жүрегінде оты бар оқушы оқытушының өкіл баласындай болып кететіні хақ.

Құдамның сөзі салиқалы, ойы оралымды, мінезі орнықты азамат болатын. Мәжит құдамның бойында, табиғатында барынша тазалық бар еді. Екінің бірі біле бермейтін, небір керемет, ел естімеген сөздерді қайдан тауып алатынын білмейсің... Ондай сөздерді терең адамның ауызынан ғана ести аласың. Біз әдетте «Жан дүниесі таза адамнан ғана таза дүниелер туады» дегенді көп естиміз, бірақ соған мән бере бермейміз. Мәжікең өмірдің бояуын құбылтып отырып, өрнек салып, кез келген отырысты түрлендіріп, думандатып, сәні бола білген жан. Ол кісі ұлағатты әңгімелері арқылы жан-жағына ой салып, жанындағы әр адамға жүрегін ашып, бойындағы жан шуағын сіңдіретін.

Өмір - ең үлкен ұстаз... Басымыз қосылғанда өткен өмірден сыр шертуші еді. Ұстамдылығына тәнті едік.

Адамның қоғамдағы алатын орыны мен бағасын өмір сүрген ортасы береді. А.Смағұлов, М.Әбдіров, Қ.Боранқұлов бірнеше жыл бойы еңбектеніп, ізденіп, «Көкбөрі Керней баба ұрпақтарының игілікті істері» атты кітабын 2007 жылы жарыққа шығарды. Онда өмір ұстанымына алатын жайлар аз емес екен. Еңбегі жанғанның жұлдызы жанады деген осы. Табиғатта сом алтынның аса сирек кездесетіні сияқты өмірде де шын ғалымдар өте аз болады.

Қарағанды еліміздің дөп кіндігіне орналасқан қасиетті өңір. Қастерлі өлке - Сарыарқамен мақтанатын кез де келді... Күн санап әрленген қалама әр тұстан қарап қуанамын. Сол қуанышыммен бөліскім келеді. Мәжит құдаммен, Қанай құдағиыммен. Өйткені біздер осы қалада құда-құдандалы болып, туыстан артық сыйластық.

Өмірде аялдама жоқ. Шаршасаң да тоқтай алмайсың...

***2020.***
***Қарағанды.***



**Моряк ШЕГЕНОВ,**
*ҚР Жоғары Сотының жанындағы және Жоғарғы Сот кеңесінің біліктілік алқаларының мүшесі, ҚР Жоғары Сотының отставкадағы Құрметті судьясы.*

***Моряк Смағұлұлы ШЕГЕНОВ 1956 жылы Қарағанды облысының Шет ауданында дүниеге келген. Қарағанды мемлекеттік университетінің түлегі, заңгер. ҚР Жоғары Сотының отставкадағы Құрметті судьясы.***

***Шет ауданының Құрметті азаматы. «Құрмет» орденінің иегері.***

***Бүгінде ҚР Жоғары Сотының жанындағы және Жоғарғы Сот кеңесінің біліктілік алқаларының мүшесі.***

## АБЫЗ АҒА

**Үш-ақ нәрсе - адамның қасиеті:**
**Ыстық қайрат,**
**нұрлы ақыл,**
**жылы жүрек.**
***Абай.***

Бүгінде, әсіресе кейінгі кезде толық адам жөнінде көп ойланып, көп айтатын болдық. Бұл бір жағынан Абай һәкім мерейтойы дүбірінің жақындағанынан болар. Ал негізінен бұлай ойлауға бүгінгі заман ахуалы итермелеп отыр-ау деген ойға келесің.

Бүгінгі қоғамымыз жартыкештік сипат ала бастады.

Соның басты себебі әлем жұртшылығының жаһандануы болса керек.

Содан туындап жатқан салдары болса керек. Бүгінгі техниканың қарыштап озғындануы адам баласын одан әрмен жартыкештендіре түсуде. Күн өткен сайын адам басты жандар азайып, компьютер басты өзектілер көбеюде.

Бабаларымыздың «адамның күні адаммен» деген қағидасы адыра қалды. Адамның күні бүгінде компьютерге байланды. Бүгінгі бала ананың әлдиіне уанбай, ұялы телефонның даңғазасына уанатын болды. Бала тәрбиесінің ата-

әженің, ата-ананың уысынан шыққаны аздай мектеп тәрбиесінен де ажырап барады. Өйткені мектепке де жартыкеш бас мұғалімдер келе бастады. Олар енді жартыкеш түлектер ұшыра бастады.

Бұлай жүре берсек адамның маймыл қалпына түсуі әбден мүмкін. Абайдың айтып отырғаны осы.

Ұрпақтар жалғастығы қашанда өзінің маңыздылығын жоғалтпаған. Кез келген ата-ана баласына тәлімді тәрбие сіңірсем деп ойлайды, сонысын өмірлік мұрат тұтады.

Біздің бабаларымыз шыныменен бірдеңе білсе керек. Олар бала тәрбиесінен асып немере тәрбиесіне ден қойған. Солай толық адам деңгейіне көтерілген. Сондай толық жандар қатарына мен ойланбастан Мәжит аға Аманқұлұлын жатқызар едім.

Қалай екенін қайдам, Мәжит ағамыз дүниеден озғанда жартыкеш адам туралы ойға берілгем. Оған менің мамандығым да себепкер болған шығар. Өйткені жасалып жатқан үлкенді-кіші қылмыстардың барлығы осы жартыкештерден шығып жатыр. Әрі қарай шындап үңілсек, ақыл көзін жіберсек біздер бүгінде жартыкеш адамдармен қатар өмір сүріп жатқанымызды мойындауымызға тура келеді. Бұл қорқынышты! Бұл өте қорқынышты!

Өйткені олардың саны күн санап еселене арта түсуде.

Бұл, әрине, қоғам толық жартыкеш адамдардан тұратын болады деген сөз емес. Толық адам ешқашанда жартыкештерге алдырмайды. Толық адам ешқашанда жартыкеш адам қалпына түсе алмайды. Өйткені оның қамал қорғаны иманы болмақ.

Мәжит ағамыздың осы иманы толық еді.Ағамыздың өткен өмір жолы осыны айтып тұр. Басқаларды қайдам, мен өзім солай түсінем, солай қабылдадым.

Мен де әкеден жастай қалдым. Мүшел жасыма да толмап едім. Алайда ол тұста толық адамдар баршылық еді-ау. Солардың жанында жүрсең, солардың ақылын алсаң, солардың нұсқаған жолымен жүрсең далада қалмас едің. Оны бастан өткердік.

Кейінде, тоқсаныншы жылдардың ортасында жұмысымды Жезқазғаннан Қарағандыға ауыстырғанымда Мәжит ағам мені іздеп келді. Мына заманда кім кімді іздегендей еді?! Жоқ, іздеп келді. Үлкен басын кішірейтіп. Жөнін айтты, жосығын айтты. Қарағандыда бір үйімнің барлығын айтты.

Шынымен бұл шаңырақ менің түсетін бір үйім болды. Өмірі көрмесем де Қанай апайымды бірден бауырсынып кеттім. Қанша дегенмен ұстаз ғой, бәрін қас-қабағыңнан біліп тұрады. Не нәрсенің болсын бабын біледі. Айтқызбай істейді.

Үлкенге қалай қызмет көрсетсе, кішіге де сондай құрмет көрсетеді.

Бұл шаңыраққа амандасып қана шығам деп кіріп, алға тартқан табаққа

жұқ қалдырып шыққан күндеріміз аз болмаған. Әрине, бізді көтерілген қазан емес, есті әңгіме аялатар еді.

Мәжит ағамыздың өрбіткен әңгімелеріне қарасақ батырлар да, билер де, шешендер де, күйшілер де, ақындар да бізден аз шықпапты. Әрі-беріден кейін аталарымыздың жаманы жоққа тән екен. Сол рухты бабаларымыз біз ұялып, төмен қарайтындай ешқандай ерсі қылықтарға, іс-қимылдарға бармапты.

Біздің жүретін жолымыз осы екен. Бұл жол бабаларымызды адастырмаған. Бұл жол бізді де адастырмайды.

Мәжит ағаның бұл ұстанымы өзін ғана емес, бәрімізді де ұшпаққа шығарды. Біздер де іргелі ел екенбіз. Біздің де бабаларымыз ұланбайтақ жерімізді қорғауда көзсіз ерліктерге барыпты. Ол ерліктері қағаз бетіне түспегенімен. ел аузында жүр екен.

Сөйтіп даңғаза тірліктен біздер де ажырай бастадық. Өткен күннен әңгіме айтылар болса, бар шаруамызды тастап, құлағымызға құйып алуға тырысар едік. Және сол әңгімелерімізді басқа бауырларымызға жеткізуге асығар едік.

Арқаға есімі Дияқажы атымен белгілі болған Мұхамедия ақынның таңдамалысы шықты. Шынымды айтсам, мен ондай ақынды біле де қоймайды екенмін. Ал сол ақынымыздың тасқа түспеген мыңдаған шумағы бүгінгі күнге қалай жеткен. Міне, гәп қайда!

Менің ішкі дауысым айтады. Жүрекке жеткен деп. Содан ел аузында жүр деп. Тіпті. Керней бабамыздың батыр болғандығын, Есімхан тұсында бас сардар болып, елінің жадында Көкбөрі Керней батыр есімімен қалғанын білгеніміз де осы кейінде. Керек болса Ақтамберді жыраудың Керней бабамызға арналған мадақ жыры да осы күнге мұрты қисаймай жетті.

Жылы жүрек... Жүрек суық болса жылы жыр қалай туындамақ? Бұлардың барлығы да жүректен шыққан. Және де жүрекке жеткен.

Мен Мәжит ағама осы жылы жүректі қидым.

Ағамыздың Керней бабасына деген құрметі ересен еді. Қазақ баласына деген құрметін осы бабасына деген ерекше сүйіспеншілігімен білдірді. Бабаларымызға қалай құрмет жасауды біздер осы Мәжит ағамыздан үйренсек жарар еді.

Жүрек басты мүшеміз. Ол адам тәнінен сырт тұр. Оған әсер ете алмаймыз, ықпал жасай алмаймыз. Ми арқылы бұйрық бере алмаймыз.

Мәжит ағаның қазағына деген, бабаларына деген сүйіспеншілігі соншама, ол кісінің бүкіл жан дүниесі, миы, көзі, құлағы қазағын сүюге жұмыс істеді.

Кешегі ел шебін қорғаған қырғындарда, тіпті кешегі керман соғысында бабаларымыз «отан үшін жан пида» деп қасық қандары қалғанша арпалысса, Мәжит ағамыз да дәл сондай ерлікке барды. Баба есімін ұрпақ есінде қалдыру жолында басын өлімге тікті.

Ақылмен сүюге болады, көзбен сүюге болады, құлақпен сүюге болады. Бірақ мұның үшеуін де мимен басқаруға болады.

Миға бағынбайтын жүрек ғана. Оның өзінде үлкен жүрек.

Мәжит ағамыздың жүрегі үлкен болатын...

Балаларын қалай жақсы көрсе бізді де солай жақсы көрді. Балаларын калай өбектесе бізді де солай өбектеді.

Бабаларын, оның ішінде Керней бабасын қалай жақсы көрсе бізді де солай жақсы көрді. Ағамыздың жүрегі ізгіліктерге толы еді. Үлкен жүректе ғана үлкен сүйіспеншілік сезімі болады деп ойлаймын.

Ағамыздың кейінде денсаушылығының болмағаны белгілі. Қоларбаға таңылды. Соған қарамастан ол қашандағыдай халқымен бірге болды. Үйелеп қалған жылқының жанынан бір үйір жылқы айдасаң айтұяқ дүбірінен тұрып кетеді ғой. Дәл сол сияқты.

Нұрлы ақыл...Адам баласының жүректен кейін тұрған мүшесі. Жүрекке әмірі жүрмегенімен қалғанына жүреді. Нұрлы болғандығынан да ол ақыл. Басқа жағдайда түйсік болып қалады. Адамды осы нұрлы ақылынан ажыратсақ ол түйсігі арқылы әрекет жасайтын болады. Маймыл қалпына түседі.

Толық адамның үшінші құрамдасы қайрат дедік. Абай һәкім ыстық қайрат деп барынша анықтай түседі.

Бұл жөнінде дана Абай «Он жетінші» сөзінде айтады.

Абайдың осы сөзінде қайрат, ақыл және жүрек үшеуі әрқайсысы өзін мықты санап, айтысып, таласып, ақыры ғылымға келіп жүгінеді. Сонда ғылым бұл үшеуінің сөзін тыңдап болып, айтыпты:

- Сен үшеуіңнің басыңды қоспақ - менің ісім, - депті. Бірақ билеуші, әмірші жүрек болса жарайды. Ақыл, сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп қырына жүрмейді: жақсылық айтқанына жаны-діні құмар болады. Көнбек түгіл қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді. Ермек түгіл жиреніп, үйден қуып шығарады. Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе жібермейді. Орынды іске күшіңді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басыңды қос, бәрін жүрекке билет, - депті. Осы үшеуін бір кісідей менің айтқанымдай табыссаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам сол. Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды сақта, құдай тағала калпыңа әрдайым қарайды, - деген қорытындыға келеді.

Осы толықтықтың үш өлшемі Мәжит ағамызда болды. Осындай үш өлшемді алып жүрген замандастарым да аз емес деп білем. Алайда толықтыққа жеткендері некен - саяқ - ау деген тұжырымға тірелесің.

Өйткені көпшілікте бұл үшеуінің билігі ақылға жүктелген. Ақыл жүрген

жерде есеп болады, ақыл жүрген жерде салыстырулар, салғастырулар болады. Содан барып теңсіздік санаты туындайды.

Түптің түбінде ол адамды толық адамға жеткізгеннің орнына дүниенің құлына айналдырады.

Ыстық қайрат пен нұрлы ақыл адамды бақытты ете алмайды. Осы екеуін жүрек билегенде ғана адам бақытты болады, толық адам санатына кіреді.

Мәжит ағамызда осының бәрі болды. Және билігі жүрегінде болды.

Бақұл болыңыз, Толық адам!

Абыздыққа толық адамдар ғана жеткен.

Бақұл болыңыз, Абыз аға!

***21.05.2020.***
***Нұр-Сұлтан.***



**Әділ ШАЯХМЕТОВ,**
*генерал - лейтенант,*
*мемлекет және қоғам қайраткері.*

***Әділ Шаяхметұлы ШАЯХМЕТОВ 1956 жылы Алматы облысы Жамбыл ауданының Каганович ауылында туған. ҚР ҰҚК Құрметті қызметкері. Сыныптық шені - генерал - лейтенант (2009). Алматы облысының, Жамбыл және Шет аудандарының Құрметті азаматы.***

***Қазақ политехникалық институтының түлегі (1978), тау - кен инженер-электригі. КСРО МҚК Жоғары курстарын (Минск, 1982) бітірген.***

***1978 жылдан - ҚазҚСР Арнайы монтаждық құрылыс министрлігінің «Қазақжарылысөнеркәсіп» тресінің Жезқазған облыстық мамандандырылған басқармасында энергетик, учаске шебері. 1982 жылдан - Жезқазған облысы бойынша ҚазКСР МҚКБ Қаражал қалалық бөлімшесінің жедел өкілі, аға жедел өкілі, Ақадыр аудандық бөлімшесінің аға жедел өкілі, 1992 жылдан - бастығы. 1994 жылдан - Шонжы және Жаркент шекара отрядтары бойынша ҚР ҰҚК әскери қарсы барлау бөлімдерінің бастығы, ҚР ҰҚК Әскери қарсы барлау басқармасы***

*бастығының кадрлар жөніндегі орынбасары, ҚР ҚК жалпы арналымдағы күштері бойынша ҚР ҰҚК Әскери қарсы барлау басқармасының бастығы, ҚР ҰҚК Жедел-техникалық департаменті бастығының бірінші орынбасары. 1999 жылдан - ҚР Қорғаныс министрлігінің Кадрлар және әскери білім беру департаментінің бастығы, бас әскери инспекцияның генерал-инспекторы. 2002 жылдан - Павлодар облысы бойынша ҚРҰҚКД бастығы. 2006 жылдан - Алматы облысы бойынша ҰҚКД бастығы. 2007 жылдан - ҚРҰҚК төрағасының бірінші орынбасары. 2009 жылдың желтоқсан айынан - ҚРҰҚК төрағасы. ҚРҰҚК Академиясының бастығы (2010 - 2013). ҚРҰҚК төрағасының аға кеңесшісі (2013 - 2016).*

*Бірқатар мемлекеттік марапаттың иегері.*

## АРҚАНЫҢ АСЫЛ АЗАМАТЫ

Қазақ елінде әрқашанда жердің, елдің қамын тереңінен ойлайтын,тарихын зерттеп, келешек өмірге жол көрсетіп, ел арасында жастарға өнеге болатын істерге ұйтқы болып жүретін, соның арқасында абыз ақсақал атағын иеленетін жандар сирек болса да кездесетін. Сондай тұлғалардың біріне, тіпті бірегейіне жататын Мәжит Аманқұлұлы Әбдіров десем артық айтқан болмаспын деп ойлаймын. Себебі Мәжит Аманқұлұлы ағамыз өз ғұмырында көп жылдар бойы ұстаздық еңбек етіп, қатардағы мұғалімнен мектеп директоры дәрежесіне дейін көтеріліп, көптеген шәкірт тәрбиелеген абзал азамат.

Сонымен қатар Мәжит аға кезінде Ақадыр аудандық кеңестің депутаты болып, бірнеше мәрте сайланған болатын. Соңғы кездерде ол Жезқазған облысы Ақадыр ауданы Ақжал кентінің әкімі болып тағайындалып, тау-кен комбинаты орналасқан көп ұлтты елді мекенде өте жауапты мемлекеттік қызметтің тізгінін ұстап, артында есте қаларлықтай із қалдырды.

Мемлекет, қоғам жұмыстарын атқара жүріп, Мәжит аға әркез ағайындарына, жерлестеріне, әріптестеріне өз көмектерін аямады. Ағаның басшылығымен көптен бері қаралмаған ата-бабалар шежіресі қайтадан жазылып, олардың аруақтарына арнап ас беріліп, елдің, халықтың бірлігі нығайа түскендей болды. Адам баласы үшін осындай істелген іс-шаралар рухани жағынан өте құнды болады деп ойлаймын. Мұндай тірліктерді жасау тек туған жерді емірене сүйетін, шын, таза көңілмен елінің қамын ойлайтын ұлтжанды азаматтардың ғана қолынан келеді.

Мәжит Аманқұлұлы ағамызбен танысқаныма отыз екі жылдың шамасы болып қалған екен. 1988 жылдың күзінде мен Қазақстан Республикасы

мемлекеттік қауіпсіздік комитеті Жезқазған облыстық басқармасының Ақадыр аудандық бөліміне жауапты қызметке ауысқан болатынмын. Әскери шенім майор еді.

Ақадыр ауданы республикадағы экономикасы өркендеген, Қайрақты, Ақшатау, Ақжал тау-кен комбинаттары орналасқан, темір жол логистикасы дамыған, ауыл шаруашылығы да алдыңғы қатар өңірге жататын елді мекен болатын. Жоғарыда аталған тау-кен комбинаттарына Қазақстанның, тіпті Одақтың өндіріс, құрылыс, теміржол қатынастары және басқа салалардың министрлері, олардың жауапты қызметкерлері әрдайым жиі келіп жүретін. Бұл іс-сапарлар біздерге қызметте мұқият болып, жүктелген міндеттерді үнемі жоғарғы деңгейдегі жауапкершілікпен карауды талап ететін.

Сол кездерде аудан орталығында болған жиналыстардың бірінде мен Мәжит Аманқұлұлымен танысқан болатынмын. Ол кісі Ақжал кенттік атқару комитетінің төрағасы, Ақадыр аудандық кеңесінің депутаты еді. Ұлағатты жан мені дереу бауырына басқандай болды. Әңгімелесе келе біздердің танитын ортақ таныстарымыз, туыстарымыз бар болып шықты. Алматы, Қарағанды, Жезқазған және басқа да елді мекендердегі мен білетін елге белгілі біраз жандарды ол кісі де таниды екен. Солардың ішінде ағаның жақын бауырлары Раушанбек Күлшінбеков, Қанат Баранкұловпен мен Алматы қаласы №2 қазақ орта мектеп - интернатында бірге оқыған едім.

Ағаның жұбайы Қанай жеңгейдің туған інісі Салин Әшім екеуіміз бұдан бұрын Жәйрем кентінде бірге қызмет атқарғанбыз. Әшім заңгер, Жәйрем кентінде қалалық соттың төрағасы болды. Жұбайы Сәуле де заңгер. Біздер көрші тұрдық, отбасымызбен бірге араласып жүрдік. Кейін Әшім Қарағанды облыстыстық сотының судьясы болып сайланып, ұзақ жылдар бойы жұмысын үлкен абыроймен атқарды.

Қызмет бабымен мен Ақжал кентінде болып тұрдым. Сол кездерде Ақжал кенті Одақтық түсті металлургия министрлігінің комбинаттары орналасқан елді мекендердің ішінде әлеуметтік және басқа да тұрғыдан алдыңғы қатардағы орындырды иеленіп жүрді. Бұл ағамыздың қызметті қандай жоғарғы деңгейге атқарғанын көрсетеді.

Мәжит ағамен жақын араласып кеттік, аудан орталығына келген кездерде ол біздің үйге соғып, қал-жағдайымызды сұрап тұратын. Ол кісінің айтқан ақылдары,ағалық қамқорлықтары және де тағы басқа маған көрсеткен көмектері әлі де есімде. Жасы жағынан - әкемдей адам өзінің қарапайылдығымен, биік мәдениетімен, рухани жан дүниесінің тереңдігімен көпшілік ілтипатына бөленген жан еді. Көркем мінезімен, кемел ойымен Мәжит Аманқұлұлы ешкімнен ақыл-кеңесін аямайтын, қолынан келген көмегін көрсетуге дайын тұратын бекзат болмысты азамат болатын.

Ұлтжанды азамат әрқашан халықтың ортасынан табылып жүрді, көпшілікке өзінің көмектерін көрсетіп, ақыл-кеңесін айтуды әдет қылған еді. Керней бабадан таралған ұрпақтардың шежіресін құрастырып, оны теріп жазуда ұйтқы болып, бәрін өзі басқарды. Осындай елге керек істерді атқарған кездерде Мәжит ағаның жанында менің мектеп қабырғасынан бірге келе жатқан досым, кәсіпкер Қанат Боранқұлов жүрген болатын. Олар екеуі елді мекендерде болып, ата-баба шежіресі туралы мәліметтер жинаған еді. Тіпті қазақ елінің тарихын зерттеуде де айтарлықтай із қалдырды. Біраз кітап, журналдар шығарды.

Мәжит Аманқұлұлы Қанай жеңгеміз екеуі отбасын құрып, таза махаббатың арқасында төрт ер бала сүйіп, бәріне дұрыс тәлім-тәрбие берді. Олардан немере, шөбере көрген бақытты жандар еді. Қанай жеңгей екі жыл бұрын дүниеден озды. Мәжит аға біраз жылдар бойы ауруға шалдығып, соңында былтыр күзде бақилық болды. Ағаның қал-жағдайын, көңілін сұрап барғанда ол шын жүрегімен қуанатын. Қанаттан, ұлдарынан ылғида мені сұрап, маған өзінің шын көңілімен тілектес екендігін айтып отырыпты. Абыз ағаның осындай кербез мінезі, ғажап қылықтары мені әрқашан да тебірентетін. Мен де осындай асыл азаматпен танысып, оның көңілінен шыққаныма бір Аллаға шүкіршілік етемін. Ақылшы болған Мәжит ағамен кездесу, онымен араласу және дидарласу мен үшін үлкен, орны бөлек мәртебе деп санаймын.

Тағдырдың жазуымен Мәжит ағаның ұлы Нұрланмен Астана, қазіргі Нұр-Сұлтан қаласында қайта кездесіп, өте жақын араласып, достасып кеткен жағдайымыз бар. Сол кездерде Нұрлан Мәжитұлы ҚР Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы төрағасының орынбасары қызметінде болатын. Әке көрген оқ жонар демекші, Нұрлан жас болса да еліміз егемендік алған кезден бастап біраз жауапты қызметтер атқарды. Өзін білгір маман, қызметінде беделді басшы екенін көрсетіп келеді. ҚР Парламентінің депутаты, заң комитетінің төрағасы болу - әрбір азаматтың қолынан келе бермейтін, мәртебесі өте биік қызмет.

Тектіден текті туады, тектілік тұқым қуады демекші, Мәжит ағаның екінші ұлы Нұрғалым Жамбыл облысының прокуроры, басқа ұлдары да Қазақстан Республикасының белгілі азаматтары болып өсіп келеді.

Көзден кетсе де көңілден кетпей, жүректе сақталған, халқы мен елі ардақтайтын асыл азаматтардың бірі Мәжит Аманқұлұлы Әбдіров ағамыздың бейнесі ел есінде мәңгі ұмытылмай қалады.

***15.03.2020.***
***Алматы.***



**Бекет АЙМАҒАНБЕТОВ,**
*Қостанай ПД бастығы,*
*полиция генерал-майоры.*

***Бекет Имантүсінұлы АЙМАҒАНБЕТОВ 1960 жылы Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының Қоңырат ауылында дүниеге келген. ҚарМУ-ді (1982) және Қарағанды маңызды білім беретін «Болашақ» институтын (2005) бітірген. Экономист - заңгер. Полиция генерал - майоры (2017).***

***Ішкі істер саласында 1987 жылдан бері істейді. 1997 жылдан бастап басшы қызметтерде. ҚР ҰҚ департаменті 5-Басқармасының бөлім бастығының орынбасары. Астана қаласы Бас кеден басқармасы бастығының орынбасары, ҚР ІІМ 9-Департаменті бастығының орынбасары, ҚР ІІМ аса қауіпті қылмыспен күресті үйлестіру Орталығының Орталық аймақтық басқармасының бастығы, ҚР ІІМ өз қауіпсіздігі Департаменті бастығының орынбасары, ҚР ІІМ қылмыс полициясы Комитеті төрағасының орынбасары (2007-2010), Жамбыл облыстық ІІД бастығы қызметтерін атқарды (2010-2016).***

***Бүгінде Қостанай облыстық ПД бастығы.***

## ӘКЕЛЕРІМІЗДІҢ ҰСТАНЫМЫ БІР ЕДІ

Менің әкем Иман Аймағанбетов Мәжікең Әбдіровпен өте сыйлас, пікірлес азаматтар еді. Олардың бір жүргенін талай көрдім, айтқан ақылдарын тыңдап өстім. Олардың топырағы, тыныстыған ауасы да бір еді. Негізінде әкелеріміздің арасында қызметтен бөлек, адамгершілік, достық қатынастар орын алды. Оған бәлкім, біздің аналарымыз себепші болған шығар. Бала болсақ та соның бәрін көріп, біліп тұрдық. Сол себепті Мәжікең әкеміз туралы тебіреніп айта аламын.

Мәжікең әкей шаңырағы берекелі, халыққа қызмет еткен, артында үлгілі іс қалдырған жан. Қандай жұмыс істесе де, бірінші кезекте жұмыстың алға жүргенін қалады және ел, халық үшін адал қызмет істеді.

Ол кісі өте қарапайым болатын. Ешқашан атақ, мансап қуып көрген

жан емес. Жүрегі кең, көңілі ашық азамат болды. Мәжікең әкеміз осындай ұстаныммен ғұмыр кешті. Және сол ұстанымын балаларына тастап кетті деп білемін. «Текте бар қасиет теппей тұрмайды» деген ғой, ол қоғам өміріне ерте араласты, бірқатар жауапты лауазымда болды. Ақжал кентінде мектеп директоры болып қызмет атқарды. Одан кейін Ақжалда Кеңес төрағасы қызметіне ауысты. Шама-шарқы жеткенше сол өлкенің гүлденуіне үлесін қосты. Ол қызметте де қажырлы басшы екенін көрсете білді. Соның бірінде кеуде қақпады, тұла бойы қарапайым, дауыс көтеріп сөйлемейтін. Өте сауатты, жауапкершілігі мол, әрі мінезі сондай биязы, ешкімді ренжітпейтін. Қолынан келгенше жастарға қолдау көрсетті. Тұлпарды тайынан танып, топқа қосып, талабын ұштады. Осы қасиеттерінің аркасында жүрген ортасында абыройға кенелді.

Ол кісі күн сияқты айналасына шуағын шашып жүретін. Дос-жаран, ағайын-бауырға үнемі көмек көрсетіп, қолдағы барымен бөлісіп отырды.

Әкем Пманның ағасы Ақтоғай ауылынан Акжалға көшіп келгенде Мәжікең ағамыз өз үйін беріп, оларға көп қарайласқан еді. Бұл жақсылықтарын ешкім ұмытқан жоқ.

Мәжікең әкеміз туралы сөз қозғағанда, Қанай анамыз туралы айтпай кету әсте мүмкін емес. Әр алыптың артында әйел тұрады демекші, мәуелі ағаштай болған Әбдіровтер әулетінің берекесі осы кісіде десем артық айтпаспын.

Қанай анамыз - ұзақ жылдар ұстаздық еткен жан. Ауыл мектебінде математика пәнінен сабақ беріп, ұрпақ тәрбиесімен айналысты. Өз кәсібіне адал, жан-тәнімен берілген маман еді.

Қанай анамызды еске алғанда бір қызық жайт ойға оралады. Менің Ерлан деген немере ағамның ұлы оқушы күнінде ерке болатын. Қазір үлкен азамат, Нұр-Сұлтанда еңбек етіп жүр. Сол бір күні сабақтан қашып, үйінде отырса керек, мұны білген Қанай апай сонау мектептен үйіне іздеп барыпты. Қайтып мектепке әкеліп, бар білгенін үйретіп бір-ақ жіберген екен. Сондай жанкештілігіне, кәсібіне деген адалдығына таң қаламын. Ондай ұстаздар қайда бүгін!

«Бекзаттан белгі қалады» дейді қазақ мақалы. Әкеміздің артында жарқын жолы қалды. Сондай-ақ, өзі атына сай ұрпақ тәрбиеледі. Бала-шағасы мына өмірден орнын тауып, ел үшін еселі еңбек етіп келеді. Бүгіндері ұлдары Нұрлан мен Нұрғалым жауапты қызметте жүрген жандар. Біз әлі күнге дейін араласып, асқар тау әкелеріміздің өнегелі істерін еске алып тұрамыз.

Бүгінгі ұрпағы сол әке қалыптастырып кеткен асыл да адал еңбек жолын жемісті жалғастырып келеді.

***23.05.2020.***

***Қостанай.***



**Сағадат ДҮЙСЕБЕКОВ,**
*мемлекет және қоғам қайраткері,*
*Қарағанды облысының Құрметті азаматы.*

## АБЗАЛ АЗАМАТ

Арқаның қасиетті аталарының бірі Көкбөрі Кернейдің тікелей ұрпағының белділерінің бірі абзал азамат, адал дос, бірлік мен тірлігі мол, үлкен шаңырақ иесі Әбдіров Мәжит еді.

Қашан, қайда көрсеңде жайсаң мінезімен, шын көңілімен қуана қарсы алушы еді. Марқұмның жан жолдасы Қанай екеуінің мол дастарқаны жолдастар үшін әр уақытта жаюлы болушы еді.

Мәкеңді мен 1957 жылы Қарағанды педагогикалық институтына түскеннен бастап білемін. Ол кезде Қанай екеуі физика-математика факультетінде бізден екі курс жоғары оқушы еді. Жақын қарындасы марқұм Ақпанова Гүлбаршын мен бірге бір топта тарих-филология факультетінде, арнаулы бөлімі орыс тілінің қазақ мектептеріне мұғалімдік мамандығында оқушы едік.

1963 жылы институтты бітіргеннен кейін мені Ақшатау кентіндегі қазақ орта мектебінің директоры Ақпанов Нөкен Рахымжанұлы арнайы келіп өз мектебіне мұғалімдікке шақырып, комбинаттан екі бөлмелі үй әперіп, үлкен азаматтық қамқорлығына алып еді. Сөйтсем Мәкең Нөкеш ағайдың жақын інісі екен.

Сол 1962 жылдың күзінде Ақшатау өндірістік ауданы ашылып Қарағанды облысының көлеміндегі Ақшатау кен-байыту комбинаты орталығы болып, Ақжал, Жамбыл, Қайрақты, Қарағайлы кеніштері, 21 - геологиялық барлау, 6 - геофизикалық экспедициялары, Көктіңкөлі, Нұраталды геологиялық партиялары басқаруға беріліп еді.

Мен алғашында жаңадан ашылған аудандық комсомол комитетінің 9 айдай штаттан тыс хатшысы болып, 1963 жылы қазан айында бірінші хатшы болып сайландым.

Бұл кезде Мәжит пен Қанай Қайрақты орта мектебінде істеуші еді. Қайрақты кентіне барғанда сол ауылдың құрметті ақсақалы Сәрінжіпов Хасен ағамыздың үйіне тоқтайтынмын, өйткені ол кісінің үлкен ұлы Маркус Алматының политехін бітіріп келіп, Ақшатау комбинатының «Центральная» шахтасының бас инженері болып жұмыс істейтін. Хасен Сәрінжіпов өте тәжірибелі ұстаз, елге аз да болса таралған ақындығы бар, 1939 жылы КСРО Жоғары Кеңес Президиумының төрағасы М.И.Калининнің қолынан Еңбек Қызыл Ту орденін алған ұстаз еді. Мен барғанда осы ауылдың бүгінгі ұстаздары деп мектеп директоры Әбдірахимов Сухибекті және білімі мықты, жақсы азамат, біріңді бірің сыйлап жүріңдер деп Мәжитті қосып шақырып алатын.

Кейіннен 1973 жылы Қарағанды облысынан бөлініп жаңадан ашылған Жезқазған облыстық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімі меңгерушісі қызметіне жіберілгенімде жаңадан ашылған Ақадыр ауданының алғашқы партия конференциясында болып, кейін Қайрақтыға арнайы соғып, Хасен ағайдың үйінде болып, бұл кісілерді бір қуантып қайтып едім. Содан кейін қай қызметте, қайда жүрсекте хабарласып, сыйласып жүрдік.

Жаңадан ашылған Ақадыр ауданында жергілікті ауыл кеңестерінде білімді кадрлар жоқ, халықпен жұмыс істеуде кемшіліктер көп, тез арада ретке келтіру керек деп аудандық совет атқару комитетінің төрағасы Медиев Қасымбекке талап қойып, мұндай жұмысқа негізі педагогикалық білімі бар, қарапайым халықтың тілін түсінетін сыйлы азаматтарды тартуды ұсындық. Осы талаптың арқасында Ақжал кентіне Әбдіров Мәжит, Қайрақты кентіне Әбдірахимов Сухибек, Ақшатау кентіне Ақпанова Гүлбаршын сайланып еді.

Осы жағдайларды көріп отырып марқұм Ақпанов Нөкеш ағай «сен өз таныстарыңды орналастырып жатырсың, ал біз ауылда отырамыз ба?» деп қалжыңдаған соң, Нөкенді Ақадыр аудандық ішкі істер бөлімінің бастығына тағайындатып, кейіннен облыстық ішкі істер бөліміне ауыстыртып, ағамыз полковник шеніне жетіп еді. Міне, осындай бір-бірімізге деген үлкені сенімділіктің, сыйластықтың арқасында бұл кісілер өз қызметін үлкені абыроймен атқарып Мәжит Ақжалдың, Гүлбаршын Ақшатаудың, Сухаң Қайрақтының гүлденуіне аянбай еңбек етті. Ол кенттердің еңбекқор халқының сыйлысы болды.

Мәкең аса көп сөйлемейтін, жақсы ғана мысқыл күлкісімен ойындағысын білдіріп отыратын. Сол 1973 жылы Жезқазғанға келгенде марқұм Қошанов Жақанды, мені құттықтай келіп отырғанда: «ауылда қатынастың қиындығын айтып, жүріп тұруға машинаның керектігіне екпін салып, бірдеңе алайын десең, барлығы жұмысшыларға ғана, ал олардың балаларын оқытып тәрбиелеп отырған бізге ештеме тимейді» деп қалжыңдап еді.

Ертеңіне ол кезде облыстық атқару комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болып отырған Жақанға: «кешегі Мәкең айтқан сөзі ащы шындық қой, сен Медиевпен хабарлас та, сол ауданға облпотребсоюз арқылы машина бөлуді және ол тек қана Ақадыр ауданы емес, барлық селолық аудандарға да бөлуін ұйымдастыруды тапсыр» деп сол жылы Мәкең күзді күні үлкен қуанышпен келіп: «Қасымбек Медиев маған машина сұрап алыпты» деп қуанып еді.

Осындай қарапайым мінезімен, адалдығымен, білімділігімен көзге түскен Мәкең кейіннен тағы өз атының елдің есінде қалатындай жасаған бір батырлығы өз атасы - Көкбөрі Керней атаның асын беруі еді.

«Сағадат бес атаның баласымыз ғой, атамыздың асына қайтсең де кел» деп шақырды, сырқаттанып жүрсемде барып қатыстым. «Сенің көргенің көп, Қарағанды, Жезқазған облыстық партия комитеттерінде істедің ғой, мынау асқа арнайы келіп отырған алматылықтармен екеуміз бірге отырып күтейік» деген соң жанында болдым.

Құрметті қонақтардың үлкені, атақты, бүкіл Қазақстанға белгілі Әубәкіров Жақия ағай жеңгемізбен, атақты ғалым Рақышев Баян, осы елдің тумасы Ермегияев Аманкелдінің інісі, тағы басқалармен өте жақсы отырыс болды.

Бабаларының ізгі істері мен кейіннен елге аттары шығып жүрген құрметті туыстарына ас беріліп, дұға оқылып, ескерткіш-құлпытас қойылып, ат шаптырып, балуандар күресіп, ақындар айтысқан есте қаларлық ұмытылмас жиын өткізілді.

Бұл жиынның ұйытқысы, ұйымдастырушыларының бірі Мәкең еді. Өз сөзінде: «Бұл жиын бірақ рет өтпейді, мерзімді кезде ұйымдастырылып тұрады. Көкбөрі Кернейдің ұрпақтары бірліктің, сыйласушылықтың ақ туын қолға алып, Отанымызға адал қызмет етеді» деп қорытындылаған еді.

Мінеки, ортамызда осындай абзал азамат, қасиетті шаңырағында халыққа сыйлы, адал азаматтар: Нұрлан, Нұрғалым, Шахатбектерді тәрбиелеп өсірген Мәжит пен Қанайдың аты да, ісі де мәңгілік өшпейді деген сенімдемін және екенуінің де аттары менің жүрегімде мәңгілік сақталатынына сенімдімін.

***19.02.2020.***
***Қарағанды.***



**Рымбек ЖҮНІСОВ**
*мемлекет және қоғам қайраткері,*
*Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі.*

***Рымбек Жүнісұлы ЖҮНІСОВ 1941 жылы Қарағанды облысы Ақтоғай ауданында дүниеге келген. Мемлекет және қоғам қайраткері. Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген қайраткері (2003). ҚазССР-і еңбек сіңірген агрономы. Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы. «Құрмет Белгісі», «Құрмет», «Парасат» ордендері мен бірқатар марапат иегері.***

***Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылық институтының түлегі, агроном (1967).***

***Еңбек жолын Ақтоғай ауданыныңың XXII - съезд атындағы кеңшардың бас агрономы болып бастаған (1961). Одан кейін Қоңырат кеңшарында бас агроном, аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, аудандық ауыл шаруашылық басқармасы бастығының орынбасары, «Қызыларай» кеңшарында директор, аудандық кеңес атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары болып қызмет атқарған.***

***1985 жылдан Ақтоғай аудандық партия комитетінің екінші хатшысы. 1987 жылдан бірінші хатшысы болды. 1990 жылы ҚазКСР халық депутаты болып сайланған.***

***Бүгінде «Ақмола - Бетон» ЖШС директорлар кеңесінің төрағасы.***

## ЕЛІНЕ СЫЙЛЫ ТҰЛҒА

Мәжит ағамен етене жақын болып, бірге жүрмесем де ол кісіні бір адамдар білемін деп айта аламын. Жас шамамызда айырмашылық болса да заманымыз бір болды. Бірақ әртүрлі салада қызмет атқарғанымыз, оның үстіне жер шалғайлығы Мәжит ағамызбен ерте бастан жақын біліс болуымызға мүмкіндік бермеді.

Дегенмен сұрастыра келе қарын бөле шығатын қарға тамырлы қазақ емеспіз бе, Мәжікеңмен арғы түбіміз бір - Қаракесектен тараймыз. Оның

үстіне жақсы кісінің атын естісе танысуға құмартып, елеңдеп тұратын елдің баласымыз.

Мәжит ағаны алғаш рет мен 1971 жылы Ақжал кенішінде көрдім. Ұлы Отан соғысында тұтқында болғаны үшін он жылға Хабаровск өлкесіне жер аударылып, 1954 жылы елге оралған Көкей (Рахметолла) деген ағам 1984 жылға дейін, өмірден өткенше Ақжал кенішінде бір мекемеде қызмет жасады. Сол ағам апарып, ағайын деп мені таныстырды. Оның үстіне Мәжит ағамен мың жылдық құдандалығымыз да бар екен. Ол кісі сол кездің өзінде өзінің беделі, адамгершілік қадір - қасиеті арқылы елге өте сыйлы болатын. Біліміне білігі сай мұндай азаматпен танысып, жақын жүру, ақылын тыңдап, өнегесін алу кез келген есті азаматтың міндеті сияқты болып көрінетін.

Жоғары оқу орнын бірге бітіріп, елге қызмет ету үшін қол ұстасып келген қос ұстаз Мәжит ағамыз бен Қанай жеңгеміз алғашқы күннен бастап-ақ жаңа ортаны жатсынбай, елге бірден араласып кетіпті. Ол кезде ел арасында мұғалімнің беделі өте жоғары болатын. Содан ба екен үлкен кісілер соңғы уақытқа дейін қолына су құйған балаға «мұғалім бол» деп бата беріп жүрді. Мұғалімнің осындай биік беделі осы Мәжит аға сияқты мамандардың зор еңбегімен қалыптасты десем артық айтқан болмас едім.

Мәжікең мұғалім мамандығын, оның бар жауапкершілік жүгін, бар міндеті мен маңызын жете түсініп, саналы түрде таңдаған сияқты. Ол ұлт келешегі ұрпақ тәрбиесінде жатқанын жақсы сезініп, мұғалім дәрежесін қашанда биік ұстады. Шәкірттеріне өзінің азаматтық тұлғасымен де, атқарған істерімен де өнеге болды.

Біз қазір мұғалімге жеке заң арнап, оның міндеттерін түгендеп, еске салып жатырмыз. Ал Мәжит аға қай кезде де оқушының алдына дайындықсыз баруды өзіне зор мін деп санайтын. Әрдайым сымбатты бейнесіне сай жарасымды киініп, шәкірттерін ұқыпты болуға, тазалыққа үйретіп жүретін. Көкей ағам көрген сайын маған Мәжікеңнің осы қасиеттерін жыр ғып айтып отыратын. Барған сайын «ағаңа сәлем бер» деп ертіп апаратын.

Қай адаммен қарым-қатынас жасағанда да өзіңнің орныңды біліп, соған сай әрекет ету, сөзді соңына дейін тыңдап, содан соң ғана өз пікіріңді білдіру, сабырсыздыққа, шалағайлыққа жол бермеу, міне, осының бәрі Мәжит ағада бар, сол кісіден үйренетін қасиеттер.

Мен ағамыздың өмір жолын, еңбек қызметін түгендеп жатпай - ақ қояйын, оны өзге адамдар да жаза жатар. Мен Мәжікеңнің азаматтық, патриоттық тұлғасын айшықтайтын, өзім білетін бірнеше асыл қырларын айтып берейін.

Өз заманының көзі ашық, көңілі ояу, ұлтжанды азаматтары сияқты Мәжит ағамыз да Кеңес өкіметінің қазақ халқына тигізіп жатқан зиянын білді. Оған қарсы болды. Өктем билік жер - су аттарын түгел өзгертіп, Керней баба жерін

орысшаға бейімдеп Корнеевка деп атаған кезде де бұған қолдан келгенше қарсылық білдірді. Бірақ ол - жалғыздың үні шықпайтын заман еді. Дегенмен Мәжит аға сол істі жерде қалдырмай, еліміз егемендік алған тұста атамекеннің тарихи атын қайтаруға бастама жасап, басшылық етіп, бастаған ісін соңына дейін жеткізді. Бұл да өскелең ұрпаққа үлгі болатын өнеге.

Ағамыз халқымыздың жүзге, руға бөлінетін ішкі алауыздығына қатты ашынатын. Басқасын былай қойғанда, сол Керней руының өз ішінде Балта - Түйте, Шаң-Балапан болып бөлінетінін жақтырмайтын. Қашанда жікке бөлінуден туындайтын бықсық сөзді тойтарып тастап, ұлт болып ұйысуға шақыратын. Халықтың болашағы - бірлікте, бір болмай бас болмаймыз деп жүретін.

Мәжікең өзінің бар болмысы, бүкіл тұлғасымен атаның емес, халықтың баласы екенін көрсетіп кетті. Өзінің балаларын да сол жолмен тәрбиеледі. Бүгінгі күні Мәжит ағаның төрт баласы да өз әкесіндей елге сыйлы азамат, мемлекет және қоғам қайраткерлері болып отыр. Бұл да отбасында берілген ата-ана тәрбиесінің жемісі.

Мәжікең алабөтен құрметке, орден-медальға қызығып, құмартпаған адам. Қазір біреуді айтқанда бәлендей марапаты, түгендей сияпаты бар деп тізіп жатады. Адамның қадір-қасиеті орденмен өлшенбесе керек. Адамның артында жаман сөз емес, жақсы сөз қалса, міне, марапаттың көкесі осы! Мәжит ағаның өзі де елге тұтқа болған ардақты азаматтардың туған күніне, не басқадай мерекесіне орай кеш өткізіп, концерт ұйымдастырып, естелік айтқанды жөн санайтын. Шынында да кейінгі ұрпаққа орден-медальдан гөрі, осындай кештердің, онда айтылған сөздердің берері көп емес пе?! Реті келгенде айта кетейін. Мәжит ағаның өзіне де осындай кеш ұйымдастырса жөн болар еді.

Ағамыз баланың қоғамшыл болуына қатты мән беретін. Жаман әдетке жақын болмай, бір-біріңнің қадіріңе жетіп, сыйласып жүріңдер дейтін. Тірі жүргенде жамандасаң өлгенде мақтайтын сөз таба алмайсың, осыны естен шығармаңдар дейтін. Біраз жыл Ақтоғай ауданында сот болған Балапаш деген кісі «Біз - соттаймыз, Мәжікең - тәрбиелейді» деуші еді. Біле білген адамға осы бір ауыз сөз Мәжит ағаның бар адами болмысын, бүкіл ұстаздық қызметін көрсетіп, түйіндеп тұрған жоқ па?! Ұрпағының ғана емес, ұлтының тәрбиешісі болу - кез келген адамның басына бұйыра бермейтін бақ!

Кім-кімнің де артқы тылы, отбасы берік болмаса, жемісті қызмет ете алмайтыны белгілі. Мәжікең жар таңдауда жолы болған адам. Қанай жеңгеміз ағамызға аяулы жар ғана емес, қысылғанда ақыл сұрар серігі, қиналғанда сүйенетін тірегі бола білді. Отбасының ұйытқысы, балаларына асыл ана, ақылшы дос болды. Бүгінде сол балалары елге құрметті азаматтарға айналып, ата-анасының тәрбиесін ақтап отыр.

Осы орайда тағы бір оқиға есіме түсіп отыр. Өткен ғасырдың 90-шы жылдары үш ауданнан депутаттыққа баламалы түрде кандидат болып түстім. Шет ауданында сайлаушылармен кездескен кезде, сол жиналысқа Мәжит аға да қатысып отыр екен, маған «Сіз қай ауданға көмектесесіз?» деп сұрақ қойылып, мен «әрине, өзімнің Ақтоғай ауданына» деп жауап бердім. Сол жиналыстан кейін Мәжитаға «дауыс жинаймын деп, жергілікті сайлаушыларды алдамағаның, шыныңды айтқаның дұрыс болды, өз пікірің бар, әділ адам екенсің, жолың болсын» деп бата берген еді. Ағамыз осы сөзі арқылы мені қанаттандырып қана қоймай, Ақтоғай аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, 42-ші шақырылған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты қызметімде тура жолдан таймауға тиіс екенімді нұсқағандай болды.

Жақын арада Мәжікең мен жеңгеміз басына барып, құран оқыдық. Марқұмдардың бейіті шығыс сәулетінің стилінде, табиғи тастардан, кейде кездесетін жарысқа бармай салынған екен. Маған архитектурасы өте ұнап, ішімнен риза болдым. Әрине, балаларының әке-шешесіне алыстан көз тартатын, өзгелерден ерекше, зәулім бейіт салдыруына мүмкіндігі жетер еді. Бірақ бұл жерде де олардың өз балаларын әуел бастан қарапайымдылыққа, қанағаттылыққа тәрбиелегені анық көрініп тұр.

Мәжікең елдің көп азаматтарына көмектескен, ақыл-кеңесін берген асыл аға еді. Қазір ол кісі жоқ, кейінгі буынға өзіміз аға болып қалдық. Жатқан жері - жайлы, топырағы торқа болсын ағамыздың! Алла тағала алдынан жарылқап, иманын байлығын берсін!

***2019.***
***Нұр-Сұлтан.***



**Боранбай ЖҰМКИН,**
*мемлекеттік қызмет ардагері,*
*Шет ауданының Құрметті азаматы.*

***Боранбай Исатайұлы Жұмкин Қарағанды облысы Шет ауданында дүниеге келген. Ақмола ауыл шаруашылығы институтын бітірген (1964), мамандығы инженер-механик. Шет ауданының Құрметті азаматы. «Құрмет орденімен, бірқатар медальмен марапатталған.***

***Ұзақ жылдар бойы (1969-2020) Шет ауданының экономикасының дамуына ерен еңбегімен үлесін қосқан тәжирбиесі мол, ауыл шаруашылығы саласында нарықтық қатынастарды енгізуде қажырлы қызмет атқарған аудан басшыларының бірі. «Шеткөмек» кредиттік серіктестігі ЖШСнің басқарма төрағасы (2005-2018), «Нұр Отан» партиясының аудандағы алғашқы төрағасы болды (1999).***

*Адамның адамшылығы... жақсы ұстаздан болады.*
**(Абай)**

## ҰСТАЗДЫҚТАН АҒАЙЫННЫҢ ҰЙЫТҚЫСЫ - МӘЖИТ АҒА

Сарыарқанның төрінде орын тепкен Шет ауданының өсіп, өркендеуіне өзіндік үлесін қосқан талай тарлан азаматтар өмірден өтті. Солардың бірі һәм бірегейі - Әбдіров Мәжит Аманқұлұлы.

Мәжит аға ауданның Нілді ауылында 1936 тышқан жылы дүниенің есігін ашады. Әкеден ерте айырылып, бұғанасы қатпай жатып жұмысқа жегілді.

Соғыс кезіндегі Мәжит секілді қазақ балаларының баршасы да балғын балалық шақтың қызығын көре алмай ауылдағы қарт-қариялар мен әже-аналарына күн-түн демей қолғабыс көрсетеді. Мәжит аға қара жұмыста жүрсе де оқудан қол үзбеді.

1954 жылы аудан орталығы Ақсу-Аюлы ауылында Ыбырай Алтынсарин атындағы он жылдық мектепті үздік тәмамдап, Қарағанды қаласындағы мұғалімдер даярлайтын институтқа түседі. Ағамен бірге оқыған сайдың тасындай сыныптас азаматтардың аттарын атап кетейін. Олар: Ордабаев Тұрсын, Әринов Иген, Қапасов Балтабай, Оқапов Мәжен, Туганбаев Әсман, Сүлейменов Рымқұл, Өтенов Тельман, Мұқашев Жаманқұл, Шәкішев Тәңірберген, т.б. Бұл азаматтар кеңестік кер заманда аудан экономикасының дамуына, халықтың әл-ауқатының жақсаруына аянбай тер төгіп, еңбек етті. Біразы дүниеден өтті. Оларға иман байлығы молынан бұйырсын.

Біздер ағадан 3-4 жас кіші болғандықтан осы үлкендерге қарап бой түзеп, жақсы оқып, жоғары оқу орнына түсуді арман еттік.

Мәжікеңнің алған білімі, ұстаздық бағыттағы еңбек жолы аудан жұртшылығының алдында тайға таңба басқандай бедерлі орын алды.

Қалап қосылған Қанай жеңгеміз екеуі де сол заманда білім саласында сиректеу кездесетін математика мамандығының білгірлері ретінде қызмет атқарған жерлерде - Ақсу-Аюлы, Қайрақты, Ақжал орта мектептерінде өздерінің шәкірттеріне деген риясыз мейірімі мен біліктіліктерін жан-жақты көрсете білді.

Осыдан бір-екі жыл бұрын өмірден озған Қанай жеңгемізді ақтық сапарға шығарып салғанда мұғалімнің алдын көрген түлектерінің ой-толғамдары мен ішкі шынайы сезімдерін естігенбіз.

Мәжит ағамыз да ұстаздықтың жүгін бірталай жыл абыроймен көтеріп келді.

Һакім Абай айтқандай «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып, ескерсе дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады» дегендей Мәжит ағаның бойынан осы қажетті қасиеттердің бәрі де орын алған. Ағаның адами болмысы мен кісілік қасиеттері маңайына, ортада ерекше көзге түсіп тұратын. Оған қоса сабырлығы мен орнықтылығы оны шың биікке көтергендей көрінетін.

Мың өліп, мың тірілген қазақ халқы Тәуелсіздікке ата-бабаларымыздың төккен қанымен қол жеткізіп, өңірлерде 1992 жылы Президенттік басқару жүйесі енгізілді. Осы тұста ауданның әкімі болып, ортаға аты мәшһүр Қасымбек Медиев жұмысқа кіріскенді.

Маңайына Қасымов Шәкір, Матибеков Қайыпбай, Балтин Мейрамбек, Ізбасаров Зекен, Ғабдуллин Сайлау, Мәжит аға сынды іскер, қабілетті басшыларды топтастырып, аудан халқын экономикалық тығырықтан алып шығу үшін қажетті іс-шараларды жүргізді.

Мәжит аға Ақжал кенттік әкімшілігінің басшысы қызметін заманның талабына сай жоғары деңгейде атқарып, жұртшылықтың алғысына бөленді. Әсіресе, кент тұрғындарының өтініш-сұраныстарына мейлінше жіті қарап, оларды оңды шешу жолдарын табатын. Кентте «Қайырымдылық» дүкені ашылып, жағдайы төмен отбасыларына жеңіл бағамен азық-түлік және басқадай мұқтаждарын орындауды қолға алып, оларға дер кезінде көмек-жәрдем беріп отырды. Ұлы Отан соғысының және еңбек ардагерлердің де тыныс-тіршілігі кент әкімнің назарында тұрақты тұрды. Осындай игі істердің басы-қасында Мәжит аға жүріп, оның атқарып жатқан игі іс-шараларын ауданның басқа әкімдіктеріне үлгі ретінде насихатталып, бұқаралық ақпарат құралдарына шығып тұрды.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін Мәжит аға «Көкбөрі Керней баба» қоғамдық қордың Президенті болып, ағайын-туыстардың ұйытқысы болып, ата-бабаларының шежіресін жинақтап, таспаға түсіруге бастамашы ретінде қыруар іс-шараларды атқарғанын қалың Керней ата мен аудан жұртшылығы жақсы біледі.

Отбасының бақытты болуы ерлі-зайыптылардың бірлесіп әрекеттенуінде дейді ғой данагөйлер. Ер жеткізген әлдебір биіктер болса, оның қай-қайсысы да, негізінен ата-ана демеуінің аркасында іске асатынын жете ұққанымыз жөн болатыны анық. Осылай дей отыра, отбасының береке-бірлігі пен татулығы тікелей әйел адамның қолында екенін біздер - ерлер жақсы түсінуіміз керек.

Отбасының асқар тауы әке десек, оның қайнар бұлағы мен мейір шапағат көзі - ана.

Бүгінде қос ұстаздан өрбіген ұрпағы: Нұрлан, Ерлан, Нұрғалым, Шахатбек бауырларымыз танымал ел азаматтары, еліне сыйлы болып, қоғамда өздерінің лайықты орындарын алып, халыққа қалтқысыз қызмет көрсетуде.

Өмірден озған Мәжит аға мен Қанай жеңгемізге жатқан жерлерің мамық болып, жандарың жәннатта болсын, арттағы ұрпақтарыңа ұзақ ғұмыр беріп. көретін шуақты күндері ұзағынан болғай демекпін.

***2020.***
***Ақсу-Аюлы.***



**Сәкен ҚОЙШАНОВ,**
*тау-кен саласының ардагері,*
*Ақжал кенішінің бұрынғы директоры.*

***Сәкен Қойшанұлы ҚОЙШАНОВ 1949 жылы Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының Жәмші ауылында дүниеге келген. Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ политехникалық институтының түлегі (1972), тау-кен инженері.***

***Ақшатау кен-байыту комбинатына қарасты Ақжал кенішінде кен инженері (1972), карьер бастығы (1975), директоры (1985), Ақшатау кен-байыту комбинатының бас инженері (1989), "НОВА Цинк" кәсіпорынының бас директоры (1996), "НОВА-Свинец" кәсіпорынының бас директоры (1998), "ШымҚар" кәсіпорынының бас директоры (2006), "Южполиметалл" кәсіпорынының Қарағанды облысы бойынша бас өкілі (2007), "НОВА Цинк" кәсіпорынының бас директоры (2008) қызметтерін атқарған.***

***Бүгінде осы кәсіпорын бас директорының кеңесшісі.***
***Облыстық Мәслихаттың депутаты болған.***

## АРДА АЗАМАТ

Мен өмірімнің нағыз қызықты да қажырлы кезеңдерін Қарағанды облысы Шет ауданының Ақжал кентінде өткіздім. Бүгінгі күні зейнеткерлік жаста балсам да, осы кенттегі «Nova Цинк» кәсіпорынында бас директордың кеңесшісі қызметін атқарудамын.

Мен сонау 1972 жылы Ақжал кәсіпорынына жас маман болып келгеннен кейінгі алғашқы танысқан ағаларымның бірі де бірегейі Әбдіров Мәжит ағамыз болатын. Сол кезде ағамыз Ақжал кенттік кеңесі атқару комитетінің төрағасы қызметінде еді. Сол уақыттан бастап 1996 жылы Мәжит ағамыз зейнеткерлікке шыққанға дейін қоян қолтық араласып, кенттің әлеуметтік-экономикалық өсіп өркендеу кезеңдерінде сан-алуан қиын да қызықты жұмыстарды ол кісі аға, мен іні болып бірге атқардық.

Мәжит ағамызбен бірге қызмет атқарған кезеңдерде (1980 жылдары) сол кездегі Үкіметтің қаулысымен Ақжал кентін 14 мың халық тұратын қала тектес кент етіп қайта жаңғырту жұмыстарын және кәсіпорынның күрделі құрылыстарын аяқтау міндеті тұрды. Соған орай кентте көп қабатты тұрғын үйлер, типтік аурухана, жатақхана құрылыстары пайдалануға беріліп, қарқын алған уақыттар болды. Құрылыс алаңына айналған кентке жан-жақтан көптеген маман, жұмысшы келе бастады. Келген жұмысшылардың кентке орналасуын, жергілікті тұрғындармен тіл табысып, қоян-қолтық еңбек етулерін Мәжит аға өз назарына алып, қалыпты ахуалды қалыптастыруда үлкен жұмыстар атқарды. Мәжікеңнің ел ағасы екендігін таныған кезеңім осы жылдар болды. Мәжікең ағамыз кенттің өсіп өркендеуіне, гүлденуіне барша ақжалдықтарды жұмылдырып, тынымсыз, аянбай еңбек етіп еді. Ол кісіні қашан көрсеңіз де таңертең ертемен өз жұмысынан бұрын біздің кеңсемізге келіп, күнделікті атқаратын шаруаларды ақылдасып, кеңседен шыға кентті жаяу аралап кететін. Кенттің тыныс-тіршілігін өз көзімен күнделікті қарап, қадағалап жүретін.

Мәжит ағамыздын мінезі салмақты, биязы болатын. Сол мінезімен халықты өзіне қарата білді. Ешқашан ашуға бой алдырмаушы еді. Үлкенмен үлкенше. кішімен кіші болып сөйлесетін.

Ол уақытта кентте соғыс және еңбек ардагерлері бірқатар болатын, ағамыз ол кісілердің де тұрмыс-тіршілігіне, әлеуметтік жағдайларына ерекше көңіл бөліп отыратын, барлық атқарған еңбектерін, қызметтерін бізбен ақылдаса отырып, бізге үлгі-өнеге болып үйрете отырушы еді.

Кентте үлкен құрылыстар қарқынды жүргізіліп жатқан кезде біздерде демалыс деген болмаушы еді. Алайда ағамыз жұмыс арасында уақыт тауып мені қасына алып, ауыл шетінде орналасқан су жүргізу станциясында тұратын, ескіше білім алған өте алғыр, көне көз қария Жұмабай деген ақсақалға барып әңгімелескенді жақсы көретін. Уақыт өте келе, ағамыздың үйіндегі Қанай жеңгеміздің бауырымен туған бажа болдық. Сол кезден отбасымызбен жақын араласып туысқандай болып кеттік. Қанай жеңгеміз де өмірлік тәжірибесі мол, мектебіміздегі ұлағатты ұстаздардың көшелісі еді. Оның дәлелі мектеп түлектерінің естеліктері.

Ағамыз зейнеткерлікке шықтым деп үйінде қол қусырып отырмады. Өскелең жас ұрпаққа ұлттық болмысын, тарихын біліп жүруіне үлкен үлес қосты. 2005 жылы Арғын ұрпағы Көкбөрі Керней бабамыздың асын ұйымдастырып өткізуде зор еңбек сіңірді.

Мәжит ағамыздың отбасы кентіміздің үлгі аларлық, өте тәрбиелі, білімді, үлгілі отбасы болды. Балаларының барлығы Ақжал орта мектебін алтын белгімен бітірді. Жоғары оқу орындарын тәмамдап, білікті мамандар ретінде, бүгінде мемлекетіміздің тәуелсіз ел ретінде қалыптасуына

өз үлестерін қосып, республика көлемінде үлкен қызметтер атқаруда. Мәжит ағамыздың балаларына қарап отырып, дана халқымыздың «байлық деген мүз, бақыт деген қолға қонған құс, бала деген артта қалған ұмытылмас із» деген даналық сөзі ойға оралады.

Менің ойымша Мәжит ағамыз бен Қанай жеңгеміздің артында өшпес із калды.

***23.05.2020.***
***Ақжал.***



**Рысқали ӘБДІКЕРОВ.**
*Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты.*

***Рысқали Қалиақбарұлы ӘБДІКЕРОВ 1959 жылы Қарағанды облысы Шет ауданының Өспен ауылында дүниеге келген. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін (1981), Мәскеу комсомол (1989, Алматы саясаттану және басқару институтын (1991) бітірген, тарихшы, саясаттанушы. «Құрмет» орденімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған. Осакаров ауданының Құрметті азаматы.***

***Жезқазған облыстық партия комитеті марксизм-ленинизм университетінің деканы, Жезді аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, Ақадыр аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары, әкімшілігі басшысының, әкімнің орынбасары, Шет ауданы әкімінің бірінші орынбасары қызметтерін атқарды (1985-2001).***

***Ақтоғай ауданының әкімі, Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары, Ұлытау және Шет аудандарының әкімі, Қарағанды облысы әкімінің орынбасары (2001-2006) болды. Қарағанды облысының Осакаров және Шет аудандарының әкімі, Қарағанды облыстық мәслихатының хатшысы (2009-2016) қызметтерін атқарды.***

***Бүгінде ҚР Парламенті Сенатының депутаты, Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі***

# ЕЛ ҚҰРМЕТТЕГЕН АҒАМЫЗ

Бұл өмірде адам өз орнын тауып, барлық білімін, күш-қуатын, қабылеті мен тәжірибесін елінің, жерінің өркендеуіне жұмсап, аянбай еңбек етсе, сонда ғана ол артында өшпейтін із қалдырады. Сондай адамдардың бірі де бірегейі Мәжит Аманқұлұлы Әбдіровтың өміріне көз жіберсек, ол кісінің әрі қиын, әрі қызықты ғұмыр кешкенін байқаймыз.

Ағамыз Шет ауданының Нілді ауылында дүниеге келген. Әкеден ерте айырылып, анасы ұлын адам қатарына қосу жолында өмірдің бар қиындығын бастан кеше жүріп еңбек еткен. Біз қазір балалық шақ - бал дәурен деп атайтын кезең. Ал Мәжит аға үшін балалық шағы қызыққа толы болмағаны, керісінше, Ұлы Отан соғысы кезіндегі соғыстан кейінгі ауыр тұрмыс тауқыметі, жоқ-жітік, жаутаңкөз тіршілік балалықты ұмыттырып. тырбанып тірлік істеп, тірі қалып, арпалысып алға ұмтылу әрекетімен өткені өмірбаян жолдарынан анық көрінеді.

Мектепті бітіргеннен кейін, Қарағанды пединститутының математика факультетіне түседі. Басқалар әлі оң-солын тани қоймаған деп ойлайтын қаршадай бозбаланың елім, жерім деп соққан жүрек дүрсілі осында байқалады. Іздене жүріп, әрекет ете жүріп, оған да қол жеткізді. Сөйтіп институтты үздік бітіріп, педагогтық, ұстаздық қызметті туған жерінде жалғастырды.

Шет ауданының орталығындағы мектепте директордың орынбасары. Қайрақты мектебінде оқу ісінің меңгерушісі болып қызмет атқарады. Қажырлы да қайратты еңбегінің, біліктілігінің арқасында, Мәжит Аманқұлұлы Ақадыр ауданы Ақжал орта мектебінің директоры болып тағайындалады. Мектеп директоры болған кездерінде мектептің оқу процесін жақсартуда, әртүрлі шараларды ұйымдастыруда, мектептің шаруашылық жағынан мәселелерін шешуде өзінің ұйымдастырушылық қабылетінің жоғары екенін көрсетті. Көптеген облыстық, аудандық жарыстарда, әртүрлі шараларда Ақжал мектебі алдыңғы қатардағы білім ошағы боп танылған.

Ақжал халқы Мәжит Аманқұлұлына үлкен сенім білдіріп, кенттік атқару комитетінің төрағалығына сайлады. Осы қызметті 1996 жылға дейін атқарып келді. Сол жылдары мен Ақадыр аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары, кейін аудан әкімнің орынбасары едім. Әрине, тоқсаныншы жылдардың басында аудан, кенттер мен ауылдардың жағдайы өте қиын болды. Кеңес үкіметі кезіндегі ұзаққа созылған саяси және экономика дағдарысы халықтың әлеуметтік жағдайын әлсіретті және елді мекендер

тұрғындарының мәдени, рухани өміріне айтарлықтай назар аударылған жоқ. Сондықтан Мәжит Аманқұлұлы кәсіпорындар мен мекемелер басшыларының көмегімен осыларды шешуге бел байлап кірісіп кетеді. Алдымен Ақжал кентінің тазалығына, сыртқы келбетін ажарландыруға зер салады. Көшелердің күл-қоқыстан арылып, абаттандырылуы, жарық қойылып, асфальт төселуін талап етеді. Кадр тапшылығы мәселесіне байланысты кентте жаңа үйлер салынып, аурухана мен мектеп, мәдениет үйі күрделі жөндеуден өтіп, жаңа жабдықтармен жұмыс істей бастайды.

Міне, Мәжит ағамыздың саналы ғұмыры туған елі, өз халқы үшін тер төге, аянбай еңбек етумен өтті. Бойына Тәңір дарытқан қуатының, адами қасиеттерінің арқасында өзіне жүктелген қай міндетті де тыңғылықты атқарып, зор беделге бөленді. Ол тек қана туған елінде емес, бүкіл аудан, облыс көлемінде танымал болды.

Мәжит Аманқұлұлы өмір жолында талай тамаша адамдармен, білікті басшылармен бірге қызмет істегенін мақтан ететін. Кезінде өзінің еңбек жолына үлкен ықпал еткен Ақадыр аупарткомының бірінші хатшысы Иван Андреевич Колбасинды, көп жылдары қамқоршы болған халық депутаттары аудандық атқару комитетінің төрағасы Қасымбек Медиұлы Медиевты, Ақшатау кен-байыту комбинатының директоры Барлық Садықұлы Садықовты ілтипатпен еске алатын. Олардың барлығы да аудан мен облыстың экономикалық және әлеуметтік әлеуетіне зор үлестерін қосып, өңірлерге нақты көмек көрсетті.

Зейнетке шыққаннан кейін Мәжит ағамыз «Көкбөрі Керней баба» қоғамдық қайырымдылық қорына жетекшілік етіп, ұйымның алдында тұрған міндеттерді шешуге, қатарын нығайтуға, жастардың бойына адамгершілік пен патриоттық сезім сіңіруге елеулі үлес қосты. Қоғамдық қордың президенті ретінде Арқа жеріндегі бірқатар қорымдар мен бейіттердің мәлім болуына өлшеусіз еңбек сіңірді. Жылдар бойы тірнектеп деректер жинап, біраз қорымды анықтап, қоршауға алды, алқаулы бабаларымызға мазар тұрғызып, бастарына ескерткіш қойғызды.

2007 жылы жарық көрген «Көкбөрі Керней баба ұрпақтарының игілікті істері» кітабының қосалқы авторы болған Мәжит Аманқұлұлы былай жазады: «Көкбөрі Керней баба» қайырымдылық қорының құрылғанын сүйіншілейміз. Қайырымдылық жасау имандылықты арттырса, мейірімділік таныту мерей өсіреді. Тамырымызды тереңнен тартамыз десек кешегімізге көз жүгірту, өткенімізге үңілу Сіз бен біздің міндетіміз. Ашылып отырған қорға үлес қосу тарихымызды тірілту деген сөз, бабалар рухына тәу ету деген сөз...».

«Бейбітшілік Әлемі» халықаралық қазақ шығармашылық бірлестігі Мәжит Аманқұлұлын халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайта отырып, еліміздің дамуы жолында қайырымдылық көрсетіп, әлеуметтік мәселелердің оңды шешілуіне және жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беруде қосқан қомақты үлесі үшін, жауапкершілігі мол жоғары интеллектуалды, жаңашыл әрі талапты басшы ретінде атқарған еңбегін жоғары бағалап, «Ұлт мақтанышы» медалімен марапаттады.

Халқымыз өткенге салауат, қалғанға берекет дейді. Мәжит ағамыздың артында қалған ізбасар-шамшырақтары - ұрпақтары аман болып игілікті істерін әрі қарай жалғастыруына тілектеспін.

Өз елінің ардақты перзенті Мәжит Аманқұлұлы Әбдіровтың жарқын бейнесі біздің жадымызда мәңгі сақталады.

***2019.***
***Нұр-Сұлтан.***



**Нұрлан ДУЛАТБЕКОВ,**
*Қазақстан Республикасы*
*Парламенті Мәжілісінің депутаты,*
*белгілі заңгер - ғалым.*

***Нұрлан Орынбасарұлы ДУЛАТБЕКОВ 1962 жылы Қарағанды облысы Шет ауданының Ақсу - Аюлы ауылында дүниеге келген. Қарағанды мемлекеттік университетін бітірген (1984). Заң ғылымының докторы (2003), профессор (2004). ҚР Ұлттық ғылым академиясының корреспондент - мүшесі (2012).***

***Қарағанды облыстық Маслихатының хатшысы болған (2013-2016). 1984-1995 жылдары Қарағанды мемлекеттік университетінде оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, 1996 жылдан Қарағанды қаласындағы «Болашақ» институтының ректоры (2007 жылдан «Болашақ» университеті). 150 - ден астам ғылыми жұмыстың авторы.***

***«Достық» (ІІ дәрежелі) орденінің және басқа да бірқатар марапаттың иегері.***

# АҒАМЫЗДЫҢ АСЫЛ БЕЙНЕСІ

Кезінде кеңестік атқарушы органдарда жауапты қызметтер атқарып, ауыл азаматтарының алғы сапында жүрген, кейінде парасат-пайымымен ұлттық руханиятқа өзіндік үлес қосқан, өмірінің ақтық сәтіне дейін елім деп еміреніп, халқым деп қамын жеп өткен текті тұлға, Шет ауданының ардақты ақсақалдарының бірі Мәжит Әбдіровтің жарқын бейнесі күні кешегідей көз алдымызда. Кешегі кеңес заманында еңбек жолын қатардағы қызметшіліктен бастап, іскерлік, ұйымдастырушылық қабылетімен танылды. Бірқатар мәртебелі лауазымдардың тізгінін ұстады. Қарағанды педагогикалық институтын бітірген соң ұзақ жылдар Шет ауданының Ақжал кенішінде жемісті қызмет етті. Сандаған жылдар сорабында мыңдаған шәкірт тәрбиелеп шығарды. Ұрпақ тәрбиесіне өлшеусіз еңбек сіңірді. Оның алдын көрген, батасын алған шәкірттері қазірде еліміздің түпкір-түпкірінде еңбек етіп жүр. Олардың қай-қайсысы болсын тәлімгерлерінің тағылымы жайлы әркез жылы ілтипатпен әңгімелеп береді.

Халқына қалтқысыз қызмет етудің үлгісі болған Мәжит ағамыздың есімін аймақ-атыраптың зиялы қауымы ғана емес, көзі ашық, көкірегі ояу барша жұртшылығы жақсы біледі. Мәжит Аманқұлұлы өзін әрдайым өмірден тоқығаны мол, кемел ойлы азамат ретінде танытты. Терең білім, берік ұстаным, іскерлік қабілет және үлкен азаматтық қасиеттер ағамызды үнемі асқар биіктерге бастап отырды. Алды кең, жаны жомарт, қамқор да талапшыл ұстаз, аяулы аға ретіндегі абзал қасиеттерімен бәрімізді тәнті ете білді. Қалыптасқан еңбек пен тұрмыс тәрбиесі, жеке басының кіршіксіз тазалығы жақын ағайын-туыс үшін ғана емес, тілектес дос-жаран, ауыл-аймақ үшін де зор мақтаныш, абырой, жас ұрпақ үшін нағыз өмір мектебі болды.

Ақсақал құрметті зейнеткерлікке шыққан соң да, қатардан қалмай, ел игілігі жолындағы жұмысын жалғастыра білді. Қоғамдық іс-шараларға белсене ат салысып, өлкетану ісіне ден қойды. Туған жер мен елдің қайта тектеу, таразылау ісіне лепті үлес қосты. Арқа төсіндегі бірқатар беймәлім қорымдар мен бейіт-мазарлардың құпия сырын ашуға, анықтауға есепсіз еңбек сіңірді. Елмен етене араласып, халық аузынан тірнектеп деректер жинап, біраз аруақты бабаларымыздың басына мазар тұрғызып, ескерткіш қоюға ықпал етті. Осы тұрғыдағы деректердің басын құрап, танымдық-тағылымдық шежіре кітап жазып бастырды.

Осыған орай «Бейбітшілік Әлемі» халықаралық қазақ шығармашылық бірлестігі Мәжит Аманқұлұлын 2016 жылы халықтар арасындағы достық

пен ынтымақтастықты нығайта отырып, еліміздің дамуы жолында қайырымдылық көрсетіп, әлеуметтік мәселелердің оңды шешілуіне және жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беруге қосқан қомақты үлесі үшін, жауапкершілігі мол жоғары интеллектуалды, жаңашыл әрі талапты басшы ретінде атқарған еңбегін жоғары бағалап, «Ұлт мақтанышы» медалімен марапаттады.

Мәжит ағамыз біраз уақыт «Көкбөрі Керней баба» қайырымдылық қорын басқарды. Керней баба рухына бағышталған ұлан-асыр асты өткізуге мұрындық болды. Қор есебінен аз қамтылған отбасыларға, жетім-жесірлерге, дарынды балаларға қамқорлық жасау ісін жүйелі жолға қойды. «Болашақ» университетінде ректор қызметінде жүріп, Мәжит ағамен осы орайда әрдайым кездесіп, ой бөлісіп, пікір алмасып жүрдік. Маған жиі келуші еді. Ағамызбен әр әңгімеден жанымызға мол рухани байлық, қазына алатын едік. Кейінде түрлі себептерге орай жақын араласуымыз, кездесуіміз сиреді. Есесіне абыз ақсақалдың ізгілікті ісін жалғастырған ұлағатты ұрпақтарымен бірлесіп қызмет ету сәті түсті.

Жалпы Мәжит ақсақал сонша жұмыстың сыртында өнегелі отбасы иесі, асыл жар, ардақты әке бола білді. Берекелі отбасында сайдың тасындай төрт ұл өсіп тәрбиеленді. Олардың алды бүгінде бүкіл елімізге танымал аптал азаматтар: Нұрлан - Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты. Ерлан - кәсіпкер, Нұрғалым - прокурор, Шахатбек - сот. Ардақты әкелерінің салып кеткен сара жолынан таймай, егемен еліміздің жарқын болашағы үшін барынша қарым - кабілет танытып жүр. «Сайына қарай саласы, әкесіне қарай баласы» деген сөз тегін айтылмаған. Әкеден - ақыл, шешеден - мейір көріп өскен азаматтардың бойындағы асыл қасиеттердің бәрін олардың түп тегінен іздеген жөн. Сөйтіп, ағамыздың жақсы ісі ендігі жерде ұрпақтарының тағылымды тыныс-тіршілігімен жалғасады енді. Жуырда жұмыс бабымен елге барып, ауылдарды аралаған едік. Бұл сапар барысында халық қалаулысы Нұрлан Мәжитұлы ел алдындағы үлкен жиында әкесі мен анасы қызмет еткен мектепке алдағы уақытта қамқорлық жасайтындығын тілге тиек етіп сөйлеген болатын. Ел риза, туған жерін ұмытпаған тұлғалығына тәнті.

Абыз ақсақал, аяулы аға Мәжит Аманқұлұлының дүниеден өткеніне де жыл толып қалыпты. Ағамыздың жаны жәннатта, жатқан жері жайлы болсын. Алла иман салауатын берсін!

***2019.***
***Нұр-Сұлтан.***



**Әділ БӘКІРОВ,**
*мемлекеттік қызмет ардагері,*
*ҚР еңбек сіңірген ауылшаруашылығы қызметкері.*

***Әділ Қадырұлы БӘКІРОВ 1948 жылы Қарағанды облысы Шет ауданының Қарасу ауылында дүниеге келген. ҚР еңбек сіңірген ауылшаруашылығы қызметкері (2018). Қарқаралы мал дәрігерлік техникумын, Алматы мал дәрігерлік институтын бітірген.***

***Ақтоғай, Шет және Ақадыр аудандарының Кеншоқы, К.Мыңбаев атындағы, Шет кеңшарларының директоры, Ақтоғай аудандық ауылшаруашылығы басқармасының бастығы, аудандық Кеңес төрағасының бірінші орынбасары, аудандық партия комитетінің екінші хатшысы (1977-1994) қызметтерін атқарады.***

***Кейінгі өтпелі кезеңде «Ұрпақ» шаруа қожалығының жетекшісі, ауыл әкімі болды. Қарағанды облыстық ауылшаруашылығы департаментінде жауапты қызметтерде болған.***

***Бірқатар мемлекеттік марапаттар иегері.***

## ДАРАҚ

Өткен жылдар белестеріне көз жүгіртіп, өзіндік ой түйетін жасқа да келіп отырмыз. Жақсылармен қатар жүріп, жайсаңдардың жанына ердік. Абзал ағалардан ақыл тыңдадық. Сол кісілермен қызметтес болдық, әріптес болдық. Жақсы істеріне, жақсы әрекеттеріне еліктедік, өзімізге өнеге тұттық.

Сондай асыл ағаларымыздың бірі, бірегейі Мәжит Әбдіров жөнінде естелік жазу жөнінде ұсыныс түскенде іркіліп қалмай бірден келіскенімнің себебі де сонда.

Жақсының есімі жүзінен бұрын білінеді ғой. Ағамыздың есімін бұрын да естіп жүрдік. Көшелі мұғалім деп естиміз. Жан-жағына нұрлы сәулесін шашып жүреді деп естиміз. Сырттай сүйсінеміз. Тілеуқор болып жүреміз.

Сол ағамызбен жүздесудің сәті сонау 1990 жылы түсті. Ол тұста Ақадырымыз өз алдына аудан болатын. Анау - мынау емес, дүрілдеп тұрған

аудан еді. Елордада өтетін жиындардың өзі бізде өтіп жатады. Басымыз тектен текке қосылмайтынын осыдан-ақ аңғаруға болар. Ондай жиындардан алдын ала құлағдар болып отырар едік, қапы қалмайық деп дайындалар едік.

Сондай бір алқаулы жиын өзіміздің Ақжал кентінде өтетін болды.

Бұл Ақжал кентінің дүрілдеп тұрған кезі. Ақшатаудан кейін тұрған қалашық. Мұнда да бәрі бар. Өйткені ол Мәскеудің назарында. Мәскеудің қамқорлығында. Соған орай оның басшылары жергілікті басшылықтың сөзін жүре тыңдайды.

Бұл кепті Мәжит ағамыздың да бастан өткергенін естіп-біліп отырдық. Білгенде сөзін өткізеді деп естимыз. Естиміз де разы боламыз.

Мен ол тұста Кәрім Мыңбаев атындағы шаруашылықтың директорымын. Бұл семинар-кеңеске өзімде өтіп жатқандай қуандым.

Ақжалмен өзімізді салыстыра қоюдың жөні жоқ. Сонда да күпірлікке барамыз, бізден қай жері озып тұр екен дейміз. Озатын жөні бар, өндірісті орын ғой. Содан да көруге асығамыз.

Ағамыз баршамызды жылы жүзді қарсы алды. Бірден ағалық танытып, бәрімізді үйіріп әкетті. Құлақ естігенді көз көрді. Ең алдымен байқағанымыз мұнда тазалыққа барынша мән береді екен. Шашау жатқан нәрсе көрмейсіз. Елдің қора - қопсысынан бұрын үйлері мен мұндалап тұр. Шарбақ іші жап-жасыл. Гүл шашып, төгіліп тұр.

Көшелері көгалдандырылған екен. Көңіліңізге қуаныш ұялатады. Қолыңа шелек алып, суландырғың келіп тұрады екен.

Мәжікең басқарып отырған кенттің типтік кеңсесі көңілімізден шықты. Мұндай зәулім кеңседе жұмыс істеудің өзі бір бақыт қой деп қоямыз. Мұндай кеңсе екінің бірінің маңдайына жазылмаған. Ол кезде аупартком Қасымбек Медиев ағамыз. Қаскең мен Мәжекеңнің көңіл жақындықтарын білеміз. Қарағандыда оқығандарында бір-бірімен жақын араласқан. Достық қарым-қатынаста болған. Соның жалғастығын көргендей боламыз.

Айтары жоқ, мұнда шынымен жұмыс бар екен. Жанды жұмыс Сессияларының күн тәртібіне өзекті мәселелер шығарылады екен. Шығарған мәселелерінің орындалысын қадағалайды екен. Қажет болса аудандық Кеңесті де ортақ іске араластырады екен.

Ағамыздың атқарып отырған жұмысына, жұмыс стиліне көңіліміз толып разы болып оралдық. Ол кісінің төраға тағында тегін отырмағанын сезіндік. Алғаш бетте ол кісіні төрағалыққа қимаған да едік. Өйткені елдің бәрі ағамызды білікті ұстаз деп танитын.

Мәжікең жұмысына тұщындық. Сол кездегі аупартком төрағасы Жұмағұл Серіков ағамыз өзінің оң бағасын берді.

Тұрып жатқан елді мекеніміз, жұмысымыз шалғай жатқанымен ауданымыз бір. Сондықтан да жолығысуымыз көп. Ол кезде жиналыс көп болатын. Түнді түнді ұрған не бір жиналыстар өтті ғой басымыздан.

Одан сырт елдегі торқалы тойда, топырақты өлімде кездесеміз. Ағамыз қашандағыдай ағалық қалпынан аспайды. Ығытына қарай біз де іні болып жығыламыз.

Жүрген жерімізде жақсы сөзімізді аяған жоқпыз. Ағамыздың жақсы істерін сол кездің өзінде әңгімемізге қосып отырдық. Өзімізге де, өзгеге де үлгі қылдық.

Бірақ шындықтан асып кете алмаймыз ғой. Біз үшін, біздің ұрпақ үшін Мәжікең мұғалім, ұстаз болып қалды. Біз ағамыздан дәріс алған жоқпыз, алдын көргеніміз жоқ. Бірақ көргендердің әңгімесіне қанықпыз.

Менің түсінігімде ағамыз ұстаз болып қалды.

Ағамызбен мейлінше жақындасуымыз 2003 жылдан басталады.

Керней бабамыздың кейінгі ұрпағы бірін бірі біліп жүрсін деп ата-бабаларының ерліктерін үлгі етейік деп, олардан алып қалған тәлім-тәрбиемізді осынау өскелең ұрпағымызға сіңіре берейік деп ас беруге бел будық. Алғашқы құрылтайымызды Қарағандыда өткіздік. Енді ел ішіне шығу керек болды. Содан Ақадырды бетке алдық.

Ақадырдағы құрылтайымызда ел ырғын болды. Аталы әңгіме өрбіді. Осы астың басы-қасында жүрген Болат Дүйсембаев, Төрехан Майбас, Мәжит Әбдіров, Семсер Смағұлов. Аманбек Әбдіханов, Иген Әрінов, Қанат Боранқұлов, Балтабай Игенов және басқаларымыз сөзімізді бір жерден шығаруға күш салдық.

Елдің екпіні тау қопарардай. Өткіземіз дейді. Ақадырда дейді. Тағы бір үлкен топ Қарасаздың бойында өткізейік дейді. Ал көпшілік Ақжалды құп көрген. Бұл кешегі Керней болыстығының оныншы ауылы орын тепкен жер. Оның үстіне Ақжалымыздың тасы ол тұста өрмелеп тұрған.

Мәжит ағамызбен одан әрі жақындасуымыз осы құрылтайда жалғасын тапты. Біраз әңгіменің тиегін ағытып, аттың басын жібердік. Сол құрылтайдан кейін біздер етене жақындасып кеттік.

Одан кейін қор жігіттерінің елге шығуы жиіледі. Шетке. Ақадырға, болмаса Жарыққа бет алғанда біздің үйге соғып кетуші еді. Тура жолдан бұрылып соққандарына разы болып қалушы едім. Содан жеңіл көлік ішінде кетіп бара жатқанымызды байқар едім.

Бұл біздің бір бақытты, шаттықты күндеріміз еді-ау.

Мәжікеңдер Қара бабаларына ас бергенде де ішінде болдым. Ал Қара баба басын қайтып қарайтқанда Қарағандыдан арнайы барып тұрдық.

Мәжит ағаның қолға алған елеулі ісінің бірі ел жадынан шыға бастаған

бабалардың қорымдары, жатқан жерлері еді. Дым болмағанда ел азаматтарына өзі жүріп белгі қойғызар еді. Сол аруақты бабаларымыздың жатқан жерлерін екінің бірі біле бермейтіні түсінікті. Алматы-Екатеринбург күре жолының біздің аумақты басып өтетіні белгілі. Сол бабаларымыздың жатқан жерін нұсқайтын белгілерді осы жол бойына орнаттырдық. Бұл да бір үлкен шаруа.

Мәжит ағаның әкеден жастай қалғаны белгілі. Әкесін өз қолымен қара жер қойнауына бергенімен, сол жерді кейінде дөп басу ағамыздың жанына кәдімгідей тыншу бермеген. Кейқуаттан сұрады, кейуанадан сұрады, салыстырды, салғастырды, бір барған жеріне он барды, ақыры әкесінің жатқан жеріне көзі жетті. Сөйтіп Аманқұл әкемізге ұмытылмастай ескерткіш тасын орнатты. Жатқан жерін кісі аяғынан жоғары етті.

Ағамыздың осынау жігерлілігі баршамызды ойлантып тастаған. Талай бауырлар осыдан кейін бұрын жүргізіп келген іздеулерін індетіп, ескерткіш белгілер соқты.

Әрине, бұлардың барлығы да білген адамға ауқымды шаралар.

Ал Бұқар жырау ауданының Керней ауылына барып ас беруіміз талай жұртты ұйқыдан оятты. Бір атаның өз аумағынан сырт барып ас беруі бұл, бәлкім, біріншісі болар. Бәлкім, бұрын да болған болар.

Содан да түсініспеушілік көп болды. Бұл өзі, жұқалап айтқанда, бәріміздің де жүйкемізді тоздырған шаруа болды.

Дауласа қоятындай ештеңе жоқ еді. Дау шығара қоятындай ештеңе жоқ еді Керней тауы тұр. Керней бұлағы тұр. Керней ауылы тұр.

Бұл өзі бір шұрайлы жер. Біздің бабаларымыз бұл жерде бостан бос ерулемеген екен. Орыс мұжықтары да біледі ғой қай жердің тусырап жатқанын. Содан осы Керней ауылына қадаларын қадайды. Қазақ баласы ол кезде отырықшы бола қоймаған. Содан жердің Керней атауы біртіндеп Корнеевкаға айналады.

Кернейлік ағайынға рахмет, сол кісілер тірлігін білдіріп, ауылдың атауын қайтып орнықтыруға күш салады. Не керек, Мәжит ағамыздың бас болуымен Корнеевка ауылынан шықпайтын болдық. Саналары рулық деңгейде қалып қойған, рушылдықтың келте намысына жығылған жандар да табылып, екі елдің арасына сына түсе бастаған ахуал пайда болды. Бұл жарамайтын еді. Біздер үшін, кейінгі ұрпақ үшін.

Әрине, ас бердік. Айтулы ас бердік. Оған аудан басшылығы қатысты. Қарапайым жұртшылық қатысты. Бабамыздың есімін сақтап қалуда, оны қайтып орнықтыруда еңбек сіңірген аталарымыз бен әжелерімізге құрмет көрсеттік.

Керней ауылына барып ас беру бізге онша салмақ салған жоқ. Алайда ас беру жолы күткендігімізден ұзарыңқырап, біраз елдің жүйкесіне тиді.

Оның ішінде Мәжит ағамыздың басына түскен салмақ нағыз батпан еді. Ағамыз соны көтере білді. Керней бабамыздың аруағы үшін!

Керней атаның өскелең ұрпағының жарқын болашағы үшін!

Алайда өз денсаушылығын берген еді.

Төрехан бауырымызша айтсақ:

- Бабасын сүйгені соншалық - денсаушылығын да берді...

Мұндай адамға қандай құрмет көрсетсек те жарасады.

Ақжалдан бір көше бұйыртсақ дейміз...

Қарағанды да ойда тұр...

Бұл енді алдағы күннің шаруасы.

***2019.***
***Қарағанды.***



**Өмірзақ қажы БЕКҚОЖА,**
*ҚМДБ Қарағанды өңірі бойынша өкілі және Қарағанды облысының бас имамы.*

***Өмірзақ Қазкенұлы БЕКҚОЖА 1958 жылы Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданында дүниеге келген. Алматы қаласындағы Дарын гуманитарлық университетінің (2005), Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университетінің түлегі (2013), теолог.***

***Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Қарағанды өңірі бойынша өкілі және Қарағанды облысының бас имамы (2013).***

***Қарағанды қаласындағы Тәттімбет атындағы музыка училищесінің кларнетте ойнау бөлімінде оқыған (1964).***

***Алғашқы діни білімді Жезқазған мешітінің жанындағы медреседе алып, Шымкент облысында жалғастырды. Кейін Меркі медресесін тамамдайды (1996).***

***Имамдық еңбек жолын Ақадыр кентінде бастап (1992), Қарағанды қаласындағы Бала қажы мешітінде наиб имам болады (2004). Қарағанды қаласының №1 мешітіне бас имам болып тағайындалды (2011).***

# ҚҰРМЕТТІҢ АДАМЫ

Өмірде жақсы адамдар қашанда болған ғой. Сол жақсылардың ішінде де жақсылары болған. Сол адамдарының есімдерін ілтипатпен ауызға алып, құрметті адам деген. Баланың құрметі болады, жардың құрметі болады, ағайын-туғанның құрметі болады, елдің құрметі болады.

Бүгінде «Құрметті азамат» деген атақ бар. Ел бұл атақты халықтық атақ деп біледі. Бұл біле білгенге үлкен атақ. Өкімет беріп жатқан шен-шекпеннен, орден-медальдан осы атақтың бәсі басым. Бұл еліне еңбегі сіңген еріне деген халқының құрметі деп білу керек. Мұндай атаққа екінің бірі жете бермеген. Әрине, мұндай атақ бесжылдықтар қорытындысымен берілмеген. Өкінішке қарай осы атаққа жөн-жосықсыз ұмтылушылар көбейіп тұр.Бәленбай жыл мал бақтым, бәленбай жыл трактор айдадым, ешкімнің ала жібін аттамадым деп жергілікті өкілетті органның табалдырығын тоздырушылар қаншама?Сөз жоқ, бұл кісілер де құрметке лайықты. Алайда мұндай атаққа құрметтілердің құрметтісі лайық болар.

Сол орден-медаль таққандардың бәрі бірдей төрде отыра бермеген. Ал әлгіндей құрметтілеріміз міндетті түрде төрде отырған. Олардың орыны - төр болған!

Еңбек торысына да құрметіміз бар, әрине. Еліміздің атын шығарып жатқан спортшыларымыз бен өнерпаздарымызға да құрметіміз бар. оларды көкке көтеріп, шашбаулап жатамыз. Әдетте бұл топтағы адамдарға ондай құрмет атаулы даталарда, еңбек мерекелерінде, ресми жағдайларда жасалады. Ал құрметтімізге жасалатын құрмет күнде жасалады.

Сондай құрметтімізге мен сөзсіз Мәжит аға Аманқұлұлын жатқызар едім. Бұл есімді бүгінде барша Арқа жұрты құрметпен атайды. Өйткені ол кісінің бұл өмірдегі еліме болсыншы деген ұстанымы, қазағыма болсыншы деген мұраты және кетер-кеткенше осы жолдан таймағаны кімнің де болса құрмет сезімін тудырмай қоймайды.

Қазір жұрт Мәжит ағамызды құрметтеп ғана қоймай өскелең ұрпаққа үлгі етіп ұсынып жатыр. Бәрі де сыйымды. Мәжит ағаға қандай құрмет көрсетсек те жарасады. Өйткені ағамыздың өзі өзге жұртқа құрметпен қарады!

Қандасым деп қарады, қарындасым деп қарады, қазағым деп қарады.

Мен соны сезінген көп інілерінің бірімін. Тәуелсіздік жылдарымен бірге елдің өміріндегі күрт өзгерістің үлкені имандылық жолына

бас ұруы еді. Әлі кеңестік күнденің босай қоймаған кезі ғой. Соған қарамастан ел ашқарақтықпен ертеңіне ұмтылды. Имандылық жолымен. Сондай көзсіз тірлік барша қазақ даласында басталған. Мұндай тірліктің артық-кем тұсы болып жатады емес пе? Дайын тұрған ештеңе жоқ еді. Ел имандылық үйін іздеген. Басталсын сонан. Клуб үйлері, партия тарап, оның босаған ғимараттары, тіпті жекелеген үйлер мешітке бейімделді. Әлгі ғимараттар жанынан азан шақыратын мұнаралар бой түзеп, көгілдір күмбездер көтеріліп жатты.

Ел енді сол мешіттеріне имам іздеп сабылды. Жоқ емес...Қаусаған шалдар болса да бар еді... Имам болыңыздар деген ұсыныс жасалды ол кісілерге. Алайда ол кісілер ондай ұсыныстан бас тартып жатты. Ол кісілердің түсінігінде имам болу деген сөз кінәратсыз болу деген сөз еді.

Жаназа шығаратын, тіпті құран оқитын адамы жоқ ауылдар жыртылып айырылатын. Алайда бар еді. Имандылық жолына түскен жастардың есімі біліне бастаған. Солардың қатарында мен де болдым.

Алайда біздің оқуымыз жоқ еді. Діни біліміміз таяз еді. Оның үстіне біздер кешегі партияның айтқанын істеп, айдағанына жүрген ұрпақпыз...

Елдің бізге деген құрметі әлі кемшін болатын.

Сол тұста құтқарушыларымыздай болып Мәжит ағаларымыз жетті. Кешегі істеген жұмысымызға қарамады. Кешегімізді кешегі күннің еншісіне қалдырды. Және сол пиғылдарын ел-жұртқа ашық көрсетті. Елінің құрметіне бөленген Мәжит ағаларымыз үлкен бастарын кішірейтіп бізге құрмет көрсетті.

Керней елі етек-жеңін жинаған көшелі ел. Еліне есімі білінген ардақтыларын, еңселі тұлғаларын ұлықтауда, олардың есімдерін кейінгі ұрпаққа қалдыруда көптеген шаруа тындырды. Жермен жексен болып кеткен бабаларының басын тауып қарайтты, ескерткіш белгілер қойды. Аштық нәубетіне ұшыраған бабаларының орнын тауып, қоршауға алды. Осы имани істердің басында қашандағыдай Мәжит ағамыз тұрды. Құран оқытып, дұға бағыштаған осындай шараларға бізді шақырып қатыстырды. Жолымызды ашып, баталарын берді. Осыдан кейін қалай құрметтемессің?!

Жас деген жоқ, шикі деген жоқ. Баспанаң жоқ деген жоқ, көлігің жоқ деген жоқ...

Мәжит ағалар бір ғана Ақжал ауылының, болмаса Қарабұлақ, болмаса Жұмыскер ауылының қамын жеп қоймай тұтас ел-жұрттың қамын жеген тұлғалар. Елдің берекесін қалай кіргізсек деп кеш жатып, ерте тұратын адамдар. Осы жолда уақыт шіркінмен есептеспеген адамдар. Бүгін Ақжалда жүрсе, ертеңінде Алматыда отыратын адамдар. Соның

барлығы өскелең ұрпақ камы. Осы ұрпақтың ертеңі жарқын болсыншы деген аталық тілеуі.

Асыл ағаның кейінгі он шақты жылы үнемі сапар үстінде өтті. Баяғының жортуыл батырларындай түн қатты. Сөйтіп, тарыдай шашыраған Керней атасы ұрпағының басын қосуда өлшеусіз еңбек сіңірді. Бұл еңбекті ештеңемен бағалауға келмес. Болса-елдің құрметімен бағалауға болар.

Жұбы жарасқан жандарды тауып қосылған деп жатамыз ғой. Мәжит ағамыз бен Қанай тәтеміз сондай жандар.

Қанай тәтеміздің қонақ күтуі қандай еді. Ақжалға барып қалсақ міндетті түрде үйге соғар едік. Ағамызға сәлем берер едік. Сондайда бір жарасымдылықты анық байқайтынбыз-ды. Ол - отбасылық жарастығы еді. Ағамыз тәтемізге құрмет көрсетсе, тәтеміздің құрметі одан да асып түсіп жататын.

Сол Мәжит ағамызға деген елінің құрметін біздер сезініп отырмыз деп айта аламыз. Мәжікеңнің өмірлік серігі Қанай апайымыз бақилыққа озғанда ел ырғын болды. Ал Мәжит ағамыз ақтық сапарына шыққанда келмеген Керней баласы қалмады-ау деп ойлаймын. Жаназа қатарының алдында тұрды. Осының барлығы құрмет. Мұнан үлкен құрмет болмаса керек.

Мәжит ағаға деген құрмет бұл бірдің құрметі емес, көптің құрметі, мыңның құрметі. Сол құрметімізді үзіп алмайық. Ыңғайын жасап Ақжалдан ба, Ақсу-Аюлыдан ба, болмаса Қарағандыдан ба, болмаса Керней ауылынан ба-бір көшені лайықтайық.

Бұлайша бір мен ғана ойлап отырмаған болармын. Қордың қазіргі басшылары ол жайтты ойластырып жатқан болар. Және нәтиже шығатынына сенемін. Осы қордың бұрынғы басшысы Жамбыл Ақылбаев атында мектеп, колледж бар, қор басшыларының тағы бірі Аманбек Әбдіханов атында волейболдан республикалық жарыс өтіп тұрады...

Міне, асыл ағаның артында қалған ұрпағы, ағайын-бауырлары естелік кітабын шығарғалы жатқанын естіп отырмыз. Жай ғана естіп қоймай аға-іні болып жақсы жүрген күндеріміздің өтеуінің кішкене ғана қайтарымы ретінде осы естелігімді түзіп отырмын.

Мәжит аға жөніндегі кітаптың ел қолынан түспейтініне сенемін. Өйткені Мәжит аға елдің баласы болды.

Ел жадында солай қалады деп білемін.

***21.05.2020.***
***Қарағанды.***



**Қазыкен МҮСІЛІМОВ,**
*ҚР Прокуратура саласының Құрметті қызметкері, Қарағанды облыстық прокуратура ардагерлері кеңесінің төрағасы.*

***Қазыкен Мүсілімұлы МҮСІЛІМОВ 1938 жылы Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының Сейфуллин совхозында дүниеге келген. ҚазМУ-дың түлегі (1962), заңгер. ҚР Прокуратура саласының Құрметті қызметкері.***

***Жаңаарқа, Ақадыр аудандарының, Қаражал қаласының прокуроры, Жезқазған облыстық прокуратураның тергеу басқармасының бастығы, Қарағанды облысы прокурорының бірінші орынбасары қызметтерін атқарды.***

***Бүгінде облыстық прокуратура ардагерлері кеңесінің төрағасы.***

## МЕН БІЛЕТІН МӘЖІКЕҢ

Қызмет бабымен 1978 жылы Ақадыр ауданына прокурор болып ауыстым. Бұрын Ақадыр ауданы Жаңаарқа ауданының қарамағында болғанда жұмыс бабымен барып тұратынбыз. Ол кезде Ақадыр аудан емес, Жаңаарқа ауданына қарайтын кент болатын.

Ақадыр ауданына Ақшатау, Ақжал және Қайрақты кеніштері бағынатын.

Қызмет бабымен Ақжалға бірінші рет барғанда Мәжікеңнің кабинетіне барып сәлем бердім, ол кісінің бір жастай үлкендігі болатын, екіншіден ол кісінің жұбайы жерлесім, Жеңіс совхозының тумасы еді, көп жылдар бойы сол жерде мұғалім болып қызмет жасады.

Сонан танысып, араласып, сыйласып, үйлерінде қонақта болып, Қанай ананың қолынан дәм татып едім. Ол кісі біздің Жаңаарқа ауданының қызы еді. Жаны жайсаң мұғалім болып Мәжікеңмен қатты сыйласып, екеуі Нұрлан, Ерлан, Нұрғалым, Шахатбек атты балаларын тәрбиелеп өсірді.

Нұрғалым ержетіп өскеннен кейін, қандай оқуға түсетінін менімен ақылдасып, мен ақыл беріп, заңгер болуына тілектес болып, Мәжікеңмен жылдасып, батамды беріп едім. Сол менің батам қабыл болып, Алла

қолдап лауазымды қызметте адал еңбекпен атқарып жүр. Ақтөбе, Шымкент облыстарында прокурор болды. Қазір Жамбыл облысында қызмет атқаруда. Нұрлан Парламентте депутат қызметінде, Шахатбек Қарағанды облыстық сотында алқа төрағасы қызметінде әділеттік үшін еңбек етіп жатыр. Балалардың кішіпейілділігі, мәдениеттілігі, білімділігі ел-жұртқа белгілі. Алла оларды тіл-көзден сақтасын.

Мәжікең ауырып қалғанда балалардың жасаған жақсылығы, күтімі, емі ерекше болды. Қолдан келгеннің бәрін жасады. Мәжікең қолдарында тұрғаннан кейін Қанай ана қайтыс болғаннан соң, Шахатбектің жұбайы барлық ауыртпалығын көтеріп, тәрбиесі, ақылы, парасаты бар келін екендігін көрсетті. Ағайын,туыс, барлық ел, таныстар қандай риза болды. Барлық алғысымызды жаудырып бақтық. Болашақта Мәжікеңнің өсіп келе жатқан немерелері осындай сый-құрметті өз ата-аналарына көрсетуді нәсіп етсін.

Еске алмауға, айтуға-айтпауға болмайтын жағдайдың бірі - бәріміз әке-шешеден тудық қой, інілерімнің Мәжікең қартайғанда, ауырып қалғанда алақандарына салып мәпелеп күтуі күллі ұрпаққа үлгі. Әсіресе Шахатбектің үйіндегі келінім Майгүлге ризалығымды білдіремін.

***01.06.2020.***
***Қарағанды.***



**Мағауия САТЫБАЛДИН,**
*ауыл шаруашылығы саласының Құрметті ардагері,*
*Шет ауданының Құрметті азаматы.*

***Мағауия Медетбекұлы САТЫБАЛДИН 1942 жылы Қарағанды облысы Шет ауданының Ақсу - Аюлы селосында дүниеге келген. Еңбек ардагері, қалам қайраткері. Целиноград ауыл шаруашылығы институтынын түлегі (1964). Шет, Ақадыр аудандарының кеңшарларында бас инженер, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бас инженері, кеңшар директоры, аудан әкімінің орынбасары - аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы, ҚР Ауыл шаруашылығы***

*министрлігінің Шет аудандық аумақтық басқармасының бастығы қызметтерін атқарған (1964-2007).*

*Шет аудандық Мәслихатының депутаты және аудандық Мәслихаттың тексеру комиссиясының төрағасы болып сайланған (2007-2012)*

## ӨМІРІ - ӨНЕГЕ

Әр ортаның үлгі етіп, өнеге тұтатын, қара тартып алда жүретін шоқ жұлдыздай ағалары болатыны аян. Данышпан Абайдың: «Алдыңғы толқын ағалар, кейінгі толқын інілер, кезекпенен бөлінер, баяғыдай жерінер» дегеніндей сол ағаларымыз бір отбасының ғана емес, өңір халқына тұлға болған өрісі биік азаматтар еді. Олардың әрқайсысының өмір жолы, кейінгіге көрсеткен үлгі-өнегесі бар. Сол алдыңғы толқынның бірі, бөлекше біткен кескін-келбетіне қарай, білім-білігі ерен, біз секілді орта буынға көшбасшы болып, өнеге көрсеткен, қамқоршы болып, қатарына алып жүрген асыл азамат Мәжит Аманқұлұлы Әбдіров еді.

Мәжит ағамен бір ауданда туып-өсіп, бір мектепте білім алдық. Еңбек жолымыз да сол ауданда өткендігінен, ол кісінің өзіме мәлім, кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық өнегелі өмір жолы жайында әңгіме өрбіткенді жөн санадым.

Мәжит аға кең даланы аштан өлген адамдардың сүйегіне толтырған ұлы нәубет аяқталып, елде біршама тыныштық орнаған 1936 жылы Шет ауданының Нілді ауылында жарық дүние есігін ашады. Саяси қуғын-сүргін өріс алған кезеңде емшек жасындағы сәби болғандықтан, ол шақтың ызғарын сезінген жоқ. Бірақ Ұлы Отан соғысы жылдарының ауыртпалығын ойын баласы болса да сезініп өсті. Алапат соғыс жылдарында ауылдағы сорлы халықтың «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» ұранымен күндіз-түн демей, жан аямай, жанқиярлықпен еңбек еткені шындық.

Аманқұл әкесі әуелгі жылдары соғыстан броньмен қалдырылып, тылда майдан вахтасына теңгерілген ауыр еңбек вахтасында жұмыс істеген. Сол ауыр еңбекте жүргенінде ауруға шалдығып, 1943 жылы небәрі 42 жасында өмірден озады. Сол шақта бар-жоғы жеті жасында әкесінен айырылған Мәжит анасы Шоқыға көмектесіп, бұғанасы қатаймай жатып ауыр еңбекке өзі де араласады.

1945 жылдың көктемінде сұм соғыс жеңіспен аяқталды дегенмен соғыстан кейін елдегі күйзелген шаруашылықты қалпына келтіру кезеңі

де ауыр жылдар болғаны белгілі. Сондай қиын заманда аянбай еңбек етіп, шыңдалып өседі. Мектептегі оқуын да озат оқушылар қатарында жақсы оқып жүреді.

Мәжит аға жоғары сыныпта оқыған шағында үлгілі оқушы болуымен қатар, сыртқы бет-бейнесі, киім киісі, жүріс-тұрысы төменірек сыныптарда оқитын біздерді қызықтыратын, соларға ұқсағымыз келетін.

Сол жылдары мектепте ұстаз болған Шәукей Жұқанұлы кейінде жазған «Алаштың азаматтары» атты естелік мақаласында: «1953-1954 оқу жылында оныншы сыныпты, ішінде Тохметов Саят, Ордабаев Тұрсын, Әбдіров Мәжит, Қапасов Балтабай, Байсарин Адалбек, Кәрібеков Қапас, Сүлейменов Рымқұл және т.б. оқушылар бар, барлығы 35 бала бітірді. Ол кездері балалардың оқуға деген ынтасы жоғары, бәрі де жақсы оқуға тырысатын. Солардың көпшілігі жоғарғы оқу орындарында білімдерін шыңдап, халық шаруашылығында жемісті еңбек етіп, еліміздің танымал азаматтары болды» дейді.

Ұстазының айтқанындай Мәжит аға сол жылы Қарағанды қаласындағы growinginstitut педиинституттың математика факультетіне оқуға түскен-ді. Басқа пәндерге қарағанда математика қиындау пән екені белгілі. Бірақ ол қиындықты жеңіп, жақсы оқып жүреді.

1959 жылы институтты ойдағыдай бітіріп, еңбек жолын Шет ауданы орталығындағы орта мектепте ұстаздықтан бастады. «Ұстаздық қылған жалықпас, үйретуден балаға» деп данышпан Абай айтқандай ерінбей, жалықпай бар қарым-қабілетімен балаларға сапалы білім, саналы тәрбие беруге ұмтылады. Терең білімді, білікті ұстаздардың бірі болады. Көптеген шәкірттер тәрбиелеп шығарады.

«Жолы болар жігітке, жаны жайсаң ару кездеседі» дегендей Мәжит ағаға жар болу бақыты кезінде институтта қатар оқыған Қанай есімді қызға бұйырады. Келбетінен де, істеген ісінен де даналық пен көргенділіктің лебі сезілетін Қанай жеңгеміз - ағамыздың жан серігі, ауыл-елдің өнегелі келіні болуымен қатар мектепте ұлағатты ұстаз да болды.

Бірер жылдан кейін Мәжит ағаның біліктілігі мен жұмысына тиянақтылығы ескеріліп, мектеп директорының оқу ісі бойынша орынбасарлығы қызметіне жоғарылатылады. Осы қызметін кейінде ауданның Қайрақты кентіндегі орта мектебінде жалғастырады.

Біршама тәжірибе жинақтаған Мәжит ағаны аудан басшылары 1971 жылы ауданның Ақжал кентіндегі орта мектептің директоры қызметіне ауыстырады. Бұл қызметін үлкен абыроймен атқарады.

Қандай да қызметті болсын үлкен жауапкершілікпен атқаратыны, қабілеттілігі мен іскерлігі аңғарылып, аудан басшылары Мәжит ағаны

1975 жылы сол кент Кеңесінің төрағасы қызметін атқаруды жүктейді. Мұндағы өндіріс орны-кеніш сол жылдары аудандағы үлкен қарқынмен жұмыс істеп тұрған кеніштердің бірі болатын. Сонда кеніш директоры қызметін атқарған С.Рақымжанов, С.Қойшанов, кейінде М.Бадановтармен бірлесе отырып, кентті көркейтіп, сәулеттендіруге, әлеуметтік саланы жақсартуға бағытталған көптеген жұмыстарды атқарады. Аудан басшылары И.А.Колбасин мен Қ.Медиевтер ауданда өтетін бас қосуларда, сол Ақжал кентінде атқарылып жатқан игі іс-шараларды басқаларға үлгі ретінде мақтап, мадақтағанын естіп отыратынбыз.

1991 жылдың аяғында еліміз алғаш егемендік алған жылдары экономикалық дағдарыстың болғаны шындық. Кенттегі кеніштің жұмысы тоқтап, бар жұмысшылары жұмыссыз қалғанды. Бюджет қаржысының тапшылығынан зейнетақы, мектеп мұғалімдері мен емхана дәрігерлердің жалақылары, балалардың жәрдемақылары бірнеше айға кешіктіріліп төленетін.

Осындай қиын кезеңде кент әкімі Мәжит аға кенттегі ұжымдар арасына жиі барып, бұл өтпелі қиын кезең екенін, мұндай қиыншылықтардың болатынын түсіндіріп, тұрғындарды сабырлыққа, шыдамдылыққа шақырып, жуық арада кентте оңтайлы ахуал қалыптасатынына сендіріп, тыныштандырғанын кент жұртшылығы жақсы біледі.

Көп ұзамай өндірісті жүргізуге шетелден қарымды кәсіпкерлер (инвестор) табылып, бұрын Ақшатау комбинаты құрамында болған Ақжал кеніші өз алдына бөлініп, жеке өндіріс ошағы - «Жаңа Мырыш» деп аталып, жұмысшыларын қайыра жұмысқа қабылдап, өндірісте ырғақты жұмыс қалыптасады. Бірте-бірте әлеуметтік сала да оңала бастайды.

«Еңбегіне қарай - құрметі» демекші Мәжит аға еліне сіңірген еңбегі үшін үкімет медальдарымен және республика, облыс, аудан басшыларының Құрмет грамоталарымен марапатталған. Бірнеше рет аудандық, кенттік Кеңес депутаты болып сайланған.

Әуелі кент Кеңесінің төрағасы, кейінде кент әкімі деп аталған осы қызметін үлкен абыроймен барлығы 21 жылдай атқарып, Мәжит аға 1996 жылы Құрметті зейнет демалысына шығады. Айта кетерлігі, кейінгі қызметін соншама ұзақ жыл атқаруының өзі, ол кісінің үлкен қабілет иесі екенін аңғартса керек.

Ал, зейнет демалысына шыққаннан кейін де қол қусырып, әрекетсіз бос отырып қалмады. Кенттегі ақсақалдар алқасына мүше болып, қоғамдық жұмыстарға белсене араласқан-ды.

Сол жылдардағы Елбасымыз Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Өскелең ұрпақтың өз ата-бабаларының тарихын

білуі маңызды» деген ұлағатты сөзін басшылыққа ала отырып, өз ата-бабалары тарихын зерделеп ұлықтау мақсатында Қаракесек руынын Керней атасының (Мәжит аға руы) білікті, қабілетті азаматтары бас қосып, «Көкбөрі Керней баба» қоғамдық қайырымдылық қорын құрады. Қайырымдылық қордың алғашқы президенті академик Жамбыл Ақылбаев және қордың ақылдастар мүшелері болып: Мәжит Әбдіров, Әділ Бәкіров, Аманбек Әбдіханов, Балтабай Игентегі, Төрехан Майбас, Мира Макатшина және т.б. елге танымал азаматтар сайланып, жұмыс істей бастайды.

Осы қайырымдылық қор ақылдастар мүшелерінің ұйытқы болуымен атқарылған іс шаралардың басты-бастыларына тоқтала кетейін.

Бірінші кезекте атқарылған жұмыс, өткен Кеңес үкіметінің жүргізген солақай саясаты әсерінен, ұмыт болуға айналған ата-бабаларының бірқатарының мазарларын анықтап, бастарына құлпытастар қойылады. Одан кейінгі, маңызды бір іс-шараны іске асыру үшін біршама дайындық жұмыстары жүргізіліп, 2005 жылы 6 тамызда әуелі Ақжал кенті тұсындағы үлкен асфальт жолы бойына жақын Шаманың шоқысына Керней бабаның ескерткіші қойылып, артынан Ақжал кенті жанындағы Бәйгітөбе етегінде көптеген киіз үйлер тігілген жерде Көкбөрі Керней батырдың құрметіне ас беріледі.

Мәжит аға 2007 жылы аталмыш қордың президенті болып сайланады да, біріктіру жұмыстарды жүргізуді жалғастыра береді.

Керней баба ұрпақтарының келесі бір атқарған ауқымды жұмысы облысымыздың Бұқар жырау ауданындағы «Корнеевка» деп аталып келген елді мекен өңірі, бұрындары Керней баба ұрпақтарының өмір сүрген жері болғандығын дәлелдеп, аудан басшылары мен жергілікті тұрғындарға түсіндіріп, бұл жердің атауын «Керней ауылы» деп атауға келістіреді. Артынан 2011 жылдың 24 шілдесінде Бұқар жырау ауданының орталығы Ботақара кентінде Корнеевка ауылының ақсақалдары мен ауыл азаматтарын және аудан басшыларын шақырып, Көкбөрі Керней бабаларына арнап ас береді. Әрине, бұл өте ауыр жұмыс, қор мүшелерінің қарым-қабілеттіліктерінің арқасында көптеген қиыншылықтармен іске асқаны белгілі.

Тағы бір атқарылған сүбелі жұмыс - Керней руының Шаң атасына жататын Бәйтікұлы Қара би кесенесінің жаңартылуы. XYIII-X1X ғасырда өмір сүрген тарихи тұлға Қара Бәйтікұлы Керней болысының алғашқы билеушісі болуымен қатар, Омбыда фельдшерлік білім алып, ол кезде ел арасында кең тараған жұқпалы аурулармен күресті ұйымдастырған адам. Ауданның Тағылы ауылдық округі жерінде Қайрақты өзенінің бойындағы

Қара бидің тозып тұрған кесенесі облыстық «Сарыарқа» тарихи-мәдени орталығының күшімен 2016 жылы жаз айында қайта жаңартылған-ды.

Назар аударарлығы, Мәжит ағаның әкесі Аманқұл текті жерден шыққан, оқымаса да ойға терең, ақылға жүйрік жан болған. Ата-тек шежіресі бойынша Бәйтіқұлы Қара би осы кісілердің тікелей бабасы болып келеді. Халқымыздың «Тектіден текті туады, тектілік тұқым қуады. Тектілігі тектінің әрқашанда биіктен көрініп тұрады» деген аталы сөзінің ақиқат болмысына иланасыз.

Ауру мен ажал айтып келмейді. Бабаларын ұлықтау жұмыстарының бел ортасында жүрген Мәжит аға 2011 жылдың жазында ойда жоқта жүрек талмасына (инсульт) ұшырады. Біраз емделгенімен оңала алмай төсек тартып жатып қалды. Ауырып жатса да Керней бабасына байланысты атқарылып жатқан жұмыстардан хабардар болып, ақыл-кеңесін беріп отырды.

«Заман - соққан жел» деп ұлы Абай айтқандай өмір тек қуаныш-қызықтан тұрмайтыны белгілі. Жығылғанға жұдырық дегендей елу жеті жыл бірге жасасып келе жатқан асыл жары, балаларының аяулы анасы Қанайдың 2017 жылдың күзінде өмірден озуы, өзі науқас Мәжит ағаға қатты батқан-ды. Тағдырдың жазуына не шара, шыдап, қайғыға төзіп, көтере білді.

«Дүние қарап тұрсам шолақ екен, адамдар бұл өмірге қонақ екен» дегендей қанша айтқанымен Мәжит ағаның сегіз жыл төсек тартып, ұзақ ауырғанынан әлсіреген асыл жүрегі 2019 жылдың қыркүйек айында соғуын тоқтатқан еді. Бүкіл ел болып ақырғы сапарына шығарып салдық.

Өмір - өнегелі ұрпағымен мәнді. Мәжит аға мен Қанай жеңгей екеуі алтын асықтай төрт ұлды дүниеге әкеліп, тәрбиелеп өсірді. Дана халқымыздың «Таудан аққан тас бұлақ теңізіне тартады, жақсыдан туған жас ұлан негізіне тартады» дегеніндей балаларының бәрі де алғыр ойлы, зерек ұғымды, зерделі азамат болып ержеткен. Олар қазіргі күнде Мәжіліс депутаты, облыс прокуроры, сот төрағасы, кәсіпкер сынды жауапты міндеттердің ауыр жүгін арқалап, тәуелсіз еліміздің өркендеп дамуына өз үлестерін қосып жүрген азаматтар.

Халқымызда «Жаны жайсаң адамдар байлық жинамайды, өздері байлыққа айналады» деген тәмсіл сөз бар. Бар ғұмырын ел ісіне арнаған Мәжит аға, ұлылар тізіміне енбей-ақ, қайраткерлер қатарын толықтырмай-ақ, қоңырқай ғана тірлігімен, қарапайым ғана болмысымен, Абай айтқандай «Толық адам» болып, ел жұртының көңіл төріне бекініп алған кісінің бірі. Қанағатпен түйінделген өмір деп осындайда айтылса керек.

Мәжит ағаның кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық өнегелі өмір жолы туралы шағын мақалада барлық жайтты қамту мүмкін емес, толықтырып жазу келешектің еншісінде.

Уақыттың үнемі қозғалыста болатыны белгілі. Міне, Мәжит ағасыз бір жылымызды да артқа тастаппыз. Бірақ, ағамыздың өзі болмаса да. «Жақсының ісі - ғибрат» дегендей ол кісінің атқарған істері, үлгі-өнегесі көз алдымызда.

Ағамыздың жатқан жері жарық, алды пейіш, арты кеніш болғай. Асыл ағамыздың жарқын бейнесі жадымызда мәңгі сақталады.

***06.06.2020.***
***Қарағанды.***



**Жұмағұл СЕРІКОВ,**
*бұрынғы Ақадыр ауаткомының төрағасы.*

***Жұмағұл Серікұлы СЕРІКОВ Қарағанды облысының Шет ауданында дүниеге келген. Ауыл мектебін бітіргеннен кейін Қарағанды политехникалық институтының инженер-экономист мамандығын алып шығады. Еңбек жолын 1961 жылы Қарағанды қаласындағы «Отделстрой» құрылыс басқармасында балташылықтан бастайды. Институтты аяқтағаннан кейін 1986 жылы «Қарағандыжолқұрылыс» тресіне ннженер-экономист болып орналасады.***

***Одан кейін отбасылық жағдайына байланысты жұмысын Шет аудандық ауылшаруашылығы басқармасында инженер-құрылысшы болып жалғастырады.***

***1970-75 - жылдары Шет аудандық ауатком төрағасының орынбасары болып істейді.***

***1977 жылы Жоғары партия мектебін аяқтағаннан кейін Жезқазған облыстық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінде нұсқаушы болады.***

*1980-99 - жылдары Ақадыр аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, кейін аудандық атқару комитетінің төрағасы болып қызмет істейді.*

*Кейінде Қарағанды облыстық Мәслихаттың аппарат жетекшісі болды.*

## ҰСТАЗҒА ШӘКІРТТІК ПАРЫЗ

Ата - Ана - Ұстаз бір ұғым ғой. Ата - Ананың тәрбиесін мектепте ұстаз жалғастырады. Менің мектептегі ұстазым Мәжит Аманқұлұлы. Біздің класқа математика, физика пәндерінен сабақ берді, класс жетекшіміз болды. Мәжит ағай класс жетекшісі ретінде балаларға өте жақын, ашық болды. Бізді алдыңғы белестерге қалай жету керек, қалай өту керек деген мағынада ашық әңгімелер ұйымдастырып отырды. Өзінің басынан өткен тәжірибесі, жетістіктерімен бөлісетін. Мәжікеңнің үйі мектепке жақын болатын, сол үйде жатып менімен бір класта оқитын Сырым деген бала екеуміз мектептен бірге қайтатынбыз да мен әрі қарай үйге кететінмін. Сол кезде Қанай жеңгеміз кішкентай баласын есік алдына таза ауаға шығаратын. Жолдасым екеуміз жеңгейден «мұғалім, бізге бере тұрыңыз» деп баланы сұрап алып кезек-кезек көтеретінбіз. Мектеп жақтан келе жатқан Мәжікеңді көріп жеңгеміз «ағаларың келе жатыр, баланы маған беріңдер» деп қайтып алатын. Мәжікең қасымызға келіп «екеуің не жоспарлап тұрсыңдар, сабақтарыңа дайындалыңдар» деп өз тапсырмасын айтатын.

Маған Мәжит ағайдың үйі бұрыннан таныс еді. Менің Игісін әкемнің үлкен баласы - ағай Сәрсенбай ертеде Шоқаңның қолында мектепте оқыды. Жақындығымызды содан білуші едім. Мәжікеңнің өзі айтып еді, әкейдің немере інісі сіздерге жиен болады деп. Мектепті бітірген соң әрқайсымыз өмір жолымен жан-жаққа кеттік. Оқу бітіріп, маман болдық. Шетке келіп мамандық бойынша аудандық ауылшаруашылық басқармасында құрылыс бөлімінде инженер - құрылысшы болып қызмет еттім, кейін аудандық партия комитетінде өндіріс бөлімінде, аудандық атқару комитетінде орынбасар болып еңбек еткеннен кейін Жоғарғы партия мектебіне жіберілдім.

Жоғарғы партия мектебінен кейін Жезқазған облыстық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінде үш жылдан астам қызметте, оған қоса партия ұйымының хатшысы болдым.

Облыстық партия комитетінің шешімімен 1980 жылы Ақадыр ауданына екінші хатшылық қызметіне келдім.

Ақадыр ауданы ауылшаруашылығынан өндірісі басым, тек облыста ғана емес, республикамыздағы күрделі аудан. Сол өндіріс жағы екінші хатшы ретінде маған тиесілі еді.

Аудан бойынша өнімнің тоқсан пайызы өндіріс, он пайызы ауылшаруашылығы үлесіне тиетін. Оған қоса 1986 жылдан бастап Жоғарғы Қайрақты кен орнын игеру жұмыстары басталды да сол себепті ауданда бірнеше құрылыс трестері құрылып, ауданда құрылыс көлемі облыстың қырық жеті пайыз көлемін ұстады.

Ақадырға келгенде ұстазым Мәжит Аманқұлұлымен қайта қауыштым. Ол кезде Мәжікең Ақжал кен орны, Ақжал кентінің кенттік Советі атқару комитетінің төрағасы қызметінде екен. Ол кезде Одаққа белгілі үлкен кен орны - Ақжал Ақшатау кен байыту комбинатының ең басты өндіріс құрамы еді, комбинаттың 65 - 70 пайыз өндіріс өнімін беретін. Қалған 30 - 35 пайызын Ақшатаудағы Оңтүстік - Шығыс, Қайрақты, Жамбыл кеніштер беретін.

Бірінші кездескенде толық жағдайды айтып білістік. Басында Ақжалда мектеп директоры, кейін аудандық партия комитетінің шешімімен кенттік атқару комитетінің төрағасы қызметіне сайланған екен. Осы қызметті жиырма жылдан астам уақыт-зейнеткерлікке шыққанша істеді. Бұрын аупарткомда жүргенде де, кейін ауатком төрағасы болғанда да жақсы қатынаста бірге қызмет атқардық.

Бала кезімізден жүректен орын алған сыйлы адам Мәжікеңе деген ілтипатым өзгермеді, ұстазым ретінде кішірейіп тұру мен үшін ереже болды. Қатты сыйластық. Жұмысы да жақсы болды. Ақадырға келгенде соқпай, не сөйлеспей кетпейтін. Кейде менен бұрын барып «Жұмағұл, не шаруа, мен үйде отырмын» дегенде ұшып жетіп келетінмін. Осындай отырыста жұмыс, өмір тіршілігіндегі ахуалдар туралы әңгімелесетінбіз. Менің үлгермей жатқан, немесе каттылау кеткен жерлерім болса ашық айтып, ұсынысын айтатын. Ол шәкіртіне деген қамқорлығы, сыйластығы ғой, мен солай түсінетінмін ұстазымды.

Мәжит ағамыздың халық көңілінен шығуы өзінің кәсіби мамандығы - педагогтығы көп әсер етті. Кенттің және үлкен өндіріс құрылымының басшысы ретінде халыққа жалпылай емес, әрқайсына, оның жұмыс бабына тұрмыстық жағдайына, жалпы көңіл-күйіне ерекше көңіл бөлетін де жұмыс бабында осының бәрін ескеретін. Сондықтанда шығар Мәжікеңді халық зейнеткерлікке шыққанша жібермей ұстағаны. Ағамыз халық алдында беделді, жұмысқа ширақ, қабілетті болды. Кенттің әлеуметтік мәселесі ғана емес, өндірістік-технологиялық жұмыстарына дейін жетік білікті болды.

Мәжит Аманқұлұлы жұмыс бабында жаңашыл, бастамашыл болды. Ақжал кентін көркейтуде көп жұмыстар жүргізді. Ақжалдың қазіргі көркейіп тұруында ағамыздың үлесі айтарлықтай. Көшесін көркейту, асфальттау, үйлер салғызу, мектепті күрделі жөндеуден өткізу, жаңа мектеп корпусын салғызу, тағы сол сияқты күнделікті тұрмыстық халыққа керекті мәселелер кенттік Советтің белсенділігімен іске асты. Басқа да өзекті мәселелер халықтың қатысуымен (сходтарда) талқыланып, оған басшыларды қатыстырып, ақылдасып шешіліп отырды.

Осындай халықпен тығыз байланыста болғаны елеусіз қалмады. «Ақжал кенттік Советінің халықпен жұмыс жүргізу іс-тәжірибесі» деген тақырыпта тәжірибе алмасу мақсатында кенттік Советтердің облыстық семинары өтті.

Ақжалда аудандық, облыстық Советтердің депутаттары мен кеншілерді, кент тұрғындарын кездестіру әдеттегі тәжірибеге айналды. Кенттік Советтің депутаты Әжібжан Төкенұлы Жанасбаев КСРО Жоғарғы Советіне облыс атынан депутаттыққа сайланды.

Бұл да кенттік Советке, оның төрағасы Мәжит Аманқұлұлына қосымша әбүйір, көрсетілген сенім, артылған үлкен жауапкершілік және басқаларынан артықшылығы да еді.

Осы қысқаша айтқаным ағамыздың жұмыс бабындағы болмысы еді. Одан басқа да, арттағы жас ұрпақтарға керекті көптеген қоғамдық жұмыстар жүргізді, жасы ұлғайып қалған ағамыз арттағы ұрпақтар алдындағы жауапкершілігін қатты сезінді. Партияны желеу етіп орыстанған заманда елеусіз қалған, тиісті дәрежеде өскелең жас ұрпаққа уағыздалмай қалған бабаларымызды ұлықтауға ерінбей ұзақ жылдар еңбек етті. Оны азаматтар жазып та, айтып та жатқан шығар. Жазықсыз кеткен боздақтардың ізін іздеді. Тапты да. Репрессия жылдары айдалып кеткен әкесінің інісінің атылған, жерленген жерін тапты, ас берді, белгі қойылды. Көңіліндегі түйткіл болып жүрген түйінді шешті, балалық, бауырлық парызын өтеді. Мәжит Аманқұлұлының тікелей қатысуымен ағамның жерленген жерін тауып, ас беріп, белгі қойып, қоршап маған інілік парызымды өтеуге көмектесті.

Не айтуға болады? Жанымызда жоқ. Бақилықта. Жатқан жерің жарық, топырағың торқа болсын, Алла иман байлығын бергей демекпін ұстазымызға.

***07.02.2020.***
***Қарағанды.***



**Аман ТҮСІПХАНОВ,**
*мемлекеттік қызмет ардагері,*
*Шет ауданының Құрметті азаматы.*

***ТҮСІПХАНОВ Аман 1940 жылы Қарағанды облысы Шет ауданының онышы ауылында дүниеге келген.***

***Алматы зоотехникалық - мал дәрігерлік институтының түлегі, оқымысты - зоотехник (1963).***

***Шет ауданының Құрметті азаматы.***

***Ақшатау, Қарабұлақ совхоздарның бас зоотехнигі, Орджоникидзе совхозының экономисі, бас экономисі (1963-1975), Шет ауданы ауылшаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары, бірінші орынбасары (1975-1982), Ақшоқы кеңшарының директоры (1982-1987), Шет ауданы агроөнеркәсіп бірлестігінің экономика жөніндегі орынбасары (1987-1995), аудан әкімінің экономика комитетінің төрағасы, аудан әкімінің бірінші орынбасары (1995-1997) қызметтерін атқарды.***

***Бірқатар марапат иегері.***

## ОНЫНШЫ АУЫЛДЫҢ БАЛАЛАРЫ ЕДІК

Ол кезде ауыл да, кент те бар. Ақшатау өндірісті аймақ болғандықтан мұндай елдімекендер баршылық еді. Бірақ осы өңірді мекендеушілердің аузынан оныншы ауыл деген сөз түспеуші еді. Үлкендердің шай үстіндегі әңгімелері бастапқы арнасынан ауып, ең соңында айтып отырған оныншы ауылға барып тірелуші еді. Ең ғажабы сол - оныншы ауылды үлкен құрметпен ауызға алатын. Сол жағырапиялық картада жоқ ауылды үлкендер салған сораппен біздер де санамызға сіңіре бастадық.

Білсек оныншы ауылымыздан талай оқымыстылар шығыпты. Небір шайырлар шығыпты. Небір емсектер шығыпты. Басқа жұрттар бай-

бағыландарымен шаттанушы еді, біздікілер қалай деп қоямыз. Сөйтсек, біздің бабаларымыздың жаяу жүргені болмапты. Айтып отырған оқымыстыларымыздың барлығы да бай-бағылан, қаракөктің балалары екен. Олар ауыл ішінде оқымай, оқу іздеп алысқа ұзапты. Дияқажылар Түркияға барып оқыса, Қаралар Омбыға барып білім алыпты. Құлжанбек болыстың бір баласы айырпланның оқуын оқыған дейді. Өпенің «Ғалия» медресесін кемі үш-төрт көкелері бітіріпті.

Сол оқымысты бабалар қайда десе үлкендер жағы сыбырлағандай қылып, атылып кетті дейтін күрсініп. Мұның өзі санамызға сансыз сауал алып келген еді. Оқығанды мақтайды, үлгі-өнеге тұтады, неге екені белгісіз сол құрметтілерін атып тастайды, не болмаса итжеккенге айдайды. Сол айдалып кеткендерін, атылып кеткендерін бабалары есебін тауып, төбелеріне көтеріп отыратын. Соларды кейінгі балаларға өнеге қылып айтатын.

Біздер тарих деген оқулықта жоқ осындай «тарихты» да бала болсақ та білдік. Бұл ешкімге айтыла қоймайтын тарих еді. Сол тарихымыздан кәдімгідей қоректенуші едік. Іштей солардай болуға ұмтылдық. Сондықтан да болар Ақшатау өңірінен шынымен-ақ оқымыстылар, оқығандар көптеп шықты.

Біздер де оқуға ұмтылдық. Және ауыл арасынан қара үздіріп оқуға тырыстық.

Мәжит ағамызбен де осы оқу арқылы таныстық. Ол кезде оқуға іліккендерді бүкіл ауыл біліп отыратын. Мәжікеңнің есімі де бізге солай білінді. Әбдірдің немересі үлкен оқуға ілігіпті деген хабар дүңк ете түскен. Аудан орталығында тұратын бала екен. Оның бізге қандай қатысы бар деп қоямыз. Мұғалім болады дейді. Бұл біздің түсінігімізде үлкен оқу. Және жай мұғалім емес, математика мұғалімі екен. Соған орай көрмеген ағамызға деген мақтаныш сезімі, құрметіміз оянды.

Көп ұзамай өзіміз де мектеп бітірдік. Біз де оқуға іліктік. Ал айтып отырған Әбдірдің немересі оқуын бітіріп, ауылға барыпты. Жай бармай өзімен бірге оқыған құрбысын да жетелей барыпты. Бір үйде екі мұғалім. Кейін екі мұғалімі бар шаңырақтар көбейді. Кейін Әйкеннің Сейітжаппары, Әскеннің Кәкені, Мұқатайдың Шәркені, Адамияның Сәбиті және басқаларының есімдері ел аузында жүрді. Кемел ұстаздар атанды. Ал осы жұптардың бастауында Мәжікең ағаларымыз тұрды.

Көп ұзамай Мәжікең Ақжал кентіне қоныс аударды. Ағамыз солай өзінің оныншы ауылына оралған. Жергілікті мектепке басшылық жасады. Сол мектептің отымен кіріп, суымен шықты десе болады. Қалай дегенде екі директордың бірі емес пе, есімі ел аузында жүрді. Біздер сырттай да болса

тілеулес болып жүрдік. Мектептің мықты болмағы кеніш директорына байланысты. Олар жарылқаймын десе қолдарында тұр. Сондықтан да көп нәрсе мектеп директоры мен кеніш директорына байланысты еді.

Осы жерде Мәжікеннің көрегендігі, сабырлығы, сөзге кенендігі кәдімгідей көрініп жүрді. Мәжікең мектеп үшін комбинат директорының өзінен алып кепті деген әңгімелер шыға бастады. Осыдан-ақ ағамыздың өзгені өз сөзіне иландыра алатыны, шалқайғанды икемге келтіре алатындығы көрінген. Ал оның әр жағында сой жатыр еді.

Өз ортамызда мұны да әңгіме қылып жүрдік. Қалай дегенде Қара бабасының ұшқыны көрініп қалады деп. Шынымен солай еді. Қара бабасы барған жерінің билігін алады екен. Ағамыз да барған жерінің алқаулысы болды. Көп ұзамай ағамыздың қолына кент билігі де тиген. Міне, осы кезден бастап Мәжікең елағасы ретінде көріне бастады.

Бұл кезде біз де ағамызға көмектесуге жарағанбыз. Өзіміз болмай қалсақ орнымызға інілерімізді жұмсадық. Әйтеуір, біз де ағамызға жақтас болып, жақсы істеріне жаршы болып, көтермелеп жүрдік.

Осы тұста Ақшатаудағы Гүлбаршын Сәуірбекқызының да есімі дүрілдеп тұрды. Оның да түп бабасы Қара болады. Шынын айтсақ, бұл екі кісі бірін бірі толықтырып тұрды. Әйтеуір, ырза едік бұл ағайындыларға. Оның үстіне Гүлбаршын ел таныған әнші болды, халқының сүйікті әншісіне айналды. Сонан Ақадырда Әбікен атында республикалық күйшілері байқауы өтсін. Сол алқаулы өнер додасында сахна төрінен тағы да Қара бабамыздың есімі асқақтады. Өйткені ел ішінде Қараның Мұқашы атанған Аманның Мұқашының “Шаңқосбасары” ойналды.

Қараның Мұқашы даңқты домбырашы болған. Орындайтын шығармасының бірінші жартысын домбырамен орындаса, екінші жартысын сол домбырасымен қобыз қылып бебеулетіп орындаған. Ол кісі Әбікеннің өзімен қатар тұрған тұлға.

Қанша жыл бойы халық жауы атанып, есімі ауызға ілінбей, тасада қала берген аяулы есімнің жарқ етіп шығуы бәрімізді де мерейлендірген. Ал көп ұзамай тағы сол Мәжікең мен Гүлбаршынның мұрындық болуларымен Қара бабамызға Қарасазда ас берілді.

Бұл біздің елімізде берілген айтулы екінші асымыз еді. Бұған дейін Көкбөрі Жарылғап батырға Ақшатауда бергенбіз. Бұл да рухымызды байрақтатқан асымыз болды. Бұған дейін там-тұмдап қана еліне біліну келген бабамыз бірден жарқ ете түсті. Қара бабамыздың жай ғана би болып қоймай елтұлға дәргейіне көтерілгенін білдік. Тобықты Құнанбай, Жақсы Жанқұтты, Кәрсен Көпбай, Шорманның Мұсасы, өзіміздің Бәйсейіт кешегі Есбаймен қатар жүрген Арқаның айтулы тұлғасы екендін

осы жолы нақ танып - білдік. Сол тұстағы қол қысқалығына қарамастан Күлекең, Мәжікең, Төрехан бастаған басқа да бауырларымыз білгендерін қағазға түсіріп, елге таратты.

Осы астар, басқа да айтулы іс-шаралар түптеп келгенде Керней бабамыздың асына алып келген еді. Жамбыл Ақылбай, Мәжікең, Сәкен Малыбай сынды елағалары бастап өзімнің Аманбек, Мәуліштің Болаты, Қадырдың Әділі, Әкімжанның Төреханы, Аққожаның Семсері, Сейсенбектің Берігі, басқа да бауырларым қоштап Арқада бұрынды - соңды берілмеген ас өткізді. Сол тұста еліміз бойынша берілген астар арасында Абай тойы ғана алға түскендей еді.

Осыдан бастап біздің Оныншы ауылымызды барша қазақ баласы білді. Оныншы ауыл деген - Керней елі деген сөз. Жер жүзіне тарыдай шашылған оныншы ауыл балалары осы күннен бастап бірін-бірі іздеп тауып, берекелі, бірлікті ел екендігін көрсетіп келеді.

Бүгінде сол жандары жайсаң, оныншы ауыл дегенде кеудесіндегі жүрегін жұлып беретін бауырларым кәдімгідей сиреп қалды. Жамбыл, Аманбек, Семсер, Болат, басқа да бауырларымыз келместің кемесіне мінді. Күні-кеше ғана сол кемеге аяғын Берік бауырымыз да салды. Сол кемеде біздің Мәжікең - Мәжит бауырымыз да кетіп барады. Бұл кісілер де, қарап отырсақ, бір шоқ ел болып қалыпты. Сол кісілердің алдында парызымыз бар. Сол кісілердің бізге қалдырған аманаты бар.

Қуаныштысы, қазіргі қатардағы бауырларым сол аманатқа адалдықтарын көрсетіп келеді. Тағы бір қуаныштысы Мәжікеңнің қазық қылып қадап кеткен ұлы Нұрлан да мемлекеттік қызметтерінен қолы қалт еткенде бабалар рухын ұлықтауға бар күш-жігерін салып жүр.

Ағалар аманатына адал болайық!

Аманшылықта болайық, бауырлар!

***17.07.2020.***
***Ақсу-Аюлы.***



**Әшім СӘЛИН,**
*отставкадағы судья,*
*Қанай Сәліқызының інісі.*

## ӘКЕНІҢ ЖАҚСЫСЫ ЖЕЗДЕДЕЙ-АҚ...

«Тағдырдың маңдайға жазғанын бастан кешіре білу де бақыт» деп жатады үлкендер.

Өрі бар, еңісі бар, қуанышы мен қайғысы қатар жүретін өмір көшінен адаспай, өздерінің адал еңбектерімен, қарапайым мінездерімен өз тағдырларын өз қолдарымен жасаған, қол ұстасып бақытты ғұмыр кешкен, мен үшін ең қымбатты жандар - менің туған апам (от басындағы ең үлкен апамыз) Сәліқызы Қанай мен жездеміз Аманқұлұлы Мәжит еді. Бұл кісілер де бақилық болып, өмірден озды. Бұл кісілердің өмір жолдары ұрпақтарына, жақын туыстарына үлгі болса, басқаларға өнеге. Бұл екі кісі барлық саналы өмірлерін адал еңбекпен кестелей жүріп, жас ұрпақтың терең білім алып, жақсы тәрбие сіңірулеріне арнаған еді.

Қанай тәтем мен Мәжікең 1960 жылы бас қосып, шаңырақ көтерген екен, ол уақытта менің жасым алтыда, шынымды айтсам, ол кісілердің қалай қосылғаны толықтай есімде жоқ. Сол себепті, осы естелікті жазар алдыңда кішкентай кезімдегі ол кісілер туралы есімде қалған сәттерді ой елегінен өткізіп, бірге болған талай сәулелі де шырайлы шақтарды жадымда қайта жаңғыртып, Мәжікең жездемізді алғашқы көргенімді есіме алдым.

Есімде, жазғытұрым, бие байланып, қымыз шыққан уақытта Қанай тәте Мәжікең, тұңғыштары Нұрланды, анасы Шоқыны алып ауылға төркіндеп келді. Киіз үйде жаз бойы демалып, ауыл-үйді, туған-туыстарды аралап, бір айдай қонақ болды.

Мәжікең әкесінен ерте айырылып, балалық шағы ұлы Отан соғысының қиыншылығына тап келіп, жетімдіктің де, жоқшылықтың да зардабын шегіп, анасы Шоқының жанқиярлық еңбегі мен тәрбиесінің арқасында қатарынан

кем қалмай ер жетіп, Қарағанды педагогика институтының математика факультетіне оқуға түсіп, Қанай тәтеммен бірге оқып, аталған институтты 1959 жылы бірге бітірген.

Мәжікеңнің анасы - Шоқы анамыз бойы сұңғақ, ашаңдау келген, бойын тіп-тік ұстап жүретін, жүзінен мейірімділіктің шуағы есіп тұратын кісі еді. Тек қана, маңдайындағы қалың әжімнің іздері ғана ол кісінің көп бейнет көргендігінің куәсіндей еді. Тіршілігінде көрген қаншама ауыр бейнет пен ауыртпашылыққа қарамай дүниеден озғанына шейін белі бүгілмей, бойын сол тік ұстаған қалпында өтті. Сүйегі асыл, жаны жайсаң, керемет жақсы адам еді.

Мәжікеңнің руы Қаракесек болғандықтан, анасы Қаракесек руы жайында әңгіме болған кезде, Қаракесек деген ру атын атамай, атамыздың аты кетіп қалады деп (үлкен аталарының аты - Қара би), ылғида «Баранкесек» деп отыратын. Тіпті әңгіме арасында қара деген сөз айтылатындай болған жағдайда да, қара деген сөзді айтпай, баран деп әдейі бұрып айтып отыратын. Біле білген адамға бұл да үлкен тәрбие ғой.

Тәтем Мәжікеңнің анасын өзінің туған анасындай күтіп бақты. Ол кісіні әмірінің соңына дейін «мама» деп кетті. Балаларының барлығы да сол әжесінің қойнына жатып, бауырында өсіп ер жетті. Балалары да ол кісіні «мама» деп, ал өздерінің туған аналарын, менің тәтемді, біздер сияқты осы күнге дейін «тәте» деп атады.

Шаңырақ бақыты әрқашанда отбасының жарасымынан басталады ғой. Өйткені ерлі-зайыптылар - бір ағаштың екі бұтағы, бір бүтіннің жартысы дегендей. Сол сияқты, Мәжікең мен Тәтем де тіршіліктерінде бір-біріне деген сыйластықтың үлгісін көрсетіп, отбасының ұйытқысы болып, ұрпақтарына ұлағат болатындай іс тындыра білді. Екеуі де еліміздің ертеңгі болашағы жас ұрпаққа саналы әрі сапалы тәрбие берген ұстаздар. Мәжікең де, Тәтем де өз балаларын, өздерінің бүкіл бітім-болмысымен, өздерінің күнделікті тәрбиелі іс - әрекеттерімен, жақсыларға табынбайтын, жамандарға жалынбайтын ұрпақ етіп тәрбиеледі.

Балалары да мейрімді, рақымды, көпшіл, халық, ел қамын ойлаған, жүздері жарқын жандар болып ер жетті. Барлықтары да бірліктері мығым, білімдері терең, тірліктері бекем, ұлтжанды азаматтар болып өсті. Ата-ана үшін бұдан асқан бақыт бола ма?

Жездеміз Мәжікеңнің жеке басына келетін болсақ, ол тіршілігінде еңкейгендерге ізет көрсетіп, шалқайғандарға жұмсақ қана мінез көрсетіп, өзін өзгелерге сыйлата алатындай адалдық пен қарапайымдылық сияқты кез келген адамның бойынан табыла бермейтін, адамгершілік қасиеттерді әрдайым жоғары ұстаған жан еді. Мәжікең жездеміз, қазақи әдептен аспай,

маңайындағыларға кішілік көрсету арқылы өзінің кісілігін көрсете білген адам.

Біздер тоғыз ағайынды едік. Әкеміз Сәлі 1965 жылы қайтыс болды. Ол кезде менің жасым 11-де еді. Осыдан кейін, біздер Мәжікеңді етене жақын тартып, біртіндеп бауыр бастық. Өйткені, Мәжікең мен Тәтем балаларымен, Анасымен жыл сайын жаз айында, бие байланып, қымыз шыққанда біздің ауылға келіп демалыстарын өткізетін. Ол кісілер келгенде ауылда бір керемет мейрам болатын. Күнде мал сойылып, бір үй қонаққа шақырып жататын. Ауыл-үйдің қонаққа шақырулары аяқтала бергенде Мәжікеңнің бажалары кезекке тұратын. Бажалар да: «Ағайын тату болса ат көп, Абысын тату болса ас көп, Бажа тату болса мас көп» деп мақалдап әрі әзілдеп, қонақ шақырудың эстафетасын өздері әрі қарай жалғап әкететін. Ол да бір жайма-шуақ, кең заман еді. Бір ай демалыс өстіп лезде өте шығушы еді.

Ауылға келгенінде Мәжікең үнемі ағайын-туыстың хәл-жағдайларын біліп, кімде қандай шешілмей жатқан шаруа бар екенін сұрастырып, сол шаруаларды шешуге уақыт тауып, кеткенінше дамыл таппай шешіп кетуге тырысатын. Тіпті болмаса, ол шаруалардың шешуін өзінің таныстарына тапсырып, ықтияттап, қадағалап жүретін, өмірі шаршамайтын.

Осындайда: «Қамын ойлап туыстың, жайын ойлап жұмыстың, шаршамайтын жездекем!» деген өлең жолдары еріксіз еске түседі.

Біздің Анамыз қайтыс боларының алдында, ауырып жатқанында бәрімізді шақырып алып, «Мына Мәжит менің оныншы балам, осыны естеріңнен шығармаңдар» деп айтқан еді. Біздер, Анамыздың бұл сөзін, Анамыз қалай айтты, солай қабылдадық.

Осы екі әулеттің арасындағы орныққан жоғарыдағыдай жарасымды сыйластық күні бүгінге дейін үзілмей, ұрпақтардың арасында өз жалғастығын тауып келе жатыр.

1979 жылы Сәуле екеуміз бас қосып, отау құрдық. Сонда Мәжікең мен Тәтем біздің тойды басынан аяғына дейін, яғни құдалыққа барудан бастап, тойдың өтуіне, құда-жекжаттарды шығарып салғанға дейінгі шаруалардың барлығын да өз тойларындай ат салысып өткізген еді. Одан кейін, 1982 жылы қызмет бабымен Сәуле екеуміз Балқаш қаласына көшіп барып, жұмыс істегенде де ол кісілер біздің үйге ай сайын, кейде апта сайын, демалыс күндері машинелерімен келіп, біздің хәл-жағдайларымызды біліп тұратын, кейде өз үйлеріне, Ақжал кентіне қонаққа алып кетіп тұратын. Осы кісілердің қасында жүріп, өзімізге өмірлік азық болатындай тәлім-тәрбие алдық.

Мәжікең тіршілігінде біреуге тілі тиіп, қатты сөйлеп көрмеген, не айтса да өзінің ойын қоңыр қою үнімен ақырын ғана жетесіне жеткізе айтушы еді.

Мәжікең табиғатынан барлықты байлыққа балап көрген емес, ол кісінің байлығы - өзі араласатын адамдар мен өзімен бірге жүрген ортасы болды. Халқымызда «Ұрпағың ұлықты болсын десең ұлағатты іс жаса, ұлттық санадан ауытқыма» деген сөз бар.

Мәжікең құрметті зейнет демалысына шыққаннан кейін де қол қусырып отырмай, келешек ұрпақ үшін деп, «Көкбөрі Керней баба» қоғамдық қайырымдылық қорын ұйымдастырушылардың бірі болып, осы қордың президенті бола жүріп, Арқа төсіндегі өзінің атаусыз қалған ата-бабаларының қорымдарын іздестіріп, тауып, басына құлпытас орнатып, ата-баба аруағына дұға бағыштап, ас беруді ұйымдастырып, осындай игі істердің атқарылуына мұрындық болып ат салысқан еді.

Ондағы мақсаты жиырма бірінші ғасырдың басында, қазіргі уақытта тарихын, тегін білмейтін ұрпақ жетіліп келе жатқанын түсініп, ағайын-туыс бір-біріне тас бауыр, тағы болып өспесін, «жеті атасын білмейтін жетесіз» атанбасын, келешектегі жастар ата-бабаларын ұмытып, жаратылысын білмей, «мәңгүрт» болып қалмасын деген ниетпен, халқымыздың ерте заманнан, атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа жеті атасын ауызша білу мирас болып келген дәстүрді жалғастырып, шежіре жазудың жаңа үлгісін жазбаша түрде қалыптастырып, «Қаракесек Көкбөрі Керней» руының шежіресін жинақтап, кітап жазып шығарған еді.

«Өткенін ұмытпайтын ұлтқа, атасын ұлықтайтын жұртқа сенсеңдер, бізге сеніңдер» деген ата-баба өсиетін ұлықтап, Мәжікең осы құрылған қоғамдық қайырымдылық қорының басы-қасында жүріп, өзі ұзақ жылдар еңбек еткен Ақжал кентінің іргесінде, Алматы - Нұрсұлтан қасқа жолының бойында, 2005 жылы Көкбөрі Керней бабаның ата жұртындағы, Тәуіш шоқысының беткейінде үш жүзден астам үй тігіліп, бүкіл Орта жүзге сауын айтылып, үш жүздің баласының басын қосқан Баба рухына құран бағышталып, ас берілген тойдың ұйымдастырушыларының бел ортасында өзі жүрді. Бұл өз уақытында еліміздің егемендігін алған алғашқы жылдардағы республика көлеміндегі алғаш өткізілген үлкен тойлардың бірі болатын. Бұл ас Көкбөрі Керней бабаның қайтыс болғанына 300 жыл толуына байланысты өткізілген болатын. Астың қызығы үш күнге созылды.

Бұл дегеніміз Мәжікең жездеміздің өзінің халқына деген сүйіспеншілігін білдіретін, зейнетке шыққаннан кейінгі халқына жасаған қызметтерінің бір парасы ғана еді.

«Аллаһтың разылығы - ата-ананың разылығында» деген шариғат сөзі бар. Өйткені, әрбір адам баласы ананың ақ сүті, аялы алақандары мен түн ұйқысын төрт бөліп, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсірген еңбегі үшін қарыздар.

Қанай тәтем мен Мәжікең жездеміз, ата-аналарының алдындағы перзентік парыздарын, өздерінің қарапайым адамгершілік қасиеттерімен, халқына деген адал еңбектерімен, туысқандарға деген шынайы адал ниеттерімен толықтай өтеді деп ойлаймын.

Жоғарыдағы айтылған жайларды қорытындылай келе, мен өзімнің Мәжит жездем туралы естелігімді атақты Торайғыр бидің мына бір шумақ толғауымен аяқтағым келеді.

Өз заманында Торайғыр би айтқан екен:

Жақсы кісі ақылымен тәуір болады,
Мінезі қорғасындай ауыр болады.
Құлағы өсекті естімейтін сауыр болады,
Кедейдің жалғыз keріндей,
Құйрығы шолақ, арқасы жауыр болады, - деп.

Осы мінездердің барлығы да менің Мәжікең жездемнің бойынан табылушы еді.

Тәтем мен жездем барда мен өзімнің алдымда бір асқар таудайын қамал бардай сезініп жүруші едім, енді қазір ол кісілер бақилық болғаннан кейін алдым жалаңаштанып қалып, алдыңғы шепке өзім шығып қалғандай күй кешіп жүрмін.

Ендігі мекен - жайларыңызды Аллатағала жұмақтың төрінен болуды нәсіп етсін!

***01.06.2020.***
***Нұр-Сұлтан.***

# II БӨЛІМ

# БӘЙТЕРЕК

## II ығыт
## ҰРПАҚ ЖАЛҒАСТЫҒЫ

*Жатқан жері мамық боп,*
*Топырағы торқа боп,*
*Жатсын асыл даналар!*
*Көбейсін деп тілеймін,*
*Кернейде тектi даралар!*

**Бота НОҒАЕВА**



**Серік АҚШОЛАҚОВ,**
*Қазақстанның Еңбек Ері,*
*«Ұлттық нейрохирургия орталығы»*
*АҚ басқарма төрағасы.*

***Серік Қуандықұлы АҚШОЛАҚОВ дәрігер-нейрохирург, медицина ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ғылым мен техника саласындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.***

## ӘКЕДЕН - АҚЫЛ, АНАДАН - МЕЙІР ДАРЫҒАН ӘУЛЕТ

Елордамыз - Астана бой көтергеннен бері талай адамдардың тағдырына әсер етіп, таныстырып осы жерде қауыштырды. Міне, 2007-2008 жылдары Ұлттық нейрохирургия орталығының ашылуына байланысты біз де Елордаға келіп, жаңа жұмыс бастап, жақсы азаматтармен таныса бастадық. Сол жылдары талай қуаныштардың куәгері де болдық. Соның бірі менің бажам - Патрис Кеңесұлы Нокин генерал-майор шенін алып, оның көптеген әріптесімен бірге болдық. Солардың ішінен бір жігітті айырықша бөліп, маған:

- Секе, Нұрлан Мәжитұлы менің курсанттық кезден бірге келе жатқан досым, - деп таныстырды. Астанада бірге тұрасыздар, олай болса танысып, қатысып тұрыңыздар, - деді бажам.

Ол кезде Нұрлан Мәжитұлы Әбдіров еліміздің Қауіпсіздік кеңесінің жауапты қызметкері екен. Иә, шынында да біздің таныстығымыз әрі қарай жалғасын тауып, отбасымызбен араласып, жақсы білесе бастадық.

Қазір қарасақ, содан бері арада біраз жыл өтіпті. Бір байқағаным, Нұрлан мен оның жұбайы Гүлнәр өздерінің туып-өскен, кіндік қаны тамған жері - Қарағандыға өте жиі баратын. Қандай да болса мереке күндерін, кей кезде демалыс күндерін де туған елде өткізеді. Мен бұған қызыға қарап, туған жердің жақын болғаны қандай тамаша деп тамсанатынмын. Жақын қатыса келе, бұл ата-анаға деген үлкен құрметі, қамқорлығы екенін таныдым. Себебі,

Нұрлан анасы мен әкесі туралы үлкен сүйіспеншілікпен, жылулықпен айтып, олардың жағдайын көп ойлайтын.

Айтпақшы, Нұрлан мен Гүлнәрдың мереке-демалыс күндерін ата-анасының шаңырағында жиі қарсы алатынына байланысты біздің отбасымызда бір жаңа дәстүр пайда болды. Ол - 8-ші Наурыз - Халықаралық әйелдер күні. Бұл күні біз отбасыларымызбен таңғы асты бірге өткізіп, мерекені атап өтеміз. Бұл бірнеше жылдан бері жалғасын тауып келе жатқан осындай дәстүрге айналған мерекелік кездесуіміз.

Бір күні Нұрлан сәл қынжылып, әкесінің инсульт алғаннан кейінгі жағдайын айтып, қиналғанын білдірді. Мен біздің Орталықта оңалту бөлімі бар екенін айтып, қажет болса ем алуға болатынын жеткіздім. Содан кейін бір демалыс күнін таңдап, Нұрланмен бірге ақсақалға сәлем беріп, қол алысуға аттандық. Сөйтіп, Мәжит аға мен Қанай апамызбен таныстым.

Мәжит ағаны көргенде, ұзын бойлы, қапсағай денелі, денесінде бір артық ет жоқ, жазық маңдайлы, қыр мұрынды, денесін тік ұстап отыратынын байқадым. Осы отырыстың өзі бір жағынан - тұқымның тектілігін, қаншама сырқаттанса да, сүйегінің асыл екенін көрсетіп тұр. Екінші жағынан, мен өз әкемді көргендей болдым. Қалай ғана адамдар бір-біріне ұқсас келетіне таңдандым. Ол кісі бір ауыз сөз қатпай (өзінің мінезі ме, әлде сырқаттың салдары ма) нұрлы көздерімен күлімсіреп, біздің келгенімізге үлкен қуанышын білдірді. Сол уақыттан бастап, сәл мүмкіншілік болса мен Нұрланға еріп, ақсақалға барып кайтуға тырысатынмын.

Қанай апамыздың да сырқаты асқынып, тұру-жүру қиынға түсіп, төсек тартып жатыр екен. Бірақ анасы балаларына ауыртпалығын салғысы келмей, көп білдірмейді. Мен апамызға жаңа технологиямен омыртқаны қатырып, тез оңалуға болатынын түсіндірдім. Апамыз біздің Орталыққа келіп ем алды, үш күннен кейін өз аяғына тұрып, артынан аман-есен үйіне оралды. Біз бұған қатты қуандық.

Маңғаз асқар Алатаудай - Мәжит ағадан және осы үлкен отаудың ұйытқысы бәйтеректей Қанайападан тараған ұрпақтары - Нұрлан, Ерлан, Нұрғалым, Шахатбек елге танымал, абыройлы, алды әлемге танымал азаматтар. Ата-ананың алдындағы балалық борышын, парызын абыроймен атқарып келеді. Соның бір ғана айғағы - анасының 37 жыл ұстаздық қылған Ақжал кенішінде замана талабына сай, тиісті құралдармен жабдықталған арнайы математика кабинетін ашуы. Бұл анасының аруағына деген зор құрмет. Жасөспірім ұрпақтар үшін үлкен тәрбие.

Сонау XIX ғасырда қазақ жастары білім-ғылымға бет бұрып, «Ұлт Асылдары» зиялы қауымын құрған Бақытжан Қаратаев, Әлихан Бөкейхан, Мұхаметжан Тынышпаев, Санжар Аспандияров сияқты тағы да басқа көптеген

азаматтардың жалғасы бүгінде елімізде аз емес. Меніңше, Нұрлан Мәжитұлы да солардың бірегейі сияқты. Ол заң ғылымдарының докторы, профессор. Қазақстан Республикасының Парламент Мажілісінің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің Төрағасы.Ұлттық құқықтану саласында айырықша өзіндік орны бар азамат. Бұл Мәжит аға мен Қанай апаның тіккен «қара шаңырағының» тәрбиесі, нәтижесі. Аға мен апамыздың немересі Марғұланды көргенде, оның келбеті, мінезі тікелей атасына ұқсайтынын байқамау мүмкін емес. Міне, бұл асылдың артынан қалған ізі, өмірдің, осы әулеттің жалғасы, болашағы.

***29.05.2020.***
***Нұр-Сұлтан.***



**Әбіләкім ЖҰМАХМЕТОВ,**
*Мәжит Аманқұлұлы шаңырағының құдасы.*

***Әбіләкім Сейтмағамбетұлы ЖҰМАХМЕТОВ. І960 жылы Қызылорда облысының Арал ауданында дүниеге келген. Қазақ тұтынушылар одағы Қарағанды кооператив институтын (ҚКИ) 1981 жылы, Мәскеу кооператив институтын 1982 жылы бітірін, ҚКИ-да оқытушы болып жұмыс істеді. Ұзақ жылдар бойы қаржы, банк саласында басшылық қызметтерде істейді.***

***Экономика ғылымдарының кандидаты.***

## МЫҢ ЖАСАЙДЫ

*Өмір - үлкен мектеп. Ал біз оның мәңгілік шәкіртіміз...*

Адам баласы өмірге келген күннен бастап, әрнәрсені бақылауды қабылдауды, қорытындылауды үйренеді. Сол арқылы біз өмірдің мәнін ұғамыз... өмір сүреміз... өмірді жалғастырамыз... Бұл тіршіліктің бұлжымас қағидасы.

Мен бүгінгі сөз қозғайын деп отырған кісі өмірдің барлық қағидаларын ұстанған, сонымен қатар өз қағидаттарын ұсынған жан. Оның жүріп өткен жолы, тіршілікте істеген әрекеттері мыңдаған адамға, оның ішінде маған да үлкен сабақ болды. Ол кісі жайлы мың рет естігеннен гөрі бір рет қолын алып, дәмдес болған жөн шығар. Ол кісінің асқақ тұлғасын сонда ғана тани түсер едіңіз. Өзімнің ол кісімен таныстық-туыстық қарым-қатынас орнатқан тағдырыма шынайы ризамын. Себебі, жақсымен өткізген жарты сағат жаманның өтіп кеткен ғұмырындай дейді ғой. Ол кісімен жүздесіп, әңгімелескендегі мағынаға толы әрбір сәт әлі де санамда сақтаулы. Әрбір келелі ойы мен тұщымды пікірлері әлі де жүрегімде. Ол кісі бұл өмірге арнайы миссиямен келіп, сол миссиясын абыроймен орындап кеткен айбынды тұлғалардың бірі де бірегейі.

Ол - біздің қадірлі үлкен құдамыз Мәжит Аманқұлұлы. Ол - бір әулеттің бәйтерегі. Ол - бір ауылдың қазынасы. Ал үлкен құдағиымыз Қанай Сәліқызы да бір ауылдың анасындай ақылды, парасатты жан еді. Амал қанша... тағдырдың әр адамға жазылған өз жазуы бар. Ол кісілерді де, өкінішке орай, ортамыздан алып кетті.

Мәжит құдамыз жайлы жайдарлы естеліктер өте көп. Ол кісінің адамдығы бір төбе болса, мамандығы, кәсібилігі өз алдына жатқан бір қатпарлы әңгіме. Кішінің құрметтісі, үлкеннің ізеттісі бола алатындығы, табиғатынан жоғары талғамдығы, кемеліне жеткен кемеңгерлігі адами қырларының бір көрінісі. Жақсының жақсылығын айту қанымызда бар қасиет болғандықтан, барынша тізіп өтуге тырысып жатқандығым сондықтан деп біліңіздер. Әрине, ол кісі жайлы бір ғана қайтарма сөзбен қағаз бетіне сыйдырып жазу мүмкін еместігі белгілі. Жүректің түкпірінде тулаған сезімімізді ауызбен айтып жеткізу де жеткіліксіз. Оны тек іштей ғана сеземіз, үнсіз ғана еске аламыз... Құданы Құдай қосады демекші қадірлі үлкен құдаларымызбен біз Ерболат ұлымызға Нұрлан Мәжитұлының қызы Әйгерім келінімізді айттырып барғанда танысқан едік. Ол кісілер екеуі де жүздерінен мейірім төгілген, айналасындағыларға нұрын, шуағын шашып жүретін адамдар еді. Есімде ерекше қалғаны, сырға салуға барғанымызда аспан да түнеріп, күн де суытып тұрған болатын. Сол кезде, ол кісілер өз келісімдерін беріп еді, Алланың құдіретін қараңызшы, күн де шәйдай ашылып, жайма-шуақ кейіпке ене кеткен еді.

Үлкен құдамыздан үйренеріміз көп болатын-ды. Ол кісінің балалығы соғыс жылдарында өтті. Демек, бұл әулеттің де сол бір сұрапыл жылдардың салқынын сезіп өскені анық. Басына түскен қиындықтарға қарамастан, әкесіне ерте айырылса да өмірге деген құштарлығы, өзінің табандылығы мен қажырлы еңбегінің арқасында өз күшімен осы күнгі дәрежесіне жетті. Оқыды, ізденді, үйренді. Өз алдына шаңырақ көтеріп, ұрпақ өсірді. Ұстаздық етті.

Біз де Қарағандыға жол түсе қалса болды, әрдайым сол кісілерге амандасып, саулығын білуге барып, шаңырақтарына міндетті түрде кіріп шығатынбыз. Әңгімелесіп, батасын алуға асығатынбыз.

Бұл күнде Мәжит құдамыз бен Қанай құдағиымыз арамызда жоқ болса да, Әйгерім келініміздің бойынан сол кісілердің тәрбиесін, бейнесін, болмысын көріп, риза болып отырамыз. Кішкентай ғана қыздың бойына бейне бір өздерін қалдырып кеткендей әсерде боламыз. Себебі, ата-әжесінің қолында өскендіктен, тәубе, келініміз Әйгерімнен де инабаттылық, кішіпейлділік секілді жақсы қасиеттер жүрегінен, жүзінен төгіліп тұрады. Әжесінен дарыған киім пішу, тоқыма тоқу сынды әйел адамына тән әдемі ісмерлігі де бар.

Сол кісілердің берген батасының арқасында, Құдайға шүкір, бұл күнде біздің де өрісіміз кеңейіп, әулетіміз толығып жатыр. Сондықтан мұндай кісілердің алдында өмір бойы ризашылығымызды білдіріп, басымызды иіп өтеміз. Ол кісілер дүниеден озса да жүріп өткен жолына қарап, естеліктерін естіп өмірде әлі де үйренеріміз көп деп білеміз.

Адам ұрпағымен мың жасайды дейді. Артында қалған ұрпақтарының көрер қызығы көп болсын. Мәжит Аманқұлұлы мен Қанай Сәліқызының жатқан жерлерін жайлы, топырағын торқа қылғай. Әмин!

***20.02.2021***
***Алматы***



**Исидор БОРЧАШВИЛИ,**
*белгілі заңгер-ғалым,*
*Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.*

***Исидор Шамилович БОРЧАШВИЛИ заң ғылымдарының докторы профессор, Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі КСРО ІІМ Қарағанды жоғарғы мектебін бітірген.***

***Б. Бейсенов атындағы Қарағанды заң институтында аға оқытушы. доцент, Қылмыстық құқық және криминология кафедрасының бастығы.***

*Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Стратегиялық жоспарлау және ұйымдастыру - талдау жұмысы департаментінің директоры, Сот сараптамасы орталығының директоры болды.*

*Қазақстан халқы ассамблеясы жанындағы Ғылыми - сараптамалық кеңесінің мүшесі, «Nur Otan» партиясы жанындағы Құқықтық кеңестің мүшесі, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Ғылыми-консулътативтік кеңесінің мүшесі.*

## МЕНІҢ ІНІМ - НҰРЛАН МӘЖИТҰЛЫ

Өмір таңғаларлықтай жұмбақ дүние. Ер жетіп, тұлға болып қалыптасуының әр сатысында біздің өмірімізде өзінің берік орынын алатын, тіпті біржолата қалып қоятын адамдармен танысып, кездесуді сыйлайды.Бүгінгі келген жасымның ұшарынан көз тастап, оларсыз менің өмірімнің бояуы солғындай түсер еді деп батыл айта аламын. Әрине, бұл менің достарым. Оның ішінде, ең алдымен, менің бауырым Нұрлан Мәжитұлы Әбдіров.

Нұрлан екеуіміз 1978 жылы, ол КСРО ІІМ Қарағанды жоғары мектебінің бірінші курсына түскен жылы таныстық, мен онда үшінші курста оқитынмын. Алайда біздің тығыз аралас-құраластығымыз 1980 жылы басталды, біз Нұрлан екеуіміз сол жолы Қазақ ССР ІІМ Қазақстан комсомолы Орталық Комитетімен бірлесіп өткізген ішкі істер органы жас мамандарының Бірінші слетіне қатысу үшін он тыңдаушыдан жасақталған топта бірге болып шықтық.

Содан бері біргеміз! Қырық жылдан асып бара жатқан достығымыз жыл өткен сайын одан әрі нығая түсуде. Мен үшін Нұрлан кіші бауырым болды, ол менен жеті жас кіші еді. Алайда ол жастығына қарамастан мені өзінің ақылымен, ойлау қабылетімен, көрегенділігімен, мақсаткерлігімен, білімдарлығымен баурап алды. Ол жөнінде тоқтаусыз айтуға болады. Ешқандай әсірелеусіз, өзімнің терең сенімімен, шын жүректен, барынша жауапкершілікпен айтарым Нұрлан - жоғары санатты кәсіби маман, қалыптасқан саясаткер және мемлекетіміз бен Қазақстан халықтары алдында тұрған кез-келген міндеттерді шеше алатын ақылды, сауатты мемлекеттік қайраткерлеріміздің бірі. Оның дәлелі Нұрланның еліміздің игілігі үшін жүргізіп жатқан бүгінгі белсенді де жемісті қызметі.

Нұрланның тәрбиелігі, оның үлкендерге ғана емес, курстастарына деген қарым-қатынасы, әділдігі, өз ісіне берілгендігі, адалдығы және кісілігі тәнті етеді. Сеніңіздер маған, бұл құрғақ сөз емес. Оны өкімет те, жағдайы да өзгерте алмады.

Нұрлан бауырым мені өзінің ата-анасымен таныстырғанда бәрін түсінгендей болдым. Еменжаркын әңгімелерден кейін басқаша болуы мүмкін еместігіне алманың ағашынан алысқа түспейтініне көз жеткіздім.

Нұрланның ата-анасы барынша адал, терең адамгершілікті адамдар екен. Балаларына да осы тәрбиені сіңірген. Отанға қызмет көрсетуді бәрінен жоғары қояды екен. Ұзақ жылдар бойы білім беру саласында жемісті еңбек еткен, көптеген жас өскіннің жолын ашқан ұстаздар.

Әкесі қалыпқа сыя қоймайтын, үлкен жүректі, үлкен әріппен басталатын тұлға екен. Осы қалпын ұрпағына сіңіре білген, өзіне қойған қатаң талапты балаларынан да талап еткен. Өтірікке жаны қас, әділетсіздікке төзбейтін жан екен.

Анасы ше? Барынша қарапайым, ақылы дәрия, өзін ұстай білегін, отбасының нағыз шырақшысы еді. Бір жылулық шашып тұрар еді. Әркімге сүйеніш болуға дайын тұрар еді. Ол кісінің әдемі жымиысы, мейірімді жүзі менің жадымда сақталатын болады.

Ол кісілер маған өз баласындай қарады, мені отбасыларына бірден қабылдады. Бұл үшін бүгін де басымды иіп, тәжім етемін.

Нұрлан да ол кісілерді бала махаббатымен сүйді, оларға деген құрмет де алабөтен еді, ол кісілердің кез-келген тілегін орындауға дайын тұрады. Өкініштісі, ата-аналарымыз мәңгілік емес, ерте ме, кеш пе - мәңгілік мекеніне аттанады. Алайда оларды ұмыттырмайтын ізгілікті естеліктер қалады. Әлем осылай жаратылған.

Әрине, әке-шешеден айырылу Нұрланға оңай тиген жоқ. Анасы бақилыққа озғандағы Нұрлан бастан кешкен ауыртпалықты да жеткізе алмаймын. Тас қып құшақтап алып, жас балаша екі көзіне ерік берді. Ол тынши алмаған анасымен бірге өзінің де бір бөлшегінің кеткенін айтқан.

- Исаджан, білесің бе? - деген ол, - өмір қақ жарылды - дейін, кейін болып. Дейін - қуаныш, алаңсыздық және әкемнің қақпақтай жауырыны еді. Кейін - таусылу және жауапкершілік еді...

Мен сені жақсы түсінемін, бауырым. Ағайындылардың төлбасысы ретінде барлық жауапкершілік сенің мойныңа жүктелген. Бұл зілмеауыр салмақ, бірақ сен оны еңсеріп жатырсың. Мен сені мақтан тұтамын. Мен Әбдіровтар отбасының менің өмірімде елеулі орын алғандығын айқайлап айтқым келеді.

Гүлнәра келініме де ыстық ілтипатымды білдіргім келеді, менің бауырымның қасынан табылғаны үшін, сүйеніш бола алғаны үшін. Осы жерде Нұрланның папасының бір сөзі есіме түсіп тұр. Ол кісі айтып еді, адамды адам ететін отбасысы мен достары деп. Және бұл ақиқат сөз! Дау тудырмайды.

Ол кісілер артында Ұлы мұра қалдырды - ел игілігін арттыруға бір адамдай жұмылған төрт ұлы да тұлға болып қалыптасты.

Олар өз өмірлерін өздері жасады. Лайықты ұлдар өсірді. Адамның жер бетіндегі басты мұраты да осы емес пе?

Ендеше ол кісілер алаңсыз жата алады.

Бір Жаратушы! Ол кісілердің тыныштығын сақтағай және бейіштің төрін бергей.

***2020, маусым.***
***Нұр-Сұлтан.***



**Патрис НОКИН,**
*полиция генерал - майоры.*

***Патрис Кеңесұлы НОКИН КСРО ІІМ Қарағанды жоғары мектебінің күндізгі бөлімін 1978-1982 жылдары оқып бітірді. Қазақстанның ІІМ тергеу-жедел бөлімшелерінде қызмет атқарды. Ақтөбе облысы ІІД бастығы, ҚР ІІМ Көші-қон полициясы комитетінің төрағасы болды.***

***Қазіргі таңда Мәскеу қаласындағы Ұйымдасқан қылмыстылықпен және басқа да қауіпті қылмыстармен күресті үйлестіру Бюросы директорының бірінші орынбасары болып қызмет істейді.***

## ӨНЕГЕЛІ ӘБДІРОВТЕР ӘУЛЕТІ

Біздің Әбдіровтер отбасымен достығымыз бір ағаштың бір-бірімен оралып бірге өскен тамырындай сияқты. Мың құбылған бұл жалған дүниенің үнемі болып жатқан әртүрлі жағдайлар мен сынақтарына қарамастан біздің ұзақ, қырық жылға созылған достығымыз нағыз ғажап болып көрінеді.

Мәжит аға мен Қанай апамен, немересі Әйгерім мен Ерболаттың тойында 2010 жылы қаушу сәті түскен болатын. Өкінішке орай, Мәжит ағамен бұл біздің соңғы кездесуіміз екен. Бұл кісі өте ғажап адам еді: сол кеште шаршағанына

қарамастан көтеріңкі көңіл күйде өте риза болып, облыстың, елдің тыныс тіршілігін менен сұрап отырды. Ол кісінің терең адами қасиеттері, салмақты мінезі, жан - жақтылығы, адамға деген ақ жарқын көңілі мені сол сәтте қатты таңғалдырды. Бұл асыл қасиеттерді ол өз балаларына дарыта білді.

Әрине, Мәжит ағамен араласуым оның ұлы Нұрлан екеуміздің шынайы достығымыздың арқасында мүмкін болды. Нұрекеңмен мен сонау 1978 жылы таныстым, ол кезде біз 17-18 жасар бозбала КСРО ІІМ Қарағанды жоғары мектебіне (КВШ) түстік.

Біздің достығымыздың дамуына сол кездері басымыздан өткен оқиғалар себеп болды деп ойлаймын. Біз Нұрекең екеуміз бөлімше командирі, кіші сержант болдық, мен - екінші, Нұрекең - үшінші взводта. Қалыптасқан тәртіп бойынша біздің взвод нарядты (қарауыл, курс, батальон, ас үй, асхана бойынша кезекшілікті) үнемі үшінші взводқа тапсыратынбыз.

Екінші курстың аяғында бір қызық оқиға болды. Біз ол кезде «шалдар» (жоғары курс оқушылары) болып үлгердік. Біздің взвод нарядқа кірді, мені асхана бойынша кезекші етіп тағайындады. 1000 адамнан тұратын төрт курс үшін таңғы, түскі және кешкі асқа үстел жасау, тамақ ішіп болғаннан кейін тазалап, ыдыс жуу біздің міндетіміз. Ондай жұмысты біз жақсы білетінбіз, бәрі ойдағыдай жүріп жатты. Алайда сол түні ТЭЦ-те апат болып, біз сусыз қалып қойдық.

Таудай үйіліп жатқан ыдысты жуу үшін бізге мұздай суды флягпен тасып тұрды. Әрине, ондай сумен май - май, кір ыдысты жуу мүмкін емес еді. Біз уыстап хлорды салып жуғанмен одан нәтиже болмады. Содан бейнеттеніп, шаршап-шалдығып, әрең дегенде бәрін қалыпқа келтірдік. Өте қатты шаршадық. Ыдысты жууын жудық ғой, алайда ыстық сусыз кетпейтін майдың іздері қалып қойды.

Сонда Нұрлан өз нарядымен келгенде біздің жағдайымызды көріп, еш үндеместен кезекшілікті қабылдап, «барып жақсылап демалып алыңдар» деп бізді жібере салды. Сол кезде Нұрекең ыдысты қайтадан дұрыстап жуыңдар деп талап етсе, амал жоқ жуасың ғой. Бірақ ол олай деген жоқ, ол сол күні өз жігіттерімен екі есе көп жұмыс жасағаны белгілі. Нұрекеңнің адамгершілігін, достарына деген адалдығын көрсететін, студенттік өмірдің осы бір сәті менің есімде өмір бақи жатталып қалды.

Нұрекең достықты бағалай білетін, айналасына үнемі көңілінің шуағын сыйлап жүретін менің адал да қымбат досым!

Әр жақсылықтың жанынан табылатын Нұрлан Мәжитұлының бойында асыл қасиеттер мол, оның ішінде ерекше атап өтетіні, ол кісі біздің курстың жалғыз ғылым докторы екенін зор абыроймен үнемі айтып жүремін.

Кейін Нұрекең Бас прокуратурада жұмыс істеп жүрген інісі Нұрғалым

Мәжитұлымен таныстырды. Біз оның отбасымен қоян - қолтық әлі күнге дейін араласып келеміз. Ағайынды екеуінің жан-жарлары - Гүлнар мен Жанарды айтпасқа болмайды. Олардың көңілінің ашықтығы, жүректерінің жылуы әрқашанда айналадағы адамдарды тәнті етуде. Олар өз жұбайларының берік тірегі екенін білемін.

Әбдіровтер әулетінің мүшелері жайында мен әрқашан жүрекке жылу ұялататын сөздер айтамын. Біздің достығымыздың керемет көрінісі - бір-біріміздің қуаныш пен реніштерімізде, торқалы той мен топырақты өлім, қиын сәттерде бірге ортақтасып, бір - бірімізге деген ыстық ықыласымыз бір суыған емес.

Мен марқұм болған Мәжит аға мен Қанай апаны өте қатты құрметтеймін. Олар өз балаларын еңбексүйгіштікке, елге деген құрметке жастайынан баулыды.

Адамгершілік қасиеттері мол, жаны жайсаң менің осындай керемет достарымның барына қуанамын! Біздің достығымыздың жалғасы іспеттес ұлым Нұрмаш пен Нұрекеңнің ұлы Марғұлан да өте жақын, бір-бірімен араласып құраласып тұрады.

***10.06.2020.***
***Мәскеу.***



**Асылбек СМАҒҰЛОВ,**
*Қазақстан Республикасы Парламенті*
*Мәжілісінің депутаты,*
*белгілі заңгер - ғалым.*

***Асылбек Айжарықұлы СМАҒҰЛОВ 1970 жылы Ақтөбе облысы Ырғыз ауданының Нұра совхозында дүниеге келген. Заң ғылымдарының докторы, профессор. ҚР ІІМ Қарағанды жоғары мектебінің түлегі (1995).***

***Еңбек жолын жұмысшы болып бастады (1987). Құқық қорғау органдарындағы қызметін Ақтөбе қаласы ҚІІБ жанындағы ПБҚ ЖБ милиционері лауазымынан бастаған (1991).***

*1991-1992 жылдары - КСРО ІІМ Свердлов жоғары мектебінің тыңдаушысы;*

*1995-2000 жылдары - ҚР ІІМ Қарағанды жоғары мектебінің оқытушысы, адъюнкты, аға оқытушысы.*

*2000-2012 жылдары ҚР Қаржы полициясы академиясында кафедра доценті, бастығы, Академия бастысының ғылыми-зерттеу жұмысы жөніндегі орынбасары, Академия бастысының оқу-әдістемелік жұмысын ұйымдастыру жөніндесі орынбасары қызметтерін атқарған.*

*2012-2016 жылдары - «Қазақстан Республикасының Заңнама институты» ММ директоры қызметін атқарған.*

*2016 жылғы 24 наурыз айынан бастан «Нұр Отан» партиясынан VI сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты.*

*Бірқатар басылымдарда жарияланған жүзден астам ғылыми еңбектің оның ішінде екі оқулықтың (бірлескен авторлықтағы), оннан астам оқу құралы мен монографияның авторы.*

## ЖАҚСЫНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫН АЙТ...

Адам баласы ержетіп, ақыл тоқтатып, жақсы мен жаманның парқын білгенде ғана бұл өмірдің қадір-қасиетін түгел түсініп, ұғынады екен. Мұнда, әсіресе, өткен жолында көргенің мен түйгеніңнің орны бөлек.

Жас күніңде өмір шіркіннің өте шығатынын көп ойламайсың. Жылт еткеннің бәрін - алтын, жақындағанның бәрін - жанашыр көресің. Кейде орынсыз аңғалдықтан опық жеп, өкініп те жатасың. Кейде бәрінен түңіліп, дүниені тәрк еткің келетін кездер де болады. Бірақ сондайда күтпеген жерден жолыққан жақсылардың шарапатын көріп, жігерленіп, арманға жетуге тың күшпен талпына түсесің.

Бүгін мен осындай асыл жандар жөнінде сөз қозғағалы отырмын. Олар - менің ардақты ұстазымның ата - анасы - Мәжит ағамыз бен Қанай апамыз.

Осы жерде әңгіме арқауы түсінікті болуы үшін ұстазымның өзін таныстыра кетейін. Ол - ұлттық құқықтану ғылымында өзіндік орны бар білікті ғалым, мыңдаған шәкірт тәрбиелеген құрметті ұстаз, бүгінгі таңда Парламент Мәжілісінің тиісті Комитетінің тізгінін ұстап, отандық заңнаманы жетілдіруге ерекше үлес қосып, еліне еңбегі сіңіп жүрген халық қалаулысы Нұрлан Мәжитұлы Әбдіров.

Мені Нұрағамен тағдыр тоғыстырды десем, артық айтқан болмас едім. 1991 жылы КСРО ІІМ Свердловск жоғары тергеу мектебіне оқуға түсіп, бір жылдан соң Одақтың ыдырауына орай ҚР ІІМ Қарағанды жоғары мектебіне

ауыстым. Сол кезде осы оқу орнында оқытушы болған Нұрлан Мәжитұлы бізге шәкірт есебінде ғана емес, ізбасар іні ретінде де қарап, ағалық ақыл-кеңесін аямай, тіпті, қиналғанда қол ұшын беріп, діттеген мақсатқа жетуімізге үлкен септігін тигізген еді. Заман ауысып, қоғам өзгеріп, өзгеден гөрі өзіңді көбірек ойлайтын қиын тұста ұстазымыздың өз отбасымен қатар бізге де көбірек көңіл бөліп, көбірек қамқорлық танытқаны бізді ерекше толғандырып, ерекше сүйсінтті. Мен Нұрағаның мұндай адами асыл қасиеттері қайдан бастау алып, қайдан тамыр тартты екен деп іштей қатты таңырқаушы едім. Сөйтсем мұның бар сыры, бар негізі оның ата-анасында жатыр екен. Бұған сол кісілермен танысқан кезде көзім анық жетті.

Бұл таныстыққа 1995 жылы оқу орнын бітіріп, сол жерде қызметке қалуым себеп болды. Бұған Нұрлан Мәжитұлы бастаған ұстаздарымның ерекше ықпал еткені де рас. Сол кезден бастап бір жағы шәкірт, бір жағы қызметтес ретінде Нұрағаның отбасымен етене жақын араласа бастадым. Сондай күндердің бірінде Қарағанды облысының сол шақта Энгельс деп аталған елді мекенінде үлкен кісілермен көрісудің сәті түсті.

«Түсі жылыдан түңілме» демекші, Мәжит ағамыз да, Қанай апамыз да адамды жатырқамайтын, құшағы кең, көңілі ашық, бауырмал адамдар екен. Мені бірінші көрген сәттен бастап-ақ биязы мінездерімен бірден баурап алды. Қай тақырыптан сөз қозғалса да айтарыңды бөлмей тыңдап, ақыл қоса білетін, таңдап, талғап сөйлейтін, ой-өресі терең, ұстанымы берік, ішкі мәдениеті биік екенін байқап үлгердім. Бұл олардың білімі толысқан, біліктілігі артық, өмірден түйгені мол, пайым-парасаты келіскен, кемел кісі екенін көрсетті. Қандай жағдай болса да сабырлы қалпынан таймай, бірқалыпты үнімен сұхбаттасын өз пікіріне сендіре алатын. Олармен әңгіме-дүкен құрудың өзі көңілді тоғайтып тастаушы еді.

Көп нәрсені уақыт өткен соң қайта бағамдап, қайта біліп жатасың ғой. Қазір ойласам Мәжит аға мен Қанай апаның мұндай дара болмысты адам болуына олардың ұзақ жыл ұстаздық еткені себеп болған сияқты.

Олар сұрапыл соғыс бітіп, ел еңсесін тіктей бастаған тұста білім беру қызметіне араласыпты. Сұм соғыстың аяқталғанына жиырма шақты жыл болып қалса да әрбір отбасыдан ауыр қасірет ізі анық білініп тұратын. Жоқшылық тауқыметін әбден тартып, берекелі өмір, бүтін киімге зар болған жетім-жесірді жұбата жүріп, елдің ертеңгі үміті - өскелең ұрпақты білім жолымен жетелеу, жетпейтін оқу құралын өз күшіңмен толтыру оңай шаруа емес-ті. Оның үстіне сол кездегі мұғалімдер ауылда мәдениеттің, жаңалықтың жаршысы болған зиялы қауымның жалғыз өкілі еді.

Замандастарының айтуынша, Мәжит аға да, Қанай апа да ұстаздық қызметке барын сала кірісіп, осынау маңызды міндеттің үдесінен шыққан,

күнделікті өмірде өздерінің жүріс-тұрысы, мінезімен де көпшілікке өнеге бола білген екен. Кешегі күнге дейін қоғамда мұғалімнің беделі биік болса, оны осындай кісілердің арқасы деп білген жөн. Өзім мұғалімнің алдынан қия баспаған, әлі күнге дейін ұстазға деген құрметін жоғалтпаған сол дәуірдің оқушысы болғандықтан олардың қызметін, орны мен қадірін анық білемін.

Есті кісілердің сөзін естіп, ұғынып өскен ұрпақтың қор болмасы белгілі, Мәжит аға мен Қанай апа да талай шәкіртке тәрбие беріп, өмірден өз орнын табуына жол ашқан. Ауылдастарының, ел азаматтарының оларға деген айрықша құрметін көріп, ризашылығын естіген сайын бұған анық көз жеткізіп келемін.

Халқымыз «ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» дейді. Мәжит ағамыз бен Қанай апамыз өз бауырынан өрген төрт баласына дұрыс тәрбие бере білген. Бүгінгі күні олардың елге тұтқа болып, абыройлы қызмет атқарып жатқаны да отбасыңда берген тәрбиенің арқасы, ата-ана өнегесінің жемісі екені сөзсіз.

«Баласы атқа қонса, ата-анасы тақымын қысады» демекші Мәжит аға мен Қанай апа әр баласының ұмтылысын қолдап, жетістігіне қуанып жүруші еді. 1999 жылы қараша айында Нұрлан Мәжитұлы заң ғылымдарының докторы атағын алу үшін диссертация қорғады. Сол айда ол кісінің екі шәкірті қатарында мен де заң ғылымдарының кандидаты атағын алуға диссертация қорғадым. Нұрекең өз шаруасы бастан асып жатса да бізге де көз қырын| салып, бас-көз бола білген қауырт кез еді. Сол қорғау кезінде баласына қолдау білдіру үшін елден Мәжит аға бастаған бір топ адам келді. Олардың арасында Нұрағаның нағашы апасы Несіпбала әже де болды. Диссертациялық кеңес бір ауыздан дауыс беріп, докторлық диссертацияның табысты қорғалғаны жария етілген кезде көңілді кернеген қуанышты сәттер әлі есімде. Мәжит аға ұлының жетістігіне сырттай сүйсініп, риза сезіммен марқайып тұрды. Несіпбала әже осы қуанышқа арнайы жайылған дастарқанда ақ тілегін айтып, батасын берді. Баласының еңбегі жанғанын көру әрбір ата-ананың арманы болса керек.

Мәжит ағамен содан кейін де дидарласып, сұхбаттасып жүрдік. Сонда бір байқағаным - ол кісі қашанда сөзімен ғана емес, ісімен де үлкендіктің, абыздықтың, парасаттылықтың үлгісін көрсетіп жүретін. Тіпті, 2013 жылы жүрек талмасына (инсульт) ұшырап, астаналық нейрохирургия орталығында ем алып жатқанда да бекзат қалпын бұзған жоқ. Өзім бұрыннан білетін, ұстазым Нұрағамен бірге оқыған Серік деген азаматпен бірге барып, көңілін сұраған кезімізде, қарт түгіл жасты меңдететін қатты сырқаттан енді бас көтергеніне қарамастан сыр білдірмей, бізге ерекше көңіл бөліп, ризашылығын білдірген еді. Кейіннен ағамыз сексен жасқа толып, соған орай Қарағанды қаласына арнайы құттықтап барғанымызда да ол кісі бір серпіліп, дастарқан басына жиналғандарды жылы шырайымен үйіріп, көңілді қалып сыйлаған еді. Өзінен

кішілермен қатар отырып, келген қонағының көңілін табу оған қанша күш түсірді екен... Өмірде жақсы тәлім көрсеткеннің бәрі ұстаз деуші еді. Мәжит ағаның осы өнегесін өзіме үлгі санаймын.

Жаңа Қанай апамыздың анасы Несіпбала әже туралы сөз болды ғой, апамыздың әкесі Сәлі Әлжаппаров та өткен ғасырдың басында (1900 жылы) дүниеге келген, текті жердің ұрпағы екен. Жастайынан шаруаға жақын болып, төрт түліктің бабын таба білген. Әсіресе, ел басына күн туған соғыс жылдары ерекше қайрат көрсетіпті. Колхозда ферма басқарып жүріп, майданға аттанған ер-азаматтың жоқтығын білдірмей, мал басын сақтап, көбейтуге бас болыпты. Қыстың қаһары қысқан жұртқа қосылып шапқан көкжалдарға қаймықпай қарсы шығып, бірінен соң бірін жалаң қолымен жусатқаны әліге дейін ел аузында. Соғыс аяқталып, бейбітшілік орнағанша қалың елге пана болып, бір бел шешіп, бір тыным таппаған екен. Бұл ердің ерінің, батырдың батырының қолынан келетін ерлік. Қанай апамыз осындай отбасыда, көп баланың ортасында, өз басынан гөрі жұрттың қамын көбірек ойлайтын ата-ананың тәрбиесін көріп өсіпті.

Осындай ортадан шыққаннан ба, Қанай апамыздың көргенділігі көш жерден көрініп тұратын. Жұртқа деген ықыласы ерекше еді. Байсалды қалпын бір бұзбайтын. Қанша кездесіп жүрсем де бір ретте қабақ шытып ренжіп отырғанын көрмеппін. Қашанда бәріне бәйек болып, бәрінің көңілін аулап жүруші еді. Отағасы сырқаттанып қалғанда да сол кісінің күтіміне көп көңіл бөліп, бабын табуға бар күшін салды. Балалары мен немерелеріне деген аналық мейірі айрықша болатын. Немересі Әйгерім тұрмысқа шыққан тойда керемет тілек айтқаны әлі есімде. Адамның тілімен емес, жүректің тілімен жеткізілген Ана тілегін жиналған жұрт сілтідей тынып, ұйып тыңдаған еді.

Кейін Ақтөбе облысында қызмет істеген ортаншы ұлы Нұрғалым Мәжитұлы мінсіз қызметі үшін Елбасы қолынан үлкен шен алып, осы қуаныш құрметіне жиналған кезімізде де апамыздың өз баласы жеткен үлкен жетістікке қатты толқып, қуанғанына көзайым болған едік. «Балаң жақсы болса - бақытың» демекші бұл Қанай апамыздың мерейі тасып, абыройы асқақтаған бақытты шақтарының бірі еді.

Бәлкім, бір жағынан кәрілік себеп болды ма, кейінгі кезде Қанай апамызды сырқат айналдырып кетті. Сонда елордамызға емделуге келген кезінде немересі Әйгерімнің үйінде бас қосқан едік. Сол жолы апамызбен біраз сөйлесіп, біршама сырдың тиегін ағыттық. Қанай апа отбасы тіршілігі, бала тәрбиесі туралы өмірден мысал келтіріп, біраз ақыл-кеңесін берген еді. Жабысқан дертінің мазалап жүргеніне де қынжылыс білдірген болатын. Сол кезде «өмірдің кілті - қозғалыста» деген, қимылдап, әрекет ете берсеңіз, кез келген дертті еңсере аласыз. «Ауырып тұрдым - аунап тұрдым демекші, әлі-

ақ көрмегендей болып кетесіз» деп көңілін аулағаным есімде. Апамыз бұл сөзімізді құптап, қоштаған еді. Жанарынан өмірге деген құштарлық айқын сезіліп тұрған-ды. Амал не, жақсы адам Алла тағалаға да керек дейді, апамыздың татар дәмі таусылды ма, көп ұзамай өмірден өтті...

Өмір - бұралаңы мен бұлтарысы көп, мехнаты мен машақаты мол, қиын жол. Сол жолда кімді не күтіп тұрғаны бір Аллаға белгілі. Бірақ қиналғанда қол ұшын созып, сөзімен демеп, ісімен қолдап, тура жолға түсіріп жіберетін шамшырақ жандардың болатыны қандай жақсы. Мәжит аға да, Қанай апа да менің өмір жолымда кездескен сондай жандардың бірі болды. Олардың айтқан насихаты, берген ақылы көп жағдайда көмектесіп, дұрыс шешім қабылдауға сеп болып еді. Қазір өзіміз де сол кісілерден алғанымызды өз тәжірибемізбен толықтырып, кейінгіге беріп жүрміз. Мұндай абзал адамдар өмірден өтсе де, олардың өнегелі істерінің өшпесі анық. «Жақсының жақсылығын айт - нұры тасысын» демекші олардың азаматтық тұлғасын, асыл қасиеттерін, игі істерін көпшілікке айту, таныстыру - біздің парызымыз.

Лайым, Мәжит ағамыз бен Қанай апамыздың топырақтары торқа болып, нұрлары бейіште шалқысын!

***10.03.2026***
***Нұр-Сұлтан.***



**Исабек**
**МАХШАТОВ,**
*прокуратура органдарының ардагері, Нұрғалым Мәжитұлының досы.*



**Манарбек**
**СӘДУОВ,**
*прокуратура органдарының ардагері, Нұрғалым Мәжитұлының досы.*

## ӨНЕГЕЛІ ӨРКЕНІН ЖАЙҒАН ОТБАСЫ

***Жақсының жақсылығын айт - нұры тасысын...***
***Халық даналығы.***

Әбдіров Мәжит Аманқұлұлы көкеміз бен Қанай Сәліқызы анамыздың отбасымен таныс болғанымызға отыз жылдан асыпты. Оған бірден-бір мұрындық болған осы әулеттің ұлы - курстас досымыз, айтулы азамат Нұрғалым Мәжитұлының өзі болатын.

Сонау 80-ші жылдары біріміз - Сыр елі Қызылордадан, екіншіміз - Арқаның кербез сұлуы Көкшетаудан білім іздеп келіп Қарағанды қаласында қауыштырған студенттік кезеңдерде басталған сыйластық достыққа ұласып, кейін бір-бірімізді іздеп, сағынысып көрісетін жағдайға жеткенімізді де байқамай қалыппыз.

Нұрғалым Мәжитұлының ата-анасымен 1988 жылғы 1-мамыр мерекесі күні Ақадыр ауданының Ақжал ауылындағы үйіне қонаққа барғанымызда таныстық. Ұлының достарын еріткен келгеніне қуанған Қанай анамыз қазан көтеріп, сол күні Қалила әжеміз (Нұрғалымның әжесі) бен Мәжит көкемізбен дастарқан басында ұзақ әңгіме-дүкен құрдық.

Отағасы мен отанасының сөйлеген сөздерінен, іс-әрекеттерінен әдептіліктің әділеттіктің, мейрімділік пен қарапайымдылықтың нышаны самалдай есіп тұрғаны және осы қасиеттерімен бізді де өздеріне еріксіз баурап алғандары жадымызда мәңгі сақталып қалды.

Үйге кіргеннен бізді өз немересі Нұрғалымдай көріп басымыздан сипап, айналып-толғанып, кетерде дұғасын оқып, ақбатасын берген Қалила әжеміздің де бізге дегендегі ықыласы ерекше болды. Көп ұзамай бұл отбасымен ежелден таныс адамдай өзімізді еркін сезініп, ертеңіне Қарағанды қаласына аттанарда құдды бір өз әке-шешеміздің үйінен шығып бара жатқандай сезіндік.

Қашанда жүздерінен мейірім шуағы төгіліп тұратын осы абзал жандардың ұрпаққа деген құрметі мен жан жылуы бұл әулетті біздің сағынысып бас қосатын құтты мекенге айналдырған еді.

Жастық кезде әр нәрсеге ден қойып, жүректе сақтайсың. Досымыз Нұрғалымның біз көрген әке-шешесі өмірдің талай қиын-қыстау кезеңінен қиырман баспалдақтарынан сүрінбей өтіп, қызметтің қай саласында болсын халықтың құрметіне бөленген жандар болғаны өн бойыңа қуаныш сыйлап, жаныңды жадыратады. Олардың өмірі, өскелең ұрпаққа берер тәлім-тәрбиесі ұшан-теңіз, үлгі болары хақ.

Қазақта «Жақсы әке балаға қырық жыл азық», «Әкең өлсе де - әкеңнің көзін көрген өлмесін» деген ұлағатты сөздер бар. Мына бір оқиғадан осы әңгімеге арқау болған Мәжит көкеміз бен Қанай анамыздың ел ықыласына бөленген қадірменді жандар болғанын университет қабырғасында жүргенде естіп білдік.

Нақтыласақ, 1988 жылдың жаз айында студенттік құрылыс отрядымен Ақадыр ауданының Қайрақты поселкесінде болған кезімізде досымыз Нұрғалым Мәжит көкеміздің ұлы екенін білген жергілікті тұрғындар біздерді кезектесіп үйлеріне қонаққа шақырумен болды. Барсақ, Мәжит көкеміз бен Қанай анамыз екеуі осы елде білім саласында ұзақ жылдар ұстаздық қызметте болып, елдің елеулісіне, халықтың қалаулысына айналған құрметті жандар болған екен.

1991 жылдың 4-ші тамызында Мәжит көкеміз бен Қанай анамыз ұлдары Нұрғалымның жоғарғы оқу орнын бітіру мерекесіне арналған салтанатты шараға қатысуға ауылдан арнайы келді. Оқу орнын үздік дипломмен бітірген Нұрғалымға ата-аналық ризашылығын білдіріп, өмірдің жаңа белесіне жолдамамен қадам басқалы тұрған біздерге ақжол тілеп, ақ батасын жаудырғандары бүгінгі күнге дейін жадымызда жаңғырып тұр.

Қанай анамыз бен Мәжит көкеміз келмес сапарға аттанғанда қабырғамыз қайысып, құдды бір қамқоршымыздан, ақылшымыздан, тілекшімізден аяқ астында айырылып қалғандай жүрегіміз қатты сыздады.

Жаназаларында сапта тұрып, «Халыққа берері көп, елге үлгі болардай осындай алтын діңгекті отбасылар барша қазақ жұртында көп болғай» деп іштей тілек тілеп, дұға жасадық.

Олар жайлы ой қозғап, естелік жазу біз үшін оңайға соққан жоқ. Сағынышқа толы толқыған жүрек еріксіз қолға қалам алдырып, біздер үшін арттарында өшпес өнегелі із қалдырған және Нұрлан, Ерлан, Нұрғалым, Шақатбек сынды ел құрметіне бөленген азаматтар тәрбиелеп шығарған Мәжит көкеміз бен Қанай анамызға балалық махаббатпен ризашылығымызды білдіруді жөн көрдік.

«Адам ұрпағымен мың жасайды» демекші, осындай ел жүгін арқалаған, алтынның сынығындай аптал ұрпақтары бар кезде ата-ананың мың жасайтыны анық.

Туған ата-анамыздай болған осы бір асыл жандардың ғұмыры, өнегелі істері мен абыройы біздің де ұрпақтарымызға жұғысты болғай.

***2020.***



**Батырлан АХМЕТОВ,**
*Шақатбек Мәжитұлының досы.*



**Сәкен ТӨЛЕУОВ,**
*Шақатбек Мәжитұлының досы.*



**Мағауия МИЗАМБАЕВ,**
*Шақатбек Мәжитұлының досы.*



**Абзал САУРАНБЕКОВ,**
*Шақатбек Мәжитұлының досы.*

# ЖАҚСЫНЫҢ ШАПАҒАТЫ

Даңқты қолбасшы Александр Македонскийдің: «Мен өзімнің ұстазыма әкемнен кем қарыздар емеспін: әкемнен өмір алсам, ал Аристотельден өмірімді жақсы өткізу туралы білім алдым» деген қанатты сөздері біздің келесі естелік әңгімемізге арқау болды.

«Адам - керуен, өмір - жол» демекші біздің достығымыздың тарихында бізге осы жалғанның жақсылығын ұқтыруға үлес қосқан тамаша тұлғаның бірі Шақатбек досымыздың әкесі - Әбдіров Мәжит Аманқұлұлы. Бірімізге әке, бірімізге ақылшы тұлға, бірімізге сырлас ағамыздай болған Мәжит Аманқұлұлы жайлы кездесулерімізді ерекше жылы тебіреніспен еске аламыз.

«Қариясы бар үйдің қазынасы бар» деген мақал шынымен де ақылы дәриядай қарияларымыздың баға жетпес байлық екенін аңғартады. Досымыз Шақатбекпен араласа жүріп әкеміз Мәжит Аманқұлұлымен жақын танысып, қарияның өмірлік тәжірибесіне сүйсіндік, әр әңгімесінен көп сабақ алдық, біліміне тәнті болдық. Ел-жұртының есінде мәңгі сақталып қалатын тұлғаларының қатарында еліне елеулі де өлшеусіз еңбек сіңірген марқұм Мәжит әкеміздің орны бөлек еді. Ел ағасы атанып, халқына қамқорлығын таныта білген марқұм Мәжит Аманқұлұлы ірі тұлға еді ғой.

Жалған пәниден бақиға кеткеніне жыл толып отырған осы ардақты әке жайлы сыр шертіп, рухына бағыштауды жөн көрдік. Марқұм Мәжит әкемізбен аяулы Қанай анамыз екеуі ел үлгі алатын, өнегелі отбасы атанып, жарық дүниеде салиқалы ғұмыр кешті. Құтты шаңырағынан қонақ арылмайтын. Ақ пейілмен жайылған адал асқа толы дастарханы жиылмайтын. Достарымыздың басы қосыла қалса осы шаңырақтан дәм татып, Мәжит әкеміздің батасын алып, ғибратқа толы ғұмыры жайлы әңгімесін құшырлана тыңдайтын едік.

Ол кісілер Алла берген төрт ұлының қызығын қызықтады, оларды қанаттандырды, оқытты, тоқытты, қатарының алды етті, айрықша тәлім-тәрбие берді. Сол төрт ұлдан тәтті де, қылықты немере сүйді, шөберенің қолынан су ішті. Ал Мәжит әкемізге жеке тоқталар болсақ сөзі мен ісі қабысып жататын.

Саналы ғұмырын ел басқару ісіне сарп етті. Алғаш еңбек жолын ұстаздықтан бастап, мектеп директоры, одан соң Ақжал кентінің әкіміне дейін жоғарлады. Осы қызметтерде жүріп туған жерін түлетті, өркендетті, еліміздің Тәуелсіздігінің тұғырын нығайтуға шексіз үлес қосты. Жалған

көлгірсіп, жалған сөйлеуді ұнатпайтын, қолындағысын бұлдамайтын, қазақи салт-дәстүрге мығым жан еді. Ел алғысына кенеліп, абыройлы зейнеткерлік жасқа жетіп ел ағасы, ел-жұртына беделді ақсақал атанды. Зейнеткерлікке шыққаннан соң әкеміз қол қусырып жатпады. Бабалары жайлы естеліктер мен шежіре жазды. Жастайынан қиындықтың тауқыметін көрген ол кісі еш мойымады, шынболаттай шыңдалып, өмір көшінен қалыспады.

Заман ағымына сай іс-қимыл жасап, ел мерейін де, өз мәртебесін де асқақтатты. Әсіресе, туған өлке шежіресі мен өткен-кеткен тарихтан естелік, көзбен көрген небір ғажап дүниелерден сөз қозғағанда маңында отырғандарды өзіне ұйытып алатын. Бұл қасиет атақты аруақты бабасы Керней Қара биден дарыса керек. Кең пейілді, дархан мінезді, кеудесі тұнған алтын сандық әкеміз ата-баба жолын нық ұстанған, һақ дініміздің насихатшысы еді. Сондай-ақ, Мәжит әкеміз ана балам анадай, мына балам түгенбай деп мақтануды білмейтін.

Өте жұмсақ сөйлейтін, дауыс көтеруді білмейтін. Бізге әкеміздің осы қасиеті ерекше ұнайтын. Бұл күнде ол кісінің тағылымға толы өнегелі ісін ұлдары абыройлы жалғап келеді. Міне, «әке көрген оқ жонар» деген осы. Әр баласы өз мамандығының майталмандары, білгірлері. Ел ықыласына бөленген азаматтар.

Біз Мәжит әкеміздің кіші ұлы Шақатбекпен әлі күнге дейін арамыздан қыл өтпеген адал достармыз, сыйлас бір туған бауырдай боп келеміз Абай бабамыз айтқандай «Адамзат бүгін адам, ертең топырақ» дегендей жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді деп ойымызды түйіндегеніміз келеді. Ендеше ұрпағы барда, сүйікті елі барда Мәжит әкеміздің есімі мәңгі өшпек емес.

Мәжит әкеміздің топырағы торқа болып, иман байлығын берсін. Артындағы үрім-бұтағына берекелі де баянды ғұмыр берсін!

***28.04.2020.***

## III БӨЛІМ

# АПАМНЫҢ ҮЙІ - АҚЖАЙЛАУ

*Алла өзі жарылқап,*
*Шын сүйетін құлына*
*Жақсы қасиет береді.*
*Сіз сияқты жолдастар,*
*Дос-жаранға үлгі боп*
*Шапағат нұрын төгеді.*

**Сағындық ЖИЕНБАЕВ**

*Қол ұстасқан қосағы,*
*Қанай ана ардақты,*
*Ұлағатты ұстаздың,*
*Жағасы жайлау баудай ед.*
*Жаралы жанға пана боп,*
*Қаяулы жанға сүйеу боп,*
*Қолдан келген жәрдемін,*
*Аямайтын жандар ед.*

**Бота НОҒАЕВА**



**Қалиақпар ӘБІЛДИН,**
*ақын.*

## ДОС ТІЛЕК

*(Қанай Сәліқызына)*

***Қалиақпар ӘБІЛДИН ұзақ жылдар бойы «Жаңаарқа» аудандық газетінің бас редакторы болды, елімізге танымал журналист.***

Альбомыңа, альбомыңа, сөз маржанын таңдайын,
Ал қолыңа, ал қолыңа, оқы өлеңді балдайын.

Шырқа әнді, шырқа әнді - аспандасын дауысың,
Ел мақтаған, дос жақтаған таудай болсын табысың.

Оқы, оқы, миға тоқы - дос - жолдасың шаттансын,
Алаулаған жанның оты сөнбей маздап сақталсын.

Арайланып арың таза шырқауларға өрлесін,
Шырайланып жаның таза, тоза - тоза көрмесін.

Шыңда, асуда, сыйласуда өмір жолы - ол да сын,
Мұңдасуда, сырласуда болсын досың, жолдасың.

Махаббатты гүл деп тақпа - гүл солады, тастайсың,
Жасыл майса шалғын емес - жүгіресің, таптайсың.

Махаббат - нұр, ыстық жүрек, өлмес, сөнбес, суымас,
Махаббат ол - мәңгі тірек, әлсіздерге жуымас.

Жаздым тілек, болсын нұсқа - ой маржанын таңдадым,
Таразылап зердеге ұста, сөз қадірін аңдағын.

***19.11.1956.***
***Қарағанды.***



**Нәзипа ӘБЖӘЛЕЛҚЫЗЫ,**
*Қазақ ССР-і халық ағарту ісінің үздік қызметкері,*
*Қанай Сәліқызының құрбысы.*

## БАУЫРЫМ, ҚҰРБЫМ, АҚЫЛШЫМ

Мен Сәлина Қанаймен 1954-59 жылдары бірге оқып, ҚарПИ-дің физика-математика факультетін бітірдік. Ол өзін ұстай білетін, өте байсалды, жаны жайсаң, үлгі тұтарлық, парасатты жан еді. Студент жолдас қыздарымның ішінен шоқтығы бөлек, иман жүзді, кездескенде хал-жағдайыңды сұрап, бәйек болатын. Кейде күліп, Нәзкен, «жігітің бар ма?» деп сұрайтын. «Үй болу керек, бірақ оқуыңды бітір» деп үлкендерше ақылын айтатын.

Сол жас кезінде де оның бойында басқаға деген жанашырлық, аяушылық, көмекке дайын тұратын жан екендігін көрсететін ерекше қасиеттері көрініп тұрушы еді.

Сол құрбымды біраз жылдар өткен соң «Қарағанды - Жезқазған» пойызынан көріп, құшақтасып, жылап-күліп өткен өмірді еске алып, мәз болыстық. Мен курстасымыз Жиенбаев Сағындыққа тұрмысқа шыққам. Қанай да курстасы Мәжит Әбдіровпен бас қосыпты. Балалы-шағалы, Қарағандыда тұрады екен. Қанайым бәз-баяғы көңілі көтеріңкі баппен сөйлегенде, оның өн бойынан үлгілі ұстаз, мақтанарлық жанұя екені көрініп тұрды. Расында, Қанайдың ұстаз болып туған тұлға екені анадайдан - ақ белгі беріп тұрушы еді. Ол өте елгезек, балалардың жанын түсінетін, ұйымдастыру жұмыстарына өте қабілетті екенін сол студенттік шағынан-ақ көрсете білген жан еді.

Қанай тіршілігінде жанұядағы балаларының нақты мамандық алуына, үй болуына қатты көңіл бөліп, құтты ұяларына қондырған, нағыз ардақты ана, ұлағатты ұстаз, отбасының ұйытқысы, кемеңгер әже.

Жаным, құрбым, студенттік досым, сен менің жанашырым едің. Сенің үлгі тұтарлық бейнең көз алдымда. Өзіңнен білім - тәрбие алған шәкірттерің

де сепкен нұрыңның сәулесімен нәрленіп, еліміздің әр саласында қызмет атқаруда.

ҚарПИ-дің 1954-59 жылдары бірге оқыған студенттер атынан айтамын. Өзіңнің жарқын бейнең көз алдымызда.

Қош, қош!.. Бауырым, құрбым, ақылшым, студентік досымыз.

***2020.***
***Нұр-Сұлтан.***



**Сағындық ЖИЕНБАЕВ,**
*Қанай Сәліқызының курстасы.*

## АРНАУ

Мен, Жиенбаев Сағындық, он алты жастан асқан жасымда ҚарПИ-дің студенті атанып, Қанай әпкеммен бірге физматта 1954-59 жылдарды бірге оқыдық. Бірде аш, бірде тоқ жүріп жаттық. Жоғымызды оқудан тапқандай едік. Қалай десек те студенттік шақтың өзінің қайталанбас қызықтары болады. Үш-төрт жігіттің арасында киіс беретін бір киім жүре беретін. Бір қасық суды бөлісіп ішкен күндер ғой. Соған қарамастан театр барып, қойылымдардан қалмаймыз. Көргендерімізді сағаттап айтып, көрмегендерді көргендей қылып қояр едік. Сондықтан әр нәрседен хабардар едік. Сондай алаңсыз күндерімнен қол үзіп қала жаздағаным бар. Ол кездегі студенттің алдындағы басты мақсат - оқу, оқуын ақсатпау. Қалғаны сонан кейін. Оқыған көштен қалмайды. Оқығанның шәкіртақысы болады. Оған іліккен жанның ұпайы түгел. Туғаның да, туысқаның да сол - шәкіртақы. Шәкіртақысы барлар шекесінен қарайды. Сабағын алаңсыз оқиды. 1957 жылы қаңтардағы сессияда философия пәнінен «3» деген баға алып қалдым, сөйтіп шәкіртақыдан қағылдым.

Өзім көп ойландым, бұл қалай болды деп, өзім күтпеген жағдай еді бұл. Мұғалімнен көрдім, басқадан көрдім, бірақ мойындадым, бір қателіктің өзімнен кеткендігін.

Менің жағдайымда шәкіртақысыз оқу мүмкін емес. Ол тұста ел қоңыр тіршілік кешетін. Барына қанағат қылып жүре беретін. Қаражат бола бермейтін.

Түскен оқуымды тастағым келмейді, көмектесетін ешкімім жоқ. Мұндайда жағдайыңды кімге айтарсың. Өйтетінім менен басқалардың да жағдайлары мәз емес. Сонан не істесем деген ой үстінде жүретін болдым. Тығырықтан шығар жол іздеп жанталасам. Осындай ой үстінде жүргенімді курстасым Қанай әпкем біліп қалды. Ол кісі өте сезімтал еді ғой. Қабағыңа қарап бәрін біле қоятын. Бұл мұғалім боламын, ұстаз боламын деген өзекті жанға керек таптырмас қасиеттердің ең керегі еді ғой. Сол кездің өзінде-ақ Қанай әпкемнен осыған қарап үлкен ұстазды көруші едім.

- Көңілің құлазып жүр ғой, не болды саған? - деп сұрады.

Шегінер жер жоқ еді. Әпкемдей болып кеткен адамға жөніңді қалай айтпассың. Мен жағдайымды түгелдей айттым.

- Мә, 25 сом, ал! Тамақ іш, кейін кезі келгенде берерсің, - деді.

Ұялсам да алып, түскі тамаққа барып, тамақ ішіп отырғанымда көзім қарауытып, ессіз отырып қалыппын. Көзімді ашсам тамағым суып қалыпты, тамағымның қалғанын ішіп, жатақханаға қарным тойып барып ұйықтадым. Екі күн бойы тамақ ішпегем ғой...

«Қанай әпкем қандай мейірімді, қолы ашық, жанашырлық көрсететін жан екен - ау» дедім.

Оның бұл жасаған ісі менің өмірімде өшпестей із қалдырды. Сол кезде іштей шексіз көп-көп рахметімді айттым. Сол рахметімді бүгінде айтамын. Өйткені Қанай әпкем секілді мен де талай жанға көмек қолымды ұсындым. Үлкендердің батасын алдым, кішілердің ілтипатында болдым.

Қанай әпкеме алғысымды айттым, бәрібір жеткіліксіз көрінген, сонда былай деп қолтаңбамды қалдырдым. 25 сомды қайтарып тұрып, мынадай сөздерді жазған едім.

Көңілдегі ойымды,
Айтқым келеді.
Ризалық сөзімді,
Жазып кеткім келеді.
Алла өзі жарылқап,
Шын сүйетін құлына
Жақсы қасиет береді.
Сіз сияқты жолдастар,
Дос-жаранға үлгі боп
Шапағат нұрын төгеді.

***Студенттік досың, інің Сағындық.***
***08.03.1957.***
***Қарағанды.***



**Шолпан ЫСҚАҚҚЫЗЫ,**
*Қанай Сәліқызының құрбысы.*

## БІР ҮЙДІҢ БАЛАСЫНДАЙ ЕДІК

Біз, құрбым Қанай екеуміз 1951-1952 оқу жылы ауылдан жетіжылдық мектепті бітіріп, қалаға, яғни Қарағандының Киров ауданының №26 қазақ орта мектебіне оқуға келдік. Ол Жаңаарқа ауданынан, мен Тельман ауданынын Ақжар жетіжылдық мектебін бітіріп келген едім.

Мектеп қабырғасындағы жылдары қалаға бірге үйренісіп, сабаққа жиі-жиі бірге дайындалушы едік. Қанай мені өзінің жатқан туыстарының үйіне қондырып қалушы еді.

Қанай кісіге өте жанашырлықпен, адалдықпен қараушы еді. Мен үйде жалғыз бала болдым, бірақ Қанай маған «сен жалғыз емессің, мен бармын, саған құрбы да, туыс та бола аламын» деуші еді.

Дене шынықтыру сабағында қыс кезінде бақ ішінде шаңғы тепкізетін. Бір күні екеуміз де жығылып, беттерімізді жаралап келгеніміз күлкілі болды.

Қанай ауылға барып келу үшін мен оны вокзалға барып шығарып салатынмын. Ол жылдары вокзал ескі қалада болатын. Жаңа қалаға келу үшін трамваймен қатысушы едік.

1954 жылы мектеп бітіріп, жоғарғы оқу орындарына түстік, сол кездің өзінде біз пәтер жалдап бірге тұрдық. Қарағандының Михайловка ауданындағы Мыңшұңқыр мен Ленин көшесінде тұрғанымыз әлі есімде. Студент кезімізде қазақша қойылымдарды жиі көріп тұратынбыз. Қыстың бір суық күнінде аяғымызға киген капрон шұлық жабысып қалғаны есімде.

Жастық болар, мен Қанайды өзінің топтас қыздарымен бірге түскен суреттерін көріп, оны қызғанып, үйге 2-3 күн келмей кеткенімді осы күнге дейін есіме алсам күлемін. Бала кездегі достық есейген кезде нығая түседі екен. Мектеп бітірушілер аз емес, бірақ Қанай екеуміздің бір-бірімізге деген адал ниетіміз ерекше еді.

Қанай мен Мәжит (иманды болғырлар) балаларының, немерелерінің қызық-қуаныштарынан қалдырып көрген емес. Әр уақытта қызықтарына ортақтас болып едім. Амал не, уақыт осылай болды, өмірден біреу ерте, біреу кеш кетеді. Балаларына рахмет! Маған деген ниеттері өзгерген емес. Қанай мен Мәжитті жұма сайынғы оқитын дұғамнан калдырмаймын. Алла тағала олардың жатқан жерін жайлы, топырақтарын торқа қылсын.

***2019.***
***Қарағанды.***



**Саркыт САҒЫНДЫҚОВА,**
*Мәжит Аманқұлұлы шаңырағының құдағиы.*

## ТАМЫРЫН ЖАЙҒАН ТЕРЕҢГЕ

Өмірден өткен адамды еске алғанда жүрегің езіліп, жаның жабырқап, қимас сезім кеудеңді кернейді. Егер ол адам жақының болса, жүрегіңнің езілері хақ. Мәжит құда мен Қанай құдағи мен үшін ең жақын жандар еді. Олардың жүрегі таза, пәк, махаббат пен бақытқа толы болатын. Құдам мен құдағиым біздің әулет үшін тамырын кеңге жайған алып Бәйтерек, сонымен қатар мейірімділік пен шынайылықтың, бауырмалдықтың символы бола білді.

Біз Әбдіровтер әулетімен 1993 жылы құда-жекжат атанып, туыс болдық. Ол әулеттің ұлы Нұрғалым мен біздің қызымыз Жанар отау тігіп, шаңырақ құрды. Қазақ халқының барлық жөн - жоралғысымен құдаласып, мың жылдық құда атандық.Шаңырақ көтерген жас отаудан: тұңғышы Айсара, ортаншысы Әлима, кенжесі Әлисұлтан дүниеге келді. Сол бір жылдары құда болғаннан араларымыз жақындай түсіп, уақыт өте келе арамыздан қыл өтпес туыс адамдай болып кеттік. Мәжит құдамыз ардақты ұстаз болса, Амантай құдасы белгілі журналист, екеуінің әңгімесі жарасып, ойлары бір жерден шығатын. «Құданы құдай қосады» дейді. Осы сөз Мәжит құда мен Амантай құдасына арналғандай.

Бірге өткізген уақытымызда екі жақтың қуанышын да, қайғысын да бірге бөлістік. Жанардың әкесі Амантай марқұм бақилық болғанда, сондай қиын сәтте Мәжит құда бастаған бүкіл дос-жаран, туған-туыстары жанымыздан табылып, демеу көрсете білді.

Мәжит құда мен Қанай құдағидың мінездері бір-біріне ұқсас еді. Сабырлы өте мейірбан, жанашыр әрі бауырмал кісілер болды. Бір байқағанымыз барша туыстарына, достарына, құда-жекжаттарына деген пейілдері қашанда ыстық, ықыластары ерекше еді. Ешқашан бірінен - бірін бөліп жармайтын. Ол кісілер ұстаз болып қызмет атқарып, келешек ұрпаққа саналы білім, өнегелі тәрбие қалыптастыра білді. Олар өз балаларының да, немерелерінің де болашақтарына көп көңіл бөліп, қашанда ақылын айтып отыратын асыл жандар болатын. Балаларының бойына керемет адами құндылықтар мен қасиеттерді қалыптастырып, тәрбие берді.

Мұғалімдік мамандық тікелей психологиямен байланысты, балалары өмірлік құндылықтар мен өмірінің жарқын болашағы үшін ережелер мен қағидаларды ата-аналарынан бойына сіңірді. «Кетігін тап та бар қалан» деген сөздің дәлелі болып, бәрі де өмірде өз орындарын таба білді.

Нұрғалым Ақтөбе облысында прокурор қызметін атқарып жүргенде, генерал атағын алды. Сол кезде болу керек, Ақтөбе қаласы Қанай құдағиға қатты ұнап: «Ақтөбе - ақтөбе, бақтөбе» деп ризашылығымен ақ батасын білдіріп кеткен болатын.

«Құдаң шын досыңдай болсын, құдағи құрдасыңдай болсын» дегендей біз тек құда - құдағи емес, сырлас жандар бола білдік. Бас қосқан кездерде өткен-кеткенді қозғап, әдемі әңгіме-дүкен құрушы едік. Мәжит құда мен Қанай құдағи жастық шақтарын, жоғары оқу оқыған кездерін, қалай шаңырақ көтергендерін жиі әңгімелеп, бізге өткеннен сыр шертетін. Әр баласының оқу орнын бітіріп, қандай салада жұмыс жасағаны мен жеткен жетістіктерін айтып отыратын. Сол бір кезде жүздерінен мейірім төгіліп, іштей мақтаныш сезімі кернейтін.

Мәжит құда мен Қанай құдағи құрметі жоғары, биік беделді, дана тәлімгер сондай-ақ қанатын кеңге жайып, биікке самғаған қыран құстай кісілер еді. Балалары, келіндері, немерелері қолдан келген қамқорлықтарын көрсетіп, ақырғы сапарға сый - құрметпен шығарып салды.

Иә, тәубешілік ету керек. Арттарында ізін жалғастырушы балалары, немере мен шөберелері қалды. Сол жандарға ұзақ өмір мен зор денсаулық тілеймін.

Мәжит құда мен Қанай құдағи, жатқан жерлеріңіз жайлы, топырақтарыңыз торқа, қараңғы үйлеріңіз жарық, қабірлеріңіз нұрға толсын. Көрмеген көшелеріңізден жарылқасын.

***2019.***
***Қарағанды.***

**Үсен ӘБДІРАХМАНОВ,**
*Мәжит Аманқұлұлы шаңырағының құдасы.*

# ТҮНДІГІНЕН ТІРЛІКТІҢ ТҮСКЕН СӘУЛЕ

***«Жалғыз ұлы бардың, шығар - шықпас жаны бар. Екі ұлы бардың, өкпе, бауыр, жалы бар. Үш ұлы бардың, Бұқарада малы бар. Төрт ұлы бардың, аспанға салған жолы бар».***

***Ғабит МҮСІРЕПОВ***

Қанай құдағиымыз отбасындағы қыздың үлкені екен. Бауырлары мен сіңлілеріне үлгі бола білген жан, ағайынның басын біріктіріп, барлық салт-дәстүріміздің жөн-жоралғысы мен кәде сыйларын, әдет-ғұрыптарын қадағалап, өте жауапты қараған.

Үлкен ыждаһаттық, жеке тұлғаны құрметтеу, керемет қарым-қатынас қабілеті сияқты қасиеттерді бойына сіңірген. Елдің барлығына жеке көзқарас таба алатын, мұқият болатын, жалпы тіл табысуға болатындығын білетін сұңғыла бір жан болса ол біздің Қанай құдағиымыз. Мамандығы бойынша мұғалім құдағиымыз, екінші бір мұғаліммен (құдамен) де ерекше, тартымды, адам қызығатын қарым-қатынаста болды. Мұны жоғары бағалайтын, өмір жолында басшылыққа алған балаларға жанының барлық мейірімі мен білімі төгілді. Халқымызда «Бір әкенің білімін жүз мектеп бере алмайды» деген тамаша сөз де бар. Отбасында ата - ананың төрт перзентіне берері әрі ең басты сыйы - тәрбие мен білім болса керек.

Қанай құдағиымыздың ерекше бір қасиеті сөзге құлақ асқанда, айтылғанның бәрін бойына сіңіре отырып, «ешкімде жоқ» шынайы зейінімен тыңдайтын. Бұл өмірде көп нәрсенің парқын білуші еді. Өте ақылды, парасатты, сабырлы адам болды...

Мен ол үйге барғанда қалжыңдасамын, олармен әрдайым кездесіп, кез келген жаңалықты айтып беріп, құдалармен емін-еркін әзілдесемін.

Ал құдағиым болса барлық әзілдеріме сеніп, салмақты қабылдайтын.

Біздің жиендеріміз, олардың немерелері Айсәуле мен Әлішер сол Мәжит атасы мен Қанай әжесінің институтын көргеніне бәріміз бек ризамыз! Айсәуленің бойынан біз қазір құдағидың барлық әдеттерін, қылықтарын байқаймыз. Құда мен құдағи немерелерінің дипломдарына, мадақтамаларына, алғыс хаттарына, медальдарына қалай қуанғаны әлі есімізде. Әжесі бір кездері қатал ұстаз болғанын ұмытып, көзі жанып, жарқырап отырып бәріне немерелерінің жетістіктері туралы айтуды жөн көретін.

***2020.***
***Қарағанды.***



**Бәкен ИБАЖАНОВА,**
*Қанай Сәліқызының әріптесі.*

## БІЗ ДЕ ҰСТАЗ БОЛҒАНБЫЗ...

Адам баласының өз өмірінің барысында абыройлы болуы, атақ-дәрежесінің биіктен көрінуі, солар арқылы қоғамдағы орнының орнықты болуы, ең алдымен оның бойындағы табиғаттың берген болмыс-бітіміне, адами мінезіне, атқарған іс-әрекеттері мен еткен еңбегінің салмағы мен нәтижесіне байланысты болса керек.

Қоғамдағы орны айқындалған, еңбектерінің нәтижесінде елге танылған Әбдіровтер отбасы осы кеншілер кентіне кенінен таныс. Отанасы Қанай апай «Бәрі балаларымыз үшін дейтін халықпыз. Бала - әрбір отбасының алтын діңгегі. Берекесі басым отбасында бала сүйіспеншілікке бөленіп өседі» дейтін.

Балаларға атадан қалған әділеттілік, еңбекқорлық, адамгершілік қасиеттерді өнеге ететін. Саналарына, ойына бекітіп, жақсы қасиеттерді игеруіне күш салатын.

Отағасы Мәжит ағай екеуі жандары жайсаң, жақсы адамдар еді. Қазақтың

кеңпейілді ата - аналарының ізгі жолының жалғаушысындай болған, әрдайым ұлттық дәстүрімізді үлгі ететін.

Әріптестері арасында сыйлы, отбасында - аяулы ана, асыл жар, әже бола білді.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейтін халықпыз. Еліне ұстаздықпен еңбегі сіңген аяулы азаматымыздың өмірі мен өнегесі жас ұрпақ тәрбиесіне игі әсерін тигізіп, сөзі де, ісі де ірі, жаны жайсаң жандардың еңбек жолы елдің баласына өнеге болары хақ.

Мен Қанай апаймен 1980 жылдан бері таныспын, мектепте әріптес болдық. Ешкімге міндет артпай - ақ, өз бойындағы білімі мен білігін, қажыр - қайратын мақсатты да нәтижелі іс тындыруға бағыттап, мынау қысқа ғұмырда елге пайдалы, ұрпаққа үлгі болар тірлік жасасам дейтін мұраты асқақ адам еді. Өйткені ондай адам ешқашан өзін - өзі дараламайды, елден оқшауланбайды. Қашанда ел ішінде, қоғамның ортасында болады. Дәл осындай азаматтарды халқы қадірлейді, еңбегі еленеді, марапаттар мен атақ-абырой еліне елеулі адамды өздері табады. Қанай апай Ақжал орта мектебінде ұзақ жылдар бойы, зейнет демалысына шыққанға дейін математика пәнінен оқытушы болып қызмет атқарды. Шәкірттері - облыстың, республикалық олимпиадалардың жеңімпаздары, «Алтын белгі» иегерлері болды. Ұрпақ тәрбиесі жолындағы ұзақ жылғы еңбегі үшін «Қазақ ССР ағарту ісінің үздігі» белгісімен, бірнеше мәрте Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Міне, осы уақыт кеңістігінде кейіпкерім туралы көріп - білгендерім мен ойға түйгендерім осындай. Үйде де, түзде де, мектепте де, отырыстарда да бір қалпынан айнымайтын адамның мен таныған бейнесі осы. Өзінен кейінгілерге үлгі боларлықтай таза адами қасиеттері, сабырлы кейпі мен салмақты ойы адамның құрметін туғызып, үлкенмен де, кішімен де лайықты сөйлесе білетін. Қарапайымдылығы оны халқына қадірлі етіп, кейбіреулер сұрап ала алмай жүрген абырой мен атақ өзі іздеп келген!

Мына бір өлең жолдары Қанай апайға арналған сияқты:

Артықсынып, ірісініп басқадан,
Астамшылық жасамаған, таспаған.
Бір қалыпты баяу аққан өзендей,
Өмір бойы арнасынан таспаған.
Ешқашан да, еспеген де бөспеген,
Ешкімнің де жолын, бағын кеспеген.
Даусын қатты шығармай-ақ, тентекті,
Бас идірген, бай мінезді еппенен.

***12.05.2020.***
***Ақжал.***



**Шәризат КӘРІБОЗОВА,**
*Шарбан Батталова атындағы жалпы орта білім беру базасындағы тірек мектебінің (ресурстық орталық) директоры.*

***Шәризат Сағындыққызы КӘРІБОЗОВА 1968 жылы Қарағанды облысы Шет ауданының Ақшатау кентінде дүниеге келген. Жезқазған педагогикалық институтының түлегі (1990), физика және қосымша математика пәні мұғалімі. Балқаш қаласының №4 ЖОББМ-де математика пәнінің мұғалімі (1990), Ақжал орта мектебінде математика пәнінің мұғалімі (1992), директордың оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары (1999), Ақжал негізгі орта мектебінің директоры (2007) міндеттерін атқарды.***

***2017 жылдан бастап Ш.Батталова ЖОББМ базасындағы тірек мектебінің (ресурстық орталық) директоры.***

## МӘҢГІ ЕСТЕ ҚАЛАДЫ...

*«Ұстаз болу - жүректің батырлығы*
*Ұстаз болу - сезімнің ақындығы.*
*Ұстаз болу - мінездің күн шуағы,*
*Азбайтұғын адамның алтындығы».*

***Ғ. Қайырбеков***

***«Ұстаз - ұлы есім» дейді Мұхтар Әуезов.***

***Иә, расында да, ұстаз деген сөздің астарында мән - мағынаның бәрі бар: білім мен ғылым, махабббат пен сүйіспеншілік, мейірімділік пен табандылық, талапшылдық пен турашылдық, әділдік пен ізгілік. Әрбір баланың тұлға болып қалыптасуына, дүниедегі әрбір мамандық иесінің болашаққа қанаттануына себепкер болатын жанашыр, ізденімпаз адам ол - ұстазымыз.***

Біздің халқымыз мұғалімге қашан да шынайы құрметпен қараған. Біздің басты байлығымыз - адам, ұлы Абай айтқандай «Адамның адамгершілігі жақсы ұстаздан болады». «Бір мұғалім бар - алдынан тез кеткің келеді, Бір мұғалім бар - қуып жеткің келеді, Ұстаз бар - алдынан мәңгі жүріп өткің келеді» деп ақын жырлағандай, мұғалім болу аса жауапкершілікті іс деп білемін. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор.

Менің де өмірімде өзіме үлгі - өнеге болған мұғалімдердің бірі - Сәлина Қанай Сәліқызы.

Мен Ақжал орта мектебінде еңбек жолын бастаған кезімде тәлімгерім болып Қанай Сәліқызы бекітілді. *Менің сүйікті тәлімгерім, мектепке келген кездегі жетекшім* - көңілі пәк, ойы нәзік, шәкірттерінің жүрек нұрынан өз жемісінің өнімін көруге асыққан бағбан, әрі бала жанына ақыл дәнін сепкен ұстаздардың бірі де бірегейі - *Қанай Сәліқызы. Ол кісінің ғибрат алар әрбір сөзі, кескін - келбетіндегі жылулық, бәрі - бәрі мен үшін - үлгі - өнеге.*

Менің ұстазым әсерлі үнімен, мәнерлеп сөйлеген сөзімен мені де, оқушыларды да өзіне жақын тарта білді. Сол балалармен көптеген іс-шаралар өткізіп, сабақты қызық та тартымды өткізген кездері есімде. Біздің мектепте ұстаздардың екінші аналарындай болып та кетті. Апайдың жүріс - тұрысы, киген киімі, сөйлеген мәнері, бойындағы парасаттылығы маған үлкен сабақ болды. Сабақтарына кіргенімде оқушылар қашан да тыныш отыратын, шыбынның ызыңы естілетін. Қанай апай жай сөйлеп, оқушының жетесіне жететіндей сабақты жүйелі түрде түсіндіретін. Меніңше, математика - қиын сабақ, әсіресе, көп ойлауды, логиканы қажет етеді. Осы қиын сабақты Қанай апай түрлі ойындар, әдіс - тәсілдер арқылы түсіндіретін, оқушылардың ойлау қабілеттерін арттырып, жеңіл әрі тиімді жолдармен түсіндіруге тырысатын. Әр есептің бірнеше шығару жолын көрсететін және соның ішінен ең түсініктісін аңдап, оқушыға сол жолмен есеп шығаруға мүмкіндік беретін. Қазіргі НИШ мектептерінің оқыту әдістерінің бірін сол кездің өзінде пайдаланған. Тақтада оқушылар есеп шығарып жатса, орнында отырған оқушыларға сол есепті тексертіп, дұрыстығын, қатесін тапқызып, оны түзету жолын талап ететін. Сондықтан оқушылар ұстазын өте жақсы көретін. Талай мәрте аудандық, облыстық олимпиадаларда оқушылары жүлдегер атанып, жоғары оқу орнына түскенде, сынақ тапсырғанда жүзден жүйрік шығып жүрді. Осындай ұстаздан тәлім - тәрбие алғанымды мақтаныш тұтамын.

Көмек сұрап алдына бара қалсам, ешқандай реніш білдірмей, уақытын бөліп, көмектесуге тырысатын. Сол тәлімгерім, ұстазым әрі әріптесім болған Қанай апайым менің осындай дәрежеге жетуіме көп көмек берді

десем артық айтқандығым болмас. Қазір апай бақилық болып кетті, ал мен сол ұстазымның ізін басып келемін. Осындайда «Жақсы адаммен отырған жарты сағат - өтіп кеткен жаманның өміріндей» деген мақал еске түседі.

Қанай Сәліқызы тек оқушылармен, ұстаздармен жұмыстанып қоймай, ата - аналармен де тығыз байланыста жұмыс істеген еді. «Ата - аналарға да әр уақытта өз көмегін аямады. Мектеп ішінде өтетін тәрбие сабақтарына, ата - аналар жиналыстарына, жарыстарға үзбей қатысып, бағыт - бағдар беріп жүретін қамқоршы, ақылшы, жаны жайсаң жан еді» деп ата аналар, әріптестері жиі еске алады.

Қанай Сәліқызы - отбасыңда аяулы жар, асыл балаларына жылулық шуағын төгетін мейірімді ана, әріптестеріне үлгі бола білген тәжірибелі мұғалім, сан мыңдаған шәкірттерді білім нәрімен сусындатқан ұлағатты ұстаз еді.

Ұстаздың мектепте алаңсыз жұмыс жасауына үйдегі жолдасының қосар үлесі зор. Осы жолда Әбдіров Мәжит Аманқұлұлының, менің нағашымның еңбегі зор деп білемін.

Мәжит ағай мектебімізде директор және математика пәнінің мұғалім болып еңбек етті. Апайымызға үйде де, жұмыста да жайлы болды.

Кейіннен Ақжал кентінде әкім болып еңбек етті. Талай рет кездескенімде әрқашан сөзін «қалқам» деп бастайтын жайдары мінезді, қамқоршы адам еді. Өзім әкем мен анамнан ерте айырылғандықтан, Мәжит ағаның сөзіне марқайып, әкемді көргендей сезімде болатынмын. Қазір өзім де отбасылы балалы - шағалымын, менің де мектепте беріліп жұмыс істеуіме жолдасым Сәденов Әбікен Аманкелдіұлының жағдай жасап отырғаны сөзсіз. Ұстаздың еңбегі сондай кезде нәтижелі болады және жемісін береді деп ойлаймын.

Ш.Батталова атындағы ЖОББМ ұжымы Мәжит Аманқұлұлы мен Қанай Сәліқызы ұрпақтарының заманауи талаптарға сай құрал - жабдықтармен қамтамасыз етілген математика пәнінен оқу сыныбын ашу туралы бастамаларын жылы қабылдады. Өскелең ұрпақты білім нәрімен сусындатып, бойына ізгілік пен мейірімділіктің нұрын сепкен Қанай Сәлікызының есімі ұрпақтары мен шәкірттерінің, әріптестерінің есінде мәңгілік сақталады.

Қанай Сәлікызының нұрлы бейнесі, әрбір салиқалы сөзі, раушан реңі, жан үйірген жұпары, сырғалы ойы, қызғалдақ сезімі, мол бедерлі есімі мәңгі жарқырап сөнбейтін нұрлы сәуледей жүрегімізде мәңгі сақтала береді.

***2020.***
***Ақжал.***



**Сәруар МАХМЕТОВА,**
*Қанай Сәліқызының әріптесі,*
*ҚР Оқу ісінің үздігі.*

## ӨНЕГЕЛІ ОТБАСЫ

Мен Ақжал кентіне 1974 жылы С.М.Киров атындағы қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін бітіріп келдім. Алғашқы еңбек жолым осы мектепте басталып, қырық жылға таяу еңбек еттім. Мен үлкен білікті ұстаздардың ортасына түстім. Олардың ағалық, апалық ақыл - кеңестері мені білікті, білімді ұстаз етіп шыңдады. Мен олардың алдында басымды иемін. Атап айтсам: М.Әбдіров, Ш.Мұқатаев, Т.Исатаев, Ө.Әйнеков, С.Адамин, Т. Ілиясов, Қ.Сәлина, М.Мұқатаева, Г.Сырғабекова, М. Бәкішева, Б.Тілеуберлина, О. Күзембаева және т.б.

Мен келгенде мектеп директоры математика пәнінің мұғалімі Әбдіров Мәжит Аманқұлұлы еді. Өте сыпайы, үлкен-кішіге «қалқам» деп қана қарым-қатынас жасайтын. Кейін кенттік кеңестің төрағасы болып, халық қалаулысына айналды. Өмірінің соңына дейін көпшіліктің мұң-мұқтажын арқалап, шешімін тауып отырды. Ұстаздық еңбек жолы жемісті болса, қоғамдық жұмыстарды басшылықпен атқарды, ел сеніміне бөленген азамат болды. Ауылдың үлкенді - кішілі мәселелері Мәжікең арқылы шешілетін. Кейін зейнеткерлікке шыққан соң әр түрлі қоғамдық қорларды басқарды.

Отбасының ұйытқысы, анасының тірегі, әкесі Ұлы Отан соғысынан хабарсыз кеткен. Қалила (Шоқы) апа Мәжікеңді көзінің ағы мен қарасындай сақтап, тамаша тәрбие берген. Әке тәрбиесін көрмесе де анасы бар күш-жігерін азамат етіп шығаруға арнаған. Біз Мәжікеңдермен жиырма жылға тарта көрші болып тұрдық. Отбасының берекесі Шоқы ананың немерелерін де тәртіпті, тәрбиелі, білімді етіп өсіруге күш - қайраты жетті. Төрт немересін үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға, Отан алдындағы парыздары мен міндеттерін орындауға, салт-дәстүрді бойларына сіңіріп, ұядан қанаттарын қатайтып ұшуларына баулыды. Әсіресе, ата-анасы оларды білім нәрімен сусындатуға барынша күш салды. Әже тәрбиесі, әке-шеше тәрбиесі ұштаса

келе заманымыздың маңдайалды ұлдарын өсіріп шығарды. Төрт немересі де білімді, мектепті үшеуі де «Алтын медальмен» бітіріп, бүгінгі күні еліміздің болашағы үшін еңбек етіп, өз үлестерін аянбай қосуда. Осындай өнегелі отбасының берекесі де, байлығы да аналары - Сәліқызы Қанай апамыз еді. «Ұстаз - мектеп жүрегі» деп Ы.Алтынсарин текке айтпаған, осындай жандардың еңбегінің арқасында айтылған ғой деген ой келеді.

Қанай Сәліқызы мектепте математика пәнінен дәріс берді. Сан мыңдаған оқушыны білім нәрімен сусындата білді. Өз пәнінің шебері, сол кезде теңдесі жоқ білгір ұстаз, ұлағатты тәлімгер болды. Төңірегінен жылылық пен сыпайылық, адамгершіліктің тамаша белгілері нұрын шашып тұратын. Өте қарапайым, ұстамды, артық әңгімесі жоқ, сыпайы жан еді. Үстіне киген киім өзіне сондай жарасып, әлем - жәлем болмай көк бастоннан тігілген костюм мен юбкасы өзіне ерекше сән беретін. Осындай талаппен, тәрбиемен шәкірттеріне, ұстаздарға үлгі болды.

Ұстаз - ұлағатты есім. Сол есімге сай тұлға болды. Оның шәкірттері осы күнге дейін өткізген сабақтарын тайға таңба басқандай қызыға айтады. Соның бірі Дәкен Саттарова өз сөзінде ұстазы туралы былай дейді: «Ол кісі сабақ түсіндіргенде сыныпта шыбынның ызыңы естілмейтін. Ең бірінші талабы - темірдей тәртіп, тәртіп болмаған жерде білім де болмайды... Математиканы аз ғана уақыт берсе де, санамызда сол ұстаз тұлғасы мәңгі сақталып қалды. Әр сөзін анық, нық, дұрыс, дәлелді түсіндіре білетін. Біздің санамыздан осы сәт кетпейді». Мұндай пікірлер сол кезде алдынан өткен шәкірттері мен жас мамандар тарапынан да аз айтылмайды. Өзінің біліктілігі мен білімінің арқасында жас мамандарға үлгі бола білді. Ол кісі менің сыныбымда математикадан сабақ берсе, ол кісінің сыныбында мен қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ бердім. Емтихан уақытында, жай сабақ уақытында өз оқушылары туралы артық сөз айтқызбайтын. Оларды қызғыштай қорғап, кемшілігін түзетуге жол көрсетіп отыратын.

Өте әділ болды. Кезінде мектепте өтетін іс-шараларды дұрыс орындап үлкен нәтижеге жете білді. Біз келген уақытта «Сырласу» клубының жетекшісі екен. Қыз баланың тәлім - тәрбиесі, гигиенасы, болашақ ана ретінде салт - дәстүрді дұрыс ұстауға, әйелдің қоғамдағы орны туралы толық жан-жақты тәрбие беруге деген апайдың ұмтылысын көріп, сүйсініп жүрдік. Сонан «сендер жассыңдар» деп эстафетаны маған ұстатты. Өз кезегінде жете меңгерген оқыту методикасының әдіс - тәсілдерін ұстаз әріптестерімен бөлісе білді. Сабағына қатысып, пікір алмасып, жетістіктерін жас мамандарға сіңіріп, ақыл - кеңесін аяған жоқ. Өткізген ашық сабақтары, тәрбие сағаттары көкейге қонымды шығатын. Ол кісі сабақ өткізгенде сыныпта шыбынның ызыңы естілмейтін, бар ұстаздан соны талап ететін. Шәкірт жүрегіне жол таба білген мұндай ұстаздар саусақпен ғана санарлық. Биязы мінезі, үнсіз жымиыс-

сыпайы сәлемі, жылы амандасуы бәрі көз алдымызда. Математика пәнінің бүге - шүгесіне дейін алдына жайып салатын. Үлкен жаңалықтар ашпаса да пәннің өзіндік ерекшелігін шәкірт санасына құя білді. Бағаны егжей - тегжейіне дейін зерттеп барып қана, әділ қоятын.

Саналы ғұмырын тек шәкірт жүрегіне жол табамын деген ұстаныммен өткізді. Қоғамдағы келеңсіз жағдайлардан алшақ болудың жолдарын шәкірттеріне үйрете білді. Қоғам, отбасы, бала тәрбиесі апайымыздың санасынан ешқашан шыққан жоқ. Өз балаларын қоғам қайраткері дәрежесіне жеткізсе, немерелеріне, келіндеріне де сол тәрбиені беріп кетті.

«Ұстаздық еткен жалықпас» дегендей дүниеге ұстаз болып келіп, ұстаздардың ұстазы болып қалды. Әдептілік, сыпайылық, адамгершілік қасиеттер бойынан өріліп тұратын. Біз тамаша көрші болдық. Шоқы анамыз бала тәрбиесіне байланысты көп ақыл - кеңестерін айтып отыратын. Біз бірімізді біріміз бағалай білдік. Мектепке Ш.Батталованың атын беру салтанатына жан - жақты дайындалдық. Мен Алматы қаласынан Ш.Батталова туралы біраз материалдар әкелдім. С.Зимановпен кездесіп, көптеген дерек жинадым, соны білген Мәжікең «Мен саған демеуші болайын, осыны тереңірек зерттеп, кітап жазшы» деп қолқа салды. Мен келістім. Әттең Мәжікең сол кездесуден кейін сырқаттанып, ауырып қалды.

Қанай Сәліқызының кенжесі Шахатбек менің тұңғышым Әнуармен түйдей құрдас. Калекең екеуіміз демалысқа бірге шықтық. Балалардың дүниеге келуі, олардың тәрбиесі туралы көп әңгімелер айтып, ақыл - кеңесін аяған жоқ. Балалардың мектепке баруы, сабағы, мектеп бітіруі туралы ортақ әңгімеміз болды. Екінші балама Мұқтарға демалысқа шығарда «Қалеке, тағы бірге барып қайтсақ қайтеді» дегенімде марқұм шекшілесі қата күліп «Сәруар, енді мені әуре қылма» дегені әлі есімде. Сондай ашық жарқын адамдар өмірлік серігіміз, ұстазымыз болғанына мен қуанамын. Нұрландай ұлдарының мұғалімі болғанымды мақтан тұтамын. Ауылда үлкендерінен, Қанай мен Мәжікеңнің замандастарынан, ауылдастарынан «ұл өсірсең, солардай өсір, тәрбиеле, мақтан тұт» деген сөздері үнемі естиміз. Саялы бақ, мәуелі бәйтерек өз жемісін берді. Шоқы анадан басталған тәрбие Қанай мен Мәжікеңмен толықтырылды.

Біз де осындай шәкірттеріміз болғанын мақтан тұтамыз. Еліміздің, жеріміздің, ауылымыздың мәртебесін көтере беруге Алла оларға күш - жігер қайрат берсін. Ұрпақ өсіп, Қанай мен Мәжікеңдей азаматтарымыз қатарымызды толтыра берсін демекпін.

Жатқан жерлері жайлы, топырақтары торқа болып, қабірі нұрға толсын!

***14.05.2020.***
***Қарағанды.***



**Қарғажан РАХМАНИЯҚЫЗЫ,**
*Мәжит Аманқұлұлының жақын қарындасы.*

## ЖАСЫНДАЙ ЖАРҚЫРАП ӨТКЕН ЖАНДАР ЕДІ

Өмірдің базарынан қайтқандар туралы естелік жазу оңай дүние емес. Өткен өмірді еске аласың. Жаның жабырқайтын да, шаттанатын да сәттер аз болмайды. Жүрегің толқиды, көңілің тебіренеді. Не де болса жақсының жақсылығын айту тірі жүрген пендеге парыз ретінде есептелінер. Мына бес күн жалған тірлікте аспаннан жұлдыз да ағып түседі ғой. Сол жұлдыздай жасынан жарқырап өткен үлкен мамам туралы, мамамның жалғызы Мәжит аға мен келіні Қанай туралы аз - кем сыр тарқатпақпын. Бір жағынан жақсы танитын, жақсы сыйласқан жандар туралы естелікті неден бастарымды білмей абдырап отырғаным тағы бар. Не де болса айтатын естеліктер шаш етектен.

Естелігімді үлкен мамадан бастасам деп едім. Мама аққұба жүзді, жүрегі мейірімге толы, шодырлау мінезі жоқ, көргені көп, көңілге түйгені мол құйтақандай кісі еді. Тағдырдың жазуымен он үш жасында он сегіз жастағы жігітке тұрмысқа шығады. Ол кезде білесіздер қыз бала ерте тұрмысқа шыққанымен, оны өз қызындай тәрбиелеп, отбасылық өмірге алдын ала дайындайтынын. Өкінішке орай атамыз Аманқұл Балқаш қаласында үлкен бір заводта заготконтордың басшысы болып қызмет жасап жүрген кезінде кенеттен ауырып қайтыс болды. Ал мамамыз бір баласымен отыз жеті жасында жесір қалып, 1943 жылы Ақсу - Аюлыға, қайын жұртына көшіп барады. Сол жерге барған бойда, тума - туыстарының, қауым жұрттың алдында өзінің бойына біткен жақсы қасиеттерімен сыйлы бола білді. Бәрі ыстық құшағымен қарсы алып, төрін берді. Уақыт өте келе барша жұртқа төлқұжатында Қалила болып жазылған анамыз үлкен мама болып кеткен еді. Жасы кіші ағайын туыстардың барлығы өз шешелерімізді тәте деп, ол кісіні «мама» дейтінбіз. Себебі мамамыздың өзі елдің анасы, халықтың анасы бола білді. Жергілікті халықтың өзі де адами қасиетіне ұйып, құрметтеп «Шоқы» деп атап кетті. Ол да болса бір биік төбе деп мойындағанның белгісі болса керек.

Біздің ауылда тұрған ағайын - туыстардың тәртіптері өте жақсы болды. Олар бірін - бірі сыйлап, құрметтеп, бір - біріне қатты сөз айтпақ түгіл, бір-бірінің алдынан кесіп өтпейтін. Шет ауданында біздің әулеттің әйелдері, кемпірлері бәрі аппақ киім киіп, бірге жүретін. Ішінде Шоқы аталып кеткен үлкен маманың еңсесі биік болып тұратын. Қасындағылары Қайыржанның анасы Зәуре апай, Имекеңнің анасы, менің әжем және тағы басқалары. Осы кісілер айырылмай бірге қыдырып жүргенде елдің бәрі қарап, Қара бидің келіндері келе жатыр деп қызығып айтып отыратын. Осы аналарымыз ауылдың бүкіл әйелдеріне үлгі бола білді. Айтайын дегенім ағатайым жақсы, өркенді ауылдан шыққан. Өскен тегі, тұрған жері жай емес, атақты ауыл болды. Менің естігенім Бәйтікұлы Қара бабамыз кезінде ел билеген болыс, Абайдың әкесі Құнанбаймен дастарқандас болып, тығыз араласқан. Негізінде біздің ауылымыз текті тұқым, байдың ауылы деп есептелді.

Мен сол бір елді мекенде бірлігі мол жақсы туыстардың ортасында өстім. Соның бірі маманың жанұясы болды. Үнемі маманың қасында болдым бала кезімнен. Мамаға қызықтап, еліктеп өстім. Сонда әрдайым байқайтынмын маманың ел арасындағы құрметі, абыройы барлығын, қадірлі екендігін. Елге сыйлы, қадірлі болған маманы бәрі ауылда құрметпен қарсы алып, құрметпен шығарып салатын. Барлығы маманы ұқыптап тыңдап, ол кісіге аса ерекше құрмет көрсететін. Мама сөйлегенде бәрі құлақ асатын, киізқұлақтардың өзі елең ете қалатын. Алдынан ешкім кесе көлденең өтпейтін. Кейбір тәкаппар, тасжүректерге ренжімейтін, кеңпейіл, кеңқолтық жан еді.

Аса еңбекқор еді. Кез - келген биіктік, дәреже, нәтиже тек еңбекпен, күреспен келетінін өмірінде мамамыз барша жұртқа дәлелдеп өткен еді. Елдің ішінде жарқырап жүретін жарық еді мамамыз. Расымен де мамамыздың жан сұлулығында шек жоқ еді. Әйтпесе халық елдің анасы ретінде төбесіне көтерер ме еді?! «Бәрін айт та бірін айт» демекші, әйтеуір етпен қайнап, сүйекке сіңген биязы, сыпайы, иманды, мейірімді мінезімен өмір сүре білді мамамыз. «Жаны ізгіден нұр тарайды» дейді дана халқымыз. Міне, үлкен мамамыз сондай жан еді.

Балалық шағымда біздің ауылымыздағы алты - жеті үй бір құдықтың басында орналасты. Ол құдық - Қасым құдығы деп аталды. Қасым менің атам, Рахманияның әкесі. Әкем Шет ауданында салынған маслозаводтың бірінші бастығы болған. Одан кейін 1950 жылдары Қызылту совхозына көшіп, сол жерде сельсоветтің төрағасы болды. Әкемді сол жақтағы тұрған жергілікті халық жақсы сыйлап, құрметтеді. Өкінішке орай 1968 жылы дүниеден озды.

Әрине, әкемнің басқаларға қарағанда тұрмыс жағдайы өте жақсы болды. Ол әрқашан туыстарға қол ұшын беріп, көп көмек көрсетіп, берер ақылдарынан да аянбайтын. Ауылдағы туыстардың көбі әкемнің көмегімен

үйленіп, отбасын құрды. Оны туыстардың бәрі құрметтеп сыйлайтын. Әкемді мен өте жақсы көретінмін. Мінезі қатал, бірақ адал, көп сөйлемейтін кісі еді. Ал әкем де ағатайымды өте жақсы көретін. Жаз айдарында Мәжит ағатайым ауылға каникулға келгенде күтіп, құрметтеп, өзінің қолынан келгенше көмегін көрсетіп отыратын. Ол уақытта курортқа бару дегенді көбісі біле бермейді. Ал ағатайымның жыл сайынғы мектептегі жазғы каникулында әкем анамның Петропавл елді мекенінде тұратын қайын жұртына, қасына ертіп, қыдыруға алып баратын.

Маманы елдің бәрі қалай сыйласа, жалғыз ұлы Мәжит ағамды да солай сыйлағанына баршамыз куә болдық. Ағам мен Қанай жеңгем жайлы естелік ол өз алдына бір бөлек әңгіме. Жалпы, Мәжит ағам өзі жастайынан парасатты, сыпайы болып өсті. Иегі қышып, тиегі ұшып қауесет сөз іздеп жүретін жандардың қатарынан емес.

Жастайынан ағам бәрімізге баскөз болып үнемі топтың алдында жүретін. Ол кісінің бойында қазақылық, ұлттық мінез, елжандылық рухтың бәрі болатын. Мәжит ағам институтқа түсіп, жазғы, күзгі демалыстарға самолетпен Шет ауданына ұшып келгенінде бәрі жақсылап қарсы алып, бәрі қимастықпен шығарып салатын. Институтқа түскен Ағам танымдық көкжиегін кеңейте жүріп абыроймен бітіріп шықты. Сөйткен ағам үлкен отбасы болып, абыройда болып өмірін жалғастырды. Өз білімімен, тәжірибиесімен аса көкейкесті мәселелерді шешсе де даңқты, атақты, мәшһүр болам деген ойы болған емес. Жалпы, ағамның елге сыйлы, қадірлі болуы сол маманың елге құрметі мен адал еңбегі деп ойлаймын. Келіні Қанай мұғалім болса да өте жақсы тәрбие көрген мамадан. Қанай да мамаға тартқан үлгілі, кішіпейіл, тәрбиелі, жақсы ана бола білді. Қарағанды қаласында Қанай жеңгеммен жиырма жылдай араласып бірге болдық. Сол жиырма жылдың ішінде асыл жеңгеміздің бір артық шырт еткен бірлі - жарым мінездерін көргенім жоқ. Ешбір жанға өкпелеп назын айтпайтын. Ол да енесіне тартқан, мама секілді жайлы, жаймашуақты жан еді ғой, жарықтық.

Мәжит ағам мен Қанай жеңгем бір - біріне қаздай жарасып өз алдына отау құрып, үлгілі жанұя бола білді. Балаларын да жақсы тәрбиеледі. Екеуі де өмірге құштар еді. Пұшайман күйге түсіп, баз кешкендерін көрген емеспіз. Біреуге ренжісе жәй ғана үндемей қалатын. Екеуі төрт ұл тәрбиеледі. Соларды әрқайсысы өзінше бөлек отау болып отыр. Келіндерін де өз қызындай көріп, бауырына тартып, оларға да бағыт, бағдар бере алды. Солардың бәрі ата - анасының тәрбиесі деп ойлаймын. Бұларды маманың аруағы қолдап жүргендей көрінеді де тұрады.

Ағатайым студент кезінде үйінде жатып оқыған Шахат аға мен Батиха шешеміздің орындары біз үшін ерекше болатын. Оларды біз жақсы көріп,

сыйлап, еркелеп, «дядя Саша, тетя Валя» деуші едік. Сол тетя Валяның Гүлнар келін болып түскенде: «Нұрлан жақсы қызға үйленді, жақсы отбасы болады» деп қуанғаны есімде қалыпты. Сыйластығы туыстығынан артық болған бұл отбасының құрметіне Мәжит ағатайымның кенжесі Шахатбектің аты қойылған.

«Өзің үшін еңбек қылсаң өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың, адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың» дейді данышпан Абай. Сол данамыз айтқандай мамамыз Жаратқанның сүйген құлының бірі болды деп есептеймін. Маманы елдің бәрі тазалығы, шыншылдығы үшін сүйе білді. Өмірі намазын тастамаған, иманы берік жан еді. Өмірінің соңында, қайтыс боларына екі күн қалғанда намазын оқи алмай қалған еді. Алдына имам келгенінде екі күндігім қаза болып барады, мұным қалай болады деп қобалжыған еді, жарықтық. Сөйткен мамамыздың уақыты келіп жалғанмен мәңгілікке қоштасқан сәтінде жиылған жұрттың қарасы көп болды. Қайтыс болғанында бүкіл ауыл жиналған еді. Елге сондай сыйлы, құрметті, қадірлі, абыройлы болғандығын сонда тағы бір байқаған едік. Қимастықпен қоштасқан жұрт маманы әлі күнге естеріне алып отырады. Жақсының аты өшпейді деген осы болар.

Мәжит аға ауырып қалған уақыттан кейінде мен жылына туыстардың қасын қосып, үйге қонаққа шақыратынмын. Біздің қоңыр салқын жер үйде, ағатайым мен жеңгем арқасын кеңге салып, демалып, рақаттанып, көңілді отыратын. Сонда туыстардың бәрін қосудағы мақсатым, сол ағатайым есіктің алдында отырып демалып бойын жазсын, туыстарымен араласып, көңілдерін көтерсін деген ой болатын. Жалпы, мен ол кісілермен жақын сырлас болдым. Мені сондай бір жақсы сыйлайтын. Өмірі мені Қарғажан демейтін, «Қарға» деп еркелететін. Ағатайым Қанай жеңгем екеуі қонақта үстелдің басында отырғанда, мен еркелеп олардың ортасында отыратынмын. Біздің арамыздағы сыйластығымыз сондай болды.

Қазіргі күні ойласам мен үшін Мама, Мәжит ағам мен Қанай жеңгемнің жоқтығы жүрегіме қатты батады. Осы күндері мен оларды қатты іздеймін. Өйткені дәп солардай сырласатын жан жоқ мен үшін. Сол жақтағы соғып тұрған патша жүрек соларды сарғая сағынатыны ақиқат. Расымен де қатты сағынамын. Сағынған шақтарда ішім сыздап қоя береді. Ой, жалған дүние-ай, десеңізші!..

Мама жайлы, Мәжит ағам мен Қанай жеңгем жайлы шерімді ағыл - тегіл ағыта алдым деп ойлаймын.

***2020.***
***Қарағанды.***



**Мінәй СОФИНА,**
*Қанай Сәліқызының жақын сіңілісі.*

## АСЫЛ АДАМДАР

Адамның дегені болмайды, Алланың дегені болады дегендей Жаратушы иеміздің қалауымен біздің үйдің үлкендері ұлдардан басталды. Біреуден кейін, біреуден ілгері дегендей қоңыртөбел тіршілік кештік. Ауыз толтырып айта қоярлықтай елде дүние болмады. Елдің де дүниеде онша шаруасы болмады. Қыз дүниесі деген болмаса ел жиһаз жинауға да құлықты емес еді.

Байлық деп ол тұста ел балаларын білді. Балаларымызды қалай жеткізем деп тырбанды. Жеткізгені сол табанын тіліп жұмысқа салмай өздерінің ақ тер, көк тер болып тапқандарын балаларының аузына тосып, алаңдатпай оқытты. Олардың сол бес жыл оқып алған күректей қатырма қағаздары өмірлік азықтары болды.

Сол бір уақытта үлкен әжеміз болған, ол Қанайдың үлкен шешесі, бірақ ол менің де шешем болды, екі жағымыздан жетектеп жүріп ойнатын, еркелететін, сол апамыз өткен ғасырдың елуінші жылдардың ортасында қайтыс болды.

Әкелеріміз, шешелеріміз бір туғаннан артық сыйласқан жандар еді. Бірінің алдына бірі келмейтін. Бірінің алдынан бірі көсе көлденең кесіп өтпейтін.

Қандай жағдай болсын бірінің сөзін бірі күтіп сөйлейтін, бірінің сөзін бірі тыңдап отыратын. Тыңдап ғана қалмай, құлақ асатын. Сыйластықтың бұл түрі біздерге өмірлік азық болды, өзімізге үлгі қылдық, кейінгіге өнеге тұттық.

Олар әрдайымда бір - бірлерімен ақылдасып, тізе бүгіп кеңесіп, бірігіп жұмыс жасайтын. Шешелеріміз болса бірін бірі көре алмаса отыра алмайтын. Бір бірін сағынып, үнемі сұрап, сәлем - сауқат жолдап жүретін еді. Ой, дүние-ай, десеңізші, пайда ойламай, ар ойлаған асыл жандар еді ғой, жарықтықтар.

Соғыс өткеннен кейін балалар аз болды. Себебі белгілі. Әкелеріміз ағаларымыз соғыста болды, көбісі туған ошақтарына оралмады. Соған орай ел

қол күшіне зәру еді. Отау жасына іліккендерді баласынбай кәдімгідей азамат тұтатын, ес тұтатын. Ондай балалары бар үйлердің ұпайлары түгел болатын.

Қандай жағдай болсын қазақ отбасы төрт түлігінен ажырамаған ғой. Бие байлап, аққа аузымыз тимегенімен малдың сүмесінен ажырап қалған шаңырақ бола қоймайтын. Сол азды-көпті ұсағымызға ықтиятты болдық. Қанай, Өтембай үшеуміз бірге малға шығып жүретінбіз.

Балалық шағымызда талай керемет жақсы оқиғалар басымыздан өтті. Саусағымызды майыстырып ханталапай ойнадық, ауылдың алты ауызын қыр астырып алтыбақанда тербелдік. Аузымызды қан жоса ғып бояп бүлдірген тердік, табанымызды майлап ханкөбелек қудық.

Ауылдан Қанай мектептің жеті сыныбын бітіріп, оқуын жалғастырам деп Қарағандыға кетті. Мен ауылда қалдым. Каникулға елге келгенде жүрегіміз талып тұрып, бірімізді біріміз сағынып жылап көрісетінбіз.

Мұндай тарихи сәтті қалай ұмытарсың. Содан мен оған қалаға оқып жатқандықтан киім алып берсін деп ақша жіберемін, ал ол менің қалағанымды өзім ойлағандай қылып алып беретін. Кейде бәрі келіссе де түсі келмей жататын, десе де сән-сипаты керемет болатын. Құйып қойғандай жарасып тұрар еді.

Уақыт өте келе Қанай апамыз орта мектепті жақсы бітіріп, өзі қалаған жоғары оқу орнына түсті. Кейін сол жоғары оқу орнында өзімен бірге оқыған жігітті ұнатып, оқуын бітірген соң бас терісі келіскен сол азаматқа тұрмысқа шықты. Сонда бізге хабарласып айтқаны бар еді. Осындай бір жігітке барамын, сендер артымнан келіңдер деп. Шақырту билеті бар бір жапырақ қағазы бар, соны бізге жіберген еді. Ақсу-Аюлы деген жерге кететінін қосымша тағы жазыпты.

Қыз мұраты кету болғасын ешкім қарсылық таныта қойған жоқ. Мен, өкінішке орай, үйлену тойына бара алмадым. Дегенмен шығарып салуға келіп, Қанайды қимай-қимай пойызға мінгізіп жібердік.

Құдайдың бұйрығымен олар да, мен де балалы-шағалы болдым. Жазда күйеуі екеуі бала-шағасын ертіп каникулда бізге қыдырып келетін. Бірнеше рет енесін, қайын сіңілісін қоса ертіп келгені де есімде.

«Жеңім жаман болса да, жағам жақсы, Өзім жаман болсам да ағам жақсы» деген бар ғой. Ағайын-туыстың үйі ақ мешіт қой. Апаның үйі болса - ақ жайлау, әрине.

«Тойдың болғанынан болады сы қызық» демекші ағайынның арасында күліп-ойнап жүру қандай бақыт десеңізші. Қазір байқаймын, қоғамда бұл үрдіс кейінде қалып барады. Құранда да ағайын туыспен қатынасыңды үзбе деген, бұл үрдісті қайта жаңғырту керек деймін. Жастай араласпаған соң көңіл құрғыр секем алып тұрмай ма?!

Сондай бас қосқан жиын-бас қосуда бір малды сойып, жарты етін үйде қалдырып, жарты етін судың жағасына апарып кәуап жасаушы едік Көлдің жағасына суға түсуге барғанда бір-бірімізді суға лақтырып, бір-біріміздің киімізді жасырып ойнайтынбыз, сол бір қызықты кезең де өтті.

Жолдасым Сыздан ауырып қалып, дәрігер жағалап Қарағандыға көшіп келдік. Сызданның ауырғанын естіп олар да қалай жата алсын. Салған бетте жетіп келіп Сызданды көтеріп машинаға мінгізіп өздері тұратын Энгельс елді мекеніндегі үй жайларына алып кететін. Апта сайын біздерді өздеріне алып кетіп, әкеліп салатын.

Туыстық қарым-қатынасты, өткен өмірдегі әдемі тәтті кезеңді сөзбен жеткізу мүмкін емес-ау деп ойлаймын. Бізден де өтті ғой бұл жалған. Қазір сол туыстардың біреуі де жоқ.

Топырақпен араласып жатыр. Уақыты жетсе адамның бәрі кетеді ғой. Алла олардың иманын берсін, жатқан жерлері жайлы болсын. Артында қалған бала-шағасы аман болсын.

Мәжит жайлы айтар болсам, ол күйеу бала емес, бәрінен артық туыстың туысы болатын, қарадан туған керемет жігіт еді. Алла алдынан жарылқасын, иманы жолдас болсын. Бала-шағалары аман болсын, өсіп-өне берсін. Мәжит жүрген жерінде елдің бәріне қол ұшын беріп, көмектесіп, мәселесін шешіп жүретін. Отыз күн оразаның бір айты бар. Әр қылған жақсылықтың бір қайтымы бар дегендей Мәжиттен көрген жақсылықтарына елдің берген батасы болар, балалары қазір үлкен жетістіктерге жетіп отыр. Жүрген жерінде қайырымды да шапағатшыл еді. Мәжиттей азаматты енді өмірден көремін деп айта алмаймын. Бұдан артық асырып не айта аламын!..

Аман болыңдар! Еліміз аман болсын! Жеріміз аман болсын! Болашақ ұрпағымыз аман болсын! Кіршіксіз мөлдір таза болып, жарқырап жүріңдер! Қызық-қуаныштың ішінде жүріңдер! Өкпемен, өкінішпен өмір сүруге болмайды. Үнемі жан баласына жоғарыда айтқан кісілердей жақсылық жасап жүріңдер! Қай қызығыңа татиды бұл жалған өмір? Адал болыңдар, адам болыңдар!

***2020.***
***Қарағанды.***



**Бәтима СӘЛІҚЫЗЫ,**
*Қанай Сәліқызының сіңілісі.*

# АПАЙЫМЫЗҒА ҚАРАП БОЙ ТҮЗЕДІК

Біздің туған жеріміз - Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының Жеңіс совхозы, қазіргі Түгіскен ауылы. Сол Түгіскеннің әр жағында отыз шақырым жерде Бозкөл, Көкөң көлі деген жер бар, біздің Күлік атамыздың атына қойылып, ата-бабамыздың қоныстанған жері. Біз сол жерде дүниеге келіп, аунап - қунап өстік. Бозкөлде, Көкең көлде қамысы бойдан асатын, бетінде аққу - қазы қаңқылдап жүзіп жүретін.

Әкеміз Сәлі әділдікті жақсы көрген, сөзге шешен, өткір тілді, тарихты терең меңгерген, жора - жолдастарының, ағайын - туыстың арасында беделі жүрген, сөзін өткізе алатын қарапайым жан еді. Анамыз Несіпбаланың жетіжылдық білімі болды, ол тұста бұл да кәдімгі оқу еді, білім еді. Анамыз үй шаруасындағы қарапайым көп балалы ана еді, үйдегі әжемізді, балаларды, келген қонақтардың бабын таба білетін еді. Біз тоғыз ағайынды болдық, үлкеніміз Дәуленбай көке, одан кейін Қанай тәтем. Қанай тәтем жетінші сыныпқа дейін Түгіскен ауылындағы орта мектепте білім алды. Оны бітірген соң Қарағанды қаласындағы №26 Жамбыл атындағы қазақ орта мектебін оқып бітірді. Сол жылы Қарағанды қаласындағы педагогикалық институтының физика - математика факультетіне түсті. Оқуда озат болып, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, жора - жолдастарының арасында сыйлы болды. Осы оқу орнын 1959 жылы үздік тамамдады. Сол уақытта жоғарғы оқу орнында біздің ауылдан жастары санаулы болды. Тәтем сол уақытта қаладан келгенде бізге ойыншық - сыйлықтар, әдемі көйлектер, тәтті кәмпиттер алып келетін. Біз шаттанып, балаларға көрсетіп, бөлісіп мәз болушы едік. Тәтем ауылдағы өзінен кейінгі жастарға өзінің жүріс - тұрысымен, әдебімен, тәрбиелігімен, қарапайымдылығымен үлгі болды. Тәтем өте мейірімді, менмендігі жоқ, кімге болса да қол ұшын созып, жақсылық жасауға дайын тұратын еді. Тәтем әрдайым әділ болатын, өтірік, өсек - аяңнан аулақ болды.

Тәтем оқу бітірген соң Қаражал қаласында орта мектепте математика пәнінің мұғалімі болып қызметке орналасты. 1960 жылы өзімен бірге оқыған Мәжит жездемізбен бас қосып, отбасын құрды. Уақыт өте келе өмірге балалары келіп, үлкен әулетті шаныраққа айналды. Алланың берген балапандары өте тәрбиелі болып өсті, мектепті бәрі де жақсы оқып, өмірден өз орындарын тапты. Қазір бәрі де бір - бір шаңырақ иесі болып, ұрпақтарын өсіріп жатыр. Тағы бір есіме түсіп отырған жай, тәтем мен Мәжікең жазғы демалыста ауылға келгенде, ағайын туыстар, жекжаттар бәрі кезекке тұрып, малдарын сойып, құшақ жайып қарсы алатын. Осының бәрі біріншіден әке - шешемізге, екіншіден жезде мен тәтемізге деген құрмет деп білеміз. Мұндай құрмет екінің біріне бұйыра бермесе керек. Мәжікең де өзінің қарапайымдылығымен, кішіпейілділігімен біздің арамызға сыйып, отбасымыздың ажырамас бір мүшесі болып кетті.

Өте алғыр, кішіпейіл, қарапайым, қолынан іс келеді деп мақтап отыратын тәтемді білетін туыс жандар, өзім де өсе келе тәтемнің қандай жан екенін болмысыммен сезіндім. Үлкендік ақыл - кеңестерін айтып, қолдау көрсететін, қатты сөз айтпайтын, айтарын барынша сабырлықпен айтып түсіндіретін, керек жерінде сөзге шебер, жетемізге жеткізіп айтатын.

Бізді әкеміз жастайымыздан еңбекке баулыды, өзі өте еңбекқор, жұмыс істемей отыра алмайтын адам еді. Бізді еңбекке ерте араластырды, соның арқасында біздің жағдайымыз жаман болған жоқ. Жәкем (әкем) бізге үнемі айтып отыратын еді: «Қолда бардың қадірін біліңдер, қарапайым болыңдар, басқадан артықпыз деп ешуақытта ойламаңдар, қолдарыңда барын басқалармен бөлісіңдер» деп. Әкеміздің осы елге жасаған жақсылықтарын әкеміз қайтыс болғаннан кейін сезіндік, әкеміз өмірден өткеннен кейін оның істеген жақсылықтарын ағайын - туыс, көзі көргендер еске алып рахмет айтып отыратын. Бұл қасиет тәтеміздің бойында бар еді, қолынан келіп тұрса басқаға көмек беруге, жақсылық жасауға ұмтылып тұратын.

Тәтем туралы жазатын естелік көп, бірақ осындайда ой шашырап, қағазға түсіру қиын соғады екен. Жаным, тәтем, сен әрқашан жүрегімдесің, күніне бірнеше рет еске алып отырамыз, тәтеміз олай деуші еді, былай деуші еді деп.

Жездем де сондай қарапайым, жаны жайсаң, кішіпейіл адам еді.

Мәжіке, саған да көп рахмет, сенің де жақсы қасиеттеріңді еске алып отырамыз. Кейде еркелікпен көңіліңе келетін сөздер айтсақ кешірім сұраймыз.

Біздің қолымыздан арттарыңнан құран бағыштап, иман тілегеннен басқа ештеңе келмейді. Жандарың жәннатта болсын, жатқан жерлерің жарық, жайлы болсын, Аллам алдарыңнан жарылқасын.

***11.05.2020***
***Қарағанды.***



**Әсима СӘЛІҚЫЗЫ,**
*Қанай Сәліқызының сіңілісі.*

# ӨТКЕН КҮНДЕ БЕЛГІ БАР

Біздің жанұяда тоғыз бала - төрт ұл, бес қыз болды. Ең үлкен ағамыз Дәуленбай марқұм болып кетті, ол кісі немерелерін көріп кетті. Ол кісіден кейін осы тәтем, бұл кісі де дүниеден озды, немере сүйіп, шөбересінің алақанынан май жалады. Менің тәтем туралы естелігім тоғыз жасымнан басталады, себебі әкеміз Сәлі осы жасымда кенеттен ауырып, екі - үш күнде қайтыс болды, сол уақытта тәтем тірісінде көре алмай қалдым деп жылап келген еді. Содан жыл сайын тәтем жездеміз Мәжит екеуі жиендерді ертіп келіп жатып кететін.Тәтем өте сабырлы, көп сөйлемейтін, мейірімді, бірақ әңгімесін орнымен айтатын.

Шешеміз де «тәтелерің келді, қымыз ішіп демалсын деп» бізді сыйластыққа, бауырмашылдыққа тәрбиеледі.Тәтем мен жездеміз келген соң туысқандарды аралап, амандықтарын білісетін, кейін осы сыйластық біздерге де жұғысты болды. Әкеден ерте айырылғаннан кейінгі өмірімізде тәтем мен жездеміз біздердің арқа сүйер панамыз болды, қазақта сөз бар ғой «әкенің жақындығы жездедей деген», сол сөз тура сөз, сондықтан бұл кісілерді сондай құрметтедік. Жол көрсетуші, ақылшы болды, бәрімізді жетелеп жоғарғы оқу орындарына оқуға апарды. «Әйелі жақсы болса ері төрге шығады» дегендей тәтем тек бізге ғана қамқор болған жоқ, жездемнің туыстарын да бауырына тарта білді, келсе жылы қабақ танытып, төрін ұсынды, кетсе алыңдар деп себеттеріне салып берді.

Жездеміз бір әкеден жалғыз болса да тәтемнің кеңпейілдігінен бүкіл ағайындарымен араласты. Тәтем сондай кішіпейіл еді, өзінде қыз бала жоқ болса да келіндерін қызындай көріп сыйлайтын. Олар шаршап жүр деп, аяп, үй жұмыстарын өзі істей беретін. Алғашқы немересі Марғұланды ауылға ертіп келетін, Марғұлан өте тынымсыз, бір жерде тұрақтап отыра алмай бәрін

бүлдіретін, тәтем шамасы келмей шаршап, маған «Әсима, осы балаға сен қарашы» дейтін.

Міне, сөйткен тәтеміз Қанай да бұл өмірден озды, ол кісіден кейін аралары көп ұзамай жездеміз де бақилық болды. Тәтем қайтыс болғанда да біздің қамымызды ойлапты, олай дейтінім Сәуле жеңгеміздің әкесі қайтыс болып, барлық бауырлар жиналып, Балқаш қаласында жаназаға қатысып отырғанда тәтем де о дүниелік болды, бізді қиналмасын дегендей, сол жерден бәріміз “бауырым - аулап, улап - шулап” бірге жеттік. Арулап жерге жамбасын тигіздік.

Жатқан жеріңіз жайлы болсын, тәте!

Жатқан жеріңіз мамық болсын, жезде!

Міне, біздің тәтеміз бен жездеміз осындай кісілікті кісілер болған.

***11.05.2020.***
***Шымкент.***



**Сәуле ТАЙНАБАЙҚЫЗЫ,**
*Қанай Сәліқызының келіні.*

## ҰРПАҚ МАҚТАНЫШЫ

*Бұл жалғанды кім мәңгі тұрақ еткен,*
*Ғұмыры азды көкке өрлей қыран еткен.*
*Жақсы адам керек дейді жаратқанға,*
*Бір хабар жетті ме екен, сірә, көктен?..*

Адам жаны өмірден көп жақсылық күтіп, көңілі қуанышты қалағанымен, тағдыр да тосыннан өз дегенін жасайды.

Аяулы тәтеміз Қанай Сәліқызының өмірден озғанына биыл үш жыл болады. Адами қасиеті мол, отбасының тыныштығын сақтай білген, ұрпағын жайқалтып, дана Ана атанған тәтемді сағынышпен еске аламын.

Тәтемнің әрбір айтқан нақыл сөзі, жан дүниесінің тазалығы, даналығы мәңгілік жадымда сақталып қалды.

Тәтем өте мейірімді, сабырлы, айналасына шуағын шашып, үнемі жанашырлық көрсетіп, ақыл-кеңесін беріп жүретін, инабатты, аққөңіл жан болатын. Жүзінен мейірімділік пен ізгіліктің нұры төгілген, отбасыңда татулық пен ырыс-берекенің шуағы шашылған тәтеміз үйдегі және түздегі міндетін даналықпен ұштастыра білді.

Отбасының жарастығы бақыт ағашы болса, оның жемісі - балалары ғой. Ұлағатты ұстаз өзінің білікті білімі мен өнегелі тәрбиесін өскелең ұрпақтың бойына сіңірсе, бойындағы асыл қасиеттерін, алтындай балалары мен немерелеріне, қыздарындай болған сүйікті келіндеріне дарыта білді.

Өмірінің соңына дейін балалары мен немерелерінің тілеуін тілеп, амандығын ойлап кеткен асыл адам еді. Тіршілігінде келіндерінің бәрін қызындай көріп, ақыл-кеңестерін айтып отыратын абзал ана болды.

Сол келіндерінің бірі мен едім. Ол кісіден алған тәлім-тағылымым мол. Әлі де болса, көзі тірі болғанда көп нәрсені үйренуге болушы еді. Кейде тәтем арманымен, сырымен бөлісіп, балаларының жетістіктеріне риза екендігін мақтанышпен айтатын. Әңгіме арасында біздің де балаларымыздың сондай жетістіктерге жетуіне шын жүрегімен тілектестігін білдіріп отырушы еді.

Тәтем мейлінше кең пейілді, тілеуқор жан болды, тек өз балаларының жетістіктерімен ғана шектеліп қоймай, басқа адамдардың да жақсылықтарын бағалап, қабылдай білді.

Балаларының алған марапаттары мен қызмет бабындағы жетістіктері, туған күндері елеусіз қалмайтын, дәстүрлі түрде үлкен шаңырақта атап өтілетін. Осындай жақсы отырыстарда өзімізге рухани азық алып қайтатынбыз.

Мәжит ағатайым мен Қанай тәтем төрт ұл өсіріп, тәрбиелеген, ұлағатты отбасының ұйтқысы болған жандар. Үлгілі отбасынан түлеп ұшқан балалары Ақжал орта мектебінің үздік оқу озаттары болып, жоғары білім алған, тәрбиелі, әр салада еңбек етіп жүрген еліміздің абыройлы азаматтары болып ер жетті. Қазіргі таңда Парламентте, сот және прокуратура жүйелерінде жауапты қызметтер атқарып, ардақты ата-ананың үкілеген үмітін ақтап, биік белестерден көрініп жүр.

Балаларының барлығы ата-аналарының өздеріне артқан үмітін толықтай ақтады. Сонымен қатар осы балаларының ішінде Ерланның тәтем мен ағатайыма көрсеткен еңбегінің зор екендігін атап өткім келеді.

Тәтем балаларының ішінен Ерланын көп ойлайтын еді. Ол үлкеннің де, кішінің де бабын табатын, жауапкершілікті алдыға қоятын, адамға деген қамқоршылығы мол, ісіне тиянақты, салмақты да сабырлы бала болғандықтан болар тәтем Ерланына зор сенім артты, сол сенімін ол толығымен ақтай алды деп айта аламын.

Жастайынан еңбекқор, үйдің де, сырттың да шаруасына бейім болып өсті. Әкесі мен анасының қолында болған Ерлан олардың қартайға-шақтарында да оларға адал қызмет етіп, барлық жағдайларын жасады. Ағатайым инсульт алып, ауруға шалдығып қалған кезде, кәсіпкерлік тіршілігін сырып тастап, Ерлан ағатайымды күтуді толықтай өз жауапкершілігіне алды.

Ерлан кісілік нарқы басым, туа біткен байсалды қалпын сақтаған ер тұлғалы азамат екенін өзінің ісімен де дәлелдеді.

Тәтем келіндерінің барлығын өзінің қызындай көріп, тәрбиелеген ана еді. Тәрбие беру ісінде алдына жан салмайтын. Келіндері де тәтемнің тіршілігінде алдынан кесе көлденең өтпеді, шын пейілдерімен туған аналарындай сыйлады. Қай жақта жүрсе де тәтем мен ағатайым әлде қалай сырқаттанып қалғандарын естісе, сол сәтте жетіп келіп, ол кісілердің жағдайларын жасап кететін.

Осы орайда тәтем мен ағатайымның қолында болған келіні Майгүлдің де ерекше қамқорлығын атап айтқым келеді. Әрине, үй тірлігімен тікелей Майгүл айналысты. Үйге келетін туысқандардың легі де көп болды. Солардың бәрін құшақ жая қарсы алып, дастарқанын жайнатып, зор ықыласпен құрмет көрсетті. Сол сәттерде тәтем аналық ризашылығын білдіріп, көңілі марқайып, ақ батасын беретін.

Тәтем өзінің ақжарқын мінезімен, адамгершілік қасиеттерімен бауырларының, ағайын-туыс, құда-жекжат, жора-жолдастың ортасында зор абырой мен беделге ие болды. Тіршілігінде ешкімнің ала жібін аттамаған айналасындағы көрші - қолаң, ағайын - туыстармен сыйластықта болып, біреуге дауыс көтеріп, немесе қатты ашуланған емес еді, қайта алыс-жақынның бәрін өзіне жақын тартып, қолынан келген көмегін ешкімнен аямайтын.

Қандай істі болсын әрқашанда ақылмен шешуге тырысатын. Тәтемнің осы тәрбиесі мен әдетін көрген балалары мен немерелері де ол кісінің осы жақсы қасиеттерін өз бойларына сіңіре білді. Барлығы да ұйымшыл алыс-жақынға, ағайын-туысқа деген көңілдері таза, қолдарынан келетін көмектерін көрсетуге әрқашан да дайын тұрады.

Тәтем, ардақты Мәжікең ағатайымызбен бірге бақытты да баянды өмір сүрді, өнегелі отбасының ұйытқысы болды. Балалары ардақты ата-ананың

үкілеген үмітін ақтап, биік белестерден көрініп жүр. Атыңызды жоғары ұстап, ардақтайтын төрт құлыныңыз аман болсын!

Күлімсіреген сыртқы сымбатыңыз, ішкі жан дүниеңіздің байлығы, жұмсақ қоңыр үніңіз әрдайым есімде сақталады, Аяулы Тәте!

Сіздерді сағынышпен еске алып, жатқан жерлеріңіз жарық, Алладан рақым, пайғамбардан шапағат, ендігі мекенжайларыңыз жұмақтан болсын деп тілеймін.

*Сіздерге деген қимастық,*
*Қалай ғана басылсын.*
*Алладан болып шапағат,*
*Пейіштің төрі ашылсын.*

***25.05.2020.***
***Қарағанды.***



**Гүлжаһан ХАМИТҚЫЗЫ,**
*Мәжит Аманқұлұлы өз қызындай өсірген қарындасы.*

## АҒАТАЙ-ТӘТЕ...

Есімді білмей әкемнен, есімді жимай (бой жетіп, ақыл тоқтатып үлгермей) шешеден айырылған мен үшін сіздердің орындарыңыз ерекше еді ғой.

Ағатайым өте мейірімді, білімді, білікті, сауатты, жаны зерек, көңілі сергек, туыстық қарым қатынасты, сыйластықты да қадірлеген, өзгені сыйлау үшін өзіңді сыйлап үйрену керегін әр сөзімен, әр ісімен көрсетіп отыратын. Ағатайымның қандай Азамат, қандай сауатты маман, қандай білікті басшы, қандай адал дос, қандай жол сілтер аға, қандай адал да асыл жар, қандай мейірімді әке екенін айтуды басқаларға қалдырайын.

Менің айтқым келетіні - әкемді жоқтатпаған, мені бауырына басып, төрт ұлынан бөлмеген, тіпті кейде оларға көрсетпеген (ұлдар болғасын шығар) ілтипатын көріп, сезініп өстім.

Ағатайым менің жан дүниемдегі өзгерісті, қуанышым мен ренішімді ерекше сезетін. Содан да болар, себепті, себепсіз шаңырағыма келіп, әртүрлі тақырыпта ой өрбітіп, жәй ғана әңгімелескен болып отырып, бір ісімді қолдап, бір ісімді жөндеп отыратын. Менің ұстанымымды қатты жақсы көретін.

Осы жерде айта кету керек, мен жеті ұлдан кейін туған әрі жалғыз қызбын, әрі ата-анамның сүт кенжесімін. Сондықтан да болар, өжеттеумін, еркелігім де бар. Менің еркелігімді өзі ғана көтеріп қоймай, «ерке де болса есті құлыным» деп барлық әулетіміздегі үлкен-кіші алдында қолдап отыратын.

Менің төрімнің сәні - Ағатайым мен Тәтем еді. Ағатайымның есті, тұщымды әңгімесін тыңдауға туыстар ғана емес, біздің дос-жарандарымыз да құштар еді. Қатеңді бетіңе басып ұялтпай, жаныңды жараламай жайлап отырып жөн сілтеуі, тіп-тік болып отырып, бәсең де болса қуатты дауысымен айтатын ғибратқа толы әңгімелері маған, біздерге қалдырған мұрасы екенін ол кезде түсіне қойдық па екен?!

Ағатайым мен Тәтемді бір бірінен бөліп қарауға болмайтындай жарасты жұп болды. Тәтемнің азаматын сыйлауы, қолдауы, үсті-басын күтуі, бабын жасауы, ел алдында әңгімесін бөлмеуі, жағаласпауы - әр қыз-келіншекке үлгі болғандай. Қолындағысын беріп келген адамды үйінен риза қылып шығаруға ұмтылуы, істеп жатқан ісін тастап, келге-жанға көңіл бөлуі қандай еді. «Қабағы да, тамағы да келіскен» дейтін шығар ондай жандарды.

Ағатайым мен Тәтем-ау, мен сіздерге келгенде бір әулеттің келін екенімді, бір азаматтың жары екенімді, екі баланың анасы екенімді ұмытып, ерке қыз қалпына түсетінмін, орталарыңда отырып әбден мауқым басылғанша еркелейтінмін, көңілімді күйзелткен жайларды шығарып мақсат-жоспарларыммен бөлісетінмін, сіздердің қолдауларыңыз бен жан жылуларыңызға, шапағаттарыңызға шомылып, Тәтемнің қойны-қонышыма тықпалағандарын (ол бір орамал ма, бір құты әтір ме, әлде ерекше шай ма, не тәтті ме, маңызды емес) алып, қуаттанып өмір сүруге құлшынып ортама оралатынмын.

Енді Сіздердің орындарыңыз ойсырап бос тұр...

Жатқан жерлеріңіз жайлы болсын, иман байлығын тіледім, Алла разы болып, орындарыңыз жұмақ төрінде болсын. Қыздарыңыз Сіздерді мәңгі есіңде сақтайды, құран бағыштап, дұғаға есімдеріңіз де қосып отырады.

Қарағанды қаласында тұрғанда жұма сайын келіп, менің әке-шешеме Ағатайым құран оқып, менімен әңгімелесіп кететін, әрбір жұмада үзбей келетінін біліп өзім де тосып отырушы едім Ағатайымды. Есімде менің әкемнің қайтқанына 30 жыл толып, Құран оқылып жатқанда Ағатайым айтты «менің атымды Мәжит деп сендердің әкелеріңнің атыңа ұқсатып қойған, ол кісі менің ағам ғой, Хамитке ұқсатып қойылған» деп көзіне жас алғаны көз алдымда.

«Өмір ұзақтылығымен өлшенбейді, мазмұнымен өлшенеді» деген қанатты сөздерді пенде болған соң жиі есімізге аламыз. Қазағым «адам туған кезінде тағдыры пешенесіне жазылып қояды» деп те айтып жатады. Осы тұрғыдан қарағанда Жаратқанның ісіне амал бар ма? Дегенмен жасы сексеннен асса да өнегелі өмірдің үлгісіне айналған Ағатайыммен қоштасу мен үшін орны толмас қайғыға айналды. Үш жасар бөбек кезімде әкемнен айырылған мен үшін Ағатайымыздың менің өміріме еткен әсері шексіз болды. Ағатайымыз мен үшін әкелік тұлға және Керней әулетінің тірегі мен бағдары еді. Ағатайыма деген ізгі ниетімді, жылы лебізімді оның 80 жасқа толу мерейтойына орай шабыт келіп, өлеңмен жеткізген шақ та есімде. Ағатайымның жарқын бейнесі жүрегімде мәңгі қалады:

*Еркелеп кеп құшағына кіремін,*
*Сен тұрғанда Әкем тірі, білемін!*
*Ауруыңнан жазылып, ұзақ жаса,*
*Ағатайым, осы менің тілегім!*

*Жай жымиып, көтерместен даусыңды,*
*Өнеге айттың тәртіпке сап үлкен менен жасыңды.*
*Санамызда сайрап тұр ғой сол бейнең,*
*Ұрпақтарың Әз көтеріп, сыйлап өтер басыңды.*

*Әкемнің орнын басқан Ағатайым*
*Әр кез маған айтарың - Айналайын.*
*Жазылып, ортамызда жүз жыл жүрші,*
*Тілегімді қабыл қып Алла ләйім!*

*Сүйген жарың, балалардың анасы,*
*Қанай тәтем бақытты ғой, қарашы.*
*Қиындықты бірге төзді, қуанышты бір бөліп*
*Бүгінгі күні ел мақтаны, үлкен Әулет панасы.*

*Қызым дейсің мені іздеп әрдайым,*
*Төрт ұлыңнан бөліп-жармай, бастың мені бауырыңа,*
*Өзіңді аңсап мен де жетем, Әкем-ау,*
*Жылдар көрмей аңсап, ойлап сағынысқан жандайын.*

*Аман болсын ұрпақтарың, бір-бір тұлға еліне,*
*Еңбек етті өркендетер іс қып туған жеріне.*
*Атыңызға кір келтірмей, жоғары ұстап туыңды,*
*Мақтан қылар, алға бастар немере мен шөберелер келуде.*
*Бұның бәрі Әке-Ана еккен дәнің сіздердің,*
*Бүгінгі күн, сабақтанып жайқалып бір өнуде!*

***2019.***
***Нұр-Сұлтан.***


















EBI
KISS








































































































175
«Сен де бір кірпіш дүниеге
Кетігін тап та, бар, қалан!»




Ұстаз-ұлы есім
Мұхтар Әуезов


ҚАЗАҚСТАН
тәуелсіздігіне
30 жыл
«ШЕТ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ
«Ш.БАТТАЛОВА АТЫНДАҒЫ ТМ (РО)» КММ
Әбдіров Мәжит Аманқұлұлы
атындағы математика пәнінен
аудандық олимпиада
ҰРПАҚҚА ӨСИЕТ
Ақылды пайдаланған білім – еліміздің дамуының болашағы, сарқылмас бұлағы. Білімнің қоғам дамуындағы орны ерекше болып, оның болашағын айқындап, жеке тұлғалардың да, мемлекеттің де зияткерлік әлеуметін қалыптастырады.
Ақжал кенті


















Шаңұлы
Сүйіндік
руы: Арғын-Қаракесек-
Керней
XVII ғасырдың
аяғына қарай
туған
Ескерткіш
ұрпақтарынан


Шаңұлы
Маматай
Руы: Арғын-Қаракесек-
Керней


КЕРНЕЙ
M 926 LDM



# IV БӨЛІМ

# АҒА ДЕП ЕРДІК СОҢЫНАН

*Шешілді,*
*Кетті,*
*Ұстатпайды енді бұл ғұмыр,*
*Алып кетті де,*
*айналып барад жер-жұмыр.*
*Бұзасың қалай түзеген көштің жүрісін,*
*Із қалғаннан ба?*
*Келешегі болмас бұлыңғыр.*
*Бақұл бол, Аға!*
*Рухың биік самғасын,*
*Жұмақтан орның!*
*Дұғасын көптің алған соң.*
*Бата бар жерде өркендер елің,*
*ел жұртың,*
*Артыңда қалған ұрпағың*
*Ісіңді жалғасын!*

**Болат ҚАЛИ**



**Арыстан АҚПАНОВ,**
*белгілі заңгер - ғалым,*
*Мәжит Аманқұлұлының жақын інісі.*

***Арыстан Нөкешұлы АҚПАНОВ - заң ғылымдарының докторы, профессор. КСРО ІІМ Қарағанды жоғары милиция мектебін бітірген.***

***Б.Бейсенов атындағы Қарағанды заң институтында кафедра меңгерушісі, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Құқық қорғау жүйесі бөлімінің сектор меңгерушісі болды.***

***Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Ғылыми-консультативтік кеңесінің мүшесі.***

## ӘКЕЛЕРІМІЗ ӘДЕМІ СЫЙЛАСТЫҚТА БОЛДЫ

Әбдіров Мәжит аға менің әкем Рақымжанұлы Нөкештің немере інісі болып келеді. Олар өмір бойы шынайы сыйластық қарым-қатынаста болып өтті. Менің әкем көп сөйлемейтін адам еді, біраз жәйттерді біз анамыздан естіп білетінбіз. Анам Мәжит ағаның бала кезінен бастап көрген қиыншылықтарын айтып отыратын. Ол кісінің әкесі Ұлы Отан соғысы уақытында қайтыс болған екен. Мәжит аға бір үйдің жалғыз ұлы бола тұрып, анасы жалғызын аялап, бар өмірін сол ұлына арнады.

Мәжит ағаның анасы өте мейірімді, ақылды керемет адам еді. Мәжит ағаның бойындағы зиялылық, мейірімділік, адалдық, салмақтылық, отбасы құндылықтарын қастерлеу сияқты барлық асыл қасиеттер анасынан дарығаны белгілі.

Іс сапармен болсын, қонақтап келгенде де Мәжит аға біздің үйде жи болатын. Әкем екеуі ұзақ әңгіме-дүкен құрып, әртүрлі мәселелерді талқылап отыратын. Мәжит аға бізге, өз інілерім деп жақсы ниетпен қарайтын. Үнемі біздің хәл-жағдайымызды сұрап, ақылын айтып отыратын.

Мәжит аға абыройлы өмір сүрді, елге, ағайын-туысқа сыйлы болды. Зейнет жасына дейін өзінің туып-өскен жерінде еңбек етті. Мәжит аға қайырымды және ықыласты адам еді. Ақжал кентін басқарған ол қарапайым халықтың

мұң-мұқтажын жақсы біліп, барлық күрделі мәселелерді зор іскерлікпен шешіп отыратын.

Мәжит аға көп жылдар бойы ұстаздық етіп. Ақжал кентіндегі орта мектепті басқарды. Ол талапты да дарынды бірқатар шәкірттер шоғырын тәрбиеледі. Ол кісінің ұстаздығы үйіндегі төрт ұлының өсіп-өнуіне де ықпал етті. Олардың бәрі мектепті алтын медальмен, жоғары оқу орындарын үздік бітірді.

Нұрлан Мәжитұлы - заң ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның әйгілі мемлекет қайраткері, қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Заңнама және сот - құқықтық реформа комитетінің төрағасы.

Нұрғалым Мәжитұлы - 3 сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісі, заң ғылымдарының кандидаты, Жамбыл облысының прокуроры.

Шақатбек Мәжитұлы - Қарағанды облысы сотының азаматтық істер бойынша алқасының төрағасы.

Ерлан Мәжитұлы - табысты кәсіпкер.

Мәжит ағаның еңбек жолы, өз ісіне адалдығы, жастарды тәрбиелуде қосқан үлесі кейінгі ұрпақтар үшін үлгі - өнеге болып қалмақ.

***2020.***
***Нұр-Сұлтан.***



**Сәбиғолла ӘЛКЕЙҰЛЫ,**
*Қазақстанның Құрметті спорт қайраткері,*
*ҚР - нің еңбегі сіңген жаттықтырушысы.*

***Сәбиғолла ӘЛКЕЙҰЛЫ 1944 жылы Қарағанды облысы Шет ауданының Жұмыскер ауылында дүниеге келген. Қазақстанның Құрметті спорт қайраткері. ҚР - нің еңбегі сіңген жаттықтырушысы.***

***Қарағанды қаласы педагогикалық техникумының түлегі. Өзінің алғашқы спорттық қызметін ауылдық жерде - Қарағайлы кентінде бастайды. Кейінде Қарағанды қаласында мектеп директорының орынбасарлығына дейін көтеріледі. 1980 жылдан жиырма жылдан астам Қарағанды қаласындағы жекпе - жек спорт мектебінің директоры болып істейді.***

***Бүгінде осы мектептің бапкері. Көптеген марапаттың иегері.***

# ЕЛ АРДАҚТЫСЫ

Еліне еңбегі өткен адамдар болады. Ол еңбегі, әрине, еліне білініп тұрады. Ал оны өзі білмеуі мүмкін. Білсе де солай болуы керек деп ойлауы мүмкін. Соған орай ондай адамдар ешуақытта еңбегін бұлдамай өтеді.

Ондай адамдар өмірден өткенімен айтып отырған еліне сіңірген еңбегі өлтірмейді. Есімін кейінгі ұрпақтар санасына қалдырады.

Ондай жандар өмірде көп те бола бермейді. Ел сондай жандарға қарап тон пішеді, өмір мақсаттарын белгілейді. Сондай жандар қатарына мен ойланбастан Мәжит Аманқұлұлы ағамызды қосар едім.

Ел ондай жандарды Ел ардақтысы деп құрмет көрсетеді, ұрпағына үлгі-өнеге тұтады. Халықаралық «Бейбітшілік қорының» ел біле қоймайтын осындай атаулы марапаты да бар екен. Сол марапатқа асыл ағамыздың ілігуі еліне сіңірген еңбегінің еленуі деп білеміз, оны біз де мақтан тұтамыз.

Өзіміз де қазір бір әулетке ата болған, шөпшек сүйген, ел сөзімізді жерде қалдырмаған, Керней сынды іргелі елдің талқысынан қалмаған ақсақалдық жаста отырмыз. Абыройымыз да, қадіріміз де жетеді. Атағымыз да баршылық. Бізді де біреулердің баласына үлгі-өнеге етіп отырғанын сеземіз. Ел білсін, бізді ұрпағына үлгі етсе Мәжит ағаны үлгі еткені. Өйткені біздер Мәжит ағаның соңынан ерген інілеріміз. Жақсы істердің басында жүрдік, қолға алған көп істерді жүзеге асырып, елдің ризашылығына бөлендік. Жалпы, Мәжит ағаға абырой жазған. Асыл ағаның сол абыройына біздер де ортақ болдық.

Мәжит ағаның соңынан ерген бауырларының тегеурінді екенін айтпасқа болмайды-ау. Сенаторы да, жазушысы да, ғалымы да, жорналшысы да, кәсіпкері де, спортшысы да бізде жетерлік. Атағынан ат үріккен бауырларымыз да баршылық. Солардың басын бір жерге тоқайластыру, оларды ортақ іске жұмылдыру, алға қаша тартқан осынау тегеурінді толқынды дұрыс жолға бағыттау екінің бірінің қолынан келмейтін шаруа. Сол шаруа ағамыздың қолынан келді. Кейінде саушылығы болмады. Соған қарамастан төрт қабырғаға қамалып қалған жоқ. Өзі келе алмаса да бізді келтірді. Ретіне қарай барып тұрдық. Күнде барып тұруға құлықты да едік, алайда жүйкесіне салмақ салып аламыз ба деп жасқаншақтадық. Сонда да біздер бірге болдық.

Бұқар жырау ауданының Керней ауылындағы берер асымыздың дайындығында Мәжікең барынша шиырықты. Тепсе темір үзетін жігіттермен қатар жүрді, түнді таңға ұрып тыным көрмеді. Оның үстіне адам түсінбестей тәжікелер басталды. Рушылдықты қоздырған жандар шықты. Бәрінен қиыны оларды тасада қалып қойттаушылар табылды. Олар анау - мынау емес ел басқарып отырған азаматтар еді. Осының барлығы жүйкеге салмақ салды. Жүрек жүрісінен жаңылды. Емделуге, күтінуге уақыты болмады. Ақыры сүріндірді.

Сүрінсе де жатып қалған жоқ.

Не деген қайрат десеңізші!

Не деген рухы күшті адам десеңізші!

Қара бабасының мазары қайта жаңартылғандағы Мәжікеңді көрсеңіз! Тұйғын құстай қанатын қомдаған. Аяғына тұрып кете жаздап еді - ау...

Халқымен қайта қауышты. Жүзінен нұр ойнаған бауырларын көрді. Көзіне жас үйірілген жандар да аз болмады. Бұл бақыттың көз жасы еді.

Біздер нағашылы - жиенді едік. Ол кісінің анасы біздің апайымыз болады.

Мәжікең мен Хамит ағамыз бір - бірімен немере болады. Хамаңның анасы Зауре апайымыз біздің бабамыз Қонақбайдың қызы болады.

Сондықтан да қашанда хабарда болдық. Ең құрығанда телефонмен хабарласып жатар едік.

Бүгінде ортамызда ағамыз жоқ.

Бірақ рухы қалды.

Әлі күнге телефон соғып қалатын сияқты.

Алаңдап жүремін...

***14.05.2020.***
***Қарағанды.***



**Балтабай БОҚАЙТЕГІ,**
*өлкетанушы - шежіреші,*
*«Көкбөрі Керней баба» қоғамдық қайырымдылық қорының бұрынғы президенті.*

***Балтабай БОҚАЙТЕГІ 1955 жылы Қарағанды облысы Шет ауданының Жұмыскер ауылында дүниеге келген. Өскемен жол - құрылыс институтын құрылыс машиналары және жабдықтары мамандығы бойынша бітірген.***

***Еңбек жолын жүргізуші болып бастаған. Тағылы селолық Кеңесінің төрағасы (1988 - 1993), Тағылы ауылдық округінің әкімі (1994 - 2010) болып істеген. Ұлттық спорт түрлерінің, оның ішінде ат спортының жалынды насихатшысы. Елімізде алғаш болып ат спортынан ауыл мектебінде дәріс оқыған. Ат спорты бойынша республикалық дәрежедегі төреші. Ауызекі әңгіменің шебері.***

# АЯУЛЫ ЖАНДАР ЕДІ

Мен Әбдіров Мәжит ағаға нағашы болып келемін. Мәжит ағаның шешесі Шоқы апа Керней ішінде Тұрнияз руының Бәйтөт әулетінен.

Мәжит аға көп жылдар бойы оқу - ағарту саласында қызмет етті.

1963-1971 жылдары Төменгі Қайрақты орта мектебінде оқу ісінің меңгерушісі болды. Жұбайы Қанай апай да математика пәнінен сабақ берді.

Мәжит ағам менін өмірімде, еңбек жолымда үлгі болған, ағалық тәрбиесін көрсеткен ерекше жан еді.

Аға 1990 жылдары Ақжал кенті әкімдігінде қызметте болғанда, мен де Тағылы ауылдық округінің әкімі болып қызмет жасадым. Екеуміздің туыстық қарым - қатынасымыз сол жылдары ерекше арта түсті. Маған саясат, ел басқару жайында көп ақыл кеңесін беретін. «Әкім бол, халқыңа жақын бол» деген ұстанымды жиі айтып, менің қызметтегі ұстазым болды. Мен осы азаматтай білікті маман болуға тырыстым. Мәжит ағаның сөз саптауына, ер мінезділігіне еліктедім. Осындай ағалардың арқасында мен де жиырма екі жыл әкімдік қызметті атқардым.

Мәжит аға саясатта, тарихта, ата-дәстүрді ұстауда, өзінің терең білімін, шежірешілдігін көрсете білген жан. Ата-бабаларымыздың зираттарының құлап, жоғалуға айналған жағдайларын байқап, тезірек қолға алу керектігін айтып қана қоймай, бел шешіп кірісіп те кетіп еді. Қарасаз бойындағы атақты Қара би бабаның зиратын қоршатып, ескерткіш - құлпытас қойғызып, сол жерге тілеухана үйін салғызды. Осы жерде үлкен ас беріліп, ат шаптырып, бәйге өтті. Бәйтік - Тәйтік бабаның зиратының басына құлпытас орнаттырды.

- Балтабай, жетпіс жыл бойы ұмытқан салт - дәстүрімізді, тарихымызды қолға алып, жаңғыртуымыз керек, - деп жиі айтатын.

Бұқар жырау ауданындағы ғасырға жуық уақыт бойы атауы орысша Корнеевка деп аталып кеткен Керней ауылынын атын қайтаруға көп күш салып, ұйытқы болған да Мәжит аға еді. Керней баба қыстауының, бұлағының қара суының бойына мәрмерден тас белгі қойғызды. Мәжит ағаның арқасында ғана Керней баба есімі бастапқы атын қайта алды.

«Көкбөрі Керней баба» қайырымдылық қорының президенті болып жүріп халық үшін көп игі істер жасады.

Шаң баба, Балапан бабаның басын көтертіп, құлпытас қойғызып, ас өткіздіртті.

Астана - Алматы тас жолы бойындағы Ақжал кентінің тұсында Керней баба асын өткізуді басшылыққа алды.

Байыппен сөйлеп, тереңнен ойлайтын ағаның жары Қанай апа да білікті

ұстаз еді. Анасы Шоқы апамен біздің үйге келіп тұратын, ағайындығымызды, туысқандығымызды танытып. Біз ол кезде бала едік. Бүгін де Қанай апамыздан дәріс алған шәкірттері еліміздің түкпір - түкпірінде қызмет атқаруда. Мәжит аға мен Қанай апамыз да көпке үлгі болған, көптің жүрегінен орын алған аяулы жандар еді.

***2020.***
***Қарағанды.***



**Қабылтай КӘСЕМБЕКОВ,**
*еңбек ардагері, белгілі дәрігер,*
*Мәжит Аманқұлұлының жақын інісі.*

## ПЕНДЕШІЛІККЕ БАРМАҒАН

Егер менің жазушылық өнерім болса Ағам туралы бір кітап жазар ма едім, бірақ менде ондай дарын, қабілет жоқ. Дегенмен екі сөздің басын қосатын екі қазақтың біріміз. Сөз жүйесін білеміз, кешегі Қара бабамыздың ұрпағы емеспіз бе - қолыма жүрексінбей қалам алсам сондай себебі бар. Алайда қаламы құрғыр мен ойлағандай жүгіріп кете қоймады. Ағамыз пенде болса пенде болар, алайда пендешілікке бармаған адам. Содан да тосыла бердім. Ақыры әрі ойлап, бері ойлап, асыл ағам туралы көңілдегі ойымды естелік арқылы берсем деген ой келді.

Ерте заманда әулие адамнан бір жас ұлан сұраған екен:

- Мен қандай іспен шұғылдансам, елге жағар, олардың мәңгілік ұмытылмасы боламын?

Сонда әулие айтқан екен:

Шырағым, егер сен бір жыл өмір сүргің келсе - бидай сал, ал он жыл өмір сүргің келсе - алма ағашын отырғыз, ал мәңгі өмір сүргің келсе - адам тәрбиеде, ұстаз бол, - депті.

Міне, сол әулие айтқандай менің Ағам ұстаз болды.

Көптеген шәкірті бар, солардың есінде, жүрегінде мәңгі болады.

Сол себепті менің ағам Мәжит мәңгі жасайды, ұрпақтың есінде болады, ұмытылмайды.

Ол кісіде ұсақтық, қызғаншақтық, біреуді жамандау, пендешілік деген болмайтын.

Мәжікең өмірде де өзіне лайықты із қалдырды.

Отбасына келешекте өмір жалғастыратын ұрпақтары келді. Балалары - Нұрлан, Ерлан, Нұрғалым, Шақатбек, немере, шөберелері бар...

Балалары әкесінің сенімін ақтады. Әкесінің атын жақсы жағынан шығарып жүрген, олар өз ақылдылығымен, парасаттылығымен, көптің көңілінен шығып жүрген жандар.

Артында бар оңалар деген сөз осы ғой.

Мәжит ағам үйленгенде біздің ауылдың қуанышын, аталар мен шешелеріміздің қандай қуанышты болғанын мен сөзбен айтып жеткізе алмаймын.

Жеңгелердің ішінде жеңгелер бар ғой...

Қанай жеңгеміз біз үшін ерекше жан еді. Не нәрсені болсын ыңғайына қарай ептестіріп-септестіріп жүретін. Онысы баршамыздың көңілімізден шығып жататын. Ел сияқты хабар күтіп жатпайды. Қолы қалт етсе хабарымызды алып тұрар еді. Мені қастарына ертіп алып, қаладағы туысқандармен таныстырып, өздерімен бірге ертіп жүрді.

Нұрбибі екеуіміз үйге амандасуға келгенде алдымыздан шығып, жылы жүзімен, қоңыр даусымен қарсы алушы еді.

Жеңгемнің ешқашанда қабағын түйіп, қатты сөйлегенін көрген емеспіз, қашанда жайдарлы, қоңыр дауысымен туған-туысқандардың хал-жағдайларын сұрап, бала-немерелердің оқуын біліп, адам болсын деп ақылын айтатын.

Одан кейін, бір қолын иығыма салып:

- Осы сендердің ағайындармен қарым - қатыныстарың қалай? - деп сұрайтын.

- Бұрынғыдай жиі - жиі барып тұрмаймыз, телефон арқылы хабарласып тұрамыз, - дейміз ғой баяғы.

- Олай болмайды, шақырмай - ақ бір - біріңмен араласқан жөн, әйтпесе ағайынның арасы суып кетеді ғой, - деп ақылын білдіретін.

Мәжікең мен Қанайдың бірін - бірі сыйлағандығы, тыңдайтындығы біз үшін үлкен үлгі - өнеге.

Сексен жастан асқан Ағамның өткен өмірі мәңгілік есте қалады.

Қанайдай аяулы жеңгемізді ешқашанда ұмытпаймыз.

Сөздің қорытындысын М.Мақатаевтың мына шумағымен аяқтағым келеді:

Өмір - ай деймін,
Өмір - ай деймін кейде мен,
Күндер де өтті, ойнайтын қыста жейдемен.
Кездер де кетті біреулер маған «ей!» деген.
Кездер де жетті біреулер сіз деп сөйлеген.
Бәрін де қойшы...қозы - түс өтті аяулы,
Талтүс те кетті, бесін де, міне, таянды.
Мына жалғанда не қалар дейсің баянды,
Кезекпе - кезек бәрі де жылжып, таяр - ды...

Міне, өмір деген осы. Өмірге келесің, ерте ме, кеш пе одан көшетінің анық...

***03.04.2020.***
***Қарағанды.***



**Қайыржан МҰҚАНОВ,**
*Мәжит Аманқұлұлының жақын інісі.*

## АСЫЛ БЕЙНЕҢ ЖАДЫМЫЗДА, ЖАҚСЫ АҒА!

Мәжит ағамыз 1936 жылы Нілді ауылында дүниеге келген. Екі жасқа толған кезде әкеміз Аманқұлдың қызметі ауысып, Балқаш қаласына қоныс аударды. Балқаштағы балық шаруашылығы өнеркәсібінде бухгалтер болып қызмет атқарды.

1943 жылы әкеміз қайтыс болды, топырақ осы жерден бұйырып, сол Балқаш қаласында мәңгілікке қоныс тепті.

Әбдірден төрт ағайынды туған, олар: Мұқаш, Мұқан, Аманқұл, Рымқұл.

Мәжит ағамыздың анасын бүкіл ауыл болып “Мама” деп атап кеткен болатын. 1944 жылы анамыз Шет ауданына көшті. Ел басына қиыншылық түскен ауыр жылдар еді бұл кез. Осындағы шағын ауруханада аспазшы мен қатар санитарка болып істеді. Аурухананың қызметкерлері анамды «мама

Шура» деп атайтын. Ол кезде Шетте он шақты үй ғана шоғырланып отыратын еді, жергілікті адамдар оны ежелгі атауымен Қара би ауылы деп атайтын. Мәжит ағамыз әкесінен жас қалса да қатты қиындық көрген жоқ. Өйткені ауылымыздың үлкендері - Шайық, Рахмания, Мақсұт, Имантүсіп, Хамит, Төлеутай, Нөкеш ағаларымыз қолдарынан келген жақсылықтарын аямай, қашанда өздерінің ағалық, әкелік қамқорлығын көрсетіп отырды. Ағамды жақсы көріп бәрі де Мәжікен деп атаушы еді.

Ағамыз 1944 жылы мектеп табалдырығын аттап, орта мектепті 1954 жылы бітірді. Сол жылы Қарағанды қаласындағы мұғалімдік оқуға түсіп, 1959 жылы оны тамамдап шықты. 1960 жылы Қанай жеңгемізге үйленді. Төрт бала сүйді. Еңбекте шыңдала, тәжірибе жинай жүріп, үнемі оқу, ізденіс үстінде болған ағамыз қызмет бабында қарапайым мұғалімнен бастап мектеп директорына дейін көтерілді. Өмірінің біраз белестерін Қайрақты кентінде өткізді.

Одан Ақжал кентіне ауысып, мұнда мектеп директоры қызметін атқарып, ұлағатты ұстаз болып, сол мектептен талай шәкірттерді түлетіп, өмірдің сан соқпақты жолдарына аттандырып, жас ұрпақты тәрбиелеп, ұшырды. Қай қызметті де тыңғылықты атқаратын шебер ұйымдастырушы, білікті басшы болған ағамыздың қызметі жоғарылап, Ақжалдың поселкелік кеңесінің төрағасы қызметіне тағайындалды. Сол кезден бастап зейнеткерлікке шыққанға дейін халықтың жағдайын жақсарту мақсатында талай шаруаның қыбын тауып, қиюын келістіріп, үнемі жақсы істердің басы - қасында жүрді. Халқына, еліне адал қызмет атқарды.

1996 жылы зейнеткерлікке шықты. Сол жылы Қарағанды қаласына көшіп келіп, Энгельс (қазір Үштөбе) ауылында тұрды. Ауылдағы ақсақалдар бірінен соң бірі «келместің кемесіне мініп» кеткен соң ағамыз тізгінді өз қолына алып, қандай мәселеден де шет қалмай, ауылды ұйымдастыра білді. Мәжит ағамыз ауылда болып жатқан жақсылықта да, жаманатта да сырт қалмай, бәріне араласып, оны тікелей өзі басқаратын.

Мәжит ағамыз ұйымдастырып бабаларымыздың Кеңес уақытында ұмыт болған кесенесін тауып, оларға арнап ас беріп, құран бағыштап. Керней бабадан бастап, Шаң, Жар, Сүйіндік, Бәйтік, Тәйтік, Қараби бабаларымыздың бастарына ескерткіш орнаттық. Мәжит ағамыздың тете Қайыркүл деген қарындасы болған. Ол Балқаш қаласында жастай қайтыс болып, әкеміздің жанынан орын тепті.

Мәжит ағамыз өзінің отбасына ғана емес, бүкіл Керней ұрпақтарына сүйеніш, тірек бола білді. Ағамыз сегіз жыл төсек тартып, ауырып жатқанда Қанай жеңгеміз көзінен таса етпей, үнемі жанында болып, көңілін аулап, газет - журналдар оқып беріп отыратын. Ауылдастар қонаққа шақырса, «Мен Мәжитті тастап бара алмаймын» дейтін, ағамыздың көңіліне қарайтын

Ағамыз бен жеңгеміз бірін - бірі қас - қабактарынан ұғып, сыйластықпен бақытты өмір сүрді. Балалардың, немерелердің, шөберелердің қызығын көрді.

Артында ұрпағы қалды. Адам ұрпағымен мың жасайды. Ортамыздан өзі кетсе де, көздері кеткен жоқ. Асыл ағамыздың бейнесі қашанда жадымызда.

***2020.***
***Қарағанды.***



**Серік ҚАМБАРҰЛЫ,**
*байланыс саласы қызметінің ардагері,*
*Шет ауданының Құрметті азаматы.*

***Серік ҚАМБАРҰЛЫ 1947 жылы Алматы облысы Райымбек ауданының Жалаңаш ауылында дүниеге келген. Алматы энергетикалық институтының түлегі. Қалам қайраткері, жергілікті тілші. Ақжал кенттік ақсақалдар кеңесінің төрағасы (2000). Шет ауданының Құрметті азаматы (2018).***

***Қарабұлақ ауылдық мәдениет үйінің директоры, қойма, трактор машинист тұрағының меңгерушісі (1968-1972), Ақадыр аудандық жергілікті байланыс бөлімшесінің бастығы (1998-2019) болып істейді.***

***Бірқатар марапат иегері.***

## КӨШБАСШЫ

Ата - бабаларымызға ас береміз деп алқындық. Екі өкпемізді қолға алып, Керней баласын іздеп бармаған жеріміз қалған жоқ. Солайынша бәріміз де жоқшы болып шыға келдік. Қарап отырсақ біздің жоғалтқандарымыз аз емес екен. Күні кешеге дейін біздің ата - бабаларымыз бай - бағылан, батыр - барымташы, шешен - тілмар деп келдік. Бай болғанда қанша айтұяқ тігіпті, батыр болғанда кімді аттан түсіріпті, үш жүзге сауын айтып,

кімге ас беріпті деген сан сауал алдымыздан жамырап бергенде тосылып қалғанымызды несіне жасырайық. Біздің заманымыз кеуделері көмбе қарияларымыздың қатары сиреген тұсқа тап келді ғой.

Қазір бәрін білеміз. Ал ол тұста мына бесатамыз деп күпініп жүретін Шет өңірінің қазақтары өздерінің қалай туысатынын да білмейтін.

«Жылқы ішінде сұр құлық, Кәрсен-Керней бір тудық» деп сайрап отыратын егіз ата балалары айтып отырған бабаларымызға жақындай да алмайтын.

Жаратушы соның бәрінің ретін келтірді. Сақалды шал көрсек шежіреші деп жармастық ғой. Сөйтсек шежірешілеріміз көсе де бола береді екен. Ортамызда жүрген ініміз Төрехан Майбас төрт айдың ішінде Керней баласын ғана емес, Бесата баласын да туыстырып берді. Бұл шежіре кітабында бәрі де бар еді. Көкейімізде осының бәрін қайдан білген деген сауал тұрғанын да жасырмай-ақ қоялық. Сөйткен тұста Мәжит аға бастаған, Қанат, Аңғар інілеріміз қостаған Шаң атасының шежіресі жарқ ете қалды. Одан кейін де шежіре кітабын түзушілер болды.

Осыдан кейін біздер өзіміздің іргелі ата болғанымызға бек сендік.

Іле қор құратын болдық. Оның атауына келгенде пікірлер қақ жарылған. Алайда көпшілік Төрехан ұсынған «Көкбөрі Керней баба қоры» атауына тоқтаған. Бұл ұсынысты қолдаушылардың бірі осы Мәжит ағамыз болатын. Ағамыз сонда ашық айтып еді. Қазірден бастап бөлінбейік деп. Қазірден бастап Кернейміз деп айтуға дағдыланайық деп.

Ағамыз осы сөзінде тұрды. Керней бабасының есімін ұлықтауда, бабамыздың есімін өскелең ұрпақ жадында қалдыруда ұшан-теңіз жұмыс атқарды. Бұл жұмыстар аудан ауқымынан шығып, ел көлемінде жүріп жатты.

Керней бабамыздың негізгі ұйысқан жері мынау Ақшатау өңірі, бұл жер оныншы ауыл деп аталады. Бұл да жалпылама атау. Қазіргі мұрағат материалдарын ақтарыстырып отырсақ негізінен сегіз ауыл болғанын көреміз. Екі ауыл қайда деген сауалдың туындауы әбден мүмкін. Соның жауабын Мәжит ағамыз берген еді. «Кәрсен мен коныштағайларда қалған» деп. Расында да солай еді.

Ағамыз өзінің «қолын кеш сермегенін білді». Содан да асықты. Содан да үлкен істерге барды. Осы қорымыздың жарғысы бойынша әрбір он жыл сайын ас беру ұсынылған. Мұны да түсінуге болады. Кейінгі ұрпақ бір-бірінен көз жазып қалмасыншы деген игі тілек те. Кейінгі балалар қалай туысатынын білсінші деген ниет те.

Соған қарамастан ас бердік. Бұқар жырау ауданында. Бұл ел естімеген жаңалық еді. Баяғы Құнанбайдың Көкшетауда Өскенбайға берген асынан

кейінгі берілген ас осы болар. Ел бүкіл жұмысын жиып қойып осы асты әңгіме қылды. Оның да жөні бар еді.

Міне қызық, сол асты беруге жергілікті тұрғындар атсалысты. Атсалысқанда белсенді түрде кірісті. Екінің бірі біле бермейтін, білсе де Корнеевка деп білетін ауылды бүкіл жұртшылық бір күнде біле қалды. Жергілікті жердің ақсақалдарына сүйенген Мәжит ағамыз Керней бабамыздың есімін орнықтыруда қыруар жұмыс атқарды. Не керек, сондай жұмыстардың нәтижесінде баба есімі оралды. Корнеевка атауы өзгеріп, Керней аталды. Сондағы Керней тауы, Керней бұлағы, тағы басқа да тарихи жерлерге ескерткіштер қойылды.

Бұл жұмыс біраз адамдардың жүйкесіне тиді. Әсіресе, Мәжит ағамызға қиынға соқты. Өйткені салмақтың бәрі сол ағамызға түскен еді. Сонда да ағамыз қарағайдың қарсы біткен бұтағындай мызғымады.

Мұндай үлкен істердің құрбандықсыз келмейтіні белгілі. Өкінішітісі, осы жолы үлкен құрбандыққа соқтырды. Мәжит ағамыз денсаушылығын берген еді. Алайда ағамыз бастаған іс әлі жалғасып келеді. Ол кісінің жұмысын кейінгі бауырлары жалғастыруда.

Қор жігіттері мен қыздарының Керней ауылынан шықпайтынын біліп отырмыз. Мектептерін қамқорлыққа алыпты. Дұп-дұрыс. Өйткені мектеп Керней бабамыз атында ғой.

Ауылдың біраз қарияларына қысқы отындарын кіргізіп беріп жүр екен. Бұл да мұсылман баласы қолдайтын іс. Олар да сол Керней ауылының тұрғындары. Жетімектерге барып қайырымдылық акцияларын ұйымдастырады екен. Ол да дұрыс. Осы ауылға саябақ салып беріпті. Ол да дұрыс. Саябақ Керней бабамыз атында. Коворкинг сыныбын ашыпты. Оны да қолдаймыз.

Бір қуанарлығы осының бәрін Мәжит ағамыз көріп, біліп кетті.

Маған осы жерде бір ой келеді. Мәжит ағамыз аман жүргенде елге бет бұрар ма еді деген.

Тағы да сол Төрехан ініміздің бір сөзі бар еді. Керней асын сонау Ақтөбенің Ойылында береміз деген. Оны қашандағыдай Мәжит ағамыз да қолдаған. Ағамыз аман жүргенде, ендігі сол Ойылда ас беріп жүрер ме едік? Кім білсін...

***05.11.2019.***
***Ақжал.***



**Мира МАҚАТШИНА,**
*«Көкбөрі Керней баба» қоғамдық қайырымдылық қорының атқарушы директоры,*
*«Қарағанды су қоймалары» мекемесінің басшысы.*

***Мира Атамалқызы МАҚАТШИНА 1965 жылы Қарағанды облысы Шет ауданының Ақжал кентінде дүниеге келген.***

***Саран педагогикалық училищесін бастауыш сынып, Қарағанды экономикалық колледжін бухгалтер-экономист, Қазтұтыну Одағы Қарағанды экономикалық университетін мемлекеттік және жергілікті басқару, Орталық-Қазақстан академиясын заңгерлік, Қазтұтыну Одағы Қарағанды экономикалық университетін эколог мамандықтары бойынша бітірген.***

***Экономист, заңгер, эколог.***

***«Нұр Отан» партиясының мүшесі. Қарағанды қаласы Октябрь аудандық сайлау алды штабының төрағасы (2016) болды.***

***«Көкбөрі Керней баба» қайырымдылық қорының атқарушы директоры (2015).***

***Ақбұлақ орта мектебінде бастауыш сынып мұғалімі, Ақбақай орта мектебінде директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, психолог-педагог, аудармашы, «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы, «Ерболат» жеке кәсіпорынының басшысы, Қарағанды облысы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының кадрлар жөніндегі инспекторы болып жұмыс істеген.***

***Бүгінде «Қарағанды су қоймалары» мекемесінің басшысы.***

***Елбасының Алғыс хатымен (2015), Президенттің Алғыс хатымен (2019) марапатталған. «Бейбітшілік әлемі» (World of Peace) Бірлестігінің «Ел ардақтысы» медалінің, «Nur Otan» партиясының «Белсенді қызметі үшін» төсбелгісінің (2019) иегері.***

# АҒА ДЕП ЕРДІК СОҢЫНАН

Сексен жас жасаған ағамыздың ғұмырбаянының осынау алты жолға сиып-ақ кеткені кімді де болса таңдандырса керек. Көкірек көзімен қараған жандар болса осынау жолдардың әрқайсының астарында жүздеген, тіпті мыңдаған жолдардың жатқанын аңғарған болар еді. Ең алдымен ағаның туған жылын естісімен тіксініп қаласыз. Өйткені алдыңғы толқын ағалардың қуғын көрген уақыты нақ осы отыз алтыдан басталады. Мәжит аға Аманқұлұлын сол елім деп еңіреп өткен ағалардың орнына келген толқын ба деп ойланасыз. Өйткені алдыңғы толқын ағалардың басындағы ауыртпалық бірден осы мойыны бекімеген сәбилердің иығына түсті, соғыс жылдарында әкелері қандай бейнет тартса, балалары ауылда жатып сондай бейнет кешті.

Алғашқы балалық шағы өткен жері Өспен кеніші болатын. Ол тұста кеніште тұру, кеніште жұмыс істеу жан сақтаудың бірден бір жолы болып көрінетін. Содан да ауыл қазағы осы кеніште көптеп істеді, олардың барлығы бірдей жер асты жұмыстарына жегілген жоқ, әрине. Кеніштің қыр жұмыстарында қыр қазақтары жүрді, ал Мәжікеңнің әкесі осындағы мал дайындау мекемесінің бастығы болып істеді. Ол кісі осы жұмысымен өз отбасын ғана емес, туған - туыстарын, айналасын, көрші - қолаңын асырады десек артық айтқандық емес еді. Мал дайындау мекемесінің маусымдық жұмыстары көп болады, айтып отырған жамағайындарын сол жұмысқа іліктіріп жібереді, ал мұндай жұмысқа іліккендер ат үстінде жүргендей көтеріңкі жүреді.

Сол тұста Балқаш қаласының мысшылары да бесжылдықтың балғасын солқылдата ұрып, жер - жерден маман кадрларды шақыра бастады. Оның ішінде өздерінің назарындағы кеніштерден мамандарды көптеп тартты. Өспен кеніші ол кезде елімізге аса керекті мыс өндіріп тұрған болатын. Сол себепті әлгі шақыруға Мәжікеңнің әкесі Аманқұл Әбдірұлы да іліккен еді. Бұл ұсыныстан ешкім де бас тарта алмайтын еді, партия жіберген соң бару керек болады. Жаңа жерде де әкесі директор болады, алайда жұмыс көлемі арта түседі, жұмысқа таң атпай барып, іңір қараңғылығында оралады. Мал жинау ол тұста да қиыншылықпен өтетін, ел қолындағы малына жабысып қалған. Өйткені елдің күн көрісі малдың төрт емшегіне байланып, қалт-құлт тірлік кешіп жатқанды.

Балқаш өндірісінің қарқын алуы елді өзіне тартты. Мыңдаған жұмысшы ойдан, қырдан ағылды. Балқаш ақ май болмаса да, елді аштан өлтіре қоймады. Соншама жанды асырау оңайға тимеді, әрине. Елді аштан

өлтірмейміз деп мал дайындау мекемесіндегі бес-алты жан күндіз-түні жұмыстан ажырамады. Соғыс басталғанда олардың ешқайсы да майданға алынбады, оларға бронь берілді, солайынша мал дайындаушылар да әскери жағдайға көшірілді. Енді жұмысшыларды ғана асырап қоймай, майданға да азық-түлік жөнелту керек болды. Үлкендері де, кішілері де бәрі майдан үшін деп тырбанды. Соғыста солдаттар қалай шетінесе, бұлар да азық-түлік дайындау майданында солай шетінеді. Адам төзгісіз ауыр бейнет ақыры әкесін де алып ұрған, не бәрі қырық екі жасында көз жұмды.

Ел Шоқы деп атап кеткен анасы сіңірлі еді, мойынына түскен ауыртпалықты көтере алды, бардың қадірін білген ол кісі жоқтың да қадірін білді. Қалада қалып қоймай ауылға оралды, ағайын-туысқандар ішінде жүріп жан сақтады. Бұларды жетім деп, жесір деп шеттеткен, сырт айналған жан болмады. Қайсысы болсын өз баласындай басынан сипады, тілеуқорлары болды. Әкесінің бір кездері елге жасаған жақсылықтары осылайша алдарынан шыққан.

Жасаған жақсылығыңның алдыңнан шығатынын бала да болса сол тұста-ақ бағамдаған, содан да өмір бойы жақсылық жасауға ұмтылды. Мәжит ағатайымыз шын мәнінде жақсылық жасау үшін жаратылғандай еді, жаяу адамды мінгестірді, аттылы адамның жетек алдында жүрді.

Өмір ауыртпалығы батпандай түскен сайын балаң жігіт шыныға түсті, ешкімнің көмегіне сүйенбей өзіне ғана сенуді шығарды. Көмекке келер жан айналасы тұрсын ауылда да қалмаған. Солайынша септесіп өскен ағайындар кейінде бір-бірінен көз жазбады. Әсіресе, Нөкеш Ақпанов көкесінің шарапатын көп көрді. Әуелде ол кісі де мұғалім болатын, кейінде партияның шақыруымен милиция қызметіне тартылды, үлкен тұтқалы қызметтерде болды. Полковник шеніне дейін көтерілді.

Сол көкесі өзін мұғалімдіктің даңғыл жолына салғандай болды, мұғалім болу ол тұста ең бір қадірлі мамандық болатын. Үлкендер баталарын бергенде мұғалім бол деп бет сипасатын.

Жиырма үш жасынан бастап көрсеткіш таяғын қолына алды, алдына келген баланың қара тануына атсалысты, үлкен өмірге дайын болып араласуына бар күш-жігерін жұмсады. Шет ауданының бірқатар орта мектептерінде басшы қызметтерде болды, қайда жүрсе де өз ұстанымынан айнымады. Кейінгі қызметі Ақжал орта мектебінің директорлығы еді. Партияның шақыруымен сол қызметінен кетті.

Жаңа қызметіне құшырлана кірісті, ол өзін енді ғана тапқандай еді, ол жақсылық жасауға келген еді. Осы қызметін жұмыстан кетер кеткенше өзгерткен жоқ, ол жұмысы поссоветтік еді, кейін кенттің әкімі болды.

Ақжалда негізінен қорғасын мен мырыш өндірілетін. Бұл өнімдер еліміздің қорғанысына аса қажетті өнімдер болатын. Соған орай оны өндіруді ұлғайту міндеті қойылады. Бұл жұмысқа арнайы контингент тартылады. Өмірге Жаңа Ақжал келеді, ол бесжылдық құрылысы болып жарияланады.

Ел мен ел біріккен осы кезекте ағамыз өзінің байыптылығымен, сындарлығымен, кісі танитындығымен көрініп, бір де бір оқыс оқиғаға жол бермеді. Ел енді ғана көше атауларын түзеп жатса, ағамыз Ақжал көшелерін сонау сексенінші жылдардың аяғында - ақ түзей бастаған. Еліне еңбегі сіңген, қолдарынан келгенше жақсылық жасаған азаматтардың есімдерін берді. Бұл екі дүниелік құрмет еді, өйткені аруақтар есімі осылайша ұлықтала бастаған.

Мәжит Аманқұлұлы кейінгі барша уақытын осы имандылық жолына арнады. Сонау тоқсаныншы жылдардың басында кешегі Шорманның Мұсасымен, Өскенбайдың Құнанбайымен, Қырбастың Бәйсейітімен, Жақсы Жанқұттымен қатар жүріп, төбелікте отырып билік айтқан Қара бабасына ас берді. Асыл бабаның кесенесін қайта жарақтаудан өткізіп, басына шырақшы үйін салды. Кейінде қажылыққа жүрген Күләй апайымыз осы үйде тұрып, өзінің емшілік жұмыстарын атқарды.

Отызыншы жылдардың түлектері ешқашанда өткендерін ұмытқан емес ғой. Мәжікең де алдымен жатқан жері ұмытыла бастаған әкесінің орынын тауып, ескерткіш орнатып, құдайы берді. Сол бастамасы елге жұғысты болды, ел өз бабаларын іздеп кетті, табылып жатса мазар соқты, мазарлы болса ескерткіш қойды. Солайша ел мәлімсіздіктен арылды, ата - бабаларына құрмет жасауды міндет санады.

2008 жылы «Көкбөрі Керней Баба» қоғамдық қайырымдылық қорының президенті болып сайланысымен бұл жұмыстарының аясын кеңейтті. Ата-бабаларының көші - қонда ерулеген жерлерінде болып, ата - бабаларының есімімен аталатын жер - су атауларын қайтып орнықтырды. Бұқар жырау ауданының Керней ауылында үлкен ас беріп, осы елдің баба есімдерін сақтағандарына разылық танытып, құрмет көрсетті.

Осы жұмыстарының қай-қайсында болсын ең алдымен өмірлік қосағы Қанай апайымыздың еңбегі бар деп білеміз. Осы елден шыққан Сәкен Малыбаев, Әділ Бәкіров, Сәбиғолла Әлкей, Семсер Смағұл, Төрехан Майбас, Балтабай Боқай, тағы да басқа ағаларымыз осы кісінің айтқанынан шыға қоймады, бастаған істерін солайша аяғына дейін жеткізіп отырды. Балалары да жұмыс бастылығына қарамастан әке тілегіне селқос қараған емес, қажет жерде қанат байлаған азаматтар болып өсті.

Нұрлан Әбдіров ағамыз болса ел таныған мемлекет қайраткері, бүгінде Парламент депутаты, Нұрғалымы Ақтөбе облысының прокуроры, генерал шені бар, Шақатбегі өзіміздің Қазыбек би аудандық сотының төрағасы болып істейді. Ерланы белді құрылыс фирмасында жетекші қызмет атқарады.

Бүгінде біреуге ата, біреуге әке, біреуге аға болып отырған Мәжит Аманқұлұлы сексен жасына табан тіреді. Жасым келді деп отырған жоқ, соңынан ерген біздерге ақылшымыз, қамқоршымыз болып бағыт-бағдар береді, жөн ісіміз бен сөзімізге қуаныш білдіреді.

Сүйегі асыл ағамыз бүгінде сапта, ешкімнің көмегіне зәру емес, ал біздердің жайған алақанымыз ешқашанда бос қайтқан емес.

Бар болыңыз,аға!

Нар болыңыз, аға!

***2016.***
***Қарағанды.***



**Берік МАҚСҰТОВ,**
*Мәжит Аманқұлұлының жақын інісі.*

## КӨРКЕМ МІНЕЗ БҰЙЫРТҚАН

Мен Мәжит ағамның ең үлкен ағасы Мақсұттан (ел іші Мақаң дейтін) туған үлкен ұлымын, яғни немере інісімін.

Мәжит ағамды төртінші сыныпта оқып жүрген кезімнен жақсы тани бастадым. Сол жылы институт бітіріп келген жас жігіт мен оқитын мектепке қызметке орналасқан болатын. Сымбатты, ұзын бойлы, бір тоға, айтқанын екі етпейтін, көпшіліктің ішінде дара көрінетін, ойлы ақылымен, биязы ғана даусымен кез келген мәселені дұрыс шеше алатын көркем мінезді жанның ағам болғаны - бір бақыт, сондай азаматтың мұғалім болғаны - зор бақыт

болатын мен үшін. Себебі ол уақытта мұғалім болу - әркімнің пешенесіне бұйыра бермейтін. Тіпті, үлкендер балаларға бата бергенде: «Мұғалім бол!» деп беретін. Міне, сондай зор құрметке ие мамандық иесі болған ағам көп ұзамай сынып жетекшім атанды. Әрине, бұл жаңалық менің төбемді көкке жеткізгендей болды. Бала көңілім сынып жетекшімнің ағам болғанын зор абырой, бедел көргенін бүгінде езу тарта еске аламын. Сыныптастарымның маған қызғанышпен қарайтынын да сезетінмін. Тіпті, көпшілігі менімен дос болғылары келіп, жанымнан шықпай жүретін. Алайда ағамның атына кір келтірмей, тәртіпті оқушы болудың да салмағы жеңіл болмағанын айта кету керек.

Саналы ғұмырын адал еңбек жолында сарп еткен жанның өмір жолы, айтқан ақылы, мінез - құлқы жадымда сақтаулы. Мен үнемі Мәжит ағамдай рухы күшті жанның дүниетанымынан күш алатынмын. Себебі бойынан адамгершілік, бауырмалдық, қамқорлық, елгезектік ерекше орын алатын. Әкем дүниеден озғанда өзінің мойнына бар жауапкершілікті алып, жөн-жоралғыға сай атқарып шыққанын ешқашан ұмытпақ емеспін.

Бұтағына құс қонақтатып, саясына жан иесін паналататын алып бәйтеректер болады емес пе? Желдің өтінен, жаңбырдың суынан қорған болатын бәйтерекке ұқсатамын ағамды. Себебі біздің Керней әулетінің басын біріктіріп, Қара бидей бабамызға құран бағыштап, ас беруде басты ұйымдастырушыларының бірі болғанын да сағына еске аламыз.

Ақжалда қызмет істегенде де Қарағандыға жол түссе мені шақыртып алуды әдетке айналдырғанын да атап өткім келеді. Бірге жұмыстарын тындырып, қимастықпен шығарып салатынмын.

Ағам менің жұбайымның да атын атамай, Райкен дейтін. Жасы ұлғайған шақта ағалық емес, әкелік қамқорлығын танытқан Мәжит ағам ауырған кезінде де ойына түскен мәселелерді талқылау мақсатында бізді үнемі шақыртып алып отыратын.

Алаш көсемі Әлекең «ұлтқа қызмет ету мінезден» дейді. Осыны ағама қаратып айтсақ тура сөз болмақ. Өйткені ағамыз бар өмірін халқына қызмет етуге арнады.

Әрине, бәрімізде де мінез бар. Жоғы соның көркемі. Ол көркем мінез халыққа қызмет етуден тұрады. Сол көркем мінез ағамыздан төгіліп тұратын.

Алла тағалам алдынан жарылқап, қараңғы жерін жарық қылып, пейіштен орын еншілетсін деп тілейміз.

***19.05.2020.***
***Қарағанды.***



**Ермек МҰҚАШЕВ,**
*Мәжит Аманқұлұлының жақын інісі.*

## ӨМІРІ ӨНЕГЕ БОЛҒАН АСЫЛДАРЫМ

Мынау жарық дүниеге келген адам баласының өмір дариясындағы тағдыры, әу баста пешенеге жазылған ғұмырнамасы сол пенденің соңынан еретін ұрпағының, әулетінің тарихын түзіп, шежіресін құрастырады екен. Асау өзеннің арынды ағысы сияқты тағдырдың сан алуан аумалы-төкпелі кезеңдері пенде шіркінді жарға да соғып, жағаға да лақтырып жіберуі әбден мүмкін-ау. Сол алапат толқындар арасынан аман қалғанына Жаратушы ұрпақ өрбітіп, бір адамнан әулет, әулеттен рулы ел қалыптастырған сияқты.

Ал әр әулеттің, әр ру мен тайпаның өмірнамасы тұтас елдің, ұлттың тарихының бөлшегіне айналмақ. Кешегі үлкендердің, біздің ата-бабаларымыздың басынан кешкендері туралы ертегіге бергісіз әңгімесін тыңдап өскендіктен бүгінгі өсіп-өнген күнімізге тәубе ете отырып, осындай тұжырымға келемін.

Менің ұлы бабам - Әбдірден төрт ұл туған екен. Олар: Мұқаш, Мұқан, Аманқұл және Рымқұл. Солардың үшеуінен бүгін рулы елдей ұрпақ өрбіп отыр.

Атамыз Әбдір сонау арғы тегінен біткен дәулетінен айрылмаған, өз ортасында беделді, ауқатты болған екен. Сол дәулет осы ұрпаққа Кеңес өкіметі келіп «байлар мен билерге қырғидай тиген» аласапыранға дейін үзілмесе керек. Әбдір атамыз тарихтың дөңгелегін кері айналдырған 1917 жылғы төңкеріс кезеңінде дүниеден өтіпті. Балаларының алды ер жетіп, ес біліп қалған, біріне - бірі сүйене жүріп, күн көре бастайды. Баланың кенжесі Рымқұлды 1921 жылы ағалары заман ағымына сай оқытуды көздеп, Омбы қаласындағы жетім балалар үйіне өткізеді. Бұл іске сол кездері болыс болған аталас туыстары Адамбайдың Топатай деген баласы тиісті құжат жасап, көмектескен екен.

Ел іші дүрліккен, ауқаттылар мен сауатты азаматтар қуғындала бастаған алмағайып шақта, яғни 1929 жылы, ағайынды Мұқаш, Мұқан, Аманқұлдар жаңа өкіметтің сойылын соғушы белсенділердің тыныш өмір сүргізбесіне көздері жетіп, ақылдаса келе, туған ел, кіндік кескен жерден жырақтауға, ұрпағын аман сақтаудың бір ғана жолы осы деп бел буады.

Сөйтіп, жылжи көшіп, Балқаштан Шу бойына, одан әрі Қырғызстан арқылы Ауған елінің шекарасы маңына барып тұрақтайды. Түпкі бағыттары - Ауған арқылы Қызыл бөрік (Иран) еліне өтіп кету болса керек. Сол жерде олар 1934 жылға дейін аялдайды. Сол жылы ер жетіп, саналы азамат қатарына іліккен баяғы Рымқұл бауырлары бұларды іздеп келіп, ел іші тынышталғанын, ашаршылықтың беті қайтқанын, бай - құлақтардың қудалаудың басылғанын хабарлап, елге қайтуға көндіреді. Өзі бұл кезде Томдағы тау - кен институтын тамамдаған, білікті инженер маман болатын. Сол кезде ашылып жатқан Өспен кен орнына жұмысқа тұрмақшы екен. Сөйтіп шетел асып кетпекші ағайындарын аман - есен елге қайтарады. Қазір ойлаймын, солай болмағанда бүкіл әулетіміздің, біздің, бізден кейінгі ұрпақтың тағдыры қай арнаға бұрылып кетер еді деп.

Өкінішке орай, сол Рымқұл әкеміз, бауырларының бүтіндігін ойлаған есіл азамат, халқынын да тұтастығын армандап жүріп «халық жауы» дейтін қара тізімге ілігіп, нәубет жылдары атылып кеткен.

Бұл әңгіменің бәрін жастайымнан құлаққа құйып, аңыздай әңгімелеп берген әжеміз Қалила болатын - Мәжікең ағамның анасы. Ол кісінің шын есімі Қалила болғанымен, барлық жұрт Шоқы деп атайтын (неге екенін білмеймін). Ал біздер, бүкіл немерелері «Мама» дейтінбіз. Мамамыз қайтыс болып аза тұтып жатқанда Ғайни қарындасымның орыс қыз досы «Неге мама дейсіңдер? Сендердің мамаларың бұрын қайтыс болды емес пе?» депті. Сол жарықтық әжеміз бүкіл Әбдір әулетінен тараған ұрпақтың анасы, «мамасы» еді ғой.

Сөйтіп, шетелге, жат жұртқа тентіреп кетуден Алла сақтап қалған ағайындылар Өспенге келіп орнығады. Сол кезде Өспенде ағайындардың апалары, Рахымбек жездеміздің отбасы тұрады екен. Рахымбектің баласы Мұқажан соғыс жылдарында Шет аудандық атқару комитетінің төрағасы болған танымал азамат еді. Ал енді осы әулетімізден шыққан танымал азаматымыздың бірі, кейіннен ауданға, Қарағанды, Жезқазған облыстарына белгілі қызметкер, қоғам қайраткері болған Мәжит ағам туралы арнайы тоқталмақпын.

Мәжікең ағамыз 1936 жылы жаз айында Нілді ауылында дүниеге келген. Одан соң 7 жасқа келгенінше Балқаш қаласында тұрады. 1943 жылы әкесі қайтыс болған соң менің әкем Шайхы, жеңгесі мен бауырын Ақсу - Аюлыға

көшіріп әкеледі. Мәжікең жасынан зерек, оқуға алғыр, елгезек болып өседі. Осы жерде орта мектепті бітіріп, Қарағанды педагогика институтына оқуға түседі. Оқу орнын бітіргеннен кейін жеңгеміз Қанай екеуі шаңырақ көтеріп, үйлі-баранды болады. Еңбек жолын аудан орталығындағы білімнің қара шаңырағы Ы.Алтынсарин атындағы мектепте мұғалімдіктен бастайды. Кейінірек Қайрақты орта мектебінде оқу ісінің меңгерушісі, Ақжал орта мектебінің директоры болып ұзақ жылдар еңбек етті. Одан соң Ақжал кентінің поселкелік кеңесінің төрағасы, кент әкімі лауазымдарында болып, сол жерден зейнеткерлікке шықты. Ол кісі қай істе болсын, өзінің білімділігімен, ел алдындағы абырой, беделімен қадірлі азамат болды. Іскер басшы, талантты ұйымдастырушы еді. Әулетіміздің ірілі - ұсақты шараларынан бастап, ауыл - аймаққа, ағайын - туысқа ықпалды басшы бола білді.

Өмірінің соңғы кезеңінде бүкіл Керней бабамыздан тараған ұрпақтың белді азаматтарын ұйымдастырып, ұрпаққа үлгі болар үлкен істі қолға алды. Бабалар рухына арнап ескерткіш белгі қою, Шет, Ақадыр аумағының халқына, қала берді бүкіл аймаққа белгілі етіп Керней баба асын өткізуді ұйымдастыру осының айғағы еді.

Мәжікеңнің есімін онымен қызметтес болған замандастары, шәкірттері үнемі ықыласпен еске алады.

Жалпы, әулетіміздің ауызбірлігінің мықты болуы, туысқандық пен бауырмалдылықты беріктіктің негізін біздің ағайынды үш атамыз қалап кеткен сияқты. Себебі, жоғарыда аталған ағайынды Мұқаш, Мұқан, Аманқұл аталарымыздың бәйбішелері бір - біріне апалы - сіңілілі, Тұрнияз атаның қыздары екен. «Басқа елден қыз таппағандай, бұларың қалай?» дегенге Мұқаш әкем: «Апалы - сіңлілер бірінің баласын бірі жат көрмес, мына заманға сенім жоқ» дейді екен.

Міне, осы татулық мектебінің ережесін менің Мәжит ағам дамыта түскендей, бәрімізді бөліп жармай, бір анадан туғандай ұйымдастыра білді. Сол дәстүр бүгін де берік сақталуда .

Осы шағын естелік әңгімемді тамамдай келе, жоғарыда аталған асыл әкелеріміз бен аналарымызға, мамам мен Мәжит ағама, жеңгеме жандарыңыз жәннаттың төрінде болып, Алла иман байлығын берсін, рухтарыңыз кейінгі ұрпаққа жебеуші болсын дегім келеді.

***25.06.2020.***
***Ақсу - Аюлы.***



**Дәулетқайыр КҮЛШІМБЕКОВ,**
*Мәжит Аманқұлұлының жақын інісі.*

## БАСШЫМЫЗ БОЛДЫ

Біз Мәжит ағатай мен Қанай тәтені өмір бойы білетінбіз.

Біздің әкеміз - Имантүсіп ол кісінің отбасын өте бағалайтын, құрметтейтін және жақсы көретін.

Біздің жас кезімізде, Шетте тұрғанымызда, Мәжит ағатайдың Шетке келгенін есімізде сақтап қалдық. Ол кісі барлық туыстарын аралап, амандасып, хәл - жағдайларын сұрап шығатын, ешкімді тыс қалдырмауға, ренжітпеуге тырысатын.

Ағатайымыз бен Қанай тәте өте зиялы адамдар еді, ақылды, өте сыпайы, тәрбиелі, бауырмал, нағыз ұстаздар болатын. Қанай тәте өте мейірімді, ақ пейілді болатын. Ол кісілерден әрқашан дұрыс кеңес пен қажетті көмекті алуға болатын.

Мәжит ағатай біздің әулеттің жарқын жұлдызы, көшбасшысы еді. Ол барлығымыздың басымызды біріктіруге тырысатын және қуанышта да, қайғыда да әрқашан бізбен бірге болатын. Жұбата да, керек кезінде ұрыса да білетін. Әсірелемей - ақ Мәжит ағатай біздің басшымыз болды деп айтуға болады.

Алғашқылардың бірі болып Керней баба және басқа да біздің арғы аталарымыздың ескерткіштерін қалпына келтіруді, жөндеуді қолына алып, ұйымдастырды.

Асты ұйымдастыру бойынша үлкен жұмыс атқарды. Басқа туыстармен таныстыру, табыстыру мақсатында бізді әрқашан қасына ертіп жүретін. Ауырып жатқанның өзінде ол кісі сол мейірімді, ақ жарқын қалпынан танған жоқ. Біздер көңілін сұрап барғанда, хәл - жағдайларымыз туралы, балаларымыздың өмірі туралы барлығын сұрап жататын, олардың аттарының бәрін білетін.

Қандай жағдаймен барсаңыз да ешқашан дәм ауыз тигізбей жібермейтін. Астан үлкен еместігімізді шегелеп, қол - аяғымызды буып қоятын, сөйтсек әңгіме - дүкенге тартады екен ғой. Осылар біле берсінші деп айтады екен ғой ескі әңгімелерді. Ағатайымыз сөйлеп бергенде көзіміз жер шұқылап кетер еді. Өйткені пенделікпен, пендешілікпен, білместікпен бір ағайларды ренжітіп алғанбыз. Шын мәнінде ол кісілер әке орнында отырған адамдар екен. Бетіңнің оты шығады. Қаймана қазақ деп жүргеніміз ет бауырың болып шығады. Осыдан кейін қалайша ғана Ағатайымнан айналмасқа?!

Мәжит ағатай мен Қанай тәтенің орны ойсырап тұр, біздерге ол кісілердің жарқын жүздері жетіспейді. Ол кісілердің соңында өздеріне сай, сондай мінезді, ісін жалғастырар балалары қалғаны біздерді қуантады.

***12.06.2020.***
***Қарағанды.***



**Балташ ҚАСЫМОВ,**
*Мәжит Аманқұлұлының жақын інісі.*

## АРДАҚТЫ АҒАТАЙЫМ ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІК

Мен Мәжит ағатайымды кішіпейіл, сабырлы, салмақты кісі ретінде жасымнан танып, өстім. Ағатайым мен тәтем білімді, инабатты, биязы кісілер болатын.

Ағатайым біздің әулеттің үлкен ата-бабаларымыз ұмытылмас үшін, аруақтардың ризашылығы үшін көп, айтулы істер атқарды. Ауылымызда той-думанда, өлік жөнелткенде ақыл кеңесін айтып отыратын.

Ағатайымның анасын мен де, бауырларым да Мама деп атайтынбыз. Олай деуімнің себебі де бар. Біздің үйге келгенде бәрімізді анамыздай айналып-толғанып отыратын.

Ағатайым менің анам - Бөкенқызы Тәттікенді «Тетя Дюся» деп еркелетіп айтушы еді. «Шайыңыз өте тәтті, балдай» деп отыратын.

Қарындасым Гүлбадан (Күләй) марқұм Ағатайым мен Қанай тәтеме еркелеп, Ақжал кентіне жиі барып тұратын. Күләй ағатайыммен, тәтеммен көп ақылдасып, сырласып жүретін.

Ағатайым мен Тәтемнің жатқан жерлері жайлы, топырағы торқа болсын! Артынан ерген ұрпақтарының еңбектері жемісті де табысты болып, отбастарына Алланың нұры жаусын!

***2020.***
***Қарағанды.***



**Аңғар СМАҒҰЛОВ,**
*шежіреші - өлкетанушы.*

***Аңғар Марғозыұлы СМАҒҰЛОВ 1957 жылы Қарағанды облысы Шет ауданының Ақшатау кентінде дүниеге келген.***

***Қалам қайраткері. Өлкетанушы - шежіреші.***

***Ж.Алтайбаев атындағы (бұрынғы К.Маркс) орта мектебін бітірген (1974).***

***Ә.Сембаев (бұрынғы Ж.Жабаев) атындағы орта мектепте мұғалім, Шет аудандық «Ильич туы» газетінің партия тұрмысы бөлімінде тілші, Ақшатау селолық мәдениет үйінде директор қызметтерін атқарады (1974 - 1980).***

***1980 - 1995 жылдары Ақшатау кеңшарының әр саласында еңбек етті.***

***1995 - 2006 жылдары кәсіпкерлікпен айналысты.***

***2007 жылдан «Карьертау» жауапкершілігі шектеулі кәсіпорында диспетчер, механик қызметтерін атқарды.***

***Қазіргі уақытта «Таучик щебень» ЖШС - нің құрылтайшысы.***

# ДАНА БОЛМЫСТЫ АҚСАҚАЛЫМЫЗ ЕДІ

*«Бүкіл әлем кітапқа ену үшін жаралған».*

**Стефан Малларме.**

## ТЕКТІЛЕРДІҢ ТҰЯҒЫ, ТАҢДАЙДЫ ҚҰЗ ҚИЯНЫ

Қай заманда болсын ел ішінде жол бастар серкелері, топ ішінде сөз бастар ақылшы абыздары болған. Көпті көргенді көтеріп, ақылы асқанды абыз санайтын қаймана қазақ солардың ыңғайын баққан. Небір тентектерді жуасытқан ақыл иелері қабырғалы елдің мұң - мұқтажы мен де санасып, күрмеулі мәселелерді оң шешіп отырған. Осындай дана болмысты ақылшылары бар елдің бірлігі сөгілмей, арын сақтап, барын бағалап, жаймашуақ күн кешкен. Заман алмасып, ғасырлар өтті демесеңіз ақылы асқан абыз адамдар жиі болмаса да біздің жүзжылдықта арагідік бас көрсетіп отырды. Бүгінгі естелігімізге арқау болып отырған кейіпкеріміз де өз заманының серкесі еді. Жақсының жақсылығын тірісінде айта білетін қазақ, пәниден өткеннен кейін де жиі еске салып отырады. Жақсы сөз құдіреті дұғамен тең десе, біз де боямасыз жақсы адам жайында сөз қозғап көрелік.

Мәжит Аманқұлұлы - ел сыйлайтын бағасы бар, аға десең ағалыққа жарайтын айбары бар, әке десең бауыры бәріне ортақ Алатаудай асқақтығы да көпке аян. Қамшының сабындай өмірін ұрпақ тәрбиесіне арнаған, тура жолды туындай көтерген ол, әділдік пен парасатты өмірінің қазығы деп түсінген ерекше жан. Үлкендері көріп марқаятын, замандастары құрмет тұтып мақтана алатын, кейінгі толқын інілері үлгі алатын өнегелі өмір жолы рухани құндылықтарға толы ел ағасы.

Тектіден текті туатынын ғасырлар бұрын айтқан біздің бабалардың сөзін Батыс пен Еуропа енді ғана зерделеп жатыр. Қанға дарығанды қасиет демесең қадірің болмайды, сонау түп тамырдан бастау алатын тектілік үрдісі ағамызды да айналып өтпеген. Заманында Керней бабасы алмағайып кезеңде қол бастады, елінің тәуелсіздік жолындағы жалынды күрескерлігі арқасында Көкбөрі Керней атанды. Шаң бабасының аты байлығымен, мырзалығымен ел есінде сақталды. Ал Сүйіндікұлы Жомарт өз заманының жолашар батагөй ақсақалы, босағасынан қонақ үзілмейтін бақ - береке дарыған айтулы шаңырақ иесі болатын. Енді бір бабасы Бәйтіктің Қарасы би атағын Қаратауда алған. Бұл туралы Сары ақынның: «Қаратауда - бала би, Алатауда - дана би» дейтіні айтып отырғанымның дәлелі болса керек - ті. Ел жақсыларын жинаған генерал-

губернатордың алдында тайсалмай пікірін өткізіп, орынды уәжі үшін, генерал қолындағы сағатын шешіп бергендігінің өзі неге тұрады. Керней болыстығына болыс болып сайланып, топты жерде бой асырды. Омбыда пелшірлікті оқып, Қарқаралы дуанында екпемен шұғылданды. Мұның барлығы бүгінгі күнге жеткен тарихи жәдігерлерде сақталып қалған.

Қараби бабадан - Өскен. Өскеннің анасы - атақты Шұбыртпалы Ағыбай батырдың қарындасы Ұлша. Өскеннен - Әбдір, Әбдірден Аманқұл әкеміз туады. Қанның қасиеті мен текті мінездің ұшқыны бар Мәжит ағамыздың да осал болуға һақысы жоқ еді. Халық ағарту саласының білгір маманы, тәжірибелі ұйымдастырушы Мәжит аға парасаттылығымен, өмірге деген көзқарасының тереңдігімен, сары алтындай сабырымен кімнен болсада озық тұрған дара тұлға еді. Адамды алыстан танитын көрегендігі, Арқадай кең пейілі һәм өзім дегенге құшағы ашық жомарттығы бір төбе. Ал қазақ дәстүрін жүрегіне жастап, жас буынға темірқазық бола білген ағамыздың ұстаздығы жеке әңгіме.

## ӨМІР БАСПАЛДАҚТАРЫ

Мәжікеңнің өмір жолы өз кезеңінің ағысына сай өзге замандастары сияқты тар жол, тайғақ кешуден басталған. Тауды төбе құрлы, көлді көлшік құрлы көрмейтін жалынды жастық шағы дағдарысқа толы аласапыран кезеңдермен тұспа тұс келді. Әкесі Аманқұл дайындау мекемесінің басшысы болғандықтан басқаларымен салыстырғанда жағдайлары тым жаман да емес-тін. Алайда Алланың жазуымен сұм ажал асқар тауын 42 жасында мезгілсіз алып кете барды. Әкеден айрылған бала өзін бір сәтте есейіп кеткендей сезінді. Сол кездегі жеті жасар жеткіншек анасының басына түскен ауыртпалықты көзімен көріп, көңіліне «қайтсем де анамның қолғанаты болам» деген ой түйді. Қайсар жігіт қайыспады, азаматқа тән шыдамдылық көрсетті, өмірден өзіне тиісті сыбағасын алуға ұмтылды. Ал арпалысқан тірліктен шаршаған сәттерде анасының қайсарлығы, өмірге деген үмітті көзқарасы ерекше күш - қуат беретін. Жасынан еңбекке араласа жүріп Алланың берген дарын-талантының арқасында онжылдық мектепті үздік бітірді. Кейін жоғарғы оқу орнына баруы, бармауы туралы дүдәмал ойлардың жетегінде жүргенде анасы: «Қой бағатындар сенсіз де жетіп артылады, мен үшін әкеңнің аманатынан қымбат ештеңе жоқ, сен оқуың керек, алысқа емес, мына тиіп тұрған Қарағандыға барасың...» деп кесіп айтқан. Ілімге құмар жасқа анасының бұл сөзі арманына қанат бітіргендей болды. Алысты көре білген ана қасиетінің тым асқақ екеніне тағы бір мәрте көз жеткізді, енді кері шегінетін жолдың жоқтығын шын ниетімен түсінді. Көп ұзатпай ана батасын алған албырт жас

көмірлі Қарағандыға жол тартты. Батаның құдіреті ме, әлде бақтың барлығы ма өзі қалаған Қарағанды мемлекеттік педагогика институтының физика-математика факультетінің студенті атанды. Бұл 1954 жыл болатын.

Жылдар жылжып өтіп жатты, анасының ақ арманы орындалып, күректей диплом да қолға тиді. Ол кез қазақ балаларының әлі де болса оқуға қырын қарап, қора маңынан алыстай қоймаған уақыты, қазіргідей ақшаның дәурені жүрмейтін мезгіл. Мәжікең жоғарғы оқу орнын аяқтағанда да қатарластарынан озық тұрды. Арнайы жолдамамен Ақсу - Аюлыдағы орта мектепке мұғалім болып келді. Ол да бір ақ түйенің қарны жарылған күн болды. Әке арманының орындалған сәтін көзбен көрген анасы Қалиланың қуанышында шек жоқ еді. Қуанбай қайтсін, ол кезде мұғалім беделі райкомыңнан да жоғары. Оның үстіне анау - мынау адамның қолы жете бермейтін, бүгінгі күннің өзінде қат физика - математика маманы болса. Сонымен жас ұстаздың еңбек жолы басталып, тіршілік жібі де үзілместей бір арнаға түскен-ді.

Адам баласы қызыққа тойған ба, Қалила ананың ендігі бір арманы - әкеден қалған жалғыз тұяқ Мәжитін аяқтандырып, немере сүю болатын. Онысын баласына арагідік құлаққағыс етіп отыратын. Ана көңілінің тазалығы болса керек, тойдың да ауылы көпке ұзаған жоқ. Қанай есімді жүзінен нұры төгілген ибалы келін табалдырығын аттады. Қолында барымен базарлап, ағайынның шашуымен лекерлеп тойын да өткізді. Келіні де жоғары білімді маман, келісті жердің қызы болып шықты. Ендігі бар арманы - немере қызығын қызықтап, той - шашуларда соңынан ертіп жүру. Қиындығы бел қайыстырар ауыр күндер алыста қалды, заманның бетбұрысы оңалып, елдің де реңіне жылы шуақ ұялай бастаған шақ еді. Жалғыздан немере көрсе, ана үшін бұл дүниеде бұдан артық бақыт болмастай сезінді. Адамзат алғаш ғарышты бағындырар жылдың қыркүйек айының он екінші жұлдызында дүниеге нәресте келіп, Аманқұлдың шаңырағы құт - берекеге толды. Тұңғыш немересінің есімін ырымдап, қалған өміріміз нұрлы болсын, болашағы жарқын шуақты болсын, ағайынның басын қосатын ту ұстар азамат болса екен деп, Нұрлан есімін берді. Жақсылық та жеті ағайынды деп, Нұрланның артынан өмірге Ерлан, Нұрғалым есімді ұлдар келді. Бір ғажабы, дүниеге нәресте келердің алдында Қалила әжеміз түс көреді, түсінде аян беріледі, тылсым дүниенің осы бір әрекеті негізінде балалардың есімі қойылып отырған. Алланың берері таусылсын ба, 1975 жылы төртінші немересі Шақатбек дүние есігін ашты. Тілегі қабыл болған Қалила әженің ендігі тілеуі осы құлыншақтарының амандығы ғана еді. Тектілік тезге түссең де түбін көрсетеді дегендей, немерелерінің бәрі дерліктей ата жолын қуып, қастерлі заңгер мамандығын таңдады. Бұл саланы таңдап қана қоймай, еңбек жолында да елеулі жетістіктерге жете білген саналы ұрпақ болды. Атап айтқанда:

Нұрлан Мәжитұлы - КСРО ІІМ Қарағанды жоғарғы мектебін бітірген заңгер-құқықтанушы, заң ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Парламентінің Мәжіліс депутаты.

Мәжитұлы Ерлан - Қарағанды политехникалық университетін бітірген, қаладағы құрылыс фирмасында инженер.

Нұрғалым Мәжитұлы - Е.Бөкетов атындағы мемлекеттік университеттің түлегі, қарапайым тергеушіден облыс прокуроры дәрежесіне дейін көтерілген прокуратураның Құрметті қызметкері, үшінші класты мемлекеттік заң кеңесшісі - генерал.

Мәжитұлы Шақатбек - ағаларының жолын қуған, өз мамандығына деген шынайы сүйіспеншілігін көрсете білген кәсіби маман. Заңға қызмет ету жолындағы қоғам мүддесі үшін жасаған көп жылдық еңбегі еленіп, «Үш би» құрмет белгісін иемденген заңгер, Қарағанды облысы сотының азаматтық істер бойынша алқасының төрағасы.

Міне, тектіден туған ұрпақ, міне, әке арманының орындалғаны, міне, ана көңілінің риясыздығы. Жалғыздың жанын шүберекке түйіп, шарасыз күй кешкен Қалила әже шөбересінің қолынан су ішіп, 85 - ке қараған шағында дүниеден өтті. Айтары жоқ, өзін бақытты сезінген ананың ұрпақтары әжелерінің өздеріне жасаған қамқорлықтарын әлі күнге дейін аңыз қылып айтады. Қыс маусымында әрқайсысына шақтап, қолдарына биялай, аяқтарына шұлық тоқып, оған қоса күпі мен шалбар сырып, ойын балаларының суыққа ұрынбауын қатты қадағалайтын. Бұл үрдіс сол кездегі қазақ бәйбішелерінің бәріне тән тамаша бір тәрбие еді. Қалила әженің шыққан тегі Балапан батыр әулетінен, оның ішінде - Тұрнияз Байтөт. Анамыздың тегіне әліде болса оралатын боламыз.

Мәжит ағаның жан серігі Қанай анамыз жөнінде айтып кеткеніміз де артық болмас. Аталас туыс болғанымызбен, біздер тек кейінгі жылдары араластық. Біздер деп отырғаным - Керней бабамыздың әр тармағынан таралатын ұрпақтары. Аяулы анамыздың қашан барсақ та дастарқаны жаюлы, жылы қабақпен қарсы алып, қою күрең шайын ықыласпен ұсынатыны әлі де көз алдымда. Содан бір байқағаным, әр ісінен, сөйлеген сөзінен тәрбиенің исі аңқып тұрушы еді. Жай ғана баяу үнмен айтқан Мәжит деген сөзінің өзі көңіл аударған адамға көп тәрбие беруші еді, осы бір сөзден ер адамға деген сыйластықты, балаларының әкесіне деген жанашырлықты, отбасына деген мейірімділікті айқын аңғаруға болатын. Адамгершілік дегеннің өзі рухани тәрбиенің өзегінен басталады. Мамандығы мұғалім болғандықтан, балаларын рухани адамгершілікке тәрбиелеп, болашағына жол сілтеу бағытында Қанай анамыздың жасаған ұлан асыр еңбегі бүгінгі күні әрбіріміздің көкейімізде сайрап тұр. Балаларға тәлімді тәрбие беруде,олардың жеке, мықты тұлға болып

қалыптасуына бар аналық мейірімін арнады. Еңбек текке кеткен жоқ, саналы ұрпақ тәрбие жемісін өсіп келе жатқан кейінгі толқын жас жеткіншектерге берумен жалғастыруда.

## ЕҢБЕК МАЙДАНЫНДАҒЫ ЖОРЫҚТАР

Еңбек ету өкімет бекіткен еңбек сағатын өткізіп қайту емес, елге қалтқысыз қызмет ету, берілген жұмысты абыроймен атқара білу. Тынымсыз ізденіс пен кез келген мәселеде іскерлік танытуы арқасында Мәжікең аз уақыт ішінде оқу ісінің меңгерушісі қызметіне жоғарылатылды. Жауапкершілік жүгі артты, мектепішілік түйінді мәселелер дер кезінде шешілмесе, білімің мен біліктілігің ештеңеге жарамайтынын ұқты. Уақытпен санаспады, өмірлік ұстанымының биігінен көрінгісі келді. Көрінді де. Уақыт талабына сай еңбек ететін алғыр басшы Қайрақты орта мектебіне керек - тін. Жаңа ұжым жақсы қарсы алды, мұғалім қат уақыт, екі бірдей жоғарғы білімді ұстаздың бірге келуі ата - аналар үшін де жақсы жағымды жаңалық болатын. Ол кез Қайрақтының дүрілдеп тұрған шағы. Одаққа мәлім Ақшатау кен - байыту комбинатының еншілес кәсіпорны, талай ұлттың бас қосқан жері. Талапшылдығы мен көркем мінезі, жинақтаған тәжірибесі арқасында мектеп ұжымының көңілінен шыға алды. Жақсылығыңды елге жаса, ел батасы биікке жетелейді деген бабалар сөзі үнемі көкейінде болды. Мұғалімдердің біліктілігін ұдайы жетілдіру ісін басты назарда ұстады, білім беру жүйесінің озық тәжірибелерін, белсенді оқыту әдістемелерін үнемі насихаттап отырды. Өскелең ұрпақты жоғары деңгейде білім алатын жағдайға жеткізу үшін, баланың табиғаты мен болмысын қалыптастырудың өзіндік формасын педагогикалық кеңеске ұсынып, ол мәселе ұжым тарапынан үлкен қолдау тауып отырды. Саналы, парасатты тұлға тәрбиелеу ісін қолға алып, ұстаздарды қолдау және ынталандыру мәселесін қолға алған жаңашыл ұстаздың іс әрекеттері басшылық тарапынан ескерілмей қалған жоқ. Алып комбинаттың жетекші кәсіпорны саналатын Ақжал кенішіндегі қазақ - орыс мектебіне бару ұсынылды. Ондаған жылдар ішінде тәжірибе жинақтаған ұшқыр ойлы жас директор еңбек ете жүріп, кейінгі ұрпаққа көрнекті ісін, өрнекті ізін қалдырды. Қайда жүрсе де талай алмағайып шақтарда басқа түскен тауқыметті қара нарша көтере білді, елдің елдігін ұстаған ер бола білді, сөз атасын өлтірмеді, өзіне де, әулетіне де кір келтіретін істерден аулақ болды. Ел ерге қарағанда, ер жерге қарамауы керек. Өмірдегі алға қойған ұстанымы да осы болды. Мектеп басқарып тұрғанында, қарамағындағыларға оқу мен тәрбие жұмыстары бөліп қарауға болмайтын егіз дүние екендігін естерінен шығармауын талап етті. Оқушылардың терең білім алып, адамгершілігі мол азамат болып қалыптасуына баса назар аударды.

Табысқа талпынған ғана жетеді деген рас, талай жылғы еңбек босқа кеткен жоқ, шәкірттері еліміздің түрлі кәсіпорындарында жемісті еңбегімен көріне білді. Өзгелерден тағы бір ерекше қасиеті ешкімнен жеміп қызмет сұраған емес, көңілі тоқ болғандықтан бала - шағасының амандығын тілеп, берген қызметті місе тұтты.

Ұйымдастырушылық қабілеті, іс жүргізудегі шеберлігі айрықша ағамызды облыс көлеміндегі басшылық жұмыстарға бірнеше мәрте ұсынған ұсыныстар да болыпты. Бірақ жалғызы үшін жанын үзіп беретін Қалила анасын елден жырақ алып кеткісі келмеді, тіпті түсіп жатқан ұсыныстар жөнінде анасына бір ауыз айтпаған екен. Мектеп жұмысы дұрыс жолға қойылғаннан кейін, аудан басшылығы Ақжал поселкелік атқару комитетінің төрағасы қызметіне ұсынды, кейіннен Әкім қызметін атқарды. Жақсыны күшінен емес, ісінен таны деген, басшылықта жарқырап көрінгені де осы жылдар, нар көтерер ауыр жүкті сезінгені де осы жылдар. Жұпыны кеңсе үйін күндіз - түні ұйқы көрмей төрт айдың ішінде салуға қол жеткізді. Оған бүйірі толмаған бюджеттен ақша бөлгізудің өзі жыр болды. 80 орындық асхана мен 120 орындық акт залының қайтадан жабдықталуына ұйытқы болып, елдің алғысын алғаны тағы бар. Жалпы, жұртшылықтың өмір сүру дағдысы да қазақи қалыпқа бет бұра бастады. Көше атаулары жаңартылып, ұмыт бола бастаған ел жақсылары жарыққа шыға бастады. Бұл да бір шетін дүние. Әркім өз атасын тықпалап әлек, оларға дұрыс жауабын бере алмасаң атыңа сын. Көше атына лайық өз бабалары да самсап тұр, бірақ ардан аттамады, халықпен ақылдаса отырып, лайықты деген ардақтылар ғана көше атын иемденді. Қызмет атқара жүріп өмірінің мәні бала тәрбиесін бір сәт естен шығарған емес. Мән беріп қараған адамға сөйлеген сөзі, жүріс - тұрысының бәрі тәрбие еді, қолда жоқтың қадірін енді біліп жатқандаймыз. Қызмет ете жүріп зейнеткерлікке шықты, бірақ зейнеттемін деп жатып алған ағамыз жоқ. Заңды демалыс кезеңі келгенімен зырлаған өмір қашанда ағынын тоқтатпақ емес. Алда әлі де талай күш - қуатты керек ететін қызметтен де маңызды сынға түсерлік іс - шаралар күтіп тұрған болатын.

## ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ

2003 жылы бүгінгі буынның сыналар сәті туып, бірнеше оқиғалардың реті қабысқан кезең болды. Кеңестік саясаттың құрсауынан енді ғана бас көтеріп, жаңа мыңжылдыққа қадам басқан Керней баба ұрпақтары қыркүйек айының 5 - ші жұлдызы Ақадыр кентінде бас қосып, алғашқы құрылтайын сәтті өткізді. Еліміздің түкпір - түкпіріндегі келуге мүмкіндігі бар - ау деген баба ұрпақтарына сауын айтылды. Болат Дүйсенбаев пен Төрехан Майбас ұйымдастырған

шараның шақырылғандар үшін маңызы зор болды, тың ұсыныс жасалды, еліміздің қиын қыстау кезеңдерінде ұлтының жоқтаушысы бола білген асыл перзенті Керней бабаға үлкен ас беру мәселесі көтерілді. Бірақ аталмыш мәселені талқылауға көпшілік дайын болмай шықты. Алғашқы құрылтай болғандықтан ба, нақты ұсыныс - пікірлер айтылмады, мен деген жігіттердің өзі кібіртіктеп, осы мәселенің орайын келтіретін сен боларсың деп тізгінді Төреханға ұстатты. Төрехан ортаға Мәжит ағаны шақырды. Жасы жетпіске келіп қалды деуге келмейтін сұңғақ бойлы,киім киісі, жүріс-тұрысынан қызмет істеген интеллигенцияның көрінісі бірден байқалатын Мәжит аға мінбеге келіп, жан жағына бір қарап алды да, жәй ғана жымиды. Ол жымиысты ешкім елемеді, бірақ менің ойымда қалып қойды, келешекте ондай жымиыстың санына куә боларымды ол кезде білген жоқ едім. «Құрметті туысқандар, сіздер мен біздер үлкен шаруаның басында тұрмыз, ата - бабаларымыздың рухы ояна бастаған екен. Бағанадан бері байқап отырмын, кесіп айтар пікір айтылмай жатыр, өйткені Керней баласының аталы ас бермегеніне 77 жыл болыпты. Мына оңтүстік халқы, жанымыздағы Жаңаарқа елі біздің алдымызға шығып кетті, дүркін дүркін ас беріп, аруақтардың ырзалығын алып жатыр. Ас берер тәжірибеміз жоқ болғанымен, ұланғайыр бірнеше асқа қатысып, сол астардан түйген салмақты ой - пікірлеріміз бар, білгенімді көпшілікпен бөлісуге бейілмін. Ата - тексті құрметтеу керек, олардың жүріп өткен жолын, істеген игі істерін артында қалған ұрпақ білу керек, қадірлеу керек. Кезінде Қорқыт Ата айтқан екен: «Жаратушыға сиынбаған адамның жолы болмайды» деп. Жаратушыдан кейінгі сиынарымыз ата - бабамыз екені ақиқат. Сондықтан бір әкенің баласындай ұйымшылдық танытып, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаратындай әрекет етуіміз керек. Әр заманда әр ұрпақ өкілдерінің иығына артылар аманат болады, ол аманат міндетті түрде көпшіліктің қолдауына ие болған жағдайда жетер жеріне жеткізіледі. Орындалмай қалса, келесі ұрпақтың еншісі болып қала береді. Мойнына өлшеусіз жүк түскен ұрпақ қарғыс айтуы мүмкін, ендеше артығымен өлшеп, кеңінен пішетін келелі пікірлеріңізді осы бастан ойлана беріңіздер. Бұл мәселеден халық та құлағдар болып қалды, Болат пен Төреханның ұсынысын бірауыздан қолдап, істеріңізге үлкен сәттілік тілеймін. Қажет болып жатса, менің тарапымнан көмек болады. Жиынға қатыса алмаған көптеген туыстарымыз бар әлі, солардың пікірін тыңдап саралап көрейік. Қаржы мәселесін шешетін қалталы азаматтарды көптеп тарту керек. Ақылдасатын шаруа шаш етектен. Сондықтан жергілікті халықпен етене араласып, жұмыс жасайтын өкілдер тобын сайлауымыз қажет, солар арқылы бұқара халық барлық істен хабардар болып отырады ...». Бұдан кейін де Мәжит ағаның кесек пікірлеріне қаныққан халықтың да үстерінен ауыр жүк түскендей бір серпіліп қалды. Батыр болса қол бастау оңай, нар тәуекелге басып жол бастауда оңай, ең қиыны Күлтөбе басындағы қаумалаған

жұртты аузыңа қаратып, дегеніңе көндіріп, айтқаныңа сендіріп сөз бастау қиын. Осындай қысылтаяң шақта ғасырға жуық басы толықтай қосыла қоймаған Керней ұрпақтарын бір арнаға тоғыстыру Мәжит ақсақалдың қолынан келді. Бұл да бір текті еріксіз тілге тиек еткізердей оқиға болды.

Екінші құрылтай Қарағанды қаласында өтті. «Көкбөрі Керней баба» қайырымдылық қоры құрылды, қордың құрметті президенті болып Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры Жамбыл Сәулебекұлы Ақылбаев сайланды. Тете - президент қызметі М.Әбдіров пен А.Әбдіхановқа бұйырды. Осы үш кісінің басшылығы және қор мүшелерінің қолдауымен өткізілетін ас жоспары бекітілді, әркімнің атқаратын міндеттері нақтыланды. Міне, осы күннен бастап бірталай жұмыстың жауапкершілігін мойнына алған Мәжит аға бел шешпей іске кірісті. Өзінде де маза болмады, өзгеге де маза бермеді (игі іс жолында, әрине). Жұмыскер ауылының аумағындағы Бәйтік пен Тәйтік бабаларының басына ескерткіш тас қойғызып, туыстарының басын қосып ас берді. Бәйтік Жомартұлы 1826 жылдың 10 шілдесінде Қаракесек Керней болыстығына сұлтан сайлауы кезінде құжатқа қол қойған жеті бидің бірі. Әбдір атасының кенжесі Рымқұл марқұмның жатқан жері анықталып, Берекетті ауылындағы Төсбұлақ жайлауына ескерткіш тас қойды. Рымқұл Өскенов Ресейдің Томбы қаласындағы политехникалық институтты бітіріп, тау - кен инженері мамандығын алған. 1937 жылы ұсталып, сол жылдың 8-ші қарашасында үштіктің үкімімен атылған, 1958 жылы ақталған. Осы оқиға жөнінде журналист Серғазы Қабылда «Боздақтар» деп аталатын жазбасында көптеген нақты мәліметтер келтірген.

Жәнібекұлы Төресейіт би мен Қоржынбайұлы Түсетай ақынның бастарына қоршау қою ісін қадағалап, жұмыстың орындалу барысын міндетті түрде өзі барып көретін. Атаусыз жатқан көптеген адамдарды елге танытты, бастарын көтеріп ескерткіш тас қоюға себепші болды, ұйқыдағы халықтың көзін ашып, бабаларды ұлықтаудың, ағайын туыстың ынтымақ бірлігін сақтаудың озық үлгісін көрсетті. Ізгілікті тәрбиеші, тәлімі мол тәлімгер, қатаң талап қоя білетін темірдей тәртіптің адамы болғандықтан, алға қойған мақсаты үнемі жеңілдікпен орындалып, одан әрі кезек күтіп тұрған келесі жұмысты бастап кететін. Осындай жұмыстардың ішінде жүріп, ең маңыздысы шежіре материалдарын жинап сұрыптауды да естен шығармаған. Ес батыр ұрпақтарымен үнемі қарым қатынаста болып, олардың істеп жатқан шаруаларын назардан тыс қалдырған емес. Қалиұлы Қазкен мен Қазкенұлы Марал Тайатқаншұнақтағы Қарашоқыда сонау Алматыдан арнайы келіп, Ес батыр мазарын қалыпқа келтіріп жатқан болатын.

Осы кезеңде елімізде, әсіресе оңтүстік өңірлерде халықты имандылыққа шақыратын мешіт үйін салу ісі өте кең көлемде жүргізіліп жатқан. Мәжит

ағаның ойындағы бір шаруа өзі қызмет істеген Ақжал кентіне мешіт үйін салғызу болатын. Жекелеген азаматтармен сөйлесіп көріп еді, іс қаржы мәселесіне тірелгенде шешілмейтін сыңай танытты. Түрік елшілігі мешіт салуға көмектеседі екен деген дақпыртпен елшілікті де жағалап көрген. Жылы шыраймен қарсы алған елшілік қызметкерлері ондай қайырымдылық шараның жүзеге асып жатқандығын айтты. Бірақ Ақжал елді мекеніндегі халық саны түріктердің талабына сай келмейтін болып шықты. Оның үстіне олардың талабы бойынша құрылыс салынатын мекен Алматыға жақын болу керек. Сонымен бұл жұмысқа нүкте қойылды.

Осындай сан салалы жұмыстардың ішінде жүріп, ең маңызды деп есептелетін рухани құндылықтың бастауында тұрған шежіре материалдарын жинау жағына да ағамыз білек сыбана кіріскен. «Қаракесек Керней Шаң шежіресі» Мәжит ағаның талапшылдығы, тынымсыз ізденісі арқасында жарыққа шықты. Біздерге өте сақтықпен жұмыс істеуді талап етті, дау тудыратын түйінді мәселелерді іскерлікпен шешіп отырды. Шежіренің түбіне ешкім жеткен емес, бірақ мейлінше әділдік танытып, келешек ұрпақты сара жолға салудың алғы шарттары ізге салынды, бір сөзбен айтқанда, жоқтан бар жасалды, өмірде тұңғыш рет жинақталған шежіре кестесі түзілді. Кең көлемде жүргізілген жоспарлы жұмыстардың арқасында және штаб бастығы Аманбек Әбдіхановтың іскерлігі жақсы нәтижеге жетуімізді тездетті. Адамдар арасындағы түсінік жұмыстары жекелей де, топ болып та жүргізілді. Ақшатау, Ақжал, Ақадыр елді мекендері мен Қарағанды, Балқаш қалаларына сан мәрте баруға тура келді. Асқа қаржы жинау мен киіз үй тігуді ұйымдастыру, жарнамалық материалдарға тапсырыс беру, бабалар бейнелерін ретке келтіру, репрессияға ұшыраған боздақтарды түгендеу, асқа келетін құрметті қонақтардың тізімін жасау, жағдайсыз отбасыларды анықтау, ескерусіз қалған бабалардың басына тас қойылуын қадағалау, әр аймаққа бекітілген өкілдермен хабарласып отыру жұмыстарының үлкен қажырлылықты қажет еткені рас. Мәжит аға осы жұмыстардың дер кезінде орындалып, үлкен астың өз мәнінде өтуіне ерекше назар аударды. Осылайша көптен күткен бабамызға берілер ас күні де таяды.

## КЕРНЕЙ АСЫ

2005 жылдың 6 тамызында жоспарланған 60 киіз үйдің орнына 160 киіз үй тігілді. «Керней баба қайырымдылық қоры» мүшелерінің көңілі де орнына түскендей. Ата балалары ұйымдастырушылықтың зор үлгісін көрсетті, келіп жатқан халықта шек жоқ. Барлық іс - шаралар жоспарлы түрде өз деңгейінде өтті. Ас соңында қонақтар: парламент депутаты Тоқтар Әубәкіров, облыстық

мәслихаттың хатшысы Қасымбек Медиев, Жамбыл облысының әкімі Бөрібай Жексенбин, облыс әкімінің орынбасары Ералы Тоқжанов, академик ағаларымыз Яхия Әубәкіров, Баян Рақышев, Қабылсаят Әбішев, қауіпсіздік комитетінің генерал - майоры Әділ Шаяхметов тағы да басқалары Мәжит ағаның тікелей өзіне шын жүректен шыққан ақ пейілді ризашылықтарын білдіріп жатты. Құрмет деген құдіретке алғырлығы мен адамгершілігі бірдей мол жаратылған жандар ғана кол жеткізеді. Ердің бағасын елі береді, ендеше солардың кейбірін назарларыңызға ұсынуды жөн көрдім.

«... Ордалы ақ үйдің төрінен орын беріп, арнайы дайындалған сыбағалы асқа шақырып, сый - сияпат құрметіне бөлендірген Керней баба ұрпағының бірі тетелесініміз Мәжит Аманқұлұлы Әбдіров ширек ғасырға жуық Ақжал селолық кеңес атқару комитеті төрағасы, одан әкімі болып қызмет атқарған әріптесім болғандығы болар, әрі Керней баба қоры Президентінің орынбасары ретінде Алматыға телефон шалып, Керней баба қорының қор алқасы естелік кітап шығаруды ұйғарып шешім қабылдады, - дей келе, - 2005 жылы жарыққа шыққан Керней баба кіндігінен тараған мұрагерлерінің бірі Шаң шежіресін қолыма табыс етті. Бұл өте көрікті де көрнекті кітапты Керней бабаның бүгінгі ұрпақтары Мәжит Әбдіров, Аңғар Смағұлов және Қанат Боранқұлов бауырларымыздың құрастырған қомақты еңбегінің жемісі деп білемін. Өте тартымды, көңілге қонымды білгірлікпен жазылғандықтан ризашылық рахметімді жолдаймын.

Біліміне біліктілігі сай Мәжит Аманқұлұлы Әбдіров халқының құлшыныстарын арттыруға белсенділік танытып, ұзақ жылдар мойнына жүктелген парыз салмағын сезімталдық пен сергектікті біріктіріп, бойына дарыған жігері мен қайратын серік етіп, оқу жүйесіндегі ұстаздық қабілеттілігінің арқасында тәжірибелікпен елінің бірлігін нығайтып, іскерлігімен қоғамға сіңірген еңбегімен көш бастар ірі тұлға екенін дәлелдейді» Құрметпен: Қамза Бижанұлы Жұмабеков. *(Көкбөрі Керней баба ұрпақтарының игілікті істері кітабынан - 78 - 79 беттер).*

Елдіктің туын көтеріп, көпшілік көңілінен шыққан Мәжит ағаның атына «Көкбөрі Керней қайырымдылық қорының» президенті Ж.С.Ақылбаев, тұңғыш ғарышкер, халық қаһарманы Т.Әубәкіров, Қазақ Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, экономика ғылымдарының докторы, профессор Я. Әубәкіров, Жамбыл облысының Әкімі Б.Жексенбин, облыстың мәслихаттың депутаты, «Новоцинк» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Бас директоры М.Баданов, Қарағанды облыстык мәслихатының хатшысы Қ.М.Медиев, халықаралық «Түркі Әлемі» газетінің редакторы А.Дағдұран, өлкетанушы-зейнеткер Ә.Бәкіров т.б. көптеген асқа қатысқан қауым өкілдері орынды, мақтаулы пікірлер айтып, Семейдегі ақын Абай тойынан кейінгі кең көлемде

өткен ауқымды басқосу деп бағалады. Өз кезегінде Мәжит аға атқарылған істердің басы - қасында жүрсе де кішіпейілділігін көрсетіп,мұндай ұланғайыр асты өткізу бір адамның немесе бір топтың қолынан келмейтіндігін, үлкенді-кішілі ата балаларының асқан ұйымшылдығы, бірлігі арқасында өткенін түсіндірді.Ұлық болсаң кішік болудың нағыз үлгісін көрсете білген ағамыз осылайша өз кезеңінің ұрпақтарына жүктелген міндеттердің бір парасын ойдағыдай орындады десек қателеспейміз». «Абырой - адамдықтың тағы» деген дана сөзді айтып кеткен бабаларымыз. Тақ деген елдің аяулы алақаны мен сый құрметі. Елдіктің үдесінен шыға алған, кісілік келбетіне дақ түсірмеген, тіршілік қамын тамырындай тап басып отырған жанның елдің алғысына бөленуі заңды да еді.

## ЕЛІМ ДЕЙТІН ЕР БОЛМАСА...

Керней баба асы елдің бірлігін нығайтып, көптен сұранып тұрған ел рухын бір биіктеткені рас. Астан кейінде қауырт жұмыс бәсеңдеген жоқ, сан салалы, әр бағыттағы кезек күттірмейтін істер шешуін күтіп тұрған болатын. Түрлі шараларды ұйымдастыру барысында қайырымдылық қорының мүшелері Ақшатау ауылына ат басын жиі бұратын. Оның себебі де жоқ емес-ті, Керней ұрпақтарының орталығы іспеттес ауылдың сай - тасында бабалар ізі сайрап жатыр, тұрғылықты халықтың басым көпшілігі кернейлер. Жиырма шақырым жерде Ақшатау селосы менмұндалап тұр.

- Мына екі Ақшатаудың қатар аталуы менің көңіліме ұнамайды, - деді Мәжит аға, - саралап отырсам осындағы халықтың негізгі бөлігі Жарылғап батыр атырабынан екен. Сондықтан ауылдың атауы батыр баба атына сұранып тұр, - деп тың ойды ортаға салды.

- Семсер бар, Төрехан бар осындағы жұртшылықпен кеңесіп шешу керек, - деді.

Іздегенге сұраған, үлкендігі мен көрегендігі қатар жүретін қазынады ақсақалдың пікірі ескерусіз қалған жұмыстың жандануына себепші болды. Жаугершілік заманда халқының қорғаны бола білген жасыл тулы Жарылғап батыр есімін ұрпақтың есінде мәңгі қалдыру мақсатында жасалған іс-шаралардың бәрі тығырыққа тіреліп тұрған болатын. Көкбөрі Керней ұрпағы Жарылғап батыр атын жаңғыртпаса тағы бір абадан тұлға қатпарлы тарих тереңіне елеусіз сіңіп кете беретін болды.

Осыдан бірнеше жыл бұрын керекті құжаттарының бәрі жасалып, аудандық мәслихатқа жіберіліп, белгісіз себептермен аудан басшылары тарапынан қолдау таппай кері қайтарылған. Осы мәселені ағайға түсіндіріп айттым, баспасөз беттерінде жарияланған материалдарды көрсеттім. Содан кейін ол кісіде маза болмады, тыным таппай керекті құжаттарды дайындаттырып, аз

уақыттың ішінде айтарлықтай нәтижеге қол жеткізілді. Әрине, мекемелер тарапынан түрлі қарсылықтар болды, бірақ ойластырылған шаруа оңынан келіп, облыс әкімдігінің қаулысы мен облыстық мәслихаттың шешімі негізінде 2006 жылдың 5 қыркүйегінен бастап Ақшатау ауылы Жарылғап батыр ауылы болып атала бастады.

Ал көршілес Ақжал орта мектебі Мәжит ағаның жанына жақын өзі басшылық еткен ордалы мекеннің бірі. Аталмыш мектепке қазақ қыздарының арасынан шыққан алғашқы академик, химия ғылымдарының докторы, профессор Шәрбан Батталова есімінің берілуіне зор үлес қосқан, шын жүрегінен қуана алған адамның бірі Мәжит аға. Ғалым апамыздың құрметіне байланысты өткізілген шараға жұбайы академик Салық Зиманов арнайы келіп қатысты.

Бұқар жырау ауданында Корнеевка деген ауыл бар, ежелде Керней ауылы деп аталған. Тарих өткен өмірді әңгіме еткенімен, бүгінгі күнге қызмет ету керек, яғни ауылдың тарихи аты қалпына келтірілуі тиіс. Мәжит аға бастаған ел азаматтары халық жадында сақталған мәліметтерді жинау барысында көптеген фактілерді жарыққа шығарды, жергілікті өлкетанушы Ю.Поповпен әлденеше телефон арқылы хабарласып, ауылдың шын мәнінде Керней ауылы аталғандығына көз жеткізді. Ю.Попов бұл кезде зейнетке шыққан, Санкт-Петербург қаласының тұрғыны. Ол кісінің жазып кеткен жазбалары Бұқар жырау ауданының мұрағатында сақталған болып шықты. Тарихи деректерге жүгінсек, өткен ғасырдың басынан бастап, қазақ жеріне орыс келімсектері келе бастаған. 1903 жылдың көктемінде шаласауатты кеңсе қызметкерінің қаламы қисайып, ауылдың атын Корнеевка деп жазып жіберген. Содан бері бір ғасырдан астам уақыт бойы қазақ ауылы орысшаланған аттың қалқасында өмір сүрді. Әлеуметтік әділеттілік орнап, 2011 жылдан бастап Керней ауылы деп атала бастады, мектепке Керней есімі берілді. Ауылдың шығысында Керней тауы менмұндалап тұр. Кернейдің Қарасуы өзені де тіршілігін тоқтатқан емес. Белгісізі сол, жол мекемесінің қызметкерлері картада Омар өзені деп белгілеп қойыпты. Әкімшіліктегі қазақтар тарапынан болған қарсылықтарға қарамастан, ата балалары ойлаған мақсаттарына жетті. Мәжит аға бастап, Қанат бауыры қоштап үлкен ас берді.

## КӨРГЕНІ ЖАҚСЫ КӨШ БАСТАР

Рухани құндылықтар құрып кетпей, баянды етілуі үшін ұлттық рух дәріптелуі қажет, ал ұлттық рухтың тамыры ғасырлар қойнауында жатыр. Бұған дейінде бір төбе іс атқарылды. Бірақ біттім, толдым деген Мәжікең жоқ. Ағамыздың асқақ көңілімен тарихқа деген тағзымы ұлтымыздың

ұлағатты тұлғаларын іздестіре бастады. Жұмыс бұрынғыдан да ауырлаған, қор президенті Ақылбаев Жамбылдың сенімді серігі Әбдіханов Аманбек ағамыз дүниеден өткен соң, бар ауыртпалық Мәжит ағаға түскен. Көңілге демеу, Боранқұлов Қанат үнемі жанынан табыла білді. Шежіре кітабын шығаруға қаржысын берді, Қарағанды облысындағы Керней баба табаны тиген жерлердің бәрін аралатты. «Сабақты ине сәтімен» деген жақсы сөз бар қазақта. Қыс күндерінің бірінде Алматыда ағаның шаңырағында бас қостық, қаладағы ағайындарын дәмге шақырған екен. Құрметті қонақтардың бірі Алматыдағы түркі мәдени орталығының жетекшісі Ахмет Дағдұран Түркия оқу орнында білім алған Дияқажы Ахметұлын жетік білетін болып шықты, ақынның мұраларын жинастырып жүргенін айтты. Дияқажының Қайыркүлден туған жиені София Аташбекқызы да қамсыз емес екен, жаз шыға жоспарлап қойған жұмыстары жөнінде Мәжит ағамен бөлісті.

Дияқажы Ахметұлы 1921 жылы Ақшатау ауылында төрт басқышты мектеп ашып, Қарқаралыдан мұғалімдер алғызып, өзі де сабақ берген. Араб, парсы, түрік, орыс тілдерін меңгерген ғалым, ақын атамыз 1931 жылы Қарқаралының Үлкенкөлінде атылды. Дала адамдарының бостандығын мұрат тұтқан адамның көмескі тартқан атақ - даңқын жарыққа шығару Мәжит ағаның басты мұраты еді. Осы жолда көп ізденді, мектебі болған ауылға ескерткіш қоюға басшылық жасап, ақынға ас беру жұмыстарын қолға алды, діттеген мақсатына жетті де. 2006 жылдың 4 тамызынан София апамыздың бастауымен Ақшатау ауылына қонақтардың алды келе бастады. Шолпан Алтайбаева, Нәстай Айткенқызы, Диақажының жиені сексен жастан асқан Мұхамедғалым Досымбекұлы келді. Мұхамедғалым ата Әбдір бабаның немересі, Алматыда сүбелі қызмет істеген адам. Жұбайы Сара Ахметқызы Қонаева денсаулығына байланысты келе алмады.

Ауыл азаматтарының белсенді көмегі арқасында, ескі мектеп орны тазартылып, ескерткіш те орнатылды, қоршау да жасалды. Мәжит аға бұл кезде Тайатқаншұнақтағы Мұздыбұлақта, Естің Қарашоқысында Ес батырға ас берудің қамымен жүрген еді, бірақ телефонда маза болған жоқ, байланыс бар жерлерде істеліп жатқан жұмыс барысын жиі қадағалап отырды. 5 тамыз күні түнгі 11 - де ауылға келді, алыс жолдан келсе де көңілді, жүзінде шаршағандық белгісі көрінбейді. Өзімен бірге Президентіміз Ж.Ақылбаев, Т.Майбас, С.Малыбаев, ақын Нәшен апамыздың баласы М.Даданбаев, т.б. құрметті қонақтарды ала келді. Тапсырма бойынша алдын ала дайындалып, үйдің ауласына ақшаңқан киіз үй тігіп, ас - суын дайындап қойғанбыз. Таңертең ұйқыдан ерте оянған қонақтар сергіп қалғандарын, таза ауада, у - шусыз жерде жақсы демалғандары үшін рахмет айтып жатты.

Ескерткіштің ашылу салтанатына жиналған жұртта есеп жоқ, бірін - бірі көптен көрмеген ағайындар шұрқырасып жатыр. Мәжит аға қысқаша сөз

сөйлеп, бүгінгі басқосудың маңыздылығына тоқталды. Төрехан Әкімжанұлы Диақажының өмір жолына шолу жасағаннан кейін, Жамбыл аға мен София апай ескерткіш таспасын қию рәсімін жасады. Ауыл ақсақалдары лебіздерін білдірді, Алматыдан арнайы келген Амантай қажы жалынды сөз сөйледі, халық ырзашылықтарын білдіріп, бір серпіліп қалды. Одан кейінгі салтанат ауылдың мәдениет үйінде жалғасты, көпшілік арнайы дайындалған дәмге отырды. Бар билікті қолына алған Мәжит аға ауыл тұрғындарына шын көңілден шыққан рахметін айтты, ас қонақтары да өз кезегінде жақсы ұйымдастырылған шараның биік деңгейде өткенін тілге тиек етіп, өскелең ұрпаққа берер маңыздылығына тоқталды. Жиналған қауым ризашылықтарын білдіріп, рахметтерін айтып тарасты. Ертеңгі күні Керней баба ескерткіші қойылған Шама шоқысында Керней жұмалығы аталып өтпекші.

## ҚАСИЕТТІ БАБАҒА МАЗАР САЛЫНДЫ

Адам бойына бітетін небір асыл қасиеттер ананың сүтімен, атаның қанымен дарып, бабадан үзілмей келе жатқан рухани сабақтастықпен ұштасып жатады. Адамның адамшылығы, азаматтығы, мәдени өресінің деңгейі оның істеген ісінің дәрежесімен есептеледі. Мәжит ағамыз өмірінің соңына дейін өміршең істердің бастамашысы болып, тарихи құндылықтарымыздың қайта оралуына ұйытқы бола жүріп «шаршадым» деп айтқанын естіген емеспіз. Осы бір қауырт кезеңде ұлтымыздың маңдайына біткен жарқын тұлға Жамбыл Сәулебекұлы Ақылбаев мезгілсіз дүние салған болатын. «Көкбөрі Керней баба» қорының президенті қызметін атқарғалы бері көңілден де маза кетіп тұрған шақ. Қор жұмысына қажетті тиын - тебенін айтқызбай беріп тұратын Болат Мәуленұлы Дүйсенбаев інісінің аяқ астынан о дүниелік болып кеткені де көп шаруаға қолбайлау болғаны жасырын емес. Бірақ тіршіліктің сан қатпарлы жоспарлы жұмыстары кезең кезеңімен істеліп жатты. Жұмыскер ауылдық әкімшілігіне қарасты Қызылту бөлімшесінің жанынан әкелі - балалы Шаң мен Жар бабасының жатқан жері табылды. Ауыл әкімі Б.Игенов пен көнекөз қарттардың пікірі бір жерден шықты. Енді бабалардың мәңгілік мекені мазар салу мәселесі күн тәртібіне қойылды. Құрылысқа қомақты қаржы керек, оны өз мәнінде салатындай шебер қолды адамдар қажет, материал тасу, жұмыскердің ас - суы басқа да қосымша жұмыстар бірталай қаржыны керек етеді. Адам не нәрсені болса да дұрыс ойласа, мақсатына оңай жететінін білетін. Толғанып жүріп тағы да Қанат бауырына қолқа салды. Оқыған білмейді, тоқыған біледі дейді қазақ. Адамшылығы зор, текті мінезге бай Қанат Кеңесұлы сөзге келген жоқ:

- Ағай, сіз айтсаңыз болды, қаражат жағынан қысылмаңыз, бәрі де реттеледі, - деп көңілін бір көтеріп тастады.

Іштей тәубе деді, Жаратушыға маңайын асыл ниетті, жан дүниесі таза адамдармен толықтырғанына рақмет айтты. Қарағандыдан, Алматыдан құрылысқа қажетті материалдар тасыла бастады, қабырғасын көтеретін тас Баянауылдан жеткізілді. Қанат екеуі ақылдаса отырып мазардың макетін сызғызды, сол бойынша бұл өлкеде жоқ, сәулеті келіскен мазар үйі салынды. Шаң бабаның киіз үй тігіп мәслихат құрған жері анықталып қоршау орнатылды. Мазарға жақын бұлақ көзі аршылды, қосымша шағын мінәжат үйі салынып, қажетті жабдықтармен, төсек - орынмен қамтамасыз етілді. Құрылыс жұмыстары аяқталғаннан кейін, елге сауын айтылып, баба аруағына арнап ас берілді. Шаң баба ұрпақтары киіз үйлерін тігіп, сойыс малдарын әкелді. Мәжит аға мен Қанат та бір - бір үй тігіп, ас қонақтарына қызмет жасады. Ұйымдастыру - басқару жұмыстары Мәжит ағаның назарында, қатаң бақылауында болды. Алматыдан Ауған ардагерлері кеңесінің төрағасы Бақытбек Смағұл келді, ауған соғысына қатысқан Қарасаз ауылының азаматына медаль тапсырды.

## ТЕКТЕН НӘР АЛҒАН ТОЗБАЙДЫ

Қамшыдай қысқа ғұмырда пенде шығатын биіктерді төбе, тау, шыңмен өлшеп жатамыз. Ол биіктік қанша жасқа келгеніңмен емес, халық үшін істеген ісіңмен, азаматтығыңмен, ақыл - парасатыңның деңгейімен өлшенбек. Оның ішінде туысқандық сезімің, ағайынға деген жанашырлығың да ескерілмек. Мәжит аға қайырымдылық қоры құрылғаннан бастап, жұмыс бабымен Жарылғап батыр ауылына сан мәрте келді. Салған бетте сұрайтыны халықтың жағдайы. «Ғаббасәлі мен Найманның қалы қалай?» деп сұрайды. Бұлар алдыңғы қатарда тұрған шаруа қожалығының жетекшілері. Олардың жұмысы қотты болса, халық тоқ дегені.Тұрмысы төмен отбасыларды да назардан тыс қалдырған емес. Сондай сапарларының бірінде нағашыларының қолында тәрбиеленіп жатқан қыз балаға жоғарғы оқу орнына оқуға грант бөлгізді. Енді бір келгенінде: «Жамалжанның үйіне кіріп шығайық» деді. Жамалжан Әбдеш деген кісіден тарайтын Қарабидің ұрпағы екен. Жамалжаннан шығып, кезінде ауылдық кеңестің төрағасы қызметін атқарған Естай Кәріпжанұлының үйіне бардық. Естай марқұмға дұға оқып, балаларының хәл - жағдайын толықтай сұрастырып үйге келдік. Бірге қызметтес болған соң кіріп шыққан болар деп ойлағам. Олай емес екен, Естай Кәріпжанұлын бұрыннан нағашым деп жақын тартады екен, анасы Қалила Балапан - Тұрнияз ішінде Байтөт атадан тарайтынын жоғарыда айтқанбыз. Естай баласы Русланға бір бүйрегі неліктен бұратыны енді белгілі болды. Шаң ата мазарына қажетті құрылыс тастарын Баянауылдан тасымалдаған

осы Руслан болатын, менің қызым Ләйланың жолдасы. Ақжал, Ақсу - Аюлы селоларына барғанда ағайындардың үлкендеріне кіріп шығуды ұмытпаушы еді, бұл бір жағы бізге сабақ, екінші жағынан ағайын алдындағы парыздың өтеуі болатын. Қарапайымдылығы жан тебірентетін осындай қарапайым жанның дара қасиетін сол кездері бағалай алмаппыз, өмір бойы жанымызда жүретіндей ойлаппыз. Өмірдің тым келте екенін, жаны жайсаң жандардың өмірі бір сәттік сынақ үшін берілетінін жете сезінбегенімізді енді ғана ұққандаймыз.

Көп жылғы тәжірибемен ұштастырылып жасалған жасампаз еңбектің өтеуі текке кеткен жоқ. Әу бастан мақтағанды жаны жақтырмайтын Мәжит ағаның жасампаз істері жоғары жаққа да жетіп жатты. «Бейбітшілік Әлемі» Халықаралық Қазақ творчестволық бірлестігі халықтың әл-ауқатының жақсаруына қосқан үлесі мен оларға жасаған қайырымдылық істерін ескере отырып, Арқа төсінде белгілі адамдарға қойған ескерткіш белгі, оның ішінде «Қараби баба» басының жаңғыртылуына байланысты және ұрпаққа тәлім - тәрбие берудегі жауапкершілігі мол ұстаздық еңбегін ескере отырып, жоғары интеллектуалды жаңашыл, әрі талапты басшы ретінде атқарған зор ұйымдастырушылық іскерлік қабілетін бағалап, «Ұлт мақтанышы - гордость нации » медалімен марапаттады. Бұл медальмен әлем бойынша 127 адам ғана марапатталған екен, 128 саны біздің еншімізге бұйырды.

## СОҢҒЫ САПАРЫМЫЗ

2011 жылғы сәуірдің соңы, не мамыр айының басы болу керек, Мәжит ағам телефон шалды:

- Әбдіханов Аманбек марқұмның балалары Ақсу - Аюлыда волейболдан облыстық турнир өткізбекші, соған Русланның көлігімен барайық, - деп.

Мен де еңбек демалысында жүргем, бірден құп көрдім. Боса болмаса Аманбек нағашым, мен де шақырту алғам, айтылған күні қызым Ләйла бар, бәріміз жолға шықтық. Бардық. Жұрт та орасан көп жиналған. Әсіресе Аманбек ағайдың жұбайы Роза қатты қуанды, «ағатай, сіздің келгеніңіз өте жақсы болды ғой» деп. Жан - жақтан волейбол командалары да көп келген екен, турнир өте тартымды өтті. Алғашқы сөзді де ағайға берді, батаны да өзі жасады, қысқаша айтқанда, шақырылғандардың ішіндегі ең құрметті адам ретінде елдің қошаметіне бөленді. Негізі құрмет деген құдіретке алғырлығы мен адамгершілік абзалдығы бірдей мол жаратылған жандар ғана қол жеткізеді. Мәжит аға талай жерде көркем мінезімен құрметке бөленіп жүрсе де астамшылыққа барған емес, не нәрсені болсын қалыпты жағдай деп қабылдайтын. Қайтарда өте көңілді отырды, көп әңгіме айтты, біз тыңдап қана

отырдық. Сондай шешен сөйлеп кеткенін бірінші көруім еді. Иә, бұл біздің бірге болған соңғы сапарымыз екен. Шамалы күннен кейін Маңғыстауға кеттім, көп ұзамай Мәжит ағам ауырып қалды деген хабар жетті. Бұл хабар біздер үшін үлкен соққы болды, жазылар деп үміттендік. Бірақ тағдыр жазуы біздің үмітімізді ақтамады. Біз деп отырғаным бауырым Қанат, қызым Ләйла. Ләйла оқуын бітіріп, жұмысқа орналасқанда жұмыс орнына жиі барып тұрды, онысы жас маманның қалыптасып жұмыс істеп кетуіне ықпал ету еді. Қанат әлі күнге дейін жоқтайды, өкінішпен еске алады. Жұмысының киюы келмей жатса «шіркін осындайда ағай болса» деп қиялдап қояды. Әрине, жақсы барлық жерге керек. Ағамыздың жасап кеткен жасампаз істері халықтың көз алдында, оны ешкім де жоққа шығара алмайды. Азаматтың бағасын ел береді, ақсақалдық әр істі ақыл таразысына парасаттылықпен сала білген жандардың ғана еншісі болмақ. Мәжит ағаны қай деңгеймен салыстырсақ та, кісілік келбетіне көлеңке түспек емес.

## ТҰЛҒА ТУРАЛЫ ТҮЙІН

Исламда «тесік сауап дорбасы» деген түсінік бар. «Жоққа көмектесіп, бірақ бергенін ұялтып, бетіне басып беретін», «алты рет қажылыққа барып, бірақ ағайынымен араз, туыстың қадіріне жетпеген», «елім» деп том - том кітап жазып, бірақ ауылына алты кірпіш қалап беруге жарамай отырған адамдарды» тесік сауап дорбасын ұстап жүргендер дейді. Оның таразысын біздің де бермесіміз анық. Ал бұлардың жанында істегенін мақтан көрмейтін, жұртым деп жұтылып, елім деп еңіреген Мәжит ағамыздай бір туар азаматтардың өмірден алып кеткен орнын көрген жұрт таратып - ақ береді. Жұтылуға аз-ақ қалған баба руханиятын тірілтіп, өскелең ұрпақ еншісіне салып беру жолындағы қыруар істерді адами тұрғыдан «ерлік», имани тұрғыдан «сауап» десек жарасатын сияқты. Менің түсінігімде «тұлға» ұғымы - үлкенге сыйлы, балаға үлгі, отбасына қамқор, ауылына адал, баба аманатын адал арқалаған адам. Осы ұғымдарды бір басына сидырған Мәжит ағамызды тұлға десем асыра айтпаған болар едім. Себебі тұлғаны тұлға етіп, қадіріне жете білу - әр ұрпақтың еншісіндегі аманат. Бізде сол аманатқа барынша адал болайық деген тілек бар. Жақсы адамдардың өмірі жүзбен аяқталса да, атқарған арда істері алдағы мыңжылдықтардың тоғысында мәңгі жасайды.

***2020.***
***Ақтау.***


ДИПЛОМ
Н № 683179
ДИПЛОМ
Н № 683179


ДИПЛОМ
Н № 683176
Осы диплом Салина Қанайға
ДИПЛОМ
Н № 683176
Настоящий диплом выдан Салиной Канай


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
КУӘЛІК № 5
Әбдіров Мәжит Аманқұл ұлы - Ақжал кентінің әкімі.
1995–1999
РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
Жезказганская область
Агадырская районная администрация
УДОСТОВЕРЕНИЕ № 5
Абдиров Мажит Аманкулович - аким поселка Акжал.
1995–1999


ҚАЗАҚ ССР ОҚУ МИНИСТРЛІГІ
КУӘЛІК № 33798
Салина Жанай Салиевна
13. сентябрь 1979
МИНИСТЕРСТВО ПРОСВЕЩЕНИЯ КАЗАХСКОЙ ССР
УДОСТОВЕРЕНИЕ № 33798
Выдана тов. Салиной Жанай Салиевне
в том, что он награжден Министерством просвещения КазССР значком «Отличник народного просвещения Казахской ССР».
Министр просвещения КазССР
13. сентября 1979 г.


БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ПРОЛЕТАРИИ ВСЕХ СТРАН, СОЕДИНЯЙТЕСЬ!

ГРАМОТА

ГРАМОТА

ЗА ДОЛГОЛЕТНЮЮ БЕЗУПРЕЧНУЮ РАБОТУ В СОВЕТСКИХ ОРГАНАХ И В СИСТЕМЕ ПРОСВЕЩЕНИЯ И В СВЯЗИ С 50-летием СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ НАГРАЖДАЕТСЯ НАСТОЯЩЕЙ ГРАМОТОЙ ТОВАРИЩ АБДИРОВ МАЖИТ — ПРЕДСЕДАТЕЛЬ ИСПОЛКОМА АКЖАЛСКОГО ПОССОВЕТА АГАДЫРСКОГО РАЙОНА.


ҚҰТТЫҚТАУ ХАТ

Құрметті Мәжит АМАНҚҰЛҰЛЫ!

Облыстық Мәслихаттың
Грамотасымен наградтау
туралы

Қоғамдық жұмыстың түрлі учаскелеріндегі көп жылғы,жемісті еңбегі және туғанына 60 жыл толуына байланысты Ақадыр ауданының Ақжал поселкесінің әкімі Мәжит Аманқұлұлы Әбдіров облыстық Мәслихаттың Грамотасымен наградталсын.

Облыстық Мәслихаттың
хатшысы: Ү.ЕСЕНОВ





*Пролетарии всех стран, соединяйтесь!*

# ПОЧЕТНАЯ ГРАМОТА

НАГРАЖДАЕТСЯ

Салина Ганая учительница математики СШ пос.Акжал Агадырского района за плодотворную работу в обучении и воспитании подрастающего поколения.

Начальник областного управления народного образования — Ж.КАДИН

Председатель обкома профсоюза работников народного образования и науки — Е.ПОМОГАЛОВ

г.Джезказган
1990г.

СОЦИАЛИЗМ ЖИВОЙ, ТВОРЧЕСКИЙ, ЕСТЬ СОЗДАНИЕ САМИХ НАРОДНЫХ МАСС.
В.И.ЛЕНИН



4-інші бет — *«Ақадыр таңы»—«Агадырская новь»* — 17. 08. 1996

БӘЙГІ! БӘЙГІ! БӘЙГІ!

**Мирас**

II-нші ТУР

III-нші КЕЗЕҢ

1. Ас тасушыны қазақ не дейді?

2. Ұршық иіргендегі жіптің біркелкі болмауы қалай аталады?

3. Ыдыстың толып, шыпылдап тұруын не дейді?

(Аты-тегіңіз, мекен-жайыңыз)

II-нші турдың II-нші кезеңінде берілген сұрауларының жауабы:
1. ҚАРАҚҰЛАҚ.
2. САҒАНАҚ.
3. СІРІ.

II-нші турға тігілетін бәйгінің сомасы —5 мың теңге.

Бұл турдың III-нші кезеңінен кірем десеңіз мына есепшотқа 22. 08. 1996. дейін 100 теңге аударасыз.

Бұл турдың III-нші кезеңінің жауаптары 22. 08. 1996. дейін қабылданады.

МФО — 191601709
РН — 240200000264
Р/с — 363602
Агадырская редакция клуб «Мирас»
Корсчет — 700161609
ОАО «Темирбанк»
Агадырь
ГРКЦ
г. Жезказган

**Ескерту:** редакцияның есепшотында ішінара өзгерістер болғандықтан реквизитке баса назар аударуларыңызды сұраймыз.

СООБЩАЕТ 01

В целях предупреждения по добных случаев, родителям не

*Құттықтаймыз!*

Құрметті **Мәжит АМАНҚҰЛҰЛЫ!**

Сізді аудан Әкімшілігінің атынан 60 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз.

Сіз үлкен өмір мектебінен өттіңіз. Педагогика, кеңес, басқару органдарында істеген ұзақ жылдар бойғы жемісті еңбегіңізді Сіздің мақтан етуге толық құқыңыз бар. Осыған орай сый-сияпат та көріп жатырсыз. Еліңізге сіңіріп жатқан еңбегіңіз қашанда жемісті болсын, отбасыңыз әманда шаттықта болсын.

**Аудан Әкімшілігі**

* * *

**Дорогая Ботагоз БАЙМУРЗИНА!**

Поздравляем тебя с днем рождения и поступлением в педколледж!

В твой день рождения поздравления от нас—это раз. Шлем мы добрые слова—это два. Быть все время впереди—это три. Жить со всеми в дружбе, в мире—это, кажется четыре! Никогда не унывать—это пять. Приумножить все, что есть,—это шесть. Быть внимательным ко всем—это семь! Быть всегда в нормальном весе—это восемь, девять, десять. Ко всему еще в придачу: счастья радости, удачи!

С наилучшими пожеланиями: Акмарал, Марат, Пе... и племянник Ергазат.



ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

14 шілде, 2016 жыл

РУХАНИЯТ

Жанымда жүр жақсы адам

# "Аға" деп ердік соңынан

ӨМІРБАЯН БЕТТЕРІНЕН



УДОСТОВЕРЕНИЕ

Салина

Какай

Салиевна

за долголетний добросовестный труд от имени Президиума Верховного Совета СССР решением исполкома

Джезказганского

областного

Совета народных депутатов

от 19 февраля 1986 г.

награжден медалью

„ВЕТЕРАН ТРУДА"

Секретарь исполкома

областного

Совета народных депутатов

М. П.

„6" ноября 1986 г.



"БЕЙБІТШІЛІК ӘЛЕМІ"
(Планета Мира- World of Peace)
Халықаралық Қазақ
Творчестволық Бірлестігі

"БЕЙБІТШІЛІК ӘЛЕМІ"
( Планета Мира-World of Peace)
Международное Казахское
Творческое Обьединение

ДИПЛОМ

Құрметті Әбдіров Мәжит Аманқұлұлы!

"Бейбітшілік әлемі" Халықаралық Қазақ Творчестволық Бірлестігі халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайта отырып, кәсіпкерлікті дамытып халықтың әл-аухатының жақсаруына қосқан үлесіңізбен, жасаған қайырымдылығыңызды Арқа төсінде белгілі адамдарға қойған ескерткіш белгі оның ішінде ("Қара би" бабаның басына) және ұрпаққа тәлім-тәрбие беруде жауапкершілігі мол ұстаздық еңбегіңізді, жоғары интеллектуалды, жаңашыл, әрі талапты басшы ретінде атқарған ұйымдастырушылық іскерлік қабілетіңізді жоғары бағалап "ҰЛТ МАҚТАНЫШЫ" медалімен марапаттайды.

"Бейбітшілік Әлемі" Президенті
Қазақстан Республикасы білім беру ісінің Құрметті қызметкері
Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі,
э.ғ.д. профессор, академик А.А.Нұрманов.

07.07.2016 жыл, АЛМАТЫ.



ТЕЛ: 18 СЕН 2019 11:01 СТР1

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ

ҚР Парламенті Мәжілісі Заңнама
және сот-құқықтық реформа
комитетінің төрағасы Н.М.Әбдіровке

Құрметті Нұрлан Мәжитұлы!

Ардақты әкеңіз Мәжит Аманқұлұлының дүниеден өтуіне байланысты ауыр қайғыңызға ортақтасып, көңіл айтамын.

Ол кісі еліміз үшін адал еңбек етіп, соңына үлгі-өнеге, үлагатты ұрпақ қалдырды. Сол шаңырақта өсіп-өнген Сізіңіз де бүгінде барша жұртқа белгілі депутат ретінде ұлттық заңнаманың дамуына үлес қосып келесіз.

Марқұмның иманы саламат, жаны жәннатта болсын.

Әулеттеріңіздің алдағы күндеріне амандық пен жақсылықтар тілеймін.

Қазақстан Республикасының
Президенті — Қасым-Жомарт Тоқаев

Нұр-Сұлтан, Ақорда

2019 жылғы қыркүйек

010000, Нұр-Сұлтан
Қазақстан Республикасы
Президентінің Әкімшілігі

Қазақстан Республикасының
Президенті — Қасым-Жомарт Тоқаев

# V БӨЛІМ

# АҒАТАЙ

**(Ақындар жырлайды)**

Жамбылдайын білікті асыл ағам,
Білімге шақыруда тамам елді.
Қазақтың құрылысына басшы болған,
Ермегияев Дінұлы Аманкелді.
Қылқаламның шебері, шежіреші,
Төрехандай кім білмес қаламгерді.
Бегім, Әбду, Имаштай әкелерім,
Айтайын Әбдіров Нұрлан ағамды енді.
Сембаев Хамит, Дәулет ағаларым,
Айтар болсам халқыңа адал ерді.
Бүгінгі Керней баба ұрпақтары,
Үлесін қосып жатыр ғаламға енді.
Мәжит аға адымды,
Кардиналы Кернейдің.
Қанат аға шалымды,
Жоқ табуға үндейді.
Сағындық,
Моряк ағалар,
Көрінеді биіктен.
Берік, Төлеу, Серікбай,
Келіп тұр бір - бір джиппен.

**Дидар ҚАМИ**



**Болат ҚАЛИЕВ,**
*ақын,*
*ҚР АША - ның Құрметті академигі.*

***Болат Ноғайұлы ҚАЛИЕВ 1953 жылы Қарағанды облысының Ақтоғай ауданында дүниеге келген. Ақын, әуесқой сазгер, ел ішіне тараған көптеген әннің авторы. Қазақ халық шаруашылығы институтының түлегі, экономист. Торғай облыстық комсомол комитетінде жұмыс істеген. Жезқазған облыстық статистика басқармасының бастығы болған. Тоқырау кезеңінде (1992) өз еркінен лауазымды қызметін тастап, ауылға септігін тигізуге ұмтылады - республика бойынша бірінші болып «Ауыл» қауымдастығын құрады. Кейін ол «Ауыл» мемлекеттік қоры болып қайта құрылады. «Ауыл» республикалық партиясының Қарағанды облысы бойынша филиалының жетекшісі болады.***

***Бүгінде оқытушылық қызметте.***

## РУХЫҢ БИІК САМҒАСЫН

Күндер өтті,
Айлар өтті білінбей,
Көп белгісі көзге бірден көрінбей.
Бірақ, аға, орның қалды ойсырап,
Жайқалған елдің
Құшағын жайған төріндей.
Қимас елін де,
Қимас жерін де ер қанат,
Жеткен дейді ғой жақсысы бардан аманат.
Тұрушы едің мәйегі болып бұл жұрттың,
Аман жетсін деп бүгінге туыс, жамағат.
Орта жолда қалдырмаушы едің шешімді,
Тіл қатушы ең оймен толғап,
Кесімді.

Берік еді ғой іргесі көптің,
Жан - жағың,
Шылбыр жіптен бе?
Күрмеуі қалай шешілді?..
Шешілді,
Кетті,
Ұстатпайды енді бұл ғұмыр,
Алып кетті де, айналып барад жер - жұмыр.
Бұзасың қалай түзеген көштің жүрісін,
Із қалғаннан ба?
Келешегі болмас бұлыңғыр.
Бақұл бол, Аға!
Рухың биік самғасын,
Жұмақтан орның!
Дұғасын көптің алған соң.
Бата бар жерде өркендер елің,
Ел - жұртың,
Артыңда қалған ұрпағың
Ісіңді жалғасын!

***2020.***
***Нұр-Сұлтан.***



**Дидар ҚАМИЕВ,**
*айтыскер ақын.*

***Дидар Жанатұлы ҚАМИЕВ 1988 жылы Қарағанды облысы Шет ауданының Ақбауыр ауылында дүниеге келген. Айтыскер ақын, жыршы, термеші. Қарағанды «Болашақ» университетінің түлегі (2010).***

***Көптеген халықаралық ақындар айтысының жеңімпазы.***

## АРНАУ

Туған жер,
тауың түгіл тасың биік,
Сені ойлап әрбір қазақ жансын күйіп.
Еңіреген ерлердің арқасында,
Егеменді ел болдым жасты тыйып.
Қорғаған елі менен жерін жаудан,
Көкбөрі Керней бабам асыл биік.
Рухыңның құдыреті сол емес пе,
Жатырсың ұрпағыңның басын жиып.
Бабалар арман еткен аманатты,
Балалар санасына алсын түйіп.
Ұрпағы аманбысың Көкбөрінің,
Баршаңызға сәлем бердім басымды иіп!
Өмірде тірек бар ма елдей маған,
Гулесін алдарында желдей балаң.
Тілеулінің тілеуімен бабам туып,
Ұрандап қолына ел керней алған.
Қоршаған елін жаудан,
жерін жаудан,
Барына мақтанамын сендей бабам.

Көк Тәңірі Көкбөрі дем бергенде,
Кезің жоқ жауларыңды жеңбей қалған.
Құран оқып,
ас берген ұрпағыңа,
Аруағың разы болсын,
Керней бабам.
Тұра алман шабытымды арындатпай,
Өлеңнің отын бүгін жалындатпай.
Көктеңізді жау аяғы баспасын деп,
Ат үстінен түспедің дамыл таппай.
Халқыңның қамын жеген батыр баба,
Ауылдың ағайынның малын бақпай.
Ел болса ер тудырмай қоймаушы еді,
Батырдан Керней,
сірә, тарылмапты - ай.
Ерлігіңді жалғаған ұрпағың бар,
Бес Мейрамды бастаған Жарылғаптай.
Елдік пенен ерлікті байрақ еткен,
Құдай өзі Кернейді жарылқапты - ай.
Қазақ үшін құсаланып қан қақырған,
Түйе қомы, ат жалында таңды атырған.
Ес пен Есей,
Балта,
Түйте,
Бегімбет,
Ерлігі асып түскен сан батырдан.
Бәйсейіттің Нұрланы жомарт әман,
Жүрегінде иман,
аузында Аллаһ тұрған.
Ақындары арқалы,
батырлары,
Найзасының ұшына қан қатырған.
Мақтайын Кернейдейін табанды ерді,
Жаулардан сақтап қалған аман елді.
Тектінің ұрпағы да текті болар,
Бабасы осал емес балаң енді.
Жамбылдайын білікті асыл ағам,
Білімге шақыруда тамам елді.
Қазақтың құрылысына басшы болған,

Ермегияев Дінұлы Аманкелді.
Қылқаламның шебері,
шежіреші,
Төрехандай кім білмес қаламгерді.
Бегім,
Әбду,
Имаштай әкелерім,
Айтайын Әбдіров Нұрлан ағамды енді.
Сембаев Хамит,
Дәулет ағаларым,
Айтар болсам халқына адал ерді.
Бүгінгі Керней баба ұрпақтары,
Үлесін қосып жатыр ғаламға енді.
Мәжит аға адымды,
Кардиналы Кернейдің.
Қанат аға шалымды,
Жоқ табуға үндейді.
Сағындық,
Моряк ағалар,
Көрінеді биіктен.
Берік,
Төлеу,
Серікбай,
Келіп тұр бір - бір джиппен.
Бабасының тойына,
Темір тұлпар сыйлаған.
Тыныбек пен Сейіткен,
Ар - ұятты ойлаған.
Халық мұңын жоқтаған,
Айтқан сөзге тоқтаған.
Семсердейін ағамды,
Көпшілік бар жақтаған.
Жамандыққа баспаған,
Жақсылықты сақтаған.
Ақжалдың бар басшысы,
Мейрам атты жақсы ағам.
Әмет ағам арындап,
Алматыдан келіпті.
Жоралғысын дайындап,

Әдейілеп үй тікті.
Айтқазы ағам Камазын,
Астанадан жіберді.
Шудағы аға Аманжол,
Танып білді көп елді.
Сәбен,
Ермек ағайын,
Балапанның ардағы.
Қанат,
Ермек ағайым,
Маматайдың саңлағы.
Мұқатайұлы Зияда,
Алда жүрер қайда да.
Шеттен келген Бауыржан,
Іс тындырар ойлана.
Сүбелі ұлы атаның,
Сәкен менен Бөкенбай.
Тигені болар батаның,
Шыңға шықты ойланбай.
Тараздан келді жақсы аға,
Таралғысы мол болды.
Бөрібайдай жайсаңға,
Ақжал жері төр болды.
Бастаушысы әр істің,
Қазыкен аға талмайды.
Қостаушысы бар істің,
Басқаға көңілі толмайды.
Нар тұлғалы Аманбек,
Бар жұмысты атқарды.
Бабадан бата алар деп,
Ұйымдастырды жастарды.
Жығылмады жолынан,
Тұрсекеңнің Болаты.
Бәрі келер қолынан,
Бәйгеден келді сан аты.
Ел мерейін өсірген,
Қарабұлақты көшірген.
Мақсұт аға айбарлы,
Басшы болды ел сүйген.

Жаңатай,
Бітім ағатай,
Үй тігіпті қос - қостан,
Тілеуқұл, Ұлаш, Шұғай бар,
Іс тындырды саспастан.
Астанадан асығып,
Келді аға Бақытжан.
Құлжанбек болыс ұрпағы,
Нәстай да ат салысқан.
Жеті өнер де аз екен,
Талаптанған жігітке.
Алмас,
Болат ағалар,
Жақын осы тірлікке.
Толтырды жиен қатарды,
Жарасымды қарашы.
Асқар менен Сапарды,
Жатсынбайды нағашы.
Баба әнін шырқауға,
Әркімнің бар таласы.
Куәгері бұл тойдың,
Ақжалдың шаңқан даласы.
Кернейдің айтсам ұрпағын,
Тереңнен ойды ақтарам.
Қазыбек,
Ақжан аталар,
Қарсы шыққан қайыспай,
Қалың жауға қаптаған.
Төлеген,
Камал,
Мұраттай,
Генералым тағы бар.
Ел сенімін ақтаған,
Орынбек Беков ағамыз
Қазақтың жоғын жоқтаған.
Рақышев Баян ағам бар,
Дара туған ақтабан.
Шәрбану апам химияға,
Қосқан үлесі көп болған.

Арқасында апамның
Зимановы қазақтың
Кернейге күйеу боп қалған.
Нақыпбековалар шет елде,
Өнерін халық мақтаған.
Манарбек,
Серік,
Балтабай,
Әділ,
Мұхтар топты адам.
Он екі қанат ақорда,
Тігіліпті еңселі.
Жанат атты жездеміз,
Әйдік ақын деседі.
Өтуіне бұл тойдың,
Жүгіріп дамыл таппаған
Кернейден шыққан осындай
Еңбегі сіңген халыққа
Тұлғалармен мақтанам.
Бабалардың кешегі,
Бұл күндері бәрі аңыз.
Жиналыпты бұл тойға
Қоныштағай,
Кәрсен мен
Әлтеке,
Сарым,
Қараңыз.
Жиені ғой осы елдің,
Нарманбет ақын бабамыз.
Асыл ұлы қазақтың,
Дулатбеков Нұрлан ағамыз.
Мен де жиен боламын,
Дидар деген балаңыз.
Көкбөрі Керней еліне,
Біздер жиен боламыз.
Нағашылар берсе егер,
Қырық серкеш аламыз.
Бұл Керней жау шапқанда ысылған ер,
Өзіңнен пана тапты қысылған ел.

Ұлт үшін,
ұрпақ үшін басын тігіп,
Найзаның түйрелген ғой ұшында да ер.
Елі мен жерін қорғап,
жанын беріп,
Жауларын кең даламнан ысырған ер.
Самырза,
Дау,
Шаң мен Балапаны,
Тұғырынан талай текті ұшырған ел.
Түсетай,
Диқажы ақындары,
Жырларын халқына ұсынған ел.
Ас беріп, бабаларын есіне алған,
Тойларың тойға ұлассын мұсылман ел!

***2005.***



**Боташ НОҒАЕВА,**
*ақын.*

***Боташ НОҒАЕВА 1962 жылы Қарағанды облысы Шет ауданының Жарылғап ауылында дүниеге келген. Орталық Қазақстан Академиясының түлегі, экономист. Дәстүрлі әнші, әуесқой ақын - сазгер. Халықаралық «Түркі әлемі» фестивалінің, республикалық Майра Уәлиқызы, облыстық Күләш Бәйсейітова және Шашубай Қошқарбайұлы атындағы термешілер байқауының Бас жүлдегері. Өнер саласында айтулы атқарған шығармашылық еңбектері үшін Қарағанды облысы әкімі, Абай аудан әкімі сыйлықтарының лауреаты атанып, басқа да көптеген марапаттарға ие болған. Бүгінде Абай аудандық мәдени ойын - сауық орталығының әдіскері, «Парасат» Қазақ тілі қоғамы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы.***

## ТЕКТІЛІГІ ТЕГІНЕН
**(Ардақты ағамыз Мәжит Аманқұлұлына)**

Қазақтың есті баласы,
Үмітін баба ақтаған.
Ғасырлар бойы тарихын,
Шежіреде сақтаған.
Әдет - ғұрып, салт - дәстүр,
Төлтумасын баптаған.
Дәстүрлі тарих танымын,
Ұрпағы біліп жаттаған.
Перзенті еркін даланың,
Көкбөрі Керней бабамыз.
Батыр ата атанған,
Жасағымен жасанған,
Асыл текті данамыз.

Алдына топты мал салған,
Атанған жуан атамыз.
«Бергенін Керней алмайды»,
Деген мәтел сөз қалған,
Сертінде тұрған бабамыз.
«Ескі жолы Есімнің»,
Дала Заңын жасаған.
Еңсегей бойлы ер Есім,
Ханның басты сардары,
Тау тұлғалы Кернейім.
Жанарыста Арғынның,
Тектісінен бата алған.
Ел басына күн туған,

Еңіреген күндерде.
Қолындағы найзасын,
Қас жауына сермеген.
Қас дұшпанын сұсымен,
Сескендірген Кернейім.
Ақтамберді жырау мен
Сүйінбайдай бабамыз,
Жырға қосқан баһадүр,
Бітімі мен болмысы,
Ерен туған Кернейім.
Сарыүйсіннің көшбасшы,
Ақсақалы Қонайы-
«Атасы байлық жерімде,
Бар байлық соның төрінде»
Деп бағасын асырған,
Кернейдің бір баласы
Шаң атада Жомарттан -
Бәйтік, Тәйтік, Шүрменім,
Ошабай мен Қошабай.
Бәйтігінен Қара би,
Шолақ, Қанқұл, Жәнікей,
Шүнікейі қоса бар.
Ал, Қарадан Өскенім,
Тастан, Ақпан, Тоқпан мен
Омар, Оспан бабалар.
Өскен өрлі атадан -
Әбдір, Ахмет, Ыбыжан,
Мұқажан баба тараған.
Текті ата Әбдірге -
Тілеуін беріп Құдайым,
Мұқаш, Ықыш,Мұқатай,
Мұқан, Жақан, Аманқұл,
Рымқұлдай - қайратты,
Жеті ұрпақ сыйлаған.
Шежіреден сыр шертіп,
Тізбектеп жазған жырымда,
Қолыма қалам алдырған,
Тектілердің тұяғы -
Аманқұлдың Мәжиті.

«Тектіден текті туады,
Ата жолын қуады»
Деген дана халқымыз,
Мәжит аға тектіде
Қара бидің ұрпағы.

Бәйтікұлы Қара би,
Көзі ашық, оқыған.
Ғылым менен білімді,
Санасына тоқыған.
Қарқаралы төрінде,
Қотанбұлақ жерінде.
Еңбегімен еленген,
Қошеметке бөленген.
Күйдіргі, шешек, тырысқақ,
Айтып келмес ауруға,
Екпе жасап талайға,
Басқа түскен кеселден
Айықтырған дертінен,
Мейірімді жан болған.
Заманында Арқада,
Аға сұлтан, би болған,
Құнанбайдай қажымен,
Кемеңгер, дана Абайдың,
Болашағын болжаған,
Елі «жақсы» атаған,
Жанқұттыдай шешенмен,
Баянауыл жерінде
Мешіт салып, медресе
Ашқан білім сарайын,
Қаржастың аға сұлтаны,
Мұсасымен Шорманның,
Қатар жүрген Қара би,
Алатауда бала би,
Ал Арқада дана би,
Атанған текті бабамыз,
Қара сөзді қадірлеп,
Нар идірген Қара би.
Сөзге шешен, майталман,

Ақылы асқан данышпан.
Төрт ата Кернейге,
Болыс болып сайланған.
«Қара би айтты» деген сөз,
Бүгінге дейін мақталған.
Арқаның асыл тұлғасы,
Бақилық болған бабаның,
Ғасырлар бойы сақталған.
Еңселі де сәулетті,
Ақыреттік мазары.
Сазында Қара,
Қайрақты
Өзенінің бойында,
Қарасаздың қойнында.
Бұл сәулетті кешенді,
Түркістандық шеберлер,
Келтіргенде қалпына.
«Қара бидің моласы»
Деген атпен аталып,
Мемлекеттік қорғауға,
Алынғанда Ағаның,
Қуаныш билеп жүрегін,
Орнынан атып тұрғанын,
Көрген жандар бүгінде,
Тебірене, толғана,
Сағынып еске алады.
Малын шалып, ас беріп,
Дүйім халық Кернейдің,
Ұрпағына разы боп,
Қара бидің ұрпағы -
Аманқұлұлы Мәжиттей,
Ағамыздан қол жайып,
Бата - тілек сұрайды.
Әуелі Алла қолдаған,
Текті баба жолдаған,
Қасиетті батасын,
Бастар кезде кенеттен
Икемге келмей жүрген қол,
Көтеріліп, күш келіп,
Өздігінен жайылды.
Мәжікең сонда іркілмей,
Дүйім жұртқа жиылған,
Жарып шыққан жүректен,
Батасын беріп халқына,
Ақ тілегін жолдайды.

Білуі керек баланың,
Сыры бар үнсіз даланың.
Сондықтан тағы тоқтамай,
Жырыммен демеп ашайын,
Ғасырдың ескі парағын.
Сонау бір қилы заманда,
Сарыарқаның төрінде,
Бұқар жырау жерінде,
Атыменен Кернейдің,
Аталған ауыл аймағы,
Тауы менен өзені,
Бұлағы да болыпты.
Өйткені ол жер кезінде-
Арқада Керней бабамның
Ерулеген жері екен.
Қасиетті аймақтың
Шөбі шүйгін, суы бал,
Малға жайлы болған соң,
Әуелі Керней атамыз,
Одан кейін Кәрсен мен
Қоныштағай, Әлтеке,
Көшіп - қонып жайғасқан,
Төрт түлігін өргізген,
Төсінде малын емізген,
Жаз жайлауы жайлаған,
Киесі байтақ жер екен.
Өзгеріп кейін заманым,
Ұлты басқа жатжұрттық,
Украин мен беларус,
Еліме қоныс теуіпті.
Жарлығымен патшаның
Киелі жерім Кернейім,

«Корнеевка» деліпті.
Бір жарым ғасыр тарихтың,
Еншісінде аталған,
Корнеевка мекенін,
Өзгертуге бел байлап,
Жергілікті Қаржастың,
Дуалы ауыз баталы,
Ақсақалдар алқасы,
Кернейдің атын аулына,
Қайтаруды көздейді.
Қараның асыл сынығы,
Мәжікеңдей асыл ағамыз.
Текті сөздің төркінін,
Түсініп, ойда зерделеп,
«Көкбөрі Керней бабаның»
Қорының барлық мүшесі -
Ұрпақтарын Кернейдің,
Ақылдаспаққа жинайды.
Бірлік бар жерде тірлік бар!
Ауылдың халқы тіленіп,
Еңбегі ерен еленіп,
Жаратқан өзі жар болып,
Мәжікеңнің асыл арманы,
Орындалып Көкбөрі
Кернейдей батыр бабаның,
Есімі елге қайтады.
Бір Кернейдің баласы -
Самырза, Шаң мен Дау,
Балапанды бөлмеген.
Бір атаға санаған,
Бақытына балаған.
Мәжит аға менің де,
Өнеріме тәнті боп,
Көкбөрі Керней әнімді,
Естігенде көзінің
Жасын сүртіп разы боп,
Өлген Керней тірілді,
Деп беріп ед бағасын.
Адамның ақыл көрігі,
Ақылдың сабыр серігі.
Бойынан әркез табылған,
Ағаның көркем мінезі.
Тектілігі тегінен,
Кісілігі таудай ед.
Қол ұстасқан қосағы,
Қанай ана ардақты,
Ұлағатты ұстаздың,
Жағасы жайлау баудай ед.
Жаралы жанға пана боп,
Қаяулы жанға сүйеу боп,
Қолдан келген жәрдемін,
Аямайтын жандар ед.
Төртеу түгел болса егер,
Төбедегі келед деп,
Текке айтпаған үлкендер.
Марқұм Мәжит аға мен
Елге сыйлы ананың,
Артындағы ұрпағы -
Нұрланы мен Ерланы,
Нұрғалым мен Шақатбек -
Төрт барысы, тұлпары.
Бүгінде туған елінің,
Қияға самғар сұңқары.
Ата - ана құрметін,
Асыратын ұрпағы.
Жатқан жері мамық боп,
Топырағы торқа боп,
Жатсын асыл даналар!
Көбейсін деп тілеймін,
Кернейде текті даралар!

***03.06.2020.***
***Қарағанды.***



**Қанат БОРАНҚҰЛОВ,**
*«Қазтұтынутранс» ЖШС Бас директоры,*
*қазақ руханиятының жанашыры.*

***Қанат Кеңесұлы БОРАНҚҰЛОВ 1959 жылы Қарағанды облысы Шет ауданының Ақсораң елдімекенінде дүниеге келген. Қазақ ауылшаруашылығы институтының машина жасау технологиясын ұйымдастыру факультетінің түлегі (1980). Қалам қайраткері. Шежіреші.***

***Алматы облыстық «Қазсельхозтехника» бірлестігінің аға инженері (1981), Алматы қалалық №2 автокомбинатта автоколонна бастығы болады (1985-1991). Республикалық «Қазтұтынуодағы» мекемесі автобазасының бас инженері (1991), директоры болып тағайындалады (1992).***

***Бүгінде «Қазтұтынутранс» ЖШС Бас директоры.***

***Көптеген марапат иегері.***

# БӘЙТЕРЕК ТАМЫРЫНАН ЖАМЫРАЙДЫ

## (СОҢСӨЗ ОРНЫНА)

Қазақ даласының Алатауы мен Алтайында, болмаса басқа жерде жалпы көк атаулы жатаған болып келеді. Тіпті, діңгектілерінің өзі де кісі бойынан аспай жатады. Солардың арасында теректердің жөні бөлек. Көктерек, топтерек, бойтерек, бәйтерек болып салаланып жатады. Шоқ болып өсетіні бар, топ болып өсетіні бар. Дарақтары да кездеседі. Осы соңғысын қазақ баласы ерекшелеп бәйтерек дейді.

Соншама әлпештейтіндей не ерекшелігі бар десек, алдымен оның жапан далада жалғыз болса да өсіп, қу далада да өмір барлығын паш етіп тұратындығы. Шаршаған жолаушы, болмаса қалжыраған тіршілік көзі болсын әлгі даракты көріп өмірге деген құштарлығы оянып, тотенше бір күш - қуатқа ие бола кетер еді.

Біздер де осынау тылсым табиғаттың ажырамас бір бөлшегіміз, қалайда бір қажеттілігі бар құрамдас бөлігіміз.

Жол ығытын белгілеуде жолаушыға Темірқазық қалай керек болса күнделікті өмірде де сондай қазық керек болады. Саялы бақ болмаса да саясы содан кем емес бәйтерек сондай қазық болса керек. Одан қалды айтып отырған терегіміз кімге де болсын сүйеусін бола алады.

Менің өмірдегі сондай қазығым, сүйеусінім Мәжит Аманқұлұлы Әбдіров ағамыз болды. Бүгінде айтып жүргеніміздей ол кісіні мақтап керегі жоқ. Әрі - беріден кейін ол кісі біздің мақтау - мадағымызға да ділгір емес. Бірақ бәрімізден де кісі бойы биік тұрған кісілігін қалайша жасырып қалмақпыз?

Азды-көпті өмірімізде біраз жанды ағаладық. Біразынан қалай көз жазып қалғанымызды аңдамай қалдық. Біразынан өзіміз көз жазып қалдық. Бәлкім, ығыты солай болған болар. Бәлкім, інілікке жарамаған болармыз...

Ал ол кісілер ағалыққа жараушы еді. Қай қайсы болсын. Өйткені ол кісілер өмір көрген ұрпақ.

Өмір сүрген ортасына қарай, заманына қарай Мәжит Аманқұл ағамызды да түк көрмеді деп айтуға болар да еді. Алайда көресінді көрген ұрпақ осы ұрпақ. Соғыс алдында дүниеге келгендер.

Бұл ұрпақ жоқшылықтың азабын тартқан ұрпақ. Сол жоқтың үлкені бұл ұрпақта балалық шақ деген болмады. Әке жоқшылығын тартты. Ағалар жоқшылығын тартты.

Ең бастысы сол жоқшылықты білдірмеген ұрпақ бұл. Сондықтан да бұл ұрпақ биік тұрды. Бәйтеректей бой асырып тұрды.

Мәжит ағамыз да сол бәйтеректей айналасына, ауылына, жан - жағына сүйеусін болды, өзгелерді саялы саясына алды.

Мәжит аға 1936 жылы Шет ауданының Нілді ауылында дүниеге келген. Аманқұл әкесі соғыстан броньмен қалған. Алайда істеп жүрген ісі соғыстан бірде кем емес еді. Өйткені майданға оқ жөнелтіп жатты. Әр оныншы оқ осы Балқаштан үзілмей кетіп жатты. Аманқұл әкесі осында еңбек етті.

Осындағы мал дайындау мекемесінің бастығы еді. Осындағы мысшыларды азық-түлікпен қамтамасыз ететін бірден бір мекеме осы мекеме еді. Одан қалды майданға да азық-түлікті де осы мекеме дайындады. Бұлар да майдан даласында жүргендей еді. Күндіз-түні бел шешпей еңбек вахтасында жұмыс істеді. Сол вахталары майдан вахтасына теңгерілген болатын. Сондықтан да мал дайындау мекемесі де жартылай әскери мекеме болды.

Майдан болған соң-ақ шығыны болады. Адам шығыны. Ауыр дене еңбегі талай өзекті жанға бейнет болып жетіп, алып кетіп жатты. 1943 жылы осындай бейнетке Мәжит ағамыздың әкесі Аманқұл атамыз да килігеді. Киліккені сол ауыр еңбектен көз жұмады. Небәрі қырық екі жасында.

Ауыртпалық адамды ширатса керек. Қайтсем адам болам деп, қайтсем әкем атына кір келтірмеймін деп таң атырып, күн батырды. Ертеңіне артына қарайламай талпынды. Өйткені әкенің, ағаның аялы алақандарын ел Шоқы атаған анасы Қалиланың, алақаны алмастырып, бәйтеректей сүйеусіні болған.

Қара жұмыста жүріп те оқуын ақсатпады. Оқуын әрмен жалғастыруды ойластырды. Оқығанда мұғалім болмақ. Бұл сол кездегі ең қадірлі мамандық болатын. Балаға қара танытқаннан артық мамандық бола қояр ма екен?!

Мектеп бітірісімен Қарағанды қаласын бетке алған. Құжаттарын осындағы дүрілдеп тұрған пединститутының математика факультетіне тапсырған.

Осында оқып жүріп өмірлік жары Қанай апайымызды жолықтырады. 1960 жылы жас отау шаңырақтарын көтереді.

Институттан кейін туған жерге оралады, мұғалім атанады.

1963 жылға дейін Шет ауданының орталығындағы мектепте директордың орынбасары болып істеді. Одан Қайрақты мектебіне оқу ісінің меңгерушісі болып ауысады. Одан кейін Ақжал орта мектебінің директоры болады.

Ел таныған азамат болып қалыптасқан жері осы елді мекен, осы елді қоныс.

Ақжал қонысы дүрілдеп тұрған. Кеніш болатын. Кен өндіретін. Қорғасын, мырыш сынды қорғанысқа қажетті кен өндіретін.

Сол кеншілер қалашығында орын алған бір берекесіздік болды. Кеніш басшылығы жергілікті басшылыққа мойын бұра қоймайтын, олардың сөзін жүре тыңдайтын. Өйткені олар тікелей Мәскеуге бағынатын. Осы бір түйткіл Мәжит ағамыздың жұмыс ауыстыруымен шешілген еді.

Ағамыз араға төрт жыл түскенде Ақжал кенттік атқару комитетінің төрағасы болып сайланды. Кенттің одан әрмен гүлденуі осы Мәжит Аманқұлұлының есімімен байланысты еді.

Енді ел ағамызды поссовет дейтін болды. Алайда ол кісі мұғалімдігінен жаңылмады. Поссовет болып жүріп те мектептен көз жазбады. Барынша көмек қолын ұсынып отырды. Күнделікті жұмысында сол мұғалімдерге сүйенді.

Қораға барабар кеңседе отырып елді қалай басқарсын, табандап жүріп жаңа кеңсе салуға қажетті қаражатты да шешті.

Осыдан бастап жергілікті биліктің беделі аспандаған. Кенттің әлеуметтік бейнесі өзгеріп сала берген. Көшелері түзеліп, жергілікті арыс есімдерімен атала бастаған. Ақжалдықтардың рухани оянуы осылай жалғасқан. Мәжит ағамыз осы қызметін 1996 жылға дейін мінсіз атқарып келді.

Құрметті зейнет демалысына шыққан. Зейнеткермін деп қалайша қол қусырып отыра алсын. 2007 жылы «Көкбөрі Керней баба» қоғамдық қайырымдылық қорының президенті болып сайланып, соңынан ерген өскелең ұрпаққа жол сілтеді. Руханиятымыздағы ақтаңдақтарға сәуле түсіруге күш салды. Алқаулы бабаларымыздың жатқан жерлерін анықтап, бастарына мазар тұрғызып, ескерткіш қойғызды. Ел шежіресін дестелеп кітап түзді.

Қызметтен кетсе де қызметте жүргендей болды. Бақилық болғанша сол қызметінде болды деп білемін.

Бәйтерек деген, дарақ деген, әрине, биіктік. Ал биіктіктің қашанда жауын шақыратыны белгілі.

Біздер үшін, артынан ерген жас ұрпақ үшін Мәжит ағамыз қашанда дарақ болып қала береді.

Бәйтерек қашанда тамырынан жамырайды.

***16.10.2019.***
***Алматы.***

## ҚОСЫМША

# ҚАЗАНАМА

## МӘЖИТ АМАНҚҰЛҰЛЫ ӘБДІРОВ

Арқа руханияты тағы да көбеңдене түсті. 84 жасына қараған шағында қазақ руханиятына өзіндік орыны бар көшеді ел ағасы, Шет ауданының құрметті ақсақалдарының бірі Мәжит Аманқұлұлы ӘБДІРОВ бақилыққа озды.

Мәжит Аманқұлұлы 1936 жылы Шет ауданының Нілді ауылында дүниеге келген. Әкеден ерте айырылып, анасы Шоқының сүйеусіндігімен қатарластарына қарағанда ерте есейеді. Ертеңін анық бағамдап Қарағанды growthинститутының математика факультетіне түседі. Осында оқып жүріп өмірлік жары Қанай апайымызды жолықтырады. 1960 жылы жас отау шаңырақтарын көтереді.

Институттан кейін туған жерге оралып, мұғалім деген қасиетті атқа кір келтірмей еңбектенеді. Сол еңбегі еленіп, үнемі басшы қызметтерде болады.

1963 жылға дейін Шет ауданының орталығындағы мектепте директордың орынбасары болып істеді. Одан Қайрақты мектебіне оқу ісінің меңгерушісі болып ауысады. Одан кейінгі маңдайына жазғаны Ақжал орта мектебі екен. Онда мектеп директоры болады.

Мәжит Аманқұлұлының жұлдызды жылдары осы Ақжал топырағынан басталды. Ел таныған азамат болып қалыптасқан жері осы мекен. Жұмысқа барлық уақытын арнады. Ақжал орта мектебі аудан бойынша

алдыңғы қатарға шыққан. Араға төрт жыл түскенде Ақжал кенттік атқару комитетінің төрағасы болып сайланды. Кенттің одан әрмен гүлденуі осы Мәжит Аманқұлының есімімен байланысты. Сол қызметті 1996 жылға дейін мінсіз атқарып келді.

Құрметті зейнет демалысына шыққаннан кейін де қол қусырып отыра алмады. 2007 жылы «Көкбөрі Керней баба» қоғамдық қайырымдылық қорының президенті болып сайланып, соңынан ерген өскелең ұрпаққа Темірқазықтай көрініп, жол сілтеді. Ол енді барлық уақытын руханиятымыздағы ақтаңдақтарға сәуле түсіруге арнады. Арқа төсіндегі көптеген қорымдардың мәлім болуына өлшеусіз еңбек сіңірді. Жылдар бойы тірнектеп деректер жинап, онысын айналысқа кіргізді, алқаулы бабаларымызға мазар тұрғызып, бастарына ескерткіш қойғызды. Ел қорғаны болған бабаларымыз туралы ел игілігіне айналып үлгерген шежіре кітабын берді. Осыған орай «Бейбітшілік Әлемі» халықаралық қазақ творчестволық бірлестігі Мәжит Аманқұлұлын халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайта отырып, еліміздің дамуы жолында қайырымдылық көрсетіп, жас ұрпаққа тәлім-тәрбие берудегі жауапкершілігі мол жоғары интеллектуалды еңбегін жоғары бағалап, атаулы медалімен марапаттады.

Мәжит Аманқұлұлы осылайша ұрпақтар жалғастығында алтын көпір бола білді.

Балалары ел таныған азаматтар. Нұрланы ҚР Парламентінің депутаты, Нұрғалымы Түркістан облысының прокуроры, Ерланы танымал кәсіпкер, Шақатбегі Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданы сотының төрағасы.

Мәжит аға дүниеден өтті деген қаралы хабар бізді де есеңгіретіп тастады. Асыл ағаның барша тілеулестерімен бірге біздер де ауыр қазаға қабырғамыз қайыса тұрып, марқұмның отбасы мен туған - туысқандарына қатты қайғырып, көңіл айтамыз. Жаны жәннатта, тәні рахатта болсын. Абзал ағаның жарқын бейнесі жүрегімізде мәңгі сақталады!

**«Көкбөрі Керней баба» ҚҚҚ атынан:**
**ӘБДІКЕРОВ Рысқали, АЙМАҒАНБЕТОВ Бекет.**
**ӘЛКЕЕВ Самиғолла, БАЙЖИЕНОВ Ерлан, БӘКІРОВ Әділ.**
**ҚАЛКЕЕВ Болат, МАЙБАС Төрехан, МАЛЫБАЕВ Сәкен.**
**МАҚАТШИНА Мира, НОҒАЕВА Бота, ӘБІЛҚАСЫМОВ Бақберген.**

**И. БОРЧАШВИЛИ**

## МЕНІҢ ІНІМ - НҰРЛАН МӘЖИТҰЛЫ

## (ТҮПНҰСҚА)

Жизнь - это удивительно загадочная штука. В разные периоды взросления и становления она дарит нам встречи и знакомства с людьми, которые прочно входят в нашу жизнь и остаются там навсегда. И уже с высоты своего возраста могу смело сказать, что без них моя жизнь была бы менее насыщенной и интересной. Это, конечно же, мои друзья. И это, прежде всего, мой брат - Нурлан Мажитович Абдиров.

С Нурланом мы познакомились в 1978 году, когда он поступил на первый курс Карагандинской высшей школы МВД СССР, я уже учился тогда на третьем курсе. Но наше тесное общение началось в 1980 году, когда мы с Нурланом оказались в группе из десяти лучших слушателей из разных курсов, которая была отправлена в Алматы для участия в Первом слете молодых специалистов органов внутренних дел, проводимом МВД Казахской ССР совместно с Центральным комитетом Комсомола Казахстана.

С тех пор мы вместе! Наша дружба длиною свыше сорока лет с каждым годом только крепчает. Для меня Нурлан стал младшим братом, он на семь лет моложе меня. Но несмотря на свой юный тогда еще возраст, он подкупал меня своей мудростью, своим

гениальным мышлением, своей дальновидностью, целеустремленностью и начитанностью. О нем я могу говорить много и долго. Но скажу только одно, и это мое твердое и глубокое убеждение, скажу без всякой лести, со всей ответственностью, от чистого сердца и максимально объективно: Нурлан - это профессионал высшей категории, состоявшийся политик и один из умнейших, грамотных государственных деятелей, которому под силу решить любые задачи, поставленные перед ним государством и народом Казахстана. Подтверждением этому является его сегодняшняя активная и плодотворная деятельность на благо страны.

Подкупали и удивляли меня и воспитанность Нурлана, его удивительное отношение не только к старшим, но и к однокурсникам, его объективность и преданность, его честность и порядочность. Поверьте мне, это не пустые слова! Таким он остался и по сей день. Его не изменили ни власть, ни положение.

Когда мой брат Нурлан познакомил меня со своими родителями, и узнав их ближе в процессе наших встреч и общения я убедился в том, что иначе и быть не могло. Как говорится в народе, «яблоко от яблони далеко не падает».

Родители были честными и глубоко порядочными людьми, настоящими патриотами своей страны. В том же духе они воспитали своих сыновей, посвятили свою жизнь служению нашему Отечеству. Долгие годы проработали в сфере образования, открывали дорогу в жизнь многим молодым, талантливым казахстанцам.

Папа был неординарной личностью, человеком с большой буквы и добрым сердцем. Будучи человеком старой закалки, был требовательным к себе и окружающим, не мирился с ложью и несправедливостью.

А мама! Мама была удивительно скромной, мудрой и тактичной женщиной, настоящей хранительницей семейного очага. От нее всегда исходили свет и тепло, и она каждого одаривала добром и лаской. В моей памяти навсегда останется ее милая, красивая улыбка.

Родители моего брата Нурлана приняли меня в свою дружную, большую и крепкую семью как родного, относились с теплом и любовью. За что им низкий мой поклон.

Нурлан очень любил своих родителей, боготворил и лелеял их, с радостью исполнял любое их желание. К сожалению, родители уходят навсегда, но в душах остается светлая добрая память о них. Так устроен этот мир!

Я знаю, как Нурлан тяжело перенес потерю родителей. У меня не хватает слов, чтобы передать ту боль и печаль, которые Нурлан испытал, когда понял, что мамы больше нет. Обнявши меня, он рыдал как маленький мальчик, слезы градом лились с его глаз. Он не мог успокоиться, говорил, что с потерей мамы потерял частичку себя.

В наших беседах он не раз признавался мне:

- Знаешь, Исаджан, - говорил он, - «жизнь поделилась на До и После. До - радость, беззаботность и широкая отцовская спина. После - отчаяние и ответственность...

Я прекрасно понимаю тебя, брат. На твои плечи, как на старшего из братьев, легла ответственность за всех. Это тяжело, но ты справляешься с этим. Я горжусь тобой! Я горжусь тем, что в моем сердце значимое место занимает семья Абдировых, семья, которая для меня является эталоном честности и порядочности, уважения и понимания.

Свою особую признательность выражаю моей сестренке Гульнаре, за то, что она рядом с моим братом, поддерживает и помогает ему во всем. И тут я хотел бы вспомнить слова папы Нурлана, который говорил, что главное в жизни семья и друзья, они делают человека человеком. И это истина! С ней не поспоришь!

Родители оставили после себя Великое наследие в лице своих четырех сыновей, каждый из которых личность, служащая на благо и вносящая неоценимый вклад в развитие нашей многонациональной и любимой страны.

Они достойно прожили свою жизнь, достойно воспитали своих сыновей. Не это ли главная миссия человека на Земле? С ней они справились на «отлично», поэтому могут спать спокойно.

О, Аллах! Храни их покой и вознагради Вечным Раем!

***12.06.2020.***
***Нур-Султан.***

# МАЗМҰНЫ


**АЛҒЫСӨЗ ОРНЫНА**
**Төрехан Майбас.** *Кебінде қалта болмайды*............................................................................ 3

**І БӨЛІМ**
**ТҰҒЫР**
**Мәулен Әшімбаев.** *Президент көңіл хатын жолдады (Мәжит Аманқұлұлының жерлеу рәсімінде Қарағанды қаласында берілген аста сөйлеген сөзі)*.................................... 18
**Ерлан Қошанов.** *Әкеден айрылғандай жағдайда отырмын (Мәжит Аманқұлұлының жерлеу рәсімінде Қарағанды қаласында берілген аста сөйлеген сөзі)*....................................20
**Қуаныш Сұлтанов.** *Әке арманы - ұрпақтар жалғасы*.......................................................... 22

**ІІ БӨЛІМ**
**БӘЙТЕРЕК. І ығыт ЕЛ ТІРЕГІ**
**Қасымбек Медиев.** *Ел есінде қалатын азамат (Мәжит Аманқұлұлының жерлеу рәсімінде Қарағанды қаласында берілген аста сөйлеген сөзі)*....................................46
**Тоқтар Әубәкіров.** *Елінің келешегін ойлаған асыл аға*...........................................................48
**Ерқара Аймағамбетов.** *Өнегелі өмір жолдары немесе туған жерге туын тіккендер*........ 50
**Жарылқасын Бикенов.** *Рухани жаңғырудың басы*..............................................................54
**Үсен Әбдірахманов.** *Өмірде аялдама жоқ*..........................................................................61
**Моряк Шегенов.** *Абыз аға*...................................................................................................... 63
**Әділ Шаяхметов.** *Арқаның асыл азаматы*.............................................................................67
**Бекет Аймағанбетов.** *Әкелеріміздің ұстанымы бір еді*......................................................... 71
**Сағадат Дүйсебеков.** *Абзал азамат*..........................................................................................73
**Рымбек Жүнісов.** *Еліне сыйлы тұлға*........................................................................................ 76
**Боранбай Жұмкин.** *Ұстаздықтан ағайынның ұйытқысы - Мәжит аға*..............................80
**Сәкен Қойшанов.** *Арда азамат*................................................................................................ 83
**Рысқали Әбдікеров.** *Ел құрметтеген ағамыз*............................................................................85
**Нұрлан Дулатбеков.** *Ағамыздың асыл бейнесі*........................................................................88
**Әділ Бәкіров.** *Дарақ*....................................................................................................................91
**Өмірзақ қажы Бекқожа.** *Құрметтің адамы*.............................................................................. 95
**Қазыкен Мүсілімов.** *Мен білетін Мәжікең*.................................................................................99
**Мағауия Сатыбалдин.** *Өмірі - өнеге*........................................................................................100
**Жұмағұл Серіков.** *Ұстазға шәкірттік парыз*..........................................................................106
**Аман Түсіпханов.** *Оныншы ауылдың баласы едік*................................................................. 110
**Әшім Сәлин.** *Әкенің жақсысы жездедей-ақ*............................................................................114

**ІІ ығыт**
**ҰРПАҚ ЖАЛҒАСТЫҒЫ**
**Серік Ақшолақов.** *Әкеден - ақыл, анадан - мейір дарыған әулет*...................................... 120
**Әбіләкім Жұмахметов.** *Мың жасайды*.......................................................................................122
**Исидор Борчашвили.** *Менің інім - Нұрлан Мәжитұлы*............................................................124
**Патрис Нокин.** *Өнегелі Әбдіровтер әулеті*..................................................................................127
**Асылбек Смағұлов.** *Жақсының жақсылығын айт*.................................................................. 129
**Исабек Махшатов, Манарбек Сәдуов.** *Өнегелі өркенін жайған отбасы*..........................135
**Батырлан Ахметов, Сәкен Төлеуов, Мағауия Мизамбаев, Абзал Сауранбеков.** *Жақсының шапағаты*..................................................................................................................................139

## III БӨЛІМ
## АПАМНЫҢ ҮЙІ - АҚЖАЙЛАУ

**Қалиақпар Әбілдин.** *Дос тілек*......142
**Нәзипа Әбжәлелқызы.** *Бауырым, құрбым, ақылшым*......143
**Сағындық Жиенбаев.** *Арнау*......144
**Шолпан Ысқаққызы.** *Бір үйдің баласындай едік*......146
**Сарқыт Сағындықова.** *Тамырын жайған тереңге*......147
**Үсен Әбдірахманов.** *Түндігінен тірліктің түскен сәуле*......149
**Бәкен Ибажанова.** *Біз де ұстаз болғанбыз*......150
**Шәризат Кәрібозова.** *Мәңгі есте қалады*......152
**Сәруар Махметова.** *Өнегелі отбасы*......155
**Қарғажан Рахманияқызы.** *Жасындай жарқырап өткен жандар еді*......158
**Мінәй Софина.** *Асыл адамдар*......162
**Бәтима Сәліқызы.** *Апайымызға қарап бой түзедік*......165
**Әсима Сәліқызы.** *Өткен күнде белгі бар*......167
**Сәуле Тайнабайқызы.** *Ұрпақ мақтанышы*......168
**Гүлжаһан *Хамитқызы.*** *Ағатай-тәте*......171

## ІҮ БӨЛІМ
## АҒА ДЕП ЕРДІК СОҢЫНАН

**Арыстан Ақпанов.** *Әкелеріміз әдемі сыйластықта болды*...... 208
**Сәбиғолла Әлкейұлы.** *Ел ардақтысы* ......209
**Балтабай Боқайтегі.** *Аяулы жандар еді*...... 211
**Қабылтай Кәсембеков.** *Пендешілікке бармаған*......213
**Қайыржан Мұқанов.** *Асыл бейнең жадымызда, жақсы аға!*......215
**Серік Қамбарұлы.** *Көшбасшы*...... 217
**Мира Мақатшина.** *Аға деп ердік соңынан*......220
**Берік Мақсұтов.** *Көркем мінез бұйыртқан*......224
**Ермек Мұқашев.** *Өмірі өнеге болған асылдарым*......226
**Дәулетқайыр Күлшімбеков.** *Басшымыз болды*......229
**Балтан Қасымов.** *Ардақты ағатайым туралы естелік*...... 230
**Аңғар Смағұлов.** *Дана болмысты ақсақалымыз еді*......231

## Ү БӨЛІМ
## АҒАТАЙ

### (Ақындар жырлайды)

**Болат Қалиев.** *Рухың биік самғасын*......256
**Дидар Қамиев.** *Арнау*......258
**Боташ Ноғаева.** *Тектілігі тегінен*......265

## СОҢҒЫ СӨЗ ОРНЫНА

**Қанат Боранқұлов.** *Бәйтерек тамырынан жамырайды*......269

## ҚОСЫМША

**ҚАЗАНАМА.** *Мәжит Аманқұлұлы Әбдіров*......273
**И. Борчашвили.** *Менің інім - Нұрлан Мәжитұлы (Түпнұсқа)*......275

# Бекзат болмыс

*Қазақ руханиятында өзіндік ізін қалдырған*
*Арқаның атпал азаматы, айтулы тұлғасы*
*Әбдіртегі Мәжит Аманқұлұлы туралы*

**ЗЕРДЕ КІТАБЫ**

**Редакторы:** *Төрехан МАЙБАС*
**Корректоры:** *Мейрам ҺӘКІМЖАН*
**Көркемдеуші редакторы:** *Нұргелді СЕРҒОЖАҰЛЫ*

Басуға 24.06.2022 ж. қол қойылды. Қалыбы 70х100 $^{1}/_{16}$
Борлы қағаз. Шартты баспа табағы 17,5
Таралымы 200 дана. № 68

Дайын файлдан
«РЕГИС-СТ Полиграф» баспаханасында басылды.
010000, Нұр - Сұлтан қаласы, Ш.Айманов көшесі, 13.

Бұл кітапқа барлық саналы ғұмырын өскелең ұрпақтың ертеңіне арнаған, жас ұрпақты бабалар жолына салуда бағдаршамдай жол сілтеген, қазақ руханиятында өзіндік орнын қалдырып, тұлға бола білген, елдің басын біріктіріп, берекесін кіргізуде көшелік танытқан, аусарлы заманына қарамастан ата-бабаларымыз туралы құнды деректерді айналысқа түсіріп, елінің игілігіне айналдырған Әбдіртегі Мәжит Аманқұлұлының көркем сөзбен әдіптелген кесек кескіні замандастарының, туған-туыстарының естеліктері, эсселері, жыр шумақтары арқылы берілген. Және осы жолда асыл азаматқа тіреу, сүйеусін бола білген, мұғалімдік болмысынан еш айнымаған өмірлік жары, елана дәргейіне көтерілген Қанай Сәліқызы туралы ғибратты да түшымды жазбалар топтамасын оқи аласыздар.



9 786017 085322